

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ

7-8-9

ИЮЛЬ

1959

АЛМАТЫ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КП-ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛДАР БАСПАСЫ

Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және СЯСИ ЖУРНАЛЫ
— — —
XXXVIII ЖЫЛ ШЫҒУЫ

№ 8

А В Г У С Т

1959

М А З М У Н Ы

БАС МАҚАЛА — Социалистік міндеттемені мүлтіксіз орындайық	3
Әрбір коммунистің қолынан түспейтін кітап	10
С. КЕНЖЕБАЕВ — Жастарды коммунистік рухта тәрбиелеу міндеттері	17
А. ФАТЕЕВ — Ауыл шаруашылығы жұмыстарын түгел механикаландыру үшін күресте	23
С. ОРДАЛИЕВ — Бүгінгі күннің тақырыбы — драматургия арқауы	28

ЛЕКЦИЯ ЖӘНЕ КОНСУЛЬТАЦИЯ

Ғ. ШОЛАНОВ — Ауыр индустрияны оздыра өркендету — партияның шаруашылық саясатының сара жолы	34
--	----

СОВЕТ ОДАҒЫ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ

XV-тарау — Партия Ұлы Отан соғысы дәуірінде (1941 жылғы июнь — 1945 жыл)	42
--	----

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Ж. ӘЛСЕЙІТОВ — Саяси жұмыстың әдістері мен түрлерін жетілдіре берейік	90
---	----

ХАТ ЖӘНЕ КОРРЕСПОНДЕНЦИЯ

Қ. ӘЛИАСҚАРОВ — Сертті орындау жолындағы алғашқы табыс	97
С. ДОСМАҒАМБЕТОВ, Д. ШАЙМҰХАНОВ — Өнерлі еңбек өнегесі	100
К. МИРФАИЗОВ — Пластикалық заттар және оны пайдалану	103

БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ

С. ҚИРАБАЕВ — Журнал және ауыл мәдениетінің мәселелері	106
--	-----

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫНЫҢ ХАБАРЛАРЫ	111
-----------------------------	-----

ТЕРМИН СӨЗДЕРГЕ ТҮСІНІК

Әлеуметтік-экономикалық терминдер	112
-----------------------------------	-----

СОДЕРЖАНИЕ

ПЕРЕДОВАЯ — Успешно выполним социалистические обязательства	3
Настольная книга каждого коммуниста (к выходу в свет учебника «История КПСС»)	10
С. КЕНЖЕБАЕВ — Задачи коммунистического воспитания молодежи	17
А. ФАТЕЕВ — В борьбе за комплексную механизацию сельскохозяйственных работ	23
С. ОРДАЛИЕВ — Тема современности в казахской драматургии	28

ЛЕКЦИИ И КОНСУЛЬТАЦИИ

Г. ЧУЛАНОВ — Преимущественное развитие тяжелой индустрии — генеральная линия хозяйственной политики партии	34
--	----

ИСТОРИЯ КОММУНИСТИЧЕСКОЙ ПАРТИИ СОВЕТСКОГО СОЮЗА

XV ГЛАВА — Партия в годы Великой Отечественной войны (июнь 1941 года — 1945 год)	42
--	----

ПАРТИЙНАЯ ЖИЗНЬ

Д. АЛЬСЕИТОВ — Совершенствовать формы и методы массово-политической работы	90
--	----

ПИСЬМА И КОРРЕСПОНДЕНЦИИ

К. АЛИАСКАРОВ — Первый рубеж взят	97
С. ДОСМУХАМБЕТОВ, Д. ШАЙМУХАНОВ — Пример трудового героизма	100
К. МИРФАИЗОВ — Пластмассы и их применению	103

ОБЗОР ПЕЧАТИ

С. КИРАБАЕВ — Журнал и вопросы культуры аула	106
--	-----

ХРОНИКА ПАРТИЙНОЙ ЖИЗНИ	111
-------------------------	-----

Краткие объяснения социально-экономических терминов	112
---	-----



Социалистік міндеттемені мүлтіксіз орындайық

Бүкіл еліміздегі сияқты Советтік Қазақстанның ауыл-селосында да жетіжылдықтың алып міндеттерін мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарыс кең өріс алуда. Қазір колхозшылардың, совхоз, РТС, жұмысшы-қызметкерлерінің, мамандарының көздеген бір ғана мақсаты бар. Ол мақсат — республика бойынша биыл 1,5 миллиард пұт астық, 1,6 миллион тонна қант қызылшасы, 200 мың тонна шитті макта, 800 мың тонна ет, 1.119 мың тонна сүт, 76 мың тонна жүн өндіру және бұл өнімдерді мемлекетке сату жоспарын асыра орындау жөнінде Отан алдында, халық алдында берген қасиетті сертті ел сүйсінерліктей етіп жүзеге асыру болып отыр.

Республикамызда социалистік міндеттемелерді мүлтіксіз орындау жолында бірқыдыру ұйымдастыру жұмыстары атқарылды. Бірсыпыра жерде ауыл шаруашылығы озаттарының кеңес-маслихаттарында, аудандық, облыстық партия комитеттерінің Пленумдарында, жергілікті Советтердің сессияларында міндеттемелердің орындалу жайы сөз болып, талқыға салынды. Осыған орай КПСС ХХІ съезінің және Орталық Комитеттің Пленум шешім-қарарларын қалың бұқараның санасына жеткізе ұғындыру, алға қойылған кесек те келелі міндеттерді орындау күресіне еңбеккерлерді жаппай жұмылдыру бағытында партия ұйымдарының тындырған жұмысы да едәуір.

Ноябрь-декабрьде партияның Орталық Комитетінің кезекті Пленумы шақырылатыны, онда ауыл шаруашылығын мейлінше өркендетудің өте маңызды мәселелері талқыланатыны жайындағы хабарды Қазақстанның бүкіл ауыл-село жұртшылығы асқан қуанышпен қарсы алды. Июнь Пленумының шешімдерімен қоса бұл хабар да егіншілер, механизаторлар, малшылар арасында саяси үлкен белсенділік, еңбекте күшті шабыт туғызды. Осы қолайлы жағдай социалистік жарыстың алғашқы қортындысының жемісті болуына қол жеткізді.

Егін даласынан қуанышты хабарлар бірінен соң бірі келіп түсуде. Әсіресе тың алқабында жайқала өскен егін бейнебір толқыған теңіздей ерекше көз тартады. Ол бізді тағы да керемет мол астыққа кенелтеді.

Қостанай облысының Октябрь, Қарасу, Федоров, Қарабалық, Семиозер, Ақмола облысының Есіл, Атбасар сияқты ірі аудандарында егіннің шығымы тіпті былтырғыдан да жақсы. Мысалы, Есіл ауданында дәнді дақылдардың өнімі гектар басы орта есеппен кемінде 13—15 центнер болатын түрі бар. Ал өткен жылы ол 10 центнерден ғана айналғанды. Қазір оңтүстік және батыс облыстарымызда егін орағы жаппай жүріп жатыр. Бұл жұмыс енді негізгі астықты өңірлерде — солтүстік-шығыс аудандарымызда кең қанат жаймақ. Бірақ Павлодар, Ақмола, Көкшетау облыстарында комбайндар, егін оратын басқа машиналар, астық тазартатын құрал-саймандар толық даяр емес. Бұл тәрізді үлкен кемшілікті қолма-қол түзету, сөйтіп егін жинауда күш-құралдың дұрыс орналастырылуын, олардың мейлінше өнімді пайдаланылуын қамтамасыз ету жоғарыда аталған облыстардың партия, совет, ауылшаруашылық органдарының бүгін таңдағы түбегейлі міндеті.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті «1959 жылғы егінді жинаудың және астық сатып алудың барысы туралы» жақында баспасөзде жарияланған қаулысында оңтүстік, батыс облыстарда егін жинаудың қарқыны нашар екенін, сондай-ақ бұл жұмыс өрістей бастаған солтүстік, шығыс облыстарда кемшілікке жол беріліп отырғанын атап көрсетті. Орталық Комитет партия және совет ұйымдарына кемшілікті батыл да дереу түзетіп, егін жинаудың және астық сатып алудың мінсіз ұйымдастырылуын қамтамасыз етуді міндеттеді. Сонымен бірге Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті шаруашылық басшылары мен агрономдарға зор жауапкерлік жүктеп отыр. Қаулыда былай делінген: «Егін жинау әдістері өзгермейтін догма емес. Шаруашылықтың әрбір басшысы мен агрономы мынаны анықтап білуге тиіс: егер егін қамырланып пісе бастаса,—оны бөлектеп жинау керек, ал егер толық піссе—тікелей комбайнмен жинау керек».

Тыңның жаңа астығын жинауды үлгілі өткізуге республикамыздың атакты комбайншылары, жатқа машинистері осы бастан-ақ жарысқа қосылып, ерлікпен еңбек етуге құлшынып отырғандықтарын білдіруде. Қостанайдың даңқты комбайншысы Владимир Штанг 1500 гектар егін жинауға серт етіп, жерлесі Социалистік Еңбек Ері егін жинаудың шебері Жансұлтан Демеевті, ақтөбелік механизатор Социалистік Еңбек Ері Павел Лахноны жарысқа шақырды. Жетіжылдықтың алғашқы жылының егінін жинауда коммунистік еңбектің өнегесін көрсетуге бел байлап отыр бұлар. Владимир Штанг пен оның әріптестерінің бастамасы барлық жағынан мақұлдауға тұрарлықтай.

Қазақстанның мол өнімін жинауға бүкіл еліміз қатысады. Екіншілерімізге көмектесу үшін биыл Совет Одағының түрлі аудандарынан тәжірибелі 16.800 комбайншы мен механиктің келуі күтіліп отыр. Сонымен қатар 18 мың студент, механизация училищелерінің 55 мың оқушысы келеді. Бұл патриоттарды жылы шыраймен қарсы алып, олардың республика ауыл шаруашылығы қызметкерлерімен қоянқолтық жемісті еңбек етуіне жағдайдың бәрін жасау — партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының қатты ескеретін мәселесі.

Мал шаруашылығы саласында кейбір табыстарымыз бар. 1 июльге дейінгі мәліметке қарағанда, республика бойынша қой-ешкі саны былтырғыдан 14 процент, ірі қара 13 процент өсті. Қазақстанның колхозшылары, совхоз, РТС жұмысшылары мал шаруашылығы өнімдерін алу мөлшерін еселеп ұлғайту, оны елімізге мейлінше мол беру жөнінде қабылдаған социалистік міндеттемелерін жүзеге асыру үшін аянбай күресіп отырып, мемлекетке ет, жұмыртқа, қаракөл елтірісін сатудың жылдық жоспарларын 1 августқа дейін мерзімінен бұрын орындады. Бұл хабар бүкіл елімізді сүйсіндірді. Республика бойынша 441 мыңнан астам тонна ет сатып алынды, яғни жылдық жоспар 101,2 процент орындалды. Мұның өзі былтыр осы уақытта сатып алынған еттен үш жарым есе, ал бүкіл 1958 жылғыдан 56 мыңдай тонна артық.

Жақында Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қой шаруашылығын өркендету, ет пен сүт өндіру және дайындау жөніндегі социалистік жарыстың 1959 жылдың бірінші жартысындағы қортындысын шығарды. Бұл қортындының нәтижесінде қой шаруашылығын дамытудағы табысы үшін Оңтүстік Қазақстан облысына, ет өндіру мен оны дайындауды арттырғаны үшін Батыс Қазақстан облысына, сүт өндіру және дайындау мөлшерін ұлғайтқаны үшін Шығыс Қазақстан облысына республика Компартиясы Орталық Комитеті мен үкіметінің ауыспалы Қызыл тулары берілді. Мал шаруашылығының таңдаулы қызметкерлерінің ынта-жігерін арттыра түсу үшін оларды көтермелеу ретінде бұл үш облыстың әрқайсысына 50 мың

сомнан қаржы бөлінді. Ендігі мәселе қол жеткен табыстарды баянды ете біліп, жаңа жеңістерге ие болуға ұмтылуда болып отыр.

Дегенмен, мұның бәрі социалистік жарыста қабылданған көтеріңкі міндеттемелерді іске асыру жолында тындырылатын қыруар істің бір бөлегі ғана. Міне сондықтан да қол жеткен алғашқы жетістіктер бізді қанағаттандырмайды, тоқмейілсуге ешбір право бермейді.

КПСС XXI съезінің тарихи шешімдерінде мал шаруашылығы өнімдерін неғұрлым мол өндіру сияқты өрелі міндет алға қойылды. Ал мұны жүзеге асыруда Қазақстан көрнекті орын алуға тиісті. Өйткені мал өсіру оның ауыл шаруашылығының жетекші саласының бірі. Отан алдындағы патриоттық борышын жақсы түсінген республика колхозшылары, совхоз жұмысшылары жетіжылдықтың алғашқы жылының өзінде мемлекетке етті былтырғыдан екі еседен көп сатуға, малдан алынатын басқа да бағалы өнімдерді мол беруге, сөйтіп халықтың жан басына ет, сүт, май өндіру жағынан АҚШ-ты тезірек қуып жету сияқты бүкілхалықтық іске мықты үлес қосуға белді бекем байлауы да осыдан болатын. Осыған орай кәзір мал шаруашылығы мәселесіне айрықша мән берілуде.

Республикамызда мал шаруашылығын ойдағыдай өркендетуге мүмкіншіліктің бәрі бар. Шөбі шүйгін, суы мол жайылым жеткілікті, ежелден мал бағып келе жатқан қазақ халқының тәжірибесі бай, бес түліктің тілін білетін майталман, ардагер малшыларымыздың қатары ондап емес, мындап саналады.

Кәзір социалистік мал шаруашылығы атам заманғы мешеу, қарапайым әдіспен емес, ғылым мен озық тәжірибе негізінде өркендетіледі. Қойды көп қоздату, малды қолдан ұрықтандыру, малдың салмағын арттырудың жаңа ғылыми әдісі, құс балапанын жыл бойы өсіру сияқты әдістерді кеңінен қолдана бастаған шаруашылықтарымыз барған сайын көбейіп келеді.

Жұмыс тәсілі, тәжірибесі көптің үйренуіне, тәлім алуына тұрарлықтай тандаулы малшылардың есімін мақтан ете, құрметпен атауға болады. Ондай өрен жүйріктердің қатарында Алматы облысы, Талдықорған ауданы, Сталин атындағы колхоздың әр жүз саулықтан биыл 150 қозы өсірген шопаны Әбу Имағамбетов, Талдықорған ауданы, Ленин атындағы колхоздың әр сиырдан кәзірдің өзінде 3,5 мыңдай литр сүт сауған сауыншысы М. Райымқұлова, Көкшетау облысы № 47 жылқы зауытының әр қойдан 6,6—8,1 килограмм жүн қырыққан ағайынды қойшылары Пётр, Виктор Рау, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Ленин атындағы колхоздың әр жүз саулықтан 144 қозы алып міндеттемесін асыра орындаған шопаны Шоқым Ырғызбаев және басқалары бар.

Өрен еңбегімен атағын шығарған мұндай тандаулылардың есімін республикамыздың басқа аудандарынан да мысалға көптеп келтіруге болады. Батыс Қазақстан облысының мал семіртуде жылма-жыл үздік табысқа жетіп жүрген білікті бақташысы, Қазақ ССР Социалистік мал шаруашылығының еңбек сіңірген шебері Ғаббас Ізтілеуовты, Жамбыл облысының Социалистік Еңбек Ері атағын екі рет алған атакты шопаны Жазылбек Қуанышбаевты, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстарының озат сауыншылары Әйнep Дүрбетбаеваны, Төкен Арынованы, Семей облысының атакты шопаны Есенбай Барлықбаевты кім білмейді.

Бірақ не пайда, озаттардың үлгі-өнегелік құдыретті күші бар бай тәжірибесі көпшілікке кең таратылып, ізгі іске айналдырылмай келеді. Мал шаруашылығына басшылықтың нашарлығымен, бар мүмкіндіктің сарқа пайдаланылмауымен қатар бұл жағдай социалистік міндеттемелердің орындалуына оралғы да кедергі болып отыр. Көптеген ауданда мал шаруашылығы олқылықтан арыла алмай жүр. Мұндай жерде мал санының өсімі мардымсыз, өнімділігі төмен, малдың өлім-жітімі

тиылмаған, талан-таражға салушылық орын алған. Биыл сиыр санын көбейту міндеттемесін орындаған бірде-бір облыстың болмауы қынжыларлық жағдай. Сондай-ақ шошқа санын арттыру және оны етке өткізу серті де толық жүзеге асырылмай келеді. Құс, қоян өсіру көңілдегідей деп айта алмаймыз.

Міндеттеменің жоспарлы тапсырмасы едәуір жоғары екені, сондықтан оны орындау үшін қажырлы күрес, өнімді еңбек керек екені, жергілікті партия, совет ауылшаруашылық органдарының үлкен ұйымдастыру жұмысын жүргізуін талап ететіні мәлім. Бірақ істің осы жағында шалағайлық басым. Оны Жамбыл облысының мысалынан көруге болады. Облыстың колхоздары мен совхоздары көктемде жарысқа қосылғанда 1959 жылы етті былтырғыдан екі еседен аса көп өндіруге, мемлекетке кемінде 58,8 мың тонна ет, 8,4 мың тонна жүн сатуға, 80 мың тонна сүт өндіруге міндеттенген еді. Бірақ облыстық, аудандық партия комитеттері, бастауыш партия ұйымдары міндеттемені орындау жолындағы күреске барлық мүмкіншілікті, резервті түгел пайдалануды қамтамасыз ете алмай келеді. Ең алдымен малдың бағып күтілуі ойдағыдай ұйымдастырылмады. Соның салдарынан қойдың 4 проценті, ірі қараның 3 проценті, шошқаның 7 проценттейі шығын болды. Мұнда биыл қой фермаларында әр жүз саулықтан міндеттемедегі 104 қозы орнына 96 қозыдан ғана өсірілді. Сөйтіп облыс бойынша 105 мыңнан астам қозы кем алынды. Малды жайып семірту, бордақылау сияқты маңызды іске мән берілмеді. Соның салдарынан малдың салмағын арттыру ойдағыдай болып шықпады. Өткен айларда етке өткізілген ірі қара мен қойдың тірілей салмағы міндеттемедегіден кем болды.

Малды етке өткізу міндеттемесін орындау жолында облыста мүмкіндіктер толық пайдаланылмай отыр. Үлкен резервтің бірі — халықтан мал сатып алу әлі шындап қолға алынған жоқ. 35 мың орнына 15 мың ірі қара, 65 мың орнына 21 мыңдай ғана қой, ешкі сатып алынған.

Жетіжылдықтың алғашқы жылында ет өндіру мөлшерін ұлғайту негізінен шошқа шаруашылығын дамыту есебінен шешілуге тиіс екені бұл облыста ескерусіз қалған. Шошқа фермаларын толықтыру шарасы шындап қолға алынбаған. Мегежіндерден торай алмай жатып, оларды етке өткізіп жіберу фактілері жиі ұшырайды. Бұл өсімтал да өте пайдалы түлікті бағаламаушылықтың қырсығы.

Жамбыл облысында кейбір аудандық партия комитеттері КПСС ХХІ съезінің шешімдерінен тиісті қортынды шығара алмай, шаруашылыққа ескіше басшылық етеді, жеке колхоздар мен совхоздардың артта қалу себебін дер кезінде ашпайды, оны уақтылы түзету шарасын көрмейді. Мұның аяғы кейбір аудандарда дабыл қағарлықтай олқылыққа ұрындырып отыр. Шу ауданында Далақайнар совхозы былтыр мемлекетке пайда келтірмегені былай тұрсын, қайта үш миллиондай сомның зиянын шекті. Мұнда істің жайы көзір де мүшкіл. Малдың өлім-жітімі көп, төлдің өсімі қанағаттанғысыз. Алынған төлді сиырлар мен саулықтардың әр жүзіне шаққанда небәрі 71 бұзаудан, 49 қозыдан ғана айналады. Ет сату міндеттемесінің қалай, қайтып орындалатынын не совхоз директоры Варнин, не бастауыш партия ұйымының секретары Сейсенбаев білмейді. Мұның бәрі Шу аудандық партия комитетінің көз алдында болып жатқан жағдай.

Мемлекеттік тәртіптің, жауапкершіліктің бәсеңдегені сонша жеке колхоз басшылары өтірік мәлімет беру, істің шын жағдайын жасыру, көз бояушылыққа салыну сияқты теріс жолға түскен. Меркі ауданындағы Киров атындағы колхоздың председателі Қырғызбаев жөнінде дәл осыны айтуға тура келіп отыр. Ол биыл шығынға ұшыраған 400-ден аса қойды, жаңа туған 6 мыңдай қозыны есепке кіргізбей жасырып қалған. Сол сияқты тексеруде бірқатар сауын сиырдың есепке қосылмай жүргені анықталды. Малдың өсуінен шығын болуының басымдығы,

төлдің аз алынуы (әр жүз саулықтан 34 қозыдан алынуы) ет өндіруге кері әсерін тигізуде. Мұнда мемлекетке ет сатудың бірінші жарты жылдық жоспары мүлде кем орындалды. Қолхоз бастауыш партия ұйымының жұмысы бүгінгі күннің өскелең талабы дәрежесінде емес. Ол қолайсыз жағдайды түзетуге колхозшылар бұқарасын жұмылдыру жөнінде жауынгерлік ұйым бола алмай отыр. Партия ұйымының секретары Ыспанқұлов принципсіз, өзіне де, өзгеге де қатаң талап қоя білмейтін, кемшілікке төзе беретін адам.

Семей, Гурьев және басқа облыстардан түскен дабылдар мал шаруашылығын өркендетіп, өнімділігін арттыру үшін табанды күрес жүргізілмей келе жатқанын сыпаттайды. Қабылданған міндеттемелерді орындауға жүрдім-бардым қарап, малдың саны кемуіне, соның салдарынан қоғамдық шаруашылыққа ойсыраған нұқсан келуіне жол берген аудандар кездеседі. Гурьев облысының, әсіресе Маңғыстау, Баксай аудандарында, Семей облысының Абай ауданында мал басының кеміп кеткені осыған дәлел. Әрине, мұндай қолайсыз жағдайда көтеріңкі міндеттеменің орындалуы қандай болатыны өзінен өзі түсінікті ғой.

Қазір социалистік жарыс міндеттемелерін орындаудың ең шешуші де жауапты кезеңі туып отырғанда кемшіліктің қандайына болса да өшбір төзуге болмайды. Артта қалған аудандардың, шаруашылықтардың таңдаулылар қатарына қосылу шарасын жедел қолдану керек. Бұған күллі жұртшылықтың назарын аударған жөн.

Еналдымен жергілікті партия, совет, ауыл шаруашылығы органдары мал шаруашылығына басшылығын мейлінше ондауға, әрбір фермадағы істің жайын жанжақты зерттеп шығуға, онда тәртіп орнатуға, міндеттеменің орындалуын ұдайы бақылап отыруға тиісті. Бұл күндері колхоз, совхоз бастауыш партия ұйымдарының жұмыс дәрежесін көтерудің, олардың ауыл шаруашылығын өркендетудегі ролін арттырудың маңызы ерекше. Партия мен үкіметтің директиваларын іс жүзіне асыруда, міндеттемені орындауда олар жауынгерлік штабқа айналуға тиіс. Қалың бұқараны сонынан ертіп, оны алға қойылған міндетті орындауға жұмылдыру ісінде село коммунистері, комсомолецтері үлгі көрсететін болсын. Партия олардан осыны талап етеді!

Н. С. Хрушев жолдас КПСС Орталық Комитетінің июнь Пленумында сөйлеген сөзінде ауыл-деревнядағы ұйымдастыру жұмысының дәрежесін арттыру қажеттігі туралы баса айтты. Ол былай деді: «Ауыл шаруашылығын басқаруды қайта құру туралы мәселе қойылып отыр. Бұл жағынан алғанда соңғы жылдардың ішінде көп жұмыс істелді. Дегенмен, жолдастар, ауыл шаруашылығын ұйымдық жағынан басқару бізде әлі де өз дәрежесінде емес дер едім. Ауылшаруашылық органдарының, партия және совет ұйымдарының практикасында ұйымдастырушылық жұмыс әлі де жеткіліксіз. Ұйымдастыру ісі ең басты, шешуші іс болып отыр».

Бұл өте орынды да және дер кезінде айтылған сөз. Ал шынында, республикамыздың жеке аудандарында мал шаруашылығын өркендету ісіндегі өрескел кемшіліктердің арғы төркіні осы ұйымдастыру жұмысының салдыр-салақтығынан, кадрларды әсіресе колхоз, совхоздардың басшы кадрларын дұрыс іріктеп алмаудан болып отырғаны даусыз.

Ұйымдастырудың мәнісі — қалың бұқара арасында пәрменді саяси үгіт, насихат жұмысын, нақты, жанды іс жүргізу, сол арқылы партия мен үкімет алға қойған міндеттерді орындауға еңбекшілерді уақтылы да шебер жұмылдыра білу, істің орындалуын үнемі бақылап отыру, кадрларға талапты күшейту, мемлекеттік, партиялық тәртіптің қатаң сақталуын қадағалау болып табылады.

КПСС Орталық Комитетінің кезекті Пленумында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баяндамасын тындаудың өзі біздің республика ауыл шаруашылығын бұрынғыдан да биік белеске көтеруге

көрсетілген жаңа қамқорлық болып саналады. Пленумды колхоз, совхоз өндірісінің қай саласында болса да көрнекті табыспен қарсы алу мақсатын көздеген жарыс бүкілхалықтық қуатты қозғалысқа айналып отыр. Бұл патриоттық іске бас болып, әр шаруашылықтың қабылданған міндеттемені аброймен орындауына, жетіжылдықтың тапсырмасын ойдағыдай іске асыруына құр сөз, қағаз жүзінде емес, нақты іспен, жан-жақты көмектесу, ол үшін, жоғарыда айтылғанындай, ұйымдастыру жұмыстарының дәрежесін биік сатыға көтеру—партия, совет, ауыл-шаруашылық органдарының борышы.

Жылдың енді қалған уақытын ұтымды пайдаланып, әр ауданда міндеттемеде көрсетілген межеге жету үшін фермалардың бәрін малмен толықтыру керек. Мұны еңалдымен ірі малды, сондай-ақ жас төлді ешбір шығынсыз өсіру, малды жақсы бағып күту, оған шөбі бітік шыққан жайылымдарды, өрістерді кең пайдалану, мал дәрігерлік-зоотехникалық шараларды мұқият жүзеге асыру, халықтан мал сатып алуды кеңінен жүргізу арқылы қамтамасыз етуге болады. Үй қоянын, құс өсіру жөнінде берген серттің де сөз жүзінде қалмауы қатты ескерілуі тиіс.

Елімізде мал шаруашылығы өнімдерін, әсіресе ет өндіру мөлшерін ұлғайту кезек күттірмейтін қасиетті міндетке айналды. Туысқан мемлекетімізге биыл 800 мың тонна сапалы ет тапсыру уәдесінде тұру — республика шопандарының, сиыршыларының, шошқа бағушыларының, құс, қоян өсірушілерінің, зоотехниктерінің, мал дәрігерлерінің, өзге де мал шаруашылығы қызметкерлерінің ардақты ісі. Бұл олардың Отанға тартқан тамаша тартуы, сүбелі сыйлығы болмақ. Көтеріңкі міндеттемені орындау үшін екінші жарты жылдықта біріншідегіден етке малды анағұрлым көп тапсыруға тура келеді. Демек, малды семірту және бордақылау жұмысын енді қай кездегіден болса да мінсіз ұйымдастырып, мемлекетке кілең семіз ет өткізілуін қамтамасыз етуіміз керек.

Ет комбинаттарына мал айдау жұмысы да баса көңіл бөлуді керек қылады. Малдың жолшыбай оты, суы қандырыла өрістетіліп баруын ұйымдастыру, соның нәтижесінде малдың салмағына салмақ қосып, қонды тапсырылуына жету шарт. Дайындау орындары өздеріне колхоздар мен совхоздардан әкелінген малды бөгетсіз қабылдап, мал сою жөнінде белгіленген графигті мүлтіксіз орындайтын болсын. Қазір кейде орын алып жүргеніндей, дайындау мекемелерінің жұмысты шалағай істеуінен етке әкелінген малдың қабылданбай, бірнеше күн иіріліп тұрып қалуына, сонан барып арықтауына енді жол беруге болмайды. Мал бордақылайтын арнаулы шаруашылықтардың жұмысын кәзіргіден едәуір ширата түсудің де маңызы бар.

Халықты азық-түлікпен үздіксіз жабдықтау ісінде сүт тапсыру жөніндегі сертті әрбір шаруашылық бойынша дер кезінде орындап отырудың мәні күшті. Солай бола тұрса да республикамыздың көптеген аудандарында мемлекетке сүт сатып алу жұмыстың осал жері болып отыр. Соңғы кезде дайындау орындарына сүт тапсыру бұрынғыдан едәуір бәсеңсіп, кейбір жерлерде мүлде нашарлап кетті. Сауын малын жақсы бағып күтпегендіктен алынған сүттің мөлшері былтырғы осы уақытағыдан анағұрлым аз болып отырған жерлер бар. Мысалы, Ақтөбе, Қарағанды облыстарының совхоздарында, Ақмола облысының колхоздарында жағдай дәл осындай. Қарағанды облысының Маржанкөл, Энтузиаст сияқты шаруашылықтарында биылғы жылдың бірінші жартысында сауған сүтті әр сиырға шаққанда нә бәрі 300—400 литрден ғана келеді.

Сүт дайындаудағы жайбарақаттықтан, арқаны кеңге салудан арғылу керек. Өнімнің бұл түрін мемлекетке сату қарқынын кәзіргіден еселеп күшейтпесе міндеттеменің дер кезінде орындалмай қалуы ықтимал. Әрине бұған қайтсе де жол бермеу керек.

Жүн, жұмыртқа, қаракөл елтірісін дайындау жөнінде белгіленген межеге жетуді мақсатты іс деп қарау керек.

Қыс маусымы — мал шаруашылығы үшін ең жауапты кезең. Малдың келешекте өсуі, өнімділігінің артуы тікелей осыған байланысты екенін шаруашылықтардың көп жылдық тәжірибесі айқын көрсетті. Биыл республика колхоздары мен совхоздарында қыстатылатын мал жылдағыдан едәуір көп болады. Осыған орай жемшөлті де мол дайындау көзделеді. Үстіміздегі жылы бүкіл Қазақстан бойынша 14 миллион тонна пішен, 20 миллион тонна сүрлем дайындау керек. Жиналатын егін сабаны бұған қосылмайды. Мұның бәрі ауыл шаруашылығының басқа да маңызды науқандарымен бірге жемшөл дайындауды мейлінше жақсы атқаруға байланысты. Шөл шабу, оны шөмелеге салу, маялау, қыстауларға тасу, мал азығын сүрлеу жұмыстарының қарқыны әлі де төзгісіз баяу болып отырғанын айтпай кетуге болмайды. Солтүстік, шығыс облыстарда егін жинау жаппай басталғанша жемшөл дайындау жоспарын орындап шығудың барлық амалын істеу керек болады.

Жүгеріні халық егін даласының дүлдiлі деп атауы бекер емес. Айтса айтқандай жүгеріден астық та, мал үшін балғын жемшөл те алуға болады. Жүгері дегеніміз — ет, сүт, май. Бұған колхозшы шаруаның көзі әбден жетіп отыр. Республика ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің жүгеріден мол өнім өсіру жөнінде де берген серті бар. Ол әр гектардан орта есеппен собықтарымен бірге, тәлімі жерлерде 300 центнер, суармалы жерлерде 500 — 600 центнер көк балауса, ал жүгері толық пісіп үлгеретін өңірлерде гектарына 30 — 40 центнерден астық алу. Мұны орындауға негіз қаланды: көктемде егіс жақсы өткізілді, ауа райы да оған оңтайлы әсер етті. Августың алғашқы күндерінің өзінде көптеген аудандарда жүгерінің биіктігі 1 — 1,5 метрге жетті. Өсімдіктің жапырақ жаю, түлгену кезеңі жақсы өтті. Бұл мол өнім нышаны.

Алайда, аса құнды дақылды бағаламаушылық, бұл істегі енжарлық, кертартпалық ақырына дейін жойылды деп айту қиын. Шығыс Қазақстан облысының Марқакөл, Таврия, Катонқарағай, Самар ауданында жүгері егісін күтіп-баптау ескерусіз қалған. Соның салдарынан осы аудандардағы шаруашылықтардың көбісінде жүгері плантациясын арам шөп басып кеткен. Мұндай кемшілікті жұмыстағы үлкен мін деп санап, оны түзету керек. Колхоз, совхоз басшыларының іскерлігі, қабілеті жүгеріні баптап-күту, оның өнімін ысрапсыз жинау, сүрлем салу тапсырмасын орындау жұмыстарынан көрінеді.

Барлық істің тағдыры адамдарға байланысты екені аян. Азық түлік молшылығын жасау жолындағы аттаныстың жауынгер күрескерлері — малшылардың, әсіресе олардың шалғай мал отарларында істейтіндерінің берекелі еңбек етіп, мәдениетті дем алуына шынайы қамқорлық керек. Олар киер киімге, ішер асқа мұқтаж болмасын. Оның үстіне қолы боса көңілдерін көтеру үшін кино көріп, концерт, радио тыңдауларына, кітап, газет оқып күнделікті жаңалыққа қанық болып отыруына тиісті жағдай жасалғаны жөн. Сауда, денсаулық сақтау, байланыс, кооперация орындарының қызметкерлері малшылардың қажетін өтеуге зер салып, зейін қоя, асқан ілтипатпен қарауға міндетті.

Еліңгі қысқа мерзімге шашпай-төкпей жинауға, республика бойынша 1,5 миллиард шұт астық алу, мал санын көбейту, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру, мемлекетке астық, 800 мың тонна ет және басқа да өнімдер сату міндеттемелерін аброймен орындау күресіне барлық күшті жұмсап, Отанымыздың қуатын онан сайын арттыруға, халықтың тұрмысын жақсартуға түсуге лайықты үлес қосайық. КПСС Орталық Комитетінің алдағы Пленумын еңбектегі ерен ерлікпен қарсы алайық!

Әрбір коммунистің қолынан түспейтін кітап

(«КПСС тарихы» оқулығының жарыққа шығуына)

Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихи ХХІ съезі елімізде коммунистік құрылысты кең көлемде жүргізудің таяудағы айбынды міндеттерін белгіледі. Олардың ішінде дәуір талабынан туып отырған аса маңыздыларының бірі — кадрларды марксизм-ленинизм рухында жанжақты тәрбиелеу, барлық еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жұмыстарының дәрежесін онан әрі жақсарту түсу. Бұл келелі міндетті орындауға Совет Одағы Коммунистік партиясы тарихының жаңа оқулығы¹ едәуір көмекші болады.

Совет Одағының Коммунистік Партиясы мазмұнды да маңызды, соқпақты да шынды асуы көп, зор тарихи жолдан өтті. Жарты ғасырдан астам уақыт алған бұл тарихи жол революциялық күрес, адамзат қоғамы дамуының барысындағы үздік өзгеріс оқиғаларына өте бай.

Барлық халықтардың дана көсемі, ақыл-ойы, ар-намысы болып алған біздің жеңімпаз партия үш революцияның от-жалыны арқылы өтіп, болаттай берік шынықты, жаңа қоғам орнатып, нығайтудың орасан бай тәжірибесіне ие болды. Партияның бұл ешбір теңдесі жоқ ерлік тарихы мен бай тәжірибесін оқып, үйрену, меңгеру — зор игілікті іс. Бұл жөніндегі коммунистердің, барлық еңбекшілердің талап-тілектеріне «Совет Одағы Коммунистік Партиясы тарихының» жаңа оқулығы толық сай келеді.

Партия тарихын оқып, үйрену арқылы идеялық тәрбие жұмыстарының дәрежесін көтеру жолында бұған дейін де көп жұмыс жүргізілді. Бұл жөнінде бұдан 20 жыл бұрын жазылған партия тарихының қысқаша курсы елеулі орын алды. Дегенмен «Қысқаша курсте» бірсыпыра тарихи және теориялық қателер мен кемшіліктер болды. Осыны ескеріп, партияның ХХ съезі КПСС тарихын ғылыми негізде, шынайы тарихи оқиғаларға сай баяндау керек екенін, бұрынғы, «Қысқаша курстегі» жеке адамға табынушылықтың зардаптарын жою керек екенін көрсеткен болатын. Съезде жасаған баяндамасында Н. С. Хрущев жолдас былай дегенді: «Партия тарихы жөнінде түсінікті жазылған, тарихи фактілерге сүйенетін маркстік оқулық жасап шығару қажет, ол оқулықта партияның коммунизм жолындағы күресінің бүкіл дүниежүзілік тарихи тәжірибесі ғылыми жолмен қорытылуға және оны баяндау бүгінгі күнге дейін жеткізілуіне тиіс».

Партия тарихының міне осы талаптарға орай жаңа оқулығы жасалды. Оқулықта партия тарихы өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап баяндалып, бүгінгі күнге дейін — партияның тарихи ХХІ съезіне дейін жеткізілген. Онда марксизм-ленинизмнің үш құрамды бөлігінің — материалистік философияның, пролетарлық саяси экономияның және

¹ «Совет Одағы Коммунистік Партиясы тарихының» оқулығын СССР Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті Б. Н. Пономарев жолдас бастаған авторлар коллективі жазған. Олар: профессор И. М. Волков, тарих ғылымының кандидаттары М. С. Волин, В. С. Зайцев, тарих ғылымының докторы А. П. Кучкин, академик И. И. Минц, экономика ғылымының кандидаты Л. А. Слепов, философия ғылымының кандидаты А. И. Соболев, тарих ғылымының кандидаты А. А. Тимофеевский, СССР Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті В. М. Хвостов, тарих ғылымының докторы Н. И. Шагагин.

ғылыми коммунизмнің негізгі қағидаларының қолданылуы, жүзеге асырылуы нақты өмір, революциялық практика арқылы жарқын бейнеленген. Теорияның іс жүзінде практикада қолданылуы, оның практикамен бірлігі айқын көрінген.

«Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихы» оқулығының жарыққа шығуы партиямыздың идеялық өміріндегі маңызды да зор оқиға. Жаңа оқулық коммунистердің, насихатшылардың, партия оқуы жүйесінде оқушылардың, жоғары оқу орындары студенттері мен оқытушыларының және еңбекшілер бұқарасының даңқты партиямыздың тамаша тарихын оқып үйренуіне үлкен көмекші. Ол—әрбір коммунистің қолынан түспейтін кітаптарының бірі.

Оқулықта партия тарихы нақты, тарихи фактілер негізінде баяндалады. Партияның туып өсуі, нығаюы және даму барысы заңды, объективті процесс түрінде еліміздің жұмысшы табының революциялық қимылымен және халықаралық жұмысшы қозғалысымен тығыз байланысты көрсетіледі. Марксизм-ленинизмнің тарихты тек материалистік тұрғыдан танып, білу жөніндегі қағидалары оқулықта кеңінен, жанжақты орын алған.

Жаңа оқулық партияның ұлы кеменгер көсемі В. И. Лениннің дана шығармалары, партия съездері мен конференцияларының, Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары тағы басқа документтері негізінде жазылған. Мұның бәрін дұрыс қорытып, талдауға маркстік-лениндік тарихи ғылымның табыстары арқау болған.

Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихи даму жолы екі үлкен дәуірге бөлінген. Бұған сәйкес оқулық екі бөлімнен құралған. Оның бірі Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейінгі дәуірді, екіншісі—революциядан кейінгі дәуірді қамтиды. Оқулықта барлығы 18 тарау болса, оның жетеуі революцияға дейінгі, онбірі революциядан кейінгі дәуірге арналған.

Біздің партия жаңа тектес партия ретінде, жұмысшы табының ең революцияшыл партиясы ретінде туып, өсті. Ол өзінің барлық күресі мен ісіне ең революцияшыл ілімді—жұмысшы табының ұлы кеменгер көсемдерінің, ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылардың—Карл Маркстің, Фридрих Энгельстің және Владимир Ильич Лениннің ілімін арқау етті.

Марксизм-ленинизм басқа барлық ғылымдар сияқты, үздіксіз дамып, жетіліп отырады, жаңа тарихи тәжірибелермен, жаңа қорытындылармен, соны қағидалармен ұдайы байып отырады. Басқаша айтқанда, ол творчестволықпен тынбай дамытылып отырады. Ол—өзгермес қағидалардың, тастай қатып қалған теориялық тұжырымдардың қас жауы.

Марксизмді творчестволықпен дамытып, байытудың тамаша үлгісін В. И. Ленин көрсетті. В. И. Ленин марксизмді жаңа тарихи дәуірге—капитализмнің ең жоғарғы да соңғы сатысы империализм дәуіріне сәйкес онан әрі дамытып, бірсыпыра жаңа қағидалармен байытты. Олардың негізгілері империализм жөніндегі, оның жалпы кризисі, капитализмнің әркелкі дамуы, социализмнің бірнеше, тіпті жеке бір елде жету мүмкіндігі, пролетариат диктатурасының мемлекеттік формасы ретіндегі советтер, социалистік құрылыстың, коммунистік қоғам орнатудың негізгі жолдары, артта қалған елдердің алдыңғы қатарлы социалистік мемлекеттер көмегімен дамудың капиталистік сатысына соқпай-ақ тікелей социализмге ұласуы жөніндегі қағидалары. Бұл лениндік қағидалардың даналығы мен дұрыстығын тарихи дамудың соңғы жарты ғасыр ішіндегі барысы, біздің тұңғыш социалистік Отанымыздың бай тәжірибесі айқын дәлелдеді. Мұның бәрі партия тарихында жарқын көрсетілген.

Жаңа оқулықта осыларға сүйеніліп, ленинизмнің кәзіргі дәуірге сай толық анықтамасы берілген. Ленинизм, — деп көрсетілген онда, — Марксизмнің жаңа дәуірде, империализм дәуірінде, пролетарлық революциялар, Совет Одағындағы социалистік және коммунистік құрылыс дәуірінде, бүкіл дүниежүзілік социалистік системаның туып, өркендеуі, адамзат қоғамының капитализмнен социализмге өтуі дәуірінде онан әрі дамытылуы.

Совет Одағы Коммунистік партиясының ұйымдастырушысы, жетекшісі және көсемі болған В. И. Лениннің ролі жаңа оқулықта кеңінен, өте орынды көрсетілген. В. И. Лениннің жаңа текті революцияшыл партия құру жөніндегі, партияның теориялық және идеологиялық негіздері, стратегиясы мен тактикасы, ұйымдық принциптері жөніндегі ілімі бүкіл объективті тарихи дамудың барысымен тығыз байланысты баяндалған.

Партия тарихының дәуірлері В. И. Лениннің «Коммунизмдегі балалық «солшылдық» ауру» деген еңбегіндегі тағы басқа еңбектеріндегі нұсқаулары бойынша белгіленген. Осыған орай оқулықтың бірінші тарауы 1883—1894 жылдарды, яғни марксизм дамуының лениндік кезеңі басталған жылдарды қамтиды. Бұл кезеңде В. И. Ленин Россияда жұмысшы табының революцияшыл партиясын ұйымдастыру жолында қажырлы күрес жүргізді. Лениннің бұл күресінің нәтижесінде Петербургте «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» құрылды. Бұл одақ партияның алғашқы ұйтқысы болған-ды.

Жаңа оқулықта большевиктер өз алдына саяси партия болып 1903 жылдан бастап, яғни партияның II съезінде құрылды деп атап көрсетілген. Бұрынғы «Қысқаша курсте» большевиктер партиясы 1912 жылы Прага конференциясында құрылды делініп теріс көрсетілген еді. Большевиктер партиясының нығайып, шыңдала түсуі үшін Прага конференциясының орны өзгеше болған-ды. Өйткені онда меньшевиктер революцияшыл күреске қарсы оппортунистер ретінде партия қатарынан қуылған болатын. Бірақ бұған қарап, большевиктер партиясы 1912 жылы құрылды деу шынайы тарихи фактіні бұрмалау еді.

Социалистік революцияға дейінгі дәуірде ұлы Лениннің, оның сенімді серіктері мен шәкірттерінің барлық күш-жігері маркстік партия құрып, оны қоғамның даму заңдарымен, революцияшыл озат теориямен қаруландыру жолындағы күреске жұмсалды. Партия қатал қуғын-сүргінде жүріп, жұмысын өте ауыр жағдайда жасырын жүргізді. Мұның үстіне партияға марксизм-ленинизмнің түрлі түсті жауларына — халықшылдар мен экономистерге қарсы, меньшевиктер мен эсерлерге, ұлтшылдардың әр түріне қарсы, халықаралық көлемде ревизионизмге қарсы қиянкескі күрес жүргізуге тура келді. Партия осы күрестер үстінде өсіп, өркендеді, барған сайын шыңдала түсті, сөйтіп, ұлы Лениннің ойлағанындай, Россия жұмысшы табының бірден-бір сенімді басшысы, алдыңғы қатарлы айбынды отряды болып алды.

Еліміздің революцияшыл жұмысшы табы еңбекші шаруалармен жауынгер одақ бола отырып, барлық еңбекшілер бұқарасына бас бола отырып, өзінің туысқан партиясының дана басшылығымен тұңғыш социалистік революцияны жүзеге асырды; жұмысшылар мен еңбекші шаруалардың советтік мемлекетін орнатты. Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісінен бастап қоғамдық тарихи дамудың барысында мүлде жаңа дәуір — капитализмнің өліп өшу, социализмнің туып өсу дәуірі басталды.

Біздің елде социалистік мемлекет орнап, халқымыз жаңа өмір құруға, социалистік құрылыс жұмыстарына кіріскен дәуірде партия алуан түрлі бай да тың тәжірибеге ие болды. Елімізде социалистік құрылыстың өте ауыр жағдайда, капиталистік қоршау жағдайында, капиталистік елдердің жападан жалғыз социалистік елді тұншықтыру қауіп-

қатері ұдайы төніп тұрған жағдайда жүргізілгенін ескерсек, бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары, империалистік мемлекеттердің советтік Россияға шапқыншылығы және азамат соғысы жылдары кезінде еліміздің орасан зор күйзеліске ұшырап, халқымыздың аш та жалаңаш, үйсіз де күйсіз қалғанын ескерсек, Совет Одағы Коммунистік партиясы тарихының, оның бай тәжірибесінің құндылығы еселеп арта түседі. Бұл ауыр кезеңде совет халқы өзінің барлық күші мен мүмкіншілігін шаруашылық және мәдени құрылыс жұмыстарының қарқынын мейлінше күшейту үшін, еліміздің қорғанымпаздық қуатын нығайту үшін жұмылдыруға мәжбүр болды. Ал бұл үшін үнемділік, ұқыптылық тәртібін барынша берік сақтау жолында, шаруашылықты жүргізудің, өндірісті ұйымдастырудың неғұрлым тиімді әдістерін қолдану жолында қатал күрес жүргізді.

Капитализмнен социализмге өту дәуіріндегі партияның шаруашылық саясатының тұлғасын В. И. Ленин жасады. Бұл саясат жаңа экономикалық саясат (НЭП) деп аталды. Жаңа экономикалық саясатты жүзеге асыра отырып, партия елімізді социализмнің толық жеңісіне жеткізді. Социализм жаңа экономикалық саясаттың түбірлі мәселелері — елімізді индустрияландыру, бытыранды жеке шаруалар шаруашылықтарын кооперативтендіру мәселелерінің толық шешілуі арқасында жеңді. Бұл мәселелер партия тарихының жеке тарауларында жанжақты жарқын баяндалған. Жаңа экономикалық саясат кәзіргі уақытта барлық елдердің де капитализмнен социализмге өту дәуіріне тән жалпы заңдылыққа айналды.

Тұңғыш рет біздің елде салтанат құрған социализм коммунистік қоғамның алғашқы төменгі сатысы болды. Социализм толық жеңгеннен кейінгі жерде өзінің жоғарғы сатысы коммунизмге ұласу бағытында дамиды деп үйретті марксизм-ленинизм. Социализмнің біртіндеп коммунизмге өтуі — заңды ағым.

Социалистік құрылыс дәуірінде, әсіресе социализмнің коммунизмге ұласу дәуірінде қоғамның даму қарқыны мейлінше күшейе түседі, бұл дәуірде қоғамдық өндірістің және рухани өмірдің барлық саласы да, әсіресе олардың материалдық техникалық негізі машиналы индустрия үздік қарқынмен өсіп, өркендейді. Буржуазияның жалдама ақылгөйлерінің социализмді қоғам дамуындағы тоқырау дәуірі етіп көрсетуіне қарсы В. И. Ленин былай деп жазған еді: «...социализмді бейнебір жансыз, қатып қалған, мәңгі өзгермейтін нәрсе деп түсінетін ежелгі буржуазиялық түсініктің шексіз өтірік екенін, шынына келгенде, қоғамдық өмір мен жеке адам өмірінің барлық жағынан ілгері дамуы, халықтың көпшілігінің қатысуымен, сонан соң бүкіл халықтың қатысуымен нағыз, бұқаралық жедел дамуы тек социализмнен ғана басталатынын түсініп алу керек» (Шығармалар, 25-том, 493-бет).

Ұлы Лениннің бұл көрегендігі мен даналылығын еліміздің бұған дейінгі тарихи тәжірибесі және кәзіргі даму қарқыны жанжақты дәлелдеп отыр. Мұны кәзір басқа социалистік елдердің тәжірибесі де толық дәлелдеуде.

Халықтардың ұлы кемеңгер көсемі В. И. Лениннің өмірге жанасымды теориялық қағидаларының бірі — мешеу дамыған елдердің бірден социализмге ұласуы жөніндегі қағида. Өзінің дамуында кенжелеп, капитализмге дейінгі қоғамдық құрылыстар жағдайында қалған елдер алдыңғы қатарлы елдер көмегімен дамудың капиталистік сатысын аттап өтіп, тікелей социализмге ұласады деп тұжырымдаған еді Ленин. Бұл тұжырымның дұрыстығын еліміздің артта қалған ұлттық өлкелерінің, тағы басқа бірсыпыра елдердің тәжірибесі көрсетіп отыр. Қазақстан және Орта Азия республикалары халықтары еліміздің алдыңғы қатарлы туысқан халықтарының, алдымен ұлы орыс халқының көмегімен қоғамдық дамудың капиталистік сатысынан аттап өтіп, тікелей

социализмге ұласты. Дамудың феодалдык сатысында болып келген монғол халқы да кәзір Совет Одағының, тағы басқа социалистік елдердің көмегімен капитализмге соқпай, социализм жолымен дамып келеді.

Елімізде социализмнің толық жеңуі нәтижесінде экономика мен мәдениеттің, әлеуметтік өмірдің барлық саласында да түбірлі өзгерістер болды. Халық шаруашылығының барлық саласында өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншік орнады. Осының негізінде қанау атаулы тамырымен жойылды. Социалистік революцияның ең ауыр міндеті — бірыңғай социалистік экономика құру міндеті табыспен аяқталды. Қоғамның таптық құрылымы мүлде өзгерді. Қанаушы таптар толық жойылды. Бұрынғыдан басқаша жаңа әлеуметтік топтар кейпіне енген жұмысшылар, колхозшы шаруалар, интеллигенция қалды. Шын мәнісіндегі мәдени революция жүзеге асырылды.

Социалистік Отанымыздың жаңа қуатты қозғаушы күштері социалистік өндірістік қатынас, еңбекшілердің жолдастық ынтымақ және өзара жәрдемдесу қатынасы, совет халықтарының саяси-моральдық бірлігі, туысқандық достығы, советтік патриотизм, социалистік жарыс туып, дамыды.

Социализмнің барлық тарихи табыстары мен жеңістері 1936 жылы қабылданған жаңа конституцияда заң жүзінде баянды етілді.

Социализмнің барлық жеңістерінің қолма-қол ұйымдастырушысы, басшысы және рух берушісі Совет Одағының Коммунистік партиясы болды. Партия еліміздің бүкіл күші мен мүмкіншіліктерін социалистік құрылыс мүдделеріне жұмылдыра білді. Халқымыздың асқан сүйіспеншілік және мақтанш сезімімен айтқанындай партия қайда, неге көңіл бөліп, назар аударса, жеңіс сонда болды.

Халқымыздың социалистік қоғамды жанжақты нығайта түсіп, коммунизмге қарай алға баса беру жолындағы бейбіт жасампаз күресіне екінші дүниежүзілік соғыс көп кедергі жасады. Жаңа оқулықта бұл соғыстың алғашқы және кейінгі кезеңдеріне әділетті тарихи сипаттамалар берілген. Соғыс алғаш капиталистік елдер арасындағы империалистік соғыс сипатында басталды. Кейінірек фашистік Германия бірсыпыра елді басып алып, Совет Одағына қарсы опасыздықпен шабуыл жасаған кезден бастап соғыстың сипаты өзгерді. Гитлершіл Германияға қарсы Совет Одағымен бірге қарулы күреске шыққан елдер бостандық алу жолында әділетті соғыс жүргізді. Дүниежүзілік екінші соғыс ақырында бостандық сүйгіш халықтардың жеңісімен аяқталды. Соғыстың нәтижесінде империалистік елдердің қайшылықтары шиеленісіп, капитализмнің жалпы кризисі онан әрі тереңдей түсті. Еуропа мен Азияда бірсыпыра елдер дүниежүзілік капиталистік системадан шығып, социализм жолына түсті. Мұның нәтижесінде дүниежүзілік социалистік система құрылды. Мұның өзі біздің заманымыздың ерекше мән-мазмұнын бейнелейді.

Совет Одағы Коммунистік Партиясы тарихының еліміздің социализмнен біртіндеп коммунизмге өту дәуіріне орай зор игілікті істерге бай кезеңі соғыстан кейінгі жылдар болып саналады. Социалистік Отанымыздың күш-қуатын молайта түсу, коммунистік құрылыс жұмыстарын кең өрістету, бүкіл дүние жүзінде тұрақты бейбітшілік орнату жолындағы партияның дәйекті күресінде, әсіресе соңғы бесжылдықтың (1953 — 1958 жылдар) маңызы ерекше зор болды. Бұл уақытта елімізде саяси-шаруашылық маңызы ерекше мәнді бірсыпыра шаралар жүзеге асырылды.

Партияның 1956 жылғы февральда өткен XX съезі көп мәселені қоғамдық дамудың кәзіргі жаңа талап-тілектеріне сәйкес жанаша қойып, шешті, марксизм-ленинизмді бірсыпыра жаңа қағидалармен, қорытындылармен байытты. Атап-атап айтқанда, XX съезд әлеуметтік құрылысы әртүрлі мемлекеттердің бейбітшілікпен қатар өмір сүруі, кәзіргі дәуірде

соғысқа жол бермеу мүмкіндіктері, әртүрлі елдердің социализмге өту жолдарының түрі, жұмысшы табының туысқандық бірлігін нығайтудың шаралары жөнінде жаңа теориялық қағидаларды ұсынып, негіздеді.

Партия И. В. Сталинге табынудың зиянды жақтарын ашық айтып, батыл сынады. И. В. Сталинге табынушылықтың қай уақытта, не себепті пайда болғаны, партия тұрмысының лениндік ережелерінің, коллективті басшылық талаптарының, социалистік заңдылықтың бұзылуы партияға және бүкіл социалистік құрылысқа қаншалық зиян келтіргені оқулықта мұқият талданып, әділ баяндалған. Бұлармен бірге И. В. Сталиннің партияға, бүкіл елімізге сіңірген зор қызметі мен ролі оқулықта дұрыс та толық көрсетілген.

Партия соңғы бесжылдықта жеке адамға табынушылықтың зардаптарынан арыла отырып, коммунистердің, барлық еңбекшілер бұқарасының қоғамдық өмірге неғұрлым белсенді қатысуына, олардың творчестволық жігер-қайратының артуына кең жол ашты, тарихи қысқа мерзім ішінде-ақ халық шаруашылығы мен мәдениеттің барлық саласын онан әрі өркендетуде, әсіресе ауыл шаруашылығын күрт көтеруде жаңа зор табыстарға ие болды.

Біздің жеңімпаз партия, оның Н. С. Хрущев жолдас бастаған лениндік Орталық Комитеті бірсыпыра өмірлік шараларды теориялық жағынан негіздеп, қабылдады, бүкіл халқымыздың қуаттап, қолдауымен жүзеге асырды. Олардың негізгілері ауыл шаруашылығын күрт көтеру, өнеркәсіп пен құрылысқа басшылықты қайта құру, машина-трактор станцияларын қайта құру, күрделі техниканы колхоздарға сату, сөйтіп колхоздық құрылысты нығайта түсу, тың жерлерді игеру, халық шаруашылығын жоспарлауды, еңбекке ақы төлеуді жақсарту, қоғамдық саяси өмірді онан әрі демократияландыра беру, социалистік заңдылықты нығайту, одақтас республикалардың праволарын кеңейтіп, міндеттерін ұлғайту, халық ағарту ісін, мектептерді қайта құрып, оларды өмірмен, өндіріспен тығыз байланыстыру шаралары тағы басқалар.

Партияның бұл күрделі шараларды жүзеге асыру жолындағы күресіне Маленковтың, Кагановичтің, Молотовтың, Булганиннің, Шепиловтың тобы қарсы шықты. Бұл партияға қарсы топ партияның тас-түйін бірлігіне іріткі салуға ұмтылып, фракцияшылдық, жікшілдік жолға түсті, XX съезд белгілеген жаңа бағытқа қарсылық жасады. Партия, оның Орталық Комитеті бұл партияға қарсы топты кезінде батыл әшкерелеп, оны идеялық жағынан талқандады, және коммунистік құрылыс жолындағы кедергі ретінде шетке шығарып тастады.

Бұл жөнінде партия тарихының оқулығында былай деп жазылған: «1957 жылдың июнінде Орталық Комитеттің Президиумында партияға қарсы топпен табанды, қатал күрес ашылды. Бұл күрестің барысында Н. С. Хрущев, Президиумның мүшелері мен кандидаттары, Орталық Комитеттің секретарьлары А. Б. Аристов, Н. И. Беляев, Л. И. Брежнев, А. И. Кириченко, Ф. Р. Козлов, А. И. Микоян, Н. А. Мухитдинов, П. Н. Поспелов, М. А. Суслов, Е. А. Фурцева, Н. М. Шверник, сол сияқты Орталық Комитеттің мүшелері Н. Г. Игнатов, О. В. Куусинен, Д. С. Коротченко, Я. Э. Калнберзин, А. П. Кириленко, А. Н. Косыгин, К. Т. Мазуров, В. П. Мжаванадзе және басқалары партияға қарсы топқа батыл қарсы шықты және партияның, оның Орталық Комитетінің лениндік бағытына топтың жасаған қарыспа шабуылына күшті соққы берді».

Партияға қарсы топты батыл әшкерелеп, талқандағаннан кейінгі жерде партияның ынтымақ-бірлігі барған сайын нығая түсті, коммунистер, бүкіл совет халқы партияның лениндік Орталық Комитеті төңірегіне бұрынғыдан да берік топтанды. Мұның өзі партияның коммунизм шыңына жеткізетін сара жолындағы жаңа зор жеңіс болды.

Оқулықтың ең соңғы XVIII тарауы кәзіргі жаңа тарихи кезеңдегі ұлы оқиғаға — Совет Одағы Коммунистік партиясының кезектен тыс XXI съезіне арналған. XXI съезд елімізде коммунистік құрылысты кең көлемде өрістетіп жүргізудің нақты программасын қабылдады. Бұл программаны жүзеге асырудың алғашқы алып қадамы — еліміздің экономикасы мен мәдениетін дамытудың жетіжылдық жоспары.

Жетіжылдық жоспар — елімізде коммунизмге сай материалдық-техникалық негіз жасаудың шешуші кезеңі. Бұл кезде Отанымыздың бүкіл экономикалық және мәдени өмірінің түп негізі ауыр өнеркәсіп, оның күре тамыры — машина жасау өнеркәсібі оған әрі үздік қарқынмен өсіп өркендейді. Осының арқасында еңбек өнімділігінің коммунизмге лайықты жоғары дәрежесіне жетуге қажетті жағдай жасалады. Бұл міндетке ғылым мен техниканың барлық жетістіктері жұмылдырылады.

Бұл жолда өндіріс жұмыстарын жаппай толық механикаландыру және автоматтандыру шешуші орын алады. Өндірісті механикаландырып, автоматтандырудың нақты, шұғыл шараларын партияның Орталық Комитетінің биылғы июнь айында болған Пленумы белгіледі.

Партияның XXI съезінде жасалған мазмұнды да маңызды баяндамалар, қабылданған қарарлар арқылы біздің даңқты партияға тән ерекше қасиеттер тағы да жарқын бейнеленді. Теория мен практиканың бірлігін берік сақтау, халықпен тығыз байланысты болу, марксизм-ленинизмді творчестволықпен дамыта беру жөніндегі өзінің ежелгі салты мен дәстүрінен танбайтынын партия XXI съезде жанжақты көрсетті.

Жаңа тарихи дәуірге — елімізде коммунистік құрылысты кең өрістетіп жүргізу дәуіріне орай, партия XXI съезде бірсыпыра аса маңызды теориялық мәселелерді алға қойып, негіздеді. Олар: социализмнің коммунизмге ұласу заңдылықтары жөніндегі, социалистік меншіктің екі түрі және олардың өзара ұласу жолдары, социализмнің Совет Одағында толық та түпкілікті жеңуі, социализмнің капитализммен экономикалық жарысындағы жаңа кезең, мемлекетті басқару ісінің біртіндеп қоғамдық ұйымдарға ауыса беруі, барлық социалистік елдердің коммунизмге бір мезгіл шамасында өтуі, кәзіргі дәуірде соғысқа жол бермеудің нақты мүмкіндіктері жөніндегі күрделі мәселелер тағы басқалар.

Еліміз коммунизм шыңына қарай қадам басқан сайын партияның қоғамдық өмірдегі ролі кемімейтіні, қайта арта түсетіні, ал мұның өзі өте заңды құбылыс екені оқулықта атап көрсетілген. Партия — совет халқының ұйымдастырушы және жетекші күші. Қоғамның даму заңдары мен мықтап қаруланған, оларды өмірде орынды да шебер қолдана білетін біздің жеңімпаз туысқан партия елімізде коммунистік құрылысты кең өрістетіп жүргізуде де совет халқын табыстан табысқа, жеңістен жеңіске жеткізеді.

Партия тарихының жаңа оқулығының соңында «Қорытындылар» деген бөлімше бар. Мұнда партия өткен бүкіл ұлы тарихи жолдың өте маңызды кезеңдері мен түйінді мәселелері қорытылып берілген.

Совет Одағы Коммунистік партиясының бай тарихы мен тәжірибесі жұмысшы табы, барлық еңбекшілер бұқарасы тек өкімет билігін өз қолына алып, өзінің үстемдігін — диктатурасын орнату арқылы ғана, өзінің алдыңғы қатарлы, саналы отряды — партияның басшылығы арқылы ғана коммунистік қоғам құра алады деп үйретеді. Жұмысшы табы жеңісінің маңызды бір шарты, оның ынтымақ-бірлігінің берік болуы. Ал болаттай берік бірлікке жету үшін ұлы революциялық жолдан тайғандардың бәріне қарсы қатал, ешбір келісімге келмес, таптық күрес жүргізу керек. КПСС тәжірибесі міне осыған баулиды.

Совет халқының коммунистік құрылыс дәуірінде де жаңа зор табыстарға жетуге сенімі күшті. Бұған партияның дана басшылығы кепіл.

Жастарды коммунистік рухта тәрбиелеу міндеттері

С. КЕНЖЕБАЕВ,

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің секретары

Совет Одағы Коммунистік партиясының ХХІ съезі елімізде коммунистік қоғам орнатудың айқын жолдарын көрсетіп берді. Съездің шешімдері бүкіл совет халқының, Коммунистік партияның нақтылы іс жоспары. Съездің қарарларын бүкіл совет адамдарымен бірге жастар да асқан құштарлықпен, шексіз қуанышпен қарсы алды. Өйткені олар бұл документтерден өздері атқаратын келелі істің, өздері орнататын жарқын болашақтың, өздері өмір сүретін коммунизмнің сәулетті бейнесін көреді.

Партияның ХХІ съезі коммунистік қоғам құрудың материалдық-техникалық негізін жасаумен бірге адамдарды, жастарды кәзірден бастап коммунистік болашаққа лайықты етіп тәрбиелеп, өсіру керектігін көрсетті.

Жастарға коммунистік тәрбие беруде, олардың бойына коммунистік адамгершілік қасиеттерін сіңіре беруде комсомол ұйымдарының атқаратын ролі аса зор. Комсомол өз қатарынан рухани дүниесі бай, адамгершілік қалпы кіршіксіз, моральдық жағынан табанды, шыныққан яғни сегіз қырлы, бір сырлы адам тәрбиелеп шығаруға тиіс. Партия комсомолдың алдына міне осы міндеттерді қойып отыр.

Коммунистік тәрбиенің өзегі, арқауы—енбек. Н. С. Хрущев жолдас дәуірімізге сай жаңа адамды тәрбиелеу коммунистік құрылыстың міндеттерін шешумен тығыз байланысты болуға тиіс деп көрсетеді.

Қоғамдық еңбек жас адамға өмірді танытады, оның дүниеге көзқарасын қалыптастырады, оны табандылыққа тәрбиелейді. Қоғам мүддесіне арналған еңбек адамға өзінің бар білімін, бар қабілеті мен талантын көрсетуіне жағдай жасайды.

Комсомол ұйымдары жастарды еңбекке баулуда көптеген игі жұмыстар атқарды. Әсіресе, соңғы жылдары шаруашылық және мәдени құрылыстарда комсомолдың ролі ерекше арта түсті. Комсомолдың күшімен Донбаста ондаған көмір шахталары, домна пештері салынды, еліміздің шығыс аудандарында ондаған жаңа өнеркәсіп орталықтары орнады, миллиондаған гектар тың жер игеріліп, Отанымыздың игілігіне мол жемісін бере бастады.

Ленин комсомолының бұл патриоттық істеріне Қазақстан комсомолы да елеулі үлес қосты. Республикамыздың халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспарында белгіленген міндеттер комсомолецтер мен жастардың өнерлі еңбегіне бұрынғыдан да кең өріс ашты. Олар қара және түсті металлургияның жаңа кәсіпорындарын, шахталарды, тұрғын үйлерді салуға, тың және тыңайған жерлерді мұнан былай да игеруге, осы жеті жылдың ішінде қой мен ешкіні 75 миллионға жеткізуге, құс пен үй қоянын неғұрлым көп өсіруге жаппай кірісті.

Республика комсомолы партия ұйымдарының тапсырмаларын орындай отырып, 39 құрылысты және ұзындығы 700 километрлік электр жүйесін салуды өз қамқорлығына алды. Оларға кәзірдің өзінде мындаған комсомолецтер мен жастар жіберілді.

Кәзір комсомол ұйымдары коммунистік жетіжылдық жоспарды насихаттағанда жетіжылдықтың не беретінін, оның бізді қандай шыңға көтеретінін айтумен қатар сол жетіжылдықтың қалай орындалатынын түсіндіреді. Жетіжылдық өздігінен орындалмайды, оны орындайтын—совет адамдары, еліміздің әрбір жас жігіті мен қыздары. Міне сондықтан да комсомол әрбір жастың алдына «Сенің жетіжылдыққа қосар үлесің», «жетіжылдық тағдыры сенің де қолыңда» деп міндет қойып отыр. Бұл нақты міндет комсомол жиналыстарында талқылануда. Мұндай жиналыстар коммунистік құрылыста әркімнің өз орнын табуына, бұл іске әркімнің өз үлесін қосуына көмектеседі. Тәрбие жұмысындағы бұл бағытты бұдан әрі дамыта бермекпіз. Өйткені, бұл жастардың ынта-жігерін арттыра беруге көмектеседі.

Елімізде коммунизм құрылысының жаппай өрістетілуі өмірімізге жаңа леп кіргізді. Сол жаңа лептің бір көрінісі— коммунистік еңбек қозғалысы. Бұл— социалистік жарыстың жоғарғы сатысы. Коммунистік еңбек бригадасы атағын алу үшін республикамызда 4510 бригада жарысып жүр. Бұлардың көпшілігі жастар. 232-бригада коммунистік еңбек бригадасы деген атақ алды. Коммунистік еңбек жарысына қатысушылар жоспарды асыра орындаумен қанағаттанбай, үнемі ізденіп, жаңалық тауып, тың соқпақ қарастырып отырады. Ол үшін бригада мүшелері білімін үздіксіз арттырады, орта мектеп бітіргендер жоғарғы білім алуға ұмтылады. Коммунистік еңбек бригадаларындағы жастардың дені тек жұмысты жақсы атқарып қана қоймайды, тұрмыста да үлгілі, өнегелі болуға ұмтылады.

Мысалы, Алматы облысы, Гвардия ауданындағы Шоқан Уәлиханов атындағы колхозда Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің мүшесі жас коммунист Зылиха Тамшыбаева басқаратын комсомол-жастар фермасы республикадағы тұңғыш коллективтердің бірі болып коммунистік ферма деген құрметті атаққа ие болды. Ферма жастарының бәрі де оныншы класты бітірген. Жас сауыншылар өз білімін қажырлы еңбекпен ұштастыра пайдаланудың арқасында бір жылдың ішінде әр сиырдан сауылатын сүттің мөлшерін екі есе арттырды. Жас сауыншылардың әрқайсысының кітапханасы бар, олардың бәрі институттарда сырттан оқиды, көркемөнер үйірмесіне қатысады. Зылиханың өзі Алматының малдәрігерлік-зоотехникалық институтында оқып жүр. Бұл жастардың өмірінен, тұрмысынан, жұмысынан болашақтың бейнесін көресің.

Коммунистік бригадаларды халқымыз болашақтың барлаушылары деп атап жүр. Олар болашаққа жол салады. Соларға қарап, солардың үлгісімен ертең мыңдаған, жүз мыңдаған жастар еңбек ететін, білім алатын, тұрмыс құратын болады. Сондықтан да коммунистік еңбек қозғалысын өрістете түсу, оған жастарды барынша көп қатыстыру— жастарға коммунистік тәрбие берудің онтайлы да табысты жолы болып табылады.

Коммунистік еңбек бригадаларына ілесе басқа да жаңа да игі бастамалар туып жатыр. Коммунистік еңбек екпіндісі деген құрметті атақты алу жолында жарыс басталды. Кәзір республика бойынша 10 мыңға жуық озат жастар осы атақты алу үшін күресуде. Жақында Калинин облысының Вышневолоцк мақта-мата фабрикасында жас коммунист Валентина Гаганова тамаша патриоттық бастама көтерді. Жас мастер артта қалған бригадаға өз еркімен барып, оны алдыңғылар қатарына қосты. Озат бригададан ауысқанда біршама уақыт табысының бұрынғыдан кем болатыны да Гаганова жолдасты бөгеген жоқ. Өйткені ол істің мүддесін көздеді.

Валентина Гаганованың бұл бастамасын үкімет пен партия жоғары бағалап, оған Социалистік Еңбек Ері атағын берді. Гаганованы қостаушылар біздің республикамыздан да шықты. Ақмола облысындағы «Яро-

«славский» совхозының коммунистік еңбек трактор бригадасының бригадирі Михаил Довжик артта қалған бригадаға жұмыс істеуге баратындығын білдірді. Кәзір ол нашар бригаданың бірін қабылдап, оны озаттар қатарына шығару үшін еңбек етуде. Михаил Довжик өзінің бұрынғы бригадасын жарысқа шақырды. Бұл бастаманы республикамыздың басқа жастары да қызу қолдауда.

Коммунистік еңбек жарысы жастарға тән ізденімпаздықты, батыл жол, батыл әдістер табуға ұмтылушылық қасиеттерді өрістетіп беруге қолайлы жағдай жасап отыр. Комсомол ұйымдары жастардың бойына осы жаңашылдық, жасампаздық қасиетті кенінен сіңіре беру жолында тынбай қамқорлық жасауға тиіс.

* * *

Қоғам дамуының заңдылықтарын бірден-бір дұрыс бейнелейтін маркстік-лениндік ілімді меңгеріп өмірдегі оқиғалар мен құбылыстарға лайықты, орынды баға бере білу совет жастарына тән қасиет екені мәлім. Осы игі қасиетті дамыта түсу адамның ой-өрісінің, өмірге көзқарасының үнемі байытылуына, кеңейтілуіне байланысты.

Міне сондықтан да республикамызда мындаған жастар комсомол саяси оқу жүйесінде өздерінің білімін көтеруге белсене қатынасады. Мындаған насихатшылар мен лекторлар және саяси баяндамашылар жастарға партиямыздың ішкі және сыртқы саясатын түсіндіруге ат салысады.

Студенттер арасындағы саяси-тәрбие жұмысы соңғы кезде едәуір жанданды. Студенттердің оқуы күнделікті өмірмен, еңбекпен тығыз байланыстырылатын болды. Студенттер арасындағы тәрбие жұмысына көрнекті ғалымдар, қоғам қайраткерлері араласады. Соңғы екі-үш жыл бойы студенттер тың жер игерген аудандарға астық жинауға үлкен көмек көрсетіп келеді. Мұның өзі студенттер үшін теңдесі жоқ еңбек мектебі болды.

Қазақ жастарын Қазақстан Магниткасына шақырған кезде көп жастардың бойынан сүйсінерлік қасиет сездік. Орталық Комсомол Комитеті орта мектеп бітірген жастарды болат балқытушы, шойын қорытушы болуға шақырған еді. Студент жастар да бұл істің зор маңызы бар екенін түсініп, оған үн қосты. Мысалы, Қазақтың мемлекеттік Университетінің студенттері Мирасбек Мұхитдинов, Ыдырыс Дәрібаев, Қазақтың педагогикалық институтының III курс студенті Сабыралы Көбеев, Алматы ауыл шаруашылығы институтының студенттері Серік Көкенбаев пен Қинаят Ахметжанов комсомолдық жолдама алып, Қазақстан Магниткасына аттанды. Олар кәзір Череповецк металлургия заво-дында домнашы, болат балқытушы, прокатшы мамандығын меңгеріп жүр.

Осымен қатар студенттер арасындағы тәрбие жұмысының кейбір кемшіліктері де бар. Саяси соқыр, тоғышар, қоғамдық құбылыстарды, еліміздегі болып жатқан тарихи өзгерістерді ұғынуға ұмтылмайтын жекелеген студенттер де жоқ емес.

Әсіресе, Алматы студенттерінің арасында батыстың жеңілқолды модаларына әуес, біздің өмірімізге жат салттарға үйір жастар бар. Мұндайлар өмір туралы өзі түк түсінбесе де батыс модаларына еліктеуді мәдениеттің шынары деп санайды. Институт бітіргеннен кейін қайтсе де қалада қалуды сағалайтын, жұмысқа барған күнде де көп тұрақтамайтын, берекелі жұмыс істемейтін, жоғары білімді маман деген атаққа кір келтіретін, тоғышар, мешандық батпаққа отырып қалатын адамдар көбінесе кәзіргі осындай студенттерден шығады.

Партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары студенттерді тәрбиелеу жұмысын жақсартып, олардың астық өндіруді арттыру, тың игеру, жетілдірудің алып құрылыстарын салу сияқты тарихи оқиғалар бүкіл

республиканың экономикасы мен мәдениетін жоғары көтергенін, бұл шаралар қазақ халқының да ырысы болғанын терең ұғынуына көмектесулері керек. Біздің республика партияның үздіксіз қамқорлығының нәтижесінде ұдайы өркендеуде. Партияның қамқорлығының және еліміздің барлық халықтарының, ең алдымен орыс халқының орасан зор көмегінің арқасында қазақ халқы мәдениетті, өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын дамытуда тарихи табысқа ие болды. Мұның бәрі лениндік ұлт саясатының жемісі. Жастар осы жайды білуге міндетті.

Жетіжылдықтың алып жоспары Қазақстан жеріндегі қыруар мол қазынаны бүкіл совет халқының игілігіне, коммунизм құрылысының игілігіне жұмсаудың тамаша жолын ашты. Салынып жатқан Қазақстан Магниткасы, Соколов-Сарыбай комбинаты, Павлодардағы заводтар Қазақстанның экономикасын ғана өркендетіп қоймай, қазақ жұмысшы табын, техникалық интеллигенциясын қалыптастыратын, шындайтын, тәрбиелейтін орталықтар болады.

Республикамыздың қарыштап өсіп келе жатқан өнеркәсібі, ең алдымен қара металлургиясы үшін маман кадрлар даярлау біздің алдымыздағы басты міндеттердің бірі. Биыл екі мың қазақ жастарын Қарағанды металлургия заводына тұрақты жұмысқа жіберу туралы бастама осы міндетті жүзеге асырудың бір жолы болды.

Кәзір республикамызда күрделі және дәл машиналар, аспаптар, механизмдер шығаратын кәсіпорындар салынауда. Жаңа кәсіпорындардың салынуына байланысты оған керекті кадрларды осы кезден бастап жаппай әзірлеуіміз керек. Республика комсомол ұйымы бұл міндетті ойдағыдай орындауға барынша көмектеседі. Осыған байланысты республикамыздың жоғары оқу орындары кәзір көптеген жаңа мамандығы бар кадрларды әзірлеуге бет бұрды.

Студенттерді тәрбиелеуді жақсарту үшін бұл жұмысқа ең алдымен оқытушыларды, профессорларды кеңінен қатыстыру керек. Студенттерді толғанып, тебрентіп жүрген мәселелер бойынша оларға байыпты, орнықты жауап беріп отыру — әрбір оқытушының, профессордың ұстаздық борышы болуға тиіс.

Студенттердің арасындағы жұмысқа революция ардагерлерін, қарт коммунистерді, еңбек озатын белсенді қатынастырған жөн болар еді. Кәзір Алматыда тұратын, бұрынғы комсомол қызметкерлері К. Әміров, Р. Байжарасов, Х. Чурин, В. Деев сияқты қарт коммунистер студенттерге революциялық дәстүр жөнінде, жаңа өмірдің қалай жеткені, қалай орнағаны жөнінде, өмірді қалай қадірлей білу керек екені туралы тәрбиелік мәні бар жақсы әңгімелер айтып бере алады.

Студенттерді тәрбиелеуді жақсартудың тағы бір жолы — жоғарғы оқу орындары мен кәсіпорындарының өзара байланысын нығайту. Студенттер кәсіпорындардан өндірістік тәжірибе алумен бірге, жұмысшылардың шынайы еңбек өмірін көреді, еңбек лебі олардың өмірге көзқарасын қалыптастыруға әсер етеді.

Тәрбиенің барлық құралдарын пайдалана отырып, алған білімі, мамандығы, өнері үшін әрбір студенттің Отан алдында, халық алдында борышты екенін жастарға терең түсіндіру міндет.

Биыл жоғары оқу орындарына студенттер қабылдау жаңа тәртіп бойынша жүргізіледі. Комсомол ұйымдары жоғары оқу орындарына түсуге өздерін еңбекте көрсете білген жастарды ұсынады. Сөйтіп, комсомол ұйымдарының жоғары білімді жас мамандарды тәрбиелеп шығаруға қосатын үлесі арта түседі.

* * *

Социализмнен коммунизмге өту кезеңінде коммунистік тәрбиенің бір ерекшелігі адам санасындағы ескіліктің қалдықтарына қарсы күресті күшейту болып саналады.

Қоғамдық мүддені былай қойып, жеке бастың қамын ойлау ескіліктің сірі қалдықтарының бірі. Бұл мінез ескіні көрмеген жастардың бойынан да байқалады. Жеке меншігіндегі малды көбейтуге құмарлық, қоғам мүддесінен өз мүддесін, қара басының қамын бұрын ойлау сияқты жиренішті мінез-құлықтар әлі де кездеседі. Мұндай қалдықтардың шырмауына түскендердің ішінде жасы ұлғайған қарттар ғана емес, комсомолецтер де, тіпті білімді мамандар да бар. «Лениншіл жас» газетінде Гурьев облысының Құлсары кәсіпшілігінде комсомол-жастар мұнай учаскесінің мастері болып істейтін Әлім Бақтыбаев туралы мақала жарияланды. Ол өзінің жұмыстан тапқан недәуір табысын қанағат тұтпай, қарт әкесінің ықпалымен мал жинауға салынған, «бай Әлім», «түйелі Әлім» атанған.

Бірақ, жас жігіттің бойындағы малжандылық, жекеменшікшілдік мінезді аудандық комсомол комитеті, Гурьев облыстық комсомол комитеті көрсе де мән бермей жүре берген, оның жақсы жұмысын мадақтаумен, оны үлгі етумен болған, оның ішкі дүниесіне, мінез-құлқына терең бойламаған. Сол сияқты Қазақстан Магниткасының құрылысында тұңғыш рет Рудиктің бригадасына коммунистік еңбек бригадасы атағы берілген еді. Шынына келгенде, ол да өзінің ғана қамын ойлайтын, сырты жылтыраған, іші түтін адам болып шықты. Міне, тәрбие жұмысында әрбір адамның ой-санасына, мінез-құлқына жете зер салып, үңілмеген жерде осындай пасық ниет бел алады.

Қазақстан жағдайында жастар тәрбиесінің тағы бір назар аударатын жайы бар. Біздің жастардың арасында әлі де болса феодалдық-байшылдық әдет-ғұрыптың қалдықтары байқалады. Бұл, әсіресе, әйелге көзқараста көбірек көрініп жүр. Қалын мал беріп, жар алу сияқты ескінің жиіркенішті әдеттері әлі де орын алып келеді. Жақында ғана Алматы облысының Шелек ауданында бір сот болды. Облыстық соттың көшпелі сессиясы Долорес Дулятова деген жас қызды еріксіз көндірімек болған Халеловті және оның сыбайластарын қатаң жазалады.

Комсомол ұйымдары ескіліктің қалдықтарына қарсы аяусыз батыл күресуге тиіс. Әрине, ескілік қалдықтарды көбінесе сол ескіні көзі көрген егде адамдар тұтандырады. Бірақ, егер жастар сол қалдықтарға, үлкендердің жөнсіз істеріне үзілді-кесілді қарсы шығатын болса, әрбір жас өз намысын батыл қорғайтын болса, онда ескілік қалдықтары ешқашан да бас көтере алмас еді. Жастарды осы рухта тәрбиелеу — ескілікке қарсы күресудің жемісті әдісі. Ата-ананы сыйлау, қадірлеу қажет, оның алдындағы борышын ақтау керек. Бірақ, ата-ана айтты екен деп, солардың көңілі үшін ескі салт-сананың жағымсыз зиянды қылықтарына төзуге болмайды.

Комсомол ұйымдарының міндеті жастарды діннің қалдықтарына қарсы батыл күреске тәрбиелеу. Ал, осыған қарамай әлі де болса жастар арасында бірен-саран болса да діни ырымдарға сенетіндер бар.

Жұмыста ғана емес, тұрмыста да өнегелі, мәдениетті болу кәзір жастардың бәріне де тән талап болуы міндет. Оған қажетті материалдық негіз де жасалды. Совхоздардың, колхоздардың экономикалық қуаты әлдеқайда нығайды, еңбекшілердің тұрмысы жақсарды. Енді үйде мәдениетті, сәулетті тұрмыс құруға әбден болады. Оның үстіне соңғы жылдары орта білімді жастардың қатары жылдам өсе бастады. Олар білімімен бірге өздерінің еңбек жалынын, тұрмыс мәдениетін де ала келді. Комсомолецтер семьясы тұрмыс көркі, бәтуәлі тату-татті достықтың сәні болуы керек.

Соңғы жылдары республикада жастар фестивальдерін өткізу дәстүрге айналды. Фестиваль — жастардың қуанышы ғана емес, ол — өнердің көзін ашатын қайнар бұлақ болып алды. Бұрын белгісіз болып келген талай таланттар осы фестиваль кезінде танылып, көзге түсіп жүр. Мұның бәрі жақсы. Осы арада айта кететін бір пікір бар. Фестиваль

өнердің гулін шашумен қатар, жастар бұқарасына эстетикалық тәрбие беретін, өнердің даму бағытын көрсететін құрал да. Көптеген жерлерде, әсіресе қазақ ауылдарында сахнада еркіндік алатын музыкалық аспап— домбыра. Домбыра оркестрі, әнді домбырамен айту — мұның бәрі кең өріс алған. Бірақ, сол домбыраның қасында скрипка, пианино, баян сияқты күрделі музыкалық аспаптар көрінбейді. Құрманғазының күйін орындаған, оны құрметтеген дұрыс. Бірақ, сонымен бірге қазақ жастары Чайковский мен Бетховенді білетін, құрметтейтін болуы тиіс. Солардың шығармаларын мүмкіндігінше орындайтын, көп ортасына таратайтын өнерпаздар болса жарасып-ақ тұрар еді.

Кәзір қалаларда, ауылдарда халық театрлары, мәдениет университеттері ұйымдастырылып жатыр. Бұл жаңа кезеңде тұрған жаңа перзенттер. Жастардың эстетикалық ой-өрісін кеңейтіп, талап-талғамын тәрбиелеуде халық театры мен мәдениет университетінің маңызы зор. Комсомол ұйымдары осыларды қамқорлығына алуға тиіс. Өйткені бұлар мәдениет мекемелері болумен бірге, ықпалы күшті тәрбие орындары.

Партия комсомол ұйымдарының алдына жаңа да келелі міндеттерді үнемі қойып отырады. Соның бірін біз КПСС Орталық Комитетінің июнь Пленумынан айқын көреміз. Республика жастары кәзірдің өзінде пленум алға қойған міндеттерді орындауға кірісті. Жастар жаңа техниканың қамқоршысы ғана болып қоймай, ұлы жетіжылдықтың жоспарын мерзімінен бұрын орындап шығу үшін күреседі.

Н. С. Хрущев жолдас Пленумда сөйлеген сөзінде кадр мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Онда біздің кадрларымызға қойылатын негізгі талаптардың қандай екендігі айқын атап көрсетілді. Комсомол кадрларын іріктеп алуда, тәрбиелеуде республикамызда біраз кемшіліктер де орын алып отыр. Кәзіргі кезде көптеген комсомол қызметкерлерінің жасы тым асып кеткен. Біраз жерлерде комсомол қызметкерлері өздерінің іскерлігіне, ұйымдастыру қабілетіне қарай іріктеп алынбайды. Кадрларды олардың саяси және іскерлік қабілетіне, партияға, халыққа берілгендігіне және өзіне жүктелетін жұмысты атқара алатын дәрежесіне қарай іріктеп алу керек.

Республика комсомол ұйымының алдында тұрған міндет Қазақстандағы барлық ұлттардың өкілдерінен жанжақты білімді, шыңдалған, қолынан іс келетін кадрлар өсіріп шығару, республика комсомол ұйымы бұл міндетті ойдағыдай орындап шығады.

Комсомол ұйымдарының жастарға коммунистік тәрбие беруде елеулі тәжірибелері бар. Кәзір әрбір комсомол ұйымынан, комсомол қызметкерінен тәрбие жұмысында жеке комсомолецтерге, жеке адамның тәрбиесіне мұқият көңіл бөлу, көпшіліктің көленкесінде жеке адамды ұмыт қалдырмау талап етіледі.

Партия комсомолға жас ұрпақты тәрбиелеуді сеніп тапсырып, аса жауапты міндет жүктеп отыр. Республика комсомол ұйымы бұл үлкен сенімді ақтауға бар күшін жұмсайды.

Ауыл шаруашылығы жұмыстарын түгел механикаландыру үшін күресте

А. ФАТЕЕВ,

инженер-механик

Партияның Орталық Комитетінің Июнь Пленумы Отанымыздың күш-қуатын мейлінше нығайтып, еңбекшілердің әл-ауқатын жақсарту беруде мәні күшті мәселені талқылап, шешім қабылдағаны мәлім. Пленум халық шаруашылығының күллі саласында техниканы ілгері дамыту жөніндегі КПСС XXI съезінің тарихи шешімдерін іске асыру бағытында түбегейлі шараларды белгіледі. Ол шаралардың ішінде, әсіресе өндіріс жұмыстарын түгелдей механикаландыру және автоматтандыру мәселесі өзгеден өресі биік зор мақсатты іс болып алға қойылды.

Өнеркәсіппен бірге ауыл шаруашылығында да техниканы ілгері дамыту ісінің зор маңызы бар. Өйткені ауыл шаруашылығы жұмыстарын толық механикаландыру—астық, ет, сүт, май, мақта, картоп, овощ және басқа өнімдерді көп өндірудің жетіжылдық жоспарда белгіленген тапсырмалары абрыймен орындалуын қамтамасыз етеді. Колхоз, совхоз өндірісінде еңбекті көп керек ететін жұмыстарды машинаның күшімен істеу еңбек өнімділігін мықтап арттырады, өнімнің жалпы көлемін ұлғайтуға, сапасын жақсартуға, оның түсер құнын кемітуге мүмкіндік береді.

Партия мен үкіметтің зор қамқорлығы арқасында Қазақстанның ауыл шаруашылығын техникамен жабдықтау ісі, әсіресе тың игерілген соңғы жылдары мейлінше күшті болды. Кәзір республика колхоздарының, совхоздары мен РТС-терінің қарамағында 125,6 мың трактор, 95,7 мың комбайн, мыңдаған автомашина, ауыл шаруашылығының жүздеген мың басқа да машинасы бар. Ауыл шаруашылығын ең жаңа да жұмысы өнімді машиналармен қаруландыру көптеген жұмыстарды механикаландырудың дәрежесін көтерді. Мысалы, ауыл шаруашылығында топырақты егіс алдынан өңдеу, тұқым себу, егін жинау сияқты жұмыстар түгел механизм күшімен атқарылады. Техникалық дақылдар мен жүгеріні өсіргенде жер әзірлеу, тұқым себу, егістің қатараралығын өңдеу жұмыстары механикаландырылды.

Біздің өнеркәсібіміз ауыл шаруашылығы үшін саналуан түрлі жаңа машиналарды барған сайын мол жасап шығаруда. Бұл машиналардың жұмыс өнімділігі жоғары. «СК-3» астық комбайнын мысалға алуға болады. Оны бір адам ғана басқарады. Оның жұмыс өнімділігі егін шығымдылығы 30 центнерден болғанда сағатына 1,45 гектар, 15 центнерге дейін болғанда 2,9 гектар болады. Комбайнның механизмін басқаруды жеңілдету үшін гидравлика мен автоматика кең қолданылады. «С-6», «РСМ-8» комбайндарына қарағанда «СК-3» комбайны экономика жағынан анағұрлым тиімді. Оны мына мысалдан-ақ айқын аңғаруға болады.

Дәнді егіс көлемі 10 мың гектар шаруашылықты алайық. Осындай егінді 10 күн ішінде жинау үшін (дестеден жинап бастыру үшін) 60—65 комбайн тіркелу керек, оларда жұмыс істеуге 300—325 адам (әр агрегатқа 5 адамнан) және 60—65 трактор қажет болар еді. Ал енді жұмыс «СК-3» комбайнымен атқарылса онда 50 комбайн, 50 адам (бұл адам саны жоғарыдағыдан 6—7 есе кем) ғана керек. Тракторлар-

дың ешбір керегі болмай қалады. Сөйтіп оларды басқа жұмысқа пайдалануға болады.

Қазіргі уақытта колхоздар мен совхоздар жұмысы өнімді қызылша комбайндарымен, қызылша тиегіштермен, мақта жинайтын машиналармен қаруланып келеді. Бұлар ондаған, жүздеген адамдардың жұмысын атқарады. Осылардан басқа отамалы дақылдар тұқымын шаршы-ұялап егу әдісін кең қолдануға мүмкіндік беретін машиналар да бар. Мұндайда еңбек аз жұмсалып, егіннің шығымы едәуір арта түседі. Өнеркәсібіміз 1958 жылдан бастап аспалы машиналарды жасап шығаруға көшті. Ал бұл машиналарды пайдалану тіркеушілердің қажеттігін толық жоюға, плантацияларды өңдеу сапасын жақсартуға, еңбек өнімділігін бірқыдыру арттыруға мүмкіндік береді.

Мақтаны, жүгеріні шаршы-ұялы әдіспен егетін аспалы сеялқалар, түрлі культиваторлар, жатқалар, пішен машиналары да ауыл-селоға көптеп әкелінуде. Мысалы, қолда бар машиналарды бір-бірімен ұштастыра өнімді пайдаланса республика колхоздары мен совхоздары көктемгі егісті 8 — 10 жұмыс күні ішінде, дәнді дақылдар егінін жинауды 15—18 жұмыс күні ішінде толық аяқтай алады.

Бірақ ауыл шаруашылығы жұмыстарын механикаландырудағы зор мүмкіншіліктер толық пайдаланылмай келеді. Ауыл шаруашылығының жеке саласындағы кенже қалушылықтың негізгі себептерінің бірі де осы. Мал шаруашылығы, картоп, овощ, мақта шаруашылықтары саласында жұмысты механикаландырудың шешілмей жүрген мәселелері толып жатыр. Тіпті астық шаруашылында қырманда астықты тазарту, сабан-топан жинау, маялау, техникалық дақылдардың өнімін жинау, пішен дайындау жұмыстарының механикаландырылуы нашар. Мақтаны шырпылау ісі әлі күнге дейін қолмен атқарылады. Республикамызда мақта шаруашылығы онда машиналардың аз қолданылуы себепті ойдағыдай өркендемей келеді.

Еңбекті көп керек ететін жұмыстың машинамен істеуге жөнді көшірілмеуі білекке көп ауыртпалық түсіреді, оны адамдардың қолмен атқаруына тура келеді, ал бұл жардай ауылшаруашылық дақылдарын егу, олардың өнімін жинаудың шешуші кезеңінде қиындық, қысылшандық, қарбаластық туғызады, маңызды да науқанды жұмыстың кешігуіне, нашар атқарылуына, сапасы төмендеуіне, мәселен, егіншілікте ысыраптың қисапсыз көп болуына ұрындырады.

Егіс жұмыстарын механикаландыру дәрежесі жоғары астық шаруашылықтарында 100 гектар дәнді дақыл егісінің жерін жырту, тұқым себу және өнімін жинау жұмыстарына 85 адамкүн жұмсалады. Механикаландырылмаған қырманда астық тазартуға 157 адамкүн яғни жоғарыдағы жұмыстарға қарағанда 1,8 есе артық адамкүн керек болады, міне сондықтан дәнді дақылдарды өндіруде қырманда астық тазарту, кептіру, таразыға өлшеу, тиеу-түсіру жұмыстарын үздіксіз де түгел механикаландыру аса маңызды шарттардың бірі, өйткені ондайда қол еңбегі аз керек болады.

Көптеген шаруашылықтар астық тазартатын және тиейтін машиналарды бір біріне ұштастыра пайдаланып, еңбек өнімділігін еселеп арттыруға жетіп келеді. Соның нәтижесінде бұл жұмысқа керекті адамдардың саны кеми түсуде. Мысалы, Таран ауданының Қ. Марке атындағы колхозында қырманда істейтін әр колхозшы смена сайын 70 тоннаға дейін астық тазартады, тиеу-түсіреді. Талдықорған ауданының Крупская атындағы колхозында қырмандағы жұмысты механикаландыру есебінен әр адамның жұмыс өнімділігі 50 — 60 тонна астық тазартуға жетті. Павлодар облысының Панфилов атындағы колхозында, Ақмола облысының «Қазцик» совхозында қырмандағы қызылды тазарту, тиеу-түсіру жұмыстарын машинамен атқаруда айтарлықтай табысқа ие болды.

Совхоздардың су құрылысын жобалау институты 1958 жылы озат шаруашылықтардың тәжірибесін жинақтай отырып, астықты үздіксіз әдіспен өндейтін механикаландырылған қырманның жаңа жобасын жасады. Осы жоба бойынша жасалған қырманда жұмыстың анағұрлым өнімді де берекелі болатыны анықталды. Мұнда қол еңбегі тіпті аз пайдаланылады. Мысалы, Алматы облысының Ленин атындағы совхозында осындай қырман тәулігіне 300 тоннаға дейін астық бастырып тазартады, тиеп-түсіреді. Онда не бәрі 8 адам жұмыс істейді. Оның бірі—механизмдердің жұмысын бақылап, екіншісі — (шофер) астық тасиды, 6 адам машинаға астық тиеу-түсіру жұмыстарын атқарады. Механикаландырылған қырман салынғанға дейін астықты тазарту, тиеу-түсіру жұмыстарында алпыс адам істейтін.

Қырман совхоздың, колхоздың орталығында, бригада басында (егістің 3,5—4 мың гектар көлеміне біреуден) салынады. Мұндай қырманның астық қоймаларына жақын жерге немесе астық уақытша сақталатын алаңдар түбіне салынғаны дұрыс.

Қырмандарды машинамен жабдықтау үшін республикамыздың өнеркәсіпорындарында арнаулы құралдар (элеваторлар) жасап шығару ұйымдастырылды. Жұмысы мейлінше өнімді астық тазартатын жаңа машиналар әкелінуде.

Әрбір шаруашылықта механикаландырылған қырман жасалуына қамқорлық ету — партия, совет ұйымдарының міндеті. Қырмандағы жұмыстардың машина күшімен атқарылуы үлкен пайда келтіреді: мысалы, ол әрбір тонна астықты өндеуге жұмсалатын қаржыдан 10 сомға дейін үнемдеуге, жұмысшы күшін аз бөлуге мүмкіндік береді.

Мал санын көбейтудің, оның өнімділігін арттырудың жетіжылдық жоспарын ойдағыдай орындау жемшөптің берік қорын жасауға тікелей байланысты. Ал жемшөп қорын нығайтуда жүгері, шалғындардың шөл шығымын жақсартудың, жемшөп дайындауда машинаны кеңінен қолданудың маңызы бар.

Кәзір ауыл шаруашылығы жүгері өндіру жұмыстарын түгел механикаландыру үшін керекті жаңа машиналармен қаруландырылған. Біркыдыру колхоздар мен совхоздар осы машиналарды дұрыс пайдалана отырып, жүгеріден жоғары өнім жинап жүр. Мұндай шаруашылықтар қол еңбегін мүлде аз жұмсайды. Алматы облысындағы «40 лет Октября» колхозының тәжірибесі бұған толық дәлел. Мұнда жүгеріні егіп, өсіру жұмыстары түгел механикаландырылған. Колхозда кейбір звенолар, мысалы Наурызов, Құсаинов жолдастардың звенолары былтыр жүгерінің әр гектарынан 60 центнер астық, 550 центнер көк балауса жинады. Бұларда әр гектар жүгеріні егіп өсіруге, өнімін жинауға 9,3—10 адамкүн ғана жұмсалды, ал басқа шаруашылықтарда бұған 15 адамкүн уақыт жұмсалған еді.

Биылғы көктемде республика бойынша жүгері егісін күтіп-баптау жөнінде 8 мыңнан астам звено құрылғанды. Ол звенолардың алдағы уақытта да тұрақты болуына жету керек. Мұның өзі жүгеріні өндіру жұмысын түгелдей механикаландыру ісіне адамдарды әбден машықтандырып мамандандыруға, сөйтіп егіс жұмысының сапасын жақсартуға, ықпал мол өнім алып отыруға мүмкіндік береді.

Республикамызға жүгеріні шаршы-ұялап егетін «СКГН-6» жаңа сеялка әкелінуде, онда бір адам ғана жұмыс істейді. Осындай сеялкамен 100 гектар жүгері егуге жұмсалатын еңбек 10 адамкүн болады, яғни «СКГБ-6В» сеялкасына қарағанда екі есе кем. Жаңа сеялкамен жүгерінің тұқымын белгілі мөлшермен дәлме-дәл себуге болады. Оның бір артықшылығы да міне осында.

Жүгерінің өнімін жинау, тасу жұмыстарын машинамен атқару еңбек өнімділігін еселеп арттыруға қол жеткізеді.

Қазақстанның совхоздары мен колхоздарында бар 108,3 мың трактор пішен машинасымен шөп шабуды дер кезінде өткізуге болады. Бізде жемшөп дайындау жұмысының бәрі бірдей машинамен атқарылмайды. Мысалы, шөмеле, мая салу көптеген шаруашылықтарда негізінен қолмен істеледі. Міне сондықтан шөп шабу ұзаққа созылады. Мысалы, республикада пішен дайындау былтыр 100 күнге дейін барды. Кеш шабылып қураған шөптің құнарлылығы төмендейтіні, оның малға жұғымдылығы да шамалы болатыны мәлім.

Жемшөп дайындау жұмыстарын механикаландыруға арналған машиналар жүйесін жасау мәселесінің толық шешілмеуі де, сондай-ақ қолда бар техниканы өнімді және дұрыс пайдалана білмеу де, жоғарыдағы кемшіліктердің төркіні болса керек. Мысалы, біздің республикада шөпті ысыра жинап шөмелелегіш құралдар едәуір. Амал не, бағаламағандықтан, жұмысты дұрыс ұйымдастыра алмағандықтан құрылысы қарапайым болса да осы құралдар көптеген аудандарда пайдаланылмай жүр. Тек Ақмола, Жамбыл және бұрынғы Талдықорған облыстарының біраз шаруашылықтары ғана шөпті ысыра жинап, шөмелелегіш машиналарды іске қосып, пайдасын көруде.

Колхоздар мен совхоздарда пішенді ысыра жинап тайлағыш «ППС-2», «ППБ-1,6», «ППВ-1,3» машиналарының қолданылуы да өте нашар. Былтыр қолда бар 3600 машинамен 4,3 миллион тонна пішен тайланудың орнына не бәрі 600 мың тонна ғана пішен тайланды. Мұның негізгі себебі көптеген шаруашылықтарда адамдар бұл құралмен жұмыс істеуге күні бұрын үйретілмеді, сондықтан тайлағыштың тетіктері жиі-жиі бұзылып, істен шыға берді, ал бұл жағдай олардың көп уақыт қарап тұруына әкеліп соқтырды. Пішен буатын сым темір мен кендір жіптің жетіспеуі де іске кедергі келтіріп жүр. Мұндай кемшіліктердің биыл қайталануына жол берілмеуге тиіс. Шөпті ысыра жинап-шөмелелегіштерді, пішенді ысыра жинап тайлағыштарды әрбір колхоз бен совхозда түгел іске қосып, олардың өнімді пайдаланылуына қатты зер салған жөн.

Республиканың әртүрлі аймақтарында және шөп шығымы санқилы шабындықтарында мал азығын дайындау жұмыстарын механикаландыру түрліше схемамен жүзеге асырылуы мүмкін. Бізде негізінен гектар басы 7—8 центнер пішен алынатын бозды шабындықтар көп. Ал осындай жерлерден жемшөп дайындау жұмыстарын толық механикаландыруға қолайлы схема, біздіңше, мынадай болуға тиіс:

- а) Шөпті тырнауыш қоса тіркелген машинамен шабу,
- б) Шөп шабу және оны бөлек жинау,
- г) Буылған пішенді жинап автомашинаға арнаулы тетікпен тиеп, маяланатын жерге тасу.

Бұл схема бойынша жемшөпті мал қыстайтын орындарға шалғай шабындықтардан дайындаған ұтымды. Бұлай дейтініміз тайланған пішен алыс жерге тасуға өте қолайлы. Жемшөптің сақтық қорын жасағанда, сол сияқты пішенді ұзақ уақыт сақтау үшін дайындағанда да осы әдісті қолданған мақұл.

Немесе екінші схеманы мысалға алып көрелік. Ол Ақмола облысының «Қазцик» совхозында жасалып қолданылуда. Шабылып, тырнауышпен жиналған пішен ат жалдан арнаулы құралмен алынып қыстауларға тасылады. Ақмола, Семей, Павлодар облыстарының көптеген совхоздары мен колхоздары жемшөпті осы әдіспен дайындап келеді. Ат жалды жинау және машинаға тиеу жұмыстары арнаулы жинағыш-шөмелелегішпен атқарылады.

Республика бойынша 1 150 сиыр, шошқа фермасында автосуат бар, 124 фермада сиыр электрлі сауғышпен сауылады. Биыл 22 миллион қой электр қырықтықпен қыркылды. Бірақ мал шаруашылығында еңбекті көп керек ететін жұмыстарды толық механикаландыру жолында күресті

күшейте түсу қажет. Колхоздар мен совхоздардың басшылары, мамандары, механизаторлары әр ферманың толық механикаландырылуын, сөйтіп мал шаруашылығы мәдениетінің көтерілуін, еңбек өнімділігі мықтап артуын, еттің, сүттің, майдың тағы басқаның мол өндірілуін қамтамасыз етулері керек.

«Мақта шаруашылығындағы жұмыстардың тұтас механикаландырылуын қамтамасыз ету шаралары туралы» өз қаулысында КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі колхоздар мен совхоздарда мақтаны көп өндіру, мақтаны өсіруге жұмсалатын еңбекті азайту, шитті мақтаның түсер құнын кемітіп, сапасын арттыру мақсаттарын көздей отырып, облыстық және аудандық партия, совет, ауыл шаруашылық органдары басшыларының, совхоз директорлары мен колхоз председателдерінің көбінде мақта шаруашылығындағы жұмыстарды механикаландыру мәселелерінде, ең алдымен мақта жинайтын техниканы пайдалану ісінде болып отырған керенаулықты айыптады. Бұдан тиісті қортынды шығару міндетті іс.

Мақта шаруашылығын толық механикаландыруды аяқтау үшін мақтаны шырпылау, шитті мақтаны тайлап тасу жұмыстарын машинамен істеуге жеткен жөн. Міне сонда ғана әр гектарға жұмсалатын еңбекті төрт адам-күнге кемітуге болады. Мақта жинауды сақадай сай әзірлікпен қарсы алу керек. Мақта жинайтын машиналардың кезінде сапалы жөнделіп, тәжірибелі машинистердің іріктеп алынуына, биыл әр машинамен кемінде 45 тонна мақта терілуіне жету керек.

Ауыл шаруашылығы саласында партияның тарихи ХХІ съезі алға қойған келелі міндеттер ұйымдастыру және саяси жұмыстардың дәрежесін мейлінше арттыруды, ауыл шаруашылығын жаңаша мықтап өрге бастыру аттанысына колхозшыларды, совхоз, РТС жұмысшыларын жаппай жұмылдыруды талап етеді. Ауыл шаруашылығы өндірісін толық механикаландыру негізінде әрбір колхоздың, совхоздың жұмысын шұғыл ондау керек, еңбек пен қаржыны неғұрлым аз жұмсап, егіннен түсімнің, малдан өнімдердің мол алынып отыруын қамтамасыз етуіміз керек. Қуатты социалистік индустрияның дамуы негізінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің молшылығын жасау міндеті алда тұр. Колхоз, совхоз өндірісін толық механикаландыру, техниканы дұрыс, өнімді пайдалану, жаңа машинаны, ғылым мен озат тәжірибенің табыстарын батыл да кең қолдану осы абройлы міндетті орындаудағы басты шарттардың бірі.

Партияның Орталық Комитетінің Июнь Пленумы еліміздің бүкіл еңбекшілеріне арнаған Үндеуінде жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау үшін, техниканы ілгері дамыту үшін бүкілхалықтық социалистік жарысты кең өрістетуге шақырды. Партияның бұл шақыруына нақты іспен жауап берелік. Ол үшін егінді қысқа мерзімде шашпай-төкпей жинап алуға, мемлекетке астық тапсыру міндеттемесін үлгілі орындауға барлық күшімізді жұмсайық.

Бүгінгі күннің тақырыбы—драматургия арқауы

С. ОРДАЛИЕВ,

Филология ғылымының кандидаты

Совет жазушысы — ең алдымен заманымыздың, коммунистік ұлы қоғамның жыршысы. Сондықтан ол ең әуелі өзі өмір сүріп отырған советтік шындықтың шын мәнісіндегі суреткері болуға тиіс. Совет әдебиетіндегі бүгінгі күннің, яғни советтік өміріміздің алуан түрлі саласын бейнелеуге арналған шығармалар өмір талабына, дәуір мақсатына сай туса құнды болады. Алысқа бармай-ай, совет драматургиясының тарихына көз жіберсек, К. Треневтің, Вс. Ивановтың, Вс. Вишневскийдің, Билль-Белоцерковскийдің, Н. Погодиннің атақты пьесалары бұған дәлел.

Біздің Отанымыз күн санап ілгері өрлеп, күшті қарқынмен, алып адыммен өркендеп келеді. Көркем сөз шеберлерінің ұшқыр ойына, жүйрік қаламына бұрын ілікпеген нелер кереметтер кәзір советтік өміріміздің шындығы болып отыр. Мәселен, жасанды жер серіктері мен күн серігі бүкіл әлемді таң қалдырды.

Тын және тынайған жерді игерушілердің—еліміздің қоймасын миллиондаған пұт астықпен толтырушылардың Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинаты, Павлодар комбайн заводы, Қазақстан Магниткасы құрылысшыларының, жетіжылдық екпінділерінің, өндіріс өрендерінің, мал шаруашылығы шеберлерінің ерлік істері, олардың бойындағы коммунистік жаңа қасиеттер әдеби шығармаларға таптырмайтын тақырыптар.

Қазақ драматургиясында бүгінгі күннің тақырыбы осы кезге дейін жырланып келді ме, жоқ па деген сұрақ тумасқа керек. Өйткені бүкіл совет жазушылары сияқты, қазақ драматургтері де әр кезеңнің талабына сай, кәзіргі заман тақырыбынан шығармалар жазуға әрқашан ат салысып келеді және бұл салада кейбір жетістіктеріміз болғанын айтпасақ болмайды. Ә. Әбішев, Ә. Тәжібаев, Ш. Құсайынов сияқты драматургтеріміз үнемі бүгінгі күннің тақырыбын жырлап, дәуір талабынан қалып көрген емес. Олардың кейбір пьесаларының кезінде тәрбиелік мәні күшті болды. Драматург Ә. Әбішевтің сұрапыл соғыс күндеріндегі совет жауынгерлерінің ерлігін, жанқиярлық еңбегін көрсетуге арналған «Достық пен махаббат» деген пьесасы, кәзіргі колхоз өмірінен алынып жазылған Ғ. Мұстафиннің «Миллионер», Ш. Құсайыновтың «Көктем желі», Ә. Тәжібаевтың «Жалғыз ағаш орман емес» пьесалары — сөз жоқ, драматургиямыздағы айтарлықтай табыс.

Ә. Әбішевтің «Достық пен махаббат» пьесасы — қазақ совет драматургиясында елеулі орын алатын шығарма. Бұл пьесадағы ұнамды кейіпкерлердің барлығы да негізінен алғанда басты кейіпкердің бірі Мырқалмен күреседі. Олардың (Абзал, Сәуле, Мирон, Тайман тағы басқаларының) барлық іс-әрекеті Мырқалдың бойындағы ескіліктің қалдықтарын әшкерлеуге бағытталған. Кейбір жағымсыз қылықтары бола тұра Мырқал шынтуайтқа келгенде социалистік құрылысымызға қарсы тұрар дұшпан күш емес, тек ақылының аздығы, ойының олақтығы, даңққұмарлығы қосылған соң жаңалықты сезбейтін ескі күштің өкілі ретінде суреттелетін еді. Мырқал образының құндылығы оның өмірден алын-

ған тұлға екенінде. Шындығында өмірімізде Мырқал тәріздес басшылар аз ба?

Тәрбиелік мәні күшті образдың бірі Ә. Тәжібаевтың «Жалғыз ағаш орман емес» пьесасындағы Жанас қарттың бейнесі. Ақылды да іскер қарттың бойындағы кейбір қайшылықтарын автор шынайы мүсіндей білген.

Қазақ драматургиясында бұл екеуінен басқа да бүгінгі күн тақырыбынан тартымды образдар бар. Ғ. Мұстафиннің «Миллионеріндегі» Жакып, Ә. Тәжібаевтың «Жалғыз ағаш орман емесіндегі» Телғаралар өмірімізде кездесетін бірсыпыра олқылықтар мен кемістіктердің бетін ашты.

Драматург Ә. Тәжібаев өзінің «Жалғыз ағаш орман емес» деген соңғы пьесасында Телғараның колхозды басқару ісіндегі және үй ішіндегі кейбір өрескел қылықтары мен жағымсыз мінездерін шебер суреттеген.

Сонымен қазақ драматургиясында бүгінгі күннің тақырыбынан жазылған талай пьесалардың болғаны және кәзіргі кезде де барлығы анық. Бірақ дәл сол пьесалар осы кезге дейін театр репертуарының негізі бола алмай отыр. Қазақ әдебиеті мен көркемөнерінің былтырғы жылы Москвада өткен онкүндігіне Қазақтың Еңбек Қызыл ту орденді академиялық драма театры кәзіргі күннің тақырыбына жазған пьесалардың тек біреуін ғана апарды. Ол — драматург Ә. Тәжібаевтың «Жалғыз ағаш орман емес» деген шығармасы. Кәзіргі уақытта бүгінгі тақырыпқа жазылған пьесалардың ішіндегі тәуірі де осы пьеса. Әйткенмен, мұның да біраз кемістігі байқалады. Біздіңше ол кемістік автордың драмаға арқау еткен тартысының осалдығында. Пьесаның оқиға желісін колхоз председателі мен агрономның, не парторгтың, аудандық партия комитетінің секретары мен аудандық совет атқару комитеті председателінің арасындағы кикілжіңнен туған талас-тартысқа құру бүкіл совет драматургиясы үшін, қала берді қазақ драматургиясы үшін онша жаңалық емес.

Әдебиеттің басқа жанрлары сияқты драматургияның да суреттейтін басты объектісі адам, оның қоғамдық және жеке өмір жолдары мен тағдыры, басқа адамдармен қарым-қатынасы. Өмірдің неше алуан қайшылықтары мен заңдылықтарын драматург адам образын оны қоршаған ортамен тығыз байланыста суреттеу арқылы ғана айқын ашып береді. Сондықтан да өз заманының даму заңына толық сай келетін, өз замандастарының шынайы тұлғасын жасау барлық дәуірдің реалист жазушылары үшін ең негізгі мақсат болып келді, бола бермек те.

Қазақ драматургтерінің кейбіреуі өмірде сан рет кездесетін типтілік жайдың көркемөнерде көрінетін типтіліктен айырмасын, өзгешелігін білмейтін сияқты. Өмірдегі типтілік дегеніміз объективті зат, ал көркемөнердегі типтілік өмірдегі объективті заттың субъективті көрінісі. Біздің кейбір драматургтеріміз осы жайды кейде теріс түсінетін тәрізді. Соның салдарынан жасандылыққа ұрынады. Мысалы, Ш. Құсайыновтың «Ертіс жағасында» атты пьесасы мен осыдан екі-үш жыл бұрын жазылған І. Есенберлиннің «Таудағы тартыс» атты пьесасы жасанды оқиғаға құрылғандықтан көркемдігі әлсіз шығарма болып шықты. Мұның барлығы драматургтердің өмірде кездесетін оқиғалардың бәрі көркемөнерде типтілік дәрежеге көтеріле бермейтінін, көркем шығармадағы образ қоғамның, белгілі әлеуметтік ортаның өзіне тән өзгешеліктерін көрсетуге тиіс екенін түсінбеуден туған кемістік деп білеміз.

Ұлы көсеміміз В. И. Ленин Инесса Армандқа жазған хатында былай деген еді: «Сізде таптық типтерді қарсы қою емес, «кездейсоқтық» тәрізді бірдене болып шықты, мұндай кездейсоқтардың болуы, әрине, мүмкін. Бірақ әңгіме кездейсоқтықта ма екен? Егер кездейсоқтық, неке-

дегі лас сүю мен өткінші байланыстары таза сүюдің жеке реттері жөніндегі тақырыпты алсақ — бұл тақырыпты романда шешу керек, өйткені ондағы әңгіменің түйіні жеке жағдайда белгілі бір типтердің сипаттары мен психикасына анализ жасауда» (Шығармалар, 35-том, 157-бет).

Олай болса, өмірде кездесетін кейбір ұсақ жайлардан гөрі әлеуметтік мәні үлкен құбылыстарды, маңызды оқиғаларды шын мәнісіндегі жазушылық шеберлікпен, асқан шабыт, талантпен суреттегенде ғана пьеса ұзақ өмір сүре алады.

Пьеса оқиғасын басты кейіпкерлердің психологиялық тартысына құруға машықтанған драматург Ә. Әбішевтің «Кім менің әкем?» пьесасының оқиғасы тартымды құрылған. Сәтті шыққан жеке образдар да бар. Дегенмен, бұл пьесаның елеулі кемшіліктері бар.

Қарт ана Жарқын өз баласы Думанның орыстан әйел алғанын жақтырмайды. Ақыры баласын Ольгадан ажыратып тынады. Ал Ольга болса Виноградов деген орысқа тұрмысқа шығып кетеді. Бұл пьесада көтерілген тақырыптың әлеуметтік мәселеге көтеріле алмай қалғаны жайында «Правда» газеті кезінде атап көрсетті.

Осы орайда айта кету керек, драматург Ә. Әбішев өз шығармасының драмалық тартысын Думан сияқты хабарсыз кеткен адамдардың тағдырына байланысты құруға өте әуес. Бұдан біраз жыл бұрын жазылған «Бір семья» атты пьесасында да осы сияқты жайларды кездестірген едік. Онда хабарсыз кеткен Айдостың сүйікті жары Жанар жолдасынан хабар болмай күдер үзгендіктен Кремлев деген хирургпен көңіл қосып, соған тұрмысқа шығуды ойлап еді, бірақ ол үлгіре алмай қалған-ды. «Кім менің әкем?» дегі Ольга Виноградовқа тұрмысқа шығып үлгіреді. Осы тәрізді бір-бірін дұрыс түсінісе алмаудың нәтижесінде уақытша араздасу, келіспеу сияқты оқиғаларды автордың 1940 жылы жазған «Жолдастар» пьесасынан да көрген едік. Кейіпкерлердің төңірегіндегі осы шытырман оқиғалар көруші жұртшылықты тартуы да мүмкін. Бірақ тың соқпағы тапшы шығарманың сыры іле сезіледі. Мысалы, «Бір семьядағы» бір оқиғаны алайық. Егер Кремлев жіберген телеграмманы Қоқым байқаусызда оқып Айдосқа білдірмегенде Жанар мен Айдостың арасындағы ұзақ кірбен тұмайтын еді. Соңғы пьесадағы Думан елдің өсегіне сеніп, Ольгадан күдер үзеді де, Лағылға үйленеді. Ошағанның жала жабуымен Ольга түрмеге түспегенде тартыс жүдейтін еді.

Партияның ХХІ съезінің замандастар өмірін бар дауыспен жырлайық деген шақыруына орай, қазақ драматургтері бүгінгі күннің тақырыбына шұғыл бет бұрды. Соңғы үш-төрт айдың ішінде біраз жаңа пьесалардың пайда болуы бұған толық дәлел. Мысалы, Р. Райымқұлов пен Қ. Исабаевтың «Ашынған жандары», Қ. Мұкамеджановтың «Бөлтірік бөрік астындасы».

Кәзіргі күннің тақырыбына шығарма жазу деген сөз — коммунизм орнатушы совет адамдарының жарқын бейнесін, олардың қажырлы да жемісті еңбегін, табыстары мен жетістіктерін мадақтау, қоғамымыздың алға басуына кедергі жасаушылардың барлық түріне қарсы күресті мейрімсіз жүргізіп, олардың жағымсыз қылықтарын әшкерелеу деген сөз.

Н. С. Хрущев жолдас КПСС ХХІ съезінде жасаған баяндамасында коммунизмге өту үшін дамыған материалдық базаның болуы жеткіліксіз екенін, оның үстіне барлық азаматтардың жоғары дәрежелі саналы болуының қажеттігін, сондықтан да кәзір еңбекшілерге, әсіресе, жас ұрпаққа коммунистік тәрбие беру керектігін айта келіп, совет жазушыларының алдына мынадай міндеттер қойды: «Біздің партиямыз бен мемлекетіміздің бүкіл идеологиялық жұмысы совет адамдарының жаңа санасын дамытуға, оларды коллективизм мен еңбек сүйгіштік, социалис-

тік интернационализм мен патриотизм, жаңа қоғамның жоғары принципті моралі рухында, марксизм-ленинизм рухында тәрбиелеуге қызмет етуге тиіс. Еркін адамның барлық жақсы адамгершілік қасиеттері толық ашылатын коммунизмге — нағыз әділетті және кемеліне келген қоғамға келу үшін біз болашақтың адамын кәзірдің өзінде-ақ тәрбиелей беруіміз керек».

Қ. Мұқамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында» атты комедиясы соңғы туындылардың ішінде ерекше орын алады. Жастар өмірін сахнаға шығарған бұл комедияны жұртшылық жаман қабылдаған жоқ. Пьесада тартымды да қызық жасалған образдар бар. Олар: Сапар, Әнуар, Жәмилә, Марфуға, Сұнғат т. б. Бұл жастар бірге жүріп-тұрғанымен олардың өмірге көзқарасы әртүрлі. Егер Сапар «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» жүріп өсуді ойласа, мансапқорлыққа түссе, ал жолдастық, махаббаттық қатынастарда тұрақсыздық, баянсыздық көрсетіп, опасыздық жасаса, Әнуар бұған мүлде қарама-қарсы бейнеленген. Ол махаббатқа да, жолдастыққа да тұрақты, өмірге күштар, үлкенді аға, кішіні іні деп сыйлай білетін, адал жанды, кішіпейіл жастың бірі. Еңбектен алыстап, өмірге жуыса алмай қалған Арыстан, Марфуға тәрізді жастарды автор зілсіз күлкімен әжуалайды.

Пьеса кейіпкерлерінің тілі көркем, диалогтері ұтымды да, әрі күлкіге толы тартымды, күлкілі комедия жанрының табиғатына сай.

Енді пьесаның композициялық құрылысы туралы бір-екі сөз. Біздіңше, шығарманың ең үлкен кемшілігі — ондағы драмалық тартыстың бірінші актыда шешіліп, өз жауабын тауып қойғандығында. Бірінші актыда Сапар мен Жәмиләның ештеңеден алаңсыз махаббат сырын шертіп жүргенін көрсек, сәл кешікпей-ақ Сапардың елде әйелі бар екенін, оның босанып ұл табуын, Сапардың одан ажырасып, Жәмиләға үйленуді ойлайтынын, бірақ түбі анықталатынынан қатты қауіптенетінін білеміз. Олай болса, одан кейінгі оқиғаның қалай аяқталатынын жұрт түгелдей дерлік біліп отырады. Бұл — шығарманың ең үлкен кемістігі. Тіпті басқаны былай қойғанда мәжіліске келген Сапардың ағасы Бөкен Сайлаубекке әуелгі кездесуінде-ақ Сапардың әйелі бар екенін аңғартады. Ол хабар оқиғаның аяғына дейін қалай анықталмай жүргені белгісіз. Драмалық тартысты әуелгі көріністе шешіп алып, қалған уақытта соның кейбір жеке құбылыстарын баяндаумен әуестену, сөз жоқ шығарманың құрылысына нұқсан келтіреді.

Екіншіден, Сапардың әйелінің бар екенін бірге жүрген студент жолдастарының бес жыл бойы сезбеуі мүмкін емес.

Үшіншіден, той үстінде Сапардың ағасы Бөкеннің айтуымен Сапардың әйелі барлығы анықталған кезде Жәмилә өзінің мықтап алданғанын біліп, бір аһ ұрғанымен, тез арада-ақ өксігін басып, жігерлене түседі де, «жолдастар, абыржымаңыздар, бұл той менің туған күніме арналған той бола қойсын!» — деуі адам психологиясына жеңіл қараудың әсері емес пе екен? деген ой туғызады.

Шеберлікті жетілдіріп, шығармалардың көркемдік сапасына қойылатын талапты барынша күшейту кәзіргі жағдайда ең маңызды міндеттердің бірі. Жазушы шын мәнісінде шеберлікке халықтың өмірімен біте қайнасып байланысты болу арқылы жете алады.

Қазақ драматургтері тудырған шығармаларда кәзіргі күннің тақырыбы өз дәрежесінде көрсетіле алмай келуінің негізгі себебі жазушыларымыздың өмірді аз білетіндігінен, өмірден үйрену тәжірибесінің жеткіліксіздігінен деп білген жөн.

Қазақ драматургиясында ұнамды образ жасау мәселесі де кезекте тұрған ардақты міндеттердің бірі. Республика драматургтерінің бұл мәселені шешуге ат салысып келгені белгілі. Бүгінгі күннің тақырыбынан жазған қазақ пьесаларында талай ұнамды образ жасау талабы болып, совет адамдарының адамгершілік асыл қасиеттерін көрсету мақ-

саттары қойылды. Бұл жөнінде біраз жетістіктеріміз де бар. Мысалы, Айдос, Жанар («Бір семья»), Жомарт, Жанат, Сатан («Миллионер»), Арман, Жанас («Жалғыз ағаш орман емес»), Даниил, Осман («Ашыңған жандар»), Әнуар, Жәмила, Сұнғат («Бөлтірік бөрік астында») образдарын атауға болады.

Қазақ драматургтері өз шығармаларында жұртшылық сүйіп көріп, үлгі аларлық ұнамды образдар жасап, оларды типтік дәрежеге көтеруге міндетті. Өйткені біздің барлық жеңісіміз совет халқының қажырлы еңбегімен тығыз байланысты. Совет адамдары — коммунистік қоғам орнатушылар, олар өз Отанына, Коммунистік партияға шын берілген. Совет адамдарының өмірі ғажап ерлікке толы. Бүгінгі күндері жетіжылдықтың алып жоспарын іске асыру жолында аянбай еңбек етіп жатқан, талай-талай жаңа бастамалар көтеріп, ұлылы-кішілі табыстарға кенелген совет адамдары туралы не жазсаң да артық емес.

Драматургтеріміз әрбір кейіпкердің бойына шак, характеріне лайық әрекет жасату дегенді барлық кезде ескере бермейтін сияқты. Ал бұл жағдай драмалық шығарма үшін қажетті шарттардың бірі екендігін айтқан дұрыс. Пьесада суреттелетін оқиғаға ұнамды образды араластырумен ғана іс бітпейді. Олар өзіндік дара қасиетімен көрінбесе жұртшылықтың көкейіне ұяламайды. Сондай-ақ барлық іс-әрекетті бір кейіпкердің басына шоғырландыру да жөн емес. Бұл тұста айта кететін нәрсе, пьесадағы тартыс үстінде ұнамды кейіпкердің басында кейде теріс мінез-құлықтың болуы ықтимал. Сондықтан ұнамды образ дәрежесіне көтеру мақсатымен оның бойына барлық жақсылықты үйіп-төге беруге болмайды. Автор кейіпкерін қаншама мадақтаймын дегенмен, егер оның ішкі дүниесін жанжақты ашып көрсетпесе ол ешуақытта да жанды образ болып шықпайды.

Ұнамды образ жасау мәселесінде еңбек адамдарының шынайы тұлғасын берудің мәні күшті. Мәселен, кәзіргі кезде жер-жерде коммунистік еңбек бригадалары құрылып, жұмыс істеп жатыр. Олар коммунистше еңбек етіп, коммунистше өмір сүру ұранын алға қойды. Міне осы жаңа еңбек ерлерінің асыл қасиеттерін, жарқын келбетін суреттеу — көркем сөз шеберлерінің төл ісі.

Бүгінгі күннің тақырыбына жазылған драмалық шығармаларда советтік өміріміз кең ұғымда типтендіріліп бейнеленгені мақұл. Оларда негізінен алғанда ұнамды кейіпкерлердің қимыл-әрекеті басым болуы қажет. Өмір шындығы осыны талап етеді. Сондықтан қоғамымызда кездесетін кейбір алаяқтар мен топас, надандарды, олардың құлық-сұмдықтарын әсірелеп көрсету немесе ұнамсыз кейіпкерлерді бірыңғай алып, оларға қарсы тұратын ұнамды күштерді елеусіз қалдыру — советтік қоғамымыздың дамуына үлкен қиянат. Әңгіменің өзі жеңімпаз халқымыздың коммунистік қоғам орнатудағы ерлік істерін типтендіре суреттеуде, заманымыздың сипатын танытарлық өшпес характерлер жасауда болып отыр.

Сонымен бірге, жасыратыны жоқ, біздің қоғамымызда еңбек сүймейтін жалқаулар, арам тамақ алаяқтар, өсекшілер, жалақорлар, жағымпаздар, ескілік шырмауында жүргендер ара-тұра кездесіп қалады. Оларды көрсету де керек, бірақ біздің советтік жаңа қоғам үшін олар типтік құбылыс емес, қайта қоғамымызға жат элементтер екенін дұрыс түсіну керек. Сөйтіп қазақ драматургтері өмірде кездесетін кейбір кеселді жағдайларды, олқылықтар мен сорақылықтарды сынағанда өмір шындығынан, заман талабынан ауа жайылмауға тиіс.

Кәзіргі кезде жер-жерде халық театрлары құрылуда. Бұл игі бастаманы мейлінше қолдап, оның өркен жайып, өсуіне қазақ драматургтерінің жәрдемі қажет-ақ. Ол үшін халқымыздың шынайы өмірін бейнелейтін қысқа да шағын көлемде бір-екі актылық құнды пьесалар керек.

«Біздің сахна» деген атпен шығарылып жүрген шағын пьесалар жинағы әлі де бұл талапқа толық жауап бере алмайды.

Драматургиясыз репертуар мәселесін сөз қылу мүмкін емес. Театр, музыка, кино өнерінің дамуы ең алдымен соған байланысты. Бүгінгі күн тақырыбынан құнды опера, жақсы кинофильм тіптен аз десек, мұның өзі түптеп келгенде сапалы либретто мен сценарийге тіреледі. Киносценарийлерде, либреттоларда бүгінгі күннің тақырыбы бел алуы керек.

Қорытып айтсақ, біздің қазақ драматургтерінің алдында бүгінгі күннің тақырыбына арнап көркемдік дәрежесі жоғары құнды пьесалар тудыру міндеттері тұр. Бірақ бүгінгі күннің тақырыбына шығарма жазғанда тек тың тақырып өздігінен-өзі шығармалық міндетті шеше алмайды, ол үшін драматургтеріміз өмірді жете білгені, халық өмірін зерттеп, онымен өз творчествосын тығыз байланыстырғаны жөн. Өйткені социалистік реализм талаптарына сай идеялық, көркемдік сапасы жоғары шығарма ғана халықтың өскелең талабына жауап бере алатыны даусыз.

Қазақ драматургтерінің ішінде бүгінгі күннің тақырыбына әрдайым бет бұрып, замандастарымыз жайлы пьесалар жазумен шығылданып жүргендері санаулы ғана. Олар: Әлжаппар Әбішев, Әбділдә Тәжібаев, Шакмет Құсайынов. Кейбір творчестволық сәтсіздігі бола тұра олар бүгінгі күннің тақырыбын ылғи жырлаумен келеді. Кейінгі уақытта бұл қиын да жауапты жанрмен бір топ жас жазушы айналыса бастады. Драматургия мәселесімен байыпты шұғылданып, драматургтерге қамқорлық жасау, көмек көрсету — Қазақстан жазушылар одағының абройлы борышы. Аға жазушыларымыз Мұқтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов бүгінгі күннің тақырыбынан тамаша пьесалар жазса нұр үстіне нұр болар еді.

Кейбір жазушылар арасында өмірге батыл араласпай, өмірді терең зерттемей, өмірдегі оқиғаларға сырттай баға берушілік кездеседі. Шын мәнісінде көркем шығарма беремін деген жазушы қайнаған өмір ортасында, колхоздар мен совхоздарда, завод-фабрикаларда, құрылыстарда — болашақ кейіпкерлерінің арасында болып, олардың неше алуан сыры мен қырын байқауы керек. Бұл жөнінде драматург Ә. Әбішевтің Қарағандыға баруы, кеншілердің ортасында тұруы жұртшылықты қатты қуантады. Осындай игілікті іс қуаттауға әбден тұрарлық.

Совет жазушысы үшін тақырып көп, тек сол тақырыпты шебер суреттей білу керек. Жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың, совет интеллигенциясының жемісті еңбегінің, ерлік істерінің асқак романтикасын өз шығармаларында өзек етіп, еңбекшілерді, әсіресе жастарды Ұлы Отанымызға берілгендік, коммунистік идеялық, халықтар достығы мен пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелеу, замандасының өрелі өмірін сахнаға, экранға шығару — нағыз суреткер үшін игілікті мақсат.

Халыққа бүгінгі күннің тақырыбын қозғайтын шикілі-пісілі шығарма емес, қайта оның ақыл-ойына, ар-ұжданына ықпал жасай алатын, жүрегінен мәңгі орын алатын, талабы мен талғауынан шығып, рухани азық болатын, асқан көркемдік шеберлікпен жазылған құнды пьесалар керек.



Лекция және консультация

Ауыр индустрияны оздыра өркендету — партияның шаруашылық саясатының сара жолы

Ф. ШОЛАНОВ,

экономика ғылымының докторы

Өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінің, яғни ауыр индустрияның басым, оза өркендеуі халық шаруашылығының барлық саласының үздіксіз өрге басуының негізі. Ол — социалистік ұлғаймалы ұдайы өндірістің маңызды экономикалық заңы. Бұл заңды Коммунистік партия өзінің шаруашылық саясатында әрдайым басшылыққа алып келеді, бұдан былай да басшылық ете бермек. Өйткені машиналы ауыр индустрияның ұдайы оза өсуінсіз коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға болмайды. Партияның тарихи ХХІ съезі ауыр өнеркәсіпті онан әрі оздыра өркендете беру негізінде коммунизмге сай өндірістік база жасаудың алғашқы алып адымы — жетіжылдық жоспарды қабылдады.

Маркс капиталистік ұлғаймалы ұдайы өндірістің даму заңдарын зерттегенде бүкіл қоғам өндірісін көлемді екі бөлімге бөлді. Біріншісіне өндіріс құрал-жабдықтарын, екіншісіне тұтыну заттарын өндіретін өндірісті жатқызды. Өндірістің екі бөлімі шығарған өнімі арасында тоқтаусыз, қажетті ауыс-түйіс, айырбас болып отыруы үшін солардың өнімінің арасында әрдайым тиісті пропорция болуы шарт дейді Маркс. Ұлғаймалы ұдайы өндірісті зерттей келіп, Маркс қоғамның өркендеп, ілгері дами беруі үшін өндірістің бірінші бөлімі екінші бөліміне қарағанда басым, оза өркендеуі керек деген теориялық қорытынды жасады. Тұтыну заттарының өндірісі, оның ілгері дамуы өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінің өсуімен тікелей тығыз байланысты болып отырады. Бұл — ұлғаймалы ұдайы өндірістің негізгі шарты, әйтпесе ұлғаймалы ұдайы өндіріс болуы мүмкін де емес. Маркстің осы теориялық қағидасына сүйене отырып, Ленин социалистік ұлғаймалы ұдайы өндірістің даму заңдарын ашты. Бухариннің «Өтпелі дәуірдің экономикасы» деген кітапшасына берген сынында Ленин ауыр индустрияның жеңіл өнеркәсіпке қарағанда басым, оза өркендеуі социалистік ұлғаймалы ұдайы өндіріс үшін маңызы ерекше екенін атап көрсеткен болатын.

Ауыр индустрияны күшті қарқынмен оздыра өркендету заңдылығы социализмнің және оның жоғарғы сатысы коммунизмнің тұсында да сақталады дейді Ленин. Социалистік ұлғаймалы ұдайы өндіріс үшін өндіріс құрал-жабдықтары өндірісі мен тұтыну заттары өндірісі арасында әрдайым тиісті пропорция, сәйкестік болуы керек, бірақ соның өзінде бірінші бөлім екінші бөлімге қарағанда басым, оза өркендеуі шарт. Бұл социалистік ұлғаймалы ұдайы өндірістің экономикалық заңы.

Капиталистік елдерде өндіріс құрал-жабдықтары жеке адамның меншігінде болғандықтан елдің экономикасы жоспарсыз дамиды. Сондықтан ауыр мен жеңіл өнеркәсіп арасындағы қажетті сәйкестік, пропорция үнемі бұзылып отырады. Оның аяғы экономикалық кризиске барып соғады.

Социализм орнатып жатқан елдерде өндіріс құрал-жабдықтары бүкіл қоғамның меншігінде, халық шаруашылығы белгілі жоспар бойынша өркендейді, шаруашылықтың әр алуан тараулары арасында қажетті пропорция үнемі сақталып отырады.

Социалистік ұлғаймалы ұдайы өндірістің негізі — ауыр индустрия. Ол бүкіл халық шаруашылығының жетекші саласы. Өйткені тек ауыр индустрия ғана бүкіл халық шаруашылығын жаңа техникамен қаруландырып қайта құра алады, техникалық прогреске жол ашып отырады.

Марксизм-ленинизмнің жоғарыда айтылған қағидасының дұрыстығын социализм құру жолындағы Совет Одағының және басқа демократиялық елдердің тәжірибесі айқын көрсетіп отыр.

Совет өкіметі патшалық Россиядан оңған мұра алған жоқ. Өйткені ұлы Октябрь революциясынан бұрынғы кезде Россия техника және экономика жағынан алдыңғы қатардағы капиталистік елдерден көп кейін қалып қойған ел еді. Өндіріс құрал-жабдықтарымен Россия Англиядан төрт есе, Германиядан бес есе, Америкадан он есе нашар жабдықталған болатын. Табиғат байлығы жағынан Россия көп елден бай бола тұрса да, патша үкіметінің халыққа қарсы, зиянды саясатының зардабынан еліміз экономика және мәдениет жағынан артта қалып қойды. Россияның экономикасында ауыл шаруашылық өндірісі басым болатын, халық шаруашылығында өнеркәсіптің үлес салмағы екінші орын алатын. Ал өнеркәсіпте ауыр индустрияның үлесі үштің біріндей-ақ еді. Машина жасап шығаратын, тағы да сол сияқты ауыр өнеркәсіптің кейбір тараулары мейлінше мешеу болды. Патшалық Россияда трактор, комбайн, автомобиль, станоктар тағы басқа сол сияқты халық шаруашылығына керекті машиналар шығаратын өнеркәсіптің кейбір тараулары мүлде жоқ-ты. Сондықтан патшалық Россия техника және экономика жағынан алдыңғы қатардағы капиталистік елдерге тәуелді болды.

Ұлы Октябрь революциясы жеңіп, Совет өкіметі елімізде толық орнағаннан кейін Коммунист партиясы мен Совет үкіметі қалың еңбекшілер бұқарасын еліміздің соғыста орасан зор күйзеліске ұшыраған шаруашылығын соғыстан бұрынғы қалпына келтіруге жұмылдырды. Сол кезде Ленин ауыр өнеркәсіпті алдымен қолға алып, соғыстан бұрынғы дәрежесіне тезірек жеткізу керек екенін атап айтты, олай етпеген күнде халық шаруашылығының басқа тарауларын тез қарқынмен қалпына келтіру мүмкін емес еді.

Социализмнің іргесін қалау үшін, бүкіл халық шаруашылығын қайта құру үшін ауыр өнеркәсіпті шапшаң қарқынмен өркендету керек болды. Елімізді жаппай электрлендіріп, электр қуатын өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, транспортта — халық шаруашылығының барлық саласында кең көлемде жанжақты пайдаланатын болсақ, сол кезде ғана біздің жеңісіміз баянды болады. Социализмнің материалдық негізі машиналы ауыр өнеркәсіп, соны күшейтіп, ілгері бастырғанда ғана социализм орнатуға болады, деп Ленин атап айтты.

Социализм орнатушы совет халқының болашағы үшін, оның өз алдына ел болып дербес өмір сүруі үшін, капиталистік елдерден тәуелсіз болуы үшін астықтың мол алынуы да, жеңіл өнеркәсіптің жақсы өркендеуі де жеткіліксіз. Ол үшін ең алдымен ауыр өнеркәсіптің тез оза өркендеуі, күн санап күшейе түсуі керек.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін біздің елімізде саяси жағынан ең жоғары демократияшыл Совет өкіметі орнады. Бірақ сол совет өкіметінің бұрынғы патшалық Россиядан мирас болып қалған техникалық және экономикалық базасы мейлінше мешеу еді. Сондықтан Совет өкіметі мен оның экономикалық базасының арасындағы осы елеулі қайшылықты тез арада жою керек болды, ол үшін

ен алдымен ауыр индустрияны, оның ішінде әсіресе металл, көмір, мұнай, химия, машина жасау, энергетика өнеркәсібін тездетіп өркендету қажет болды. Ауыр өнеркәсіп шапшаң қарқынмен дамығанда ғана бүкіл халық шаруашылығын жаңа техника негізінде қайта құруға, өндіріс жұмыстарын механикаландырып, еңбек өнімділігін арттыруға жағдай туатын еді. Ауыр индустрия басым өркендегенде ғана жеңіл өнеркәсіпті керекті түрлі өндіріс құралдарымен жабдықтауға болатын еді. Өйткені жеңіл өнеркәсіптің өркендеуі түптеп келгенде түгелдей ауыр индустриямен байланысты.

Бытырап жатқан ұшан теңіз ұсақ жеке шаруаларды колхозға біріктіріп, ауыл шаруашылығын машиналандырып ірі коллективті шаруашылыққа айналдыру үшін де ауыр индустрияның оза, тездеп өркендеуі керек болды. Ауыл шаруашылығының мешеулігін оны машинамен қаруландырғанда ғана жоюға мүмкін еді. Ауыл шаруашылығын трактор, комбайндармен, күрделі машиналармен және түрлі құрал-саймандармен жеткілікті мөлшерде жабдықтап тұру үшін ауыр индустрияның, оның өзегі—машина жасау өнеркәсібімізді барынша өсіру керек болды. Мұнсыз ауыл шаруашылығын коллектив жолына, социализм жолына бағыттап қайта құру мүмкін емес еді.

Сол сияқты халықтың әл-ауқаты мен мәдениетін алға бастыру үшін де бүкіл халық шаруашылығының негіздерінің негізі болған ауыр өнеркәсіптің басым өркендеуі керек болды.

Ауыр индустрияны тездетіп дамыту арқасында ғана отан қорғау күшін нығайта аламыз. Ұлы Октябрь революциясы жеңгеннен кейін Совет Одағы капиталистік елдердің қоршауында болған жалғыз ғана социалистік ел еді. Капиталистік елдер совет елін революциядан бұрынғы Россия сияқты аграрлық ел күйінде ұстап, батыс Еуропаның өнеркәсібі өскен елдерінің шикі зат өндіретін шылауына айналдырмақ болды. Сөйтіп Совет Одағын өздеріне экономика жағынан бағынышты етпекші болды. Капиталистік үкіметтер қолдарынан келген зиянды әрекеттерін істеп, Совет үкіметін құлатып, оның орнына қайтадан капитализмді орнатпақшы болды. Осындай халықаралық жағдай шиеленісіп тұрған қиын-қыстау кезеңде Отан қорғау қуатын күшейте беру кезекте тұрған келелі жұмыстың бірі болды. Міне сөйтіп, еліміздің экономикалық және Отан қорғау күшін нығайту үшін ең алдымен ауыр индустрияны өркендету керек болды. Совет Одағының ішкі және сыртқы жағдайлары ауыр индустрияны жеңіл өнеркәсіпке қарағанда басым, оздыра дамытуды керек етті.

Партияның 1925 жылы болған XIV съезі социалистік ауыр индустрияны күшті қарқынмен өркендетіп, елімізді тез арада индустриялы елге айналдырудың керектігін айтып қаулы алды. Съездің қаулысында былай делінген: кәзіргі кезде халық шаруашылығына керекті машина құрал-жабдықтарын біз шет елдерден сатып алып отырған болсақ, тез арада соның бәрін өзімізде өндіретін дәрежеге жетуіміз керек, осындай халге жетуге бар күшімізді жұмсауымыз керек. Съездің осы нұсқауын басшылыққа алған совет халқы бар жігерін, еліміздің ішкі мүмкіншіліктерін алдымен ауыр өнеркәсіпті өркендету ісіне жұмсады.

Коммунист партиясы мен Совет Үкіметі елімізді индустриялы елге айналдыруда тарихта болып көрмеген әдісті қолданды. Капиталистік елдер өзінің ауыр өнеркәсібін құрғанда алдымен жеңіл өнеркәсіпті өркендетіп алып, сонан кейін барып ауыр өнеркәсіпті дамытты. Совет Одағы алдымен ауыр өнеркәсіпті бірден қолға алды, өйткені ішкі және сыртқы жағдай осыны керек етті.

Ауыр өнеркәсіпті капиталистік елдер отар елдерді тонау, соғыста жеңілген елден контрибуция алу, басқа елдерден қарыз алу арқылы өркендеткен болатын. Совет Одағы ауыр индустрияны өз күшімен құрды.

Ауыр индустрияны өркендетуге керекті қаражат өнеркәсіптен, ішкі және сыртқы саудадан жиналған қордан, халық арасына таратылған ұтыс қарыздарынан, халықтың сақтық қассасына салған қаражатынан тағы да сол сияқты түсімдерден құралды. Әрине, капиталистік елдер біздің елге қарыз бермеді, сондықтан еліміздің жоғарыда айтқан ішкі мүмкіншіліктерін, резервтерін пайдалана отырып, қолда бар қаражатты үнемдеп, негізінен ауыр өнеркәсіпті өркендетуге жұмсауға тура келді. Сөйтіп совет халқы шет елден қарыз алмай өзінің қолында бар қорын толық пайдалану арқылы ауыр индустрияны өз күшімен тез өркендетіп, тарихи қысқа мерзім ішінде совет елін алдыңғы қатарлы индустриялы елге айналдырды. Соғыстан бұрынғы бес жылдықтардың ішінде елімізде ауыр өнеркәсіптің бұрын болмаған жаңа тарауларын құрдық. Оның ішінде автомобиль, трактор, комбайн, авиация, түрлі станоктар, моторлар, турбиналар, генераторлар, тағы басқа сол сияқты халық шаруашылығына өте керекті машиналар, жабдықтар өндіретін ауыр өнеркәсіптің басқа да тарауларын құрдық.

Соғыстың алдындағы бес жылдықтарда Совет Одағында жаңа техникамен қаруланған бірнеше мыңдаған ірі өнеркәсіпорны салынды. Ауыр өнеркәсіпті шапшаң қарқынмен оздыра өркендету арқасында халық шаруашылығына керекті машина құралдарын жеткілікті етіп өзіміз өндіре алатын дәрежеге келдік. Өндірістің ауыр жұмыстарын механикаландыру арқасында еңбек өнімі едәуір өсті.

Ірі өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының жалпы өнімінен алатын ірі өнеркәсіптің үлес салмағы 1913 жылы 42,1 процент болса, 1937 жылы 77,4 процент болды. Совет Одағының бүкіл өнеркәсібінің ішінде ауыр индустрияның үлесі 1913 жылы 33,3 процент болса, 1956 жылы 70,8 процент болды.

Былтыр өнеркәсіптің жалпы өнімі 1913 жылмен салыстырғанда 36 есе өсті, оның ішінде ауыр индустрия 83 есе ұлғайды. Патшалық Россия өнеркәсіптің дамуы жағынан алдыңғы қатарлы капиталистік елдерден 100 жылдай артта қалып еді. Совет Одағы өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі жағынан көп капиталистік елдерді қысқа мерзімнің ішінде қуып жетіп басып озды, Европада бірінші орынға, ал дүние жүзінде екінші орынға шықты.

Бұл сияқты соны жолмен, жаңа әдіспен ауыр өнеркәсіпті қысқа мерзім ішінде өркендету ешбір капиталистік елдің тарихында болмаған оқиға. Бұл сияқты дүниежүзілік маңызы бар игілікті іс тек социализм орнатып отырған совет елінде мүмкін болды. Сөйтіп Коммунист партиясы бастаған совет халқы елімізді индустриялы елге айналдырудың жаңа жолын салды. Жоғарыда көрсетілген жағдай социалистік индустрияландыру әдісі капиталистік индустрияландыру әдісінен мүлде бөлек екенін, оның жекеше қасиетін сыпаттайды.

Ауыр өнеркәсіпті бір беткей өркендете беруге де болмайды, өйткені халық шаруашылығының әр тарауының арасындағы қажетті сәйкестіктің, пропорцияның бұзылуы мүмкін. Сондықтан ауыр индустриямен қабат жеңіл өнеркәсіпті және ауыл шаруашылығын да белгілі дәрежеде және тиісті қарқынмен өркендетіп отыру керек болды. Жеңіл өнеркәсіпке, ауыл шаруашылығына керекті өндіріс құралдарын ауыр индустрия береді. Соның арқасында халық шаруашылығының бұл салалары да ілгерілеп өсіп отырды.

Өнеркәсіптің өркендеуі мен бірге жұмысшылардың және инженер-техник қызметкерлерінің саны өсті. Өндіріске үзбей озат жаңа техника енгізіп отыру арқасында жұмысшылардың техникалық және мәдениет дәрежесі, еңбек өнімі өсті.

Бытыранқы ұсақ товарлы шаруалар шаруашылығы колхоз болып ұйымдасып, жаппай жаңа техникамен қаруланып, елімізде жүздеген, мыңдаған совхоздар, колхоздар, МТС-тер құрылды. Жаңа техникаға,

агрономия ғылымының табыстарына сүйенген социалистік ауыл шаруашылығы құрылды. Мұның өзі Октябрь революциясына бара-бар ұлы өзгеріс болды.

Ауыр өнеркәсіп бұрынғысынша кәзіргі кезеңде де ауыл шаруашылығын неше түрлі машиналармен, құрал-жабдықтармен жеткілікті қамтамасыз етіп отыр. Осы кезде ауыл шаруашылығында жүздеген мың трактор, комбайн, автомашина жұмыс істейді. Солардың күшімен совет халқы соңғы жылдары Коммунистік партияның басшылығымен 36 миллион гектар тың және тыңайған жерді игерді. Оның ішінде тек қана Қазақстанда 23 миллион гектар жаңа жер игерілді. Жаңа жерден алынған мол өнім еліміздің байлығын онан әрі молайта түсті.

Ауыр өнеркәсіп ауыл шаруашылығына еңбек құралдарымен бірге тыңайтқыштар береді. Осылардың арқасында социалистік ауыл шаруашылығы халқымызға азық-түлікті, жеңіл өнеркәсіпке шикі заттарды барған сайын мол бере бастады.

Сөйтіп ауыр өнеркәсіптің басым, шалшаң өркендеуі негізінде еліміздің бүкіл халық шаруашылығы жаңа техникамен қаруланып, үздік қарқынмен дамып келеді. Социалистік ауыр өнеркәсіптің тез өркендеуі арқасында халқымыздың материалдық әл-ауқаты көтеріліп, мәдениеті ілгеріледі. Еліміздің Отан қорғау күш-қуаты да нығайып келеді. Бұған өткен Ұлы Отан соғысында совет халқының жеңіп шыққаны айқын дәлел. Ұлы Отан соғысы совет халқы үшін, совет мемлекеті үшін, социалистік экономика үшін үлкен сын болды. Алуан салалы әрі қуатты ауыр индустрия болмаса, соғысқа керекті танк, самолет, зеңбірек сияқты соғыс құралдары мен жабдықтарын жеткілікті шығару және онымен майдандағы армияларды қамтамасыз етіп тұру қиынға соққан болар еді. Отан соғысында біздің ауыр өнеркәсіп экономикалық жеңіске ие болды.

Ауыр өнеркәсіптің оза өркендеуі бұрын артта қалған ұлттық өлкелерді көтеруге, елімізде өндіргіш күштерді дұрыс орналастыруға да негіз болды.

Революциядан бұрын өндіргіш күштер елімізде дұрыс орналаспаған еді. Өнеркәсіптің басым көпшілігі Россияның орталық және оңтүстік аудандарында болатын. Ал шет аймақтарда, әсіресе, шикізат байлығы мол шығыс аудандарында өнеркәсіп өркендемеген еді.

Орталықтағы өнеркәсіп аудандары шикізаттарды өте алыстан тасымалдап жүрді. Ал даяр өнімдер қайтадан алысқа тасымалданды. Шикізат пен даяр өнімді әрлі-берлі тасуға қоғамның көптеген күш-қаражаты жұмсалатын. Мұның өзі өндірістің капиталистік тәсіліне тән нәрсе еді.

Ұлы Октябрь революциясынан кейін елдің өндіргіш күштерін дұрыс орналастырудың керектігін Ленин бірнеше рет атап көрсетті. Өнеркәсіп шикізат шығатын жерлерге және даяр өнімді тұтынатын аудандарға неғұрлым жақын орналасуы керек деді көсем. Лениннің осы өсиетін орындай отырып, Коммунист партиясы мен Совет үкіметі өндіргіш күштерді дұрыс орналастырып, тиімді пайдалану жолында көп жұмыс жүргізді. Табиғи қазба байлықтары мол шығыс өлкелерде өнеркәсіп күшті қарқынмен құрылды. Оның ішінде ауыр өнеркәсіптің қуатты жаңа ошақтары пайда болды. Мұның нәтижесінде еліміздің шығыс аудандарындағы өнеркәсіптің үлесі бүкіл Совет Одағы көлемінде анағұрлым өсті.

Өнеркәсіп өндірісін шикізат, отын және электр қуаты бар жерге жақын орналастыру арқасында бұрын шаруашылығы кейін қалған мешеге ұлт аудандары мен алыстағы шет аймақтарда өнеркәсіп қаулап өсті. Бұл экономикасы мен мәдениеті кенже қалған ұлт республикаларын алдыңғы қатарлы республикалардың қатарына жеткізуге, ұлттар

арасында бұрын орын тепкен іс жүзіндегі теңсіздікті жоюға мүмкіншілік берді.

Өнеркәсібі үздік өскен шығыс аудандарының бірі — Қазақстан. Ол революциядан бұрын көшпелі мал шаруашылығы басым өлке еді. Халық шаруашылығының негізгі түрі ауыл шаруашылығы болатын. Өнеркәсіп жоқтың қасы еді.

Соғыстан бұрынғы бес жылдықтардың ішінде-ақ Қазақстанда ірі өнеркәсіп жасалды. Республиканың орасан мол табиғи байлықтары негізінде көптеген ірі кәсіпорны салынды. Оның ішінде түсті металлургия, көмір, мұнай өнеркәсібі, электр қуатын өндіру, химия өнеркәсібі, құрылыс материалдары, жеңіл, тамақ өнеркәсіп орындары салынды. Олардың ішінде көпшілікке белгілі Балқаш, Қарсақпай, Ертіс мыс заводтары, Шымкент қорғасын заводы, Өскемен қорғасын-мыс комбинаты, Лениногор, Жезқазған, Текелі түсті металл комбинаттары, Қарағанды, Екібастұз көмір кендері, Ембі мұнай кәсіпшіліктері, Ақтөбе ферросплав заводы, Өскемен су электр станциясы сияқты ірі кәсіпорындары бар.

Қазақстан өнеркәсібінің жалпы өнімі 1958 жылы 1913 жылмен салыстырғанда 44 есе өсті, оның ішінде көмір шығару 248 есе, мұнай шығару 13 есе артты.

Қазіргі Қазақстанның бет бейнесі мүлде басқаша. Қазақстанның ұлан-байтақ кең даласында ірі-ірі өнеркәсіпорны, темір жол тораптары салынды, колхоз, совхоздар, РТС-тер орнады. Сөйтіп бұрын артта қалған Қазақстан тарихи қысқа мерзімде капитализмге соқпастан тікелей социализмге ұласты, экономикасы мен мәдениеті көркейген социалистік елге айналды.

Бұл сияқты тарихи маңызы зор табысқа Лениннің ұлт саясатын бұлжытпай жүзеге асыру арқасында ғана қол жетіп отыр.

Совет елін қуатты ауыр өнеркәсібі бар индустриялы елге айналдыру оңайға түскен жоқ. Көптеген қиыншылықтар да кездесті. Қаражат жағы, сонымен қатар жаңа салынған завод, фабрикаларға керекті машина жабдықтары, маман кадрлар жеткіліксіз болды. Дегенмен ол қиыншылықтардың бәрін де дана Коммунист партиясының бастауымен совет халқы жеңіп шықты.

Совет халқының жаулары елімізді индустрияландыру жолында жүргізген ұлы жұмыстарымызға кедергі жасауға көп әрекеттенді. Алдымен жеңіл өнеркәсіпті өркендету керек дегендер де болды. Коммунист партиясы және Совет үкіметі ол сияқты зиянды бағытқа жол бермеді. Егерде солардың айтуы бойынша ауыр индустрияны өркендету қарқынын бәсеңдетіп, жеңіл өнеркәсіпті шапшаң қарқынмен өсірген болсақ, онда еліміз капиталистік елдерге экономика жағынан тәуелді болған болар еді. Ұлы Отан соғысында жеңіп шығуымыз екі талай болар еді.

Елімізді индустриялы елге айналдыру арқасында қазір біз халықтық демократия елдеріне және артта қалған отар елдерге экономикалық жәрдем беру мүмкіндігіне ие болып отырмыз. Совет Одағының ауыр өнеркәсібі машина құрал-жабдықтарының қай түрін болса да өзі жасап, еліміздің халық шаруашылығын жеткілікті қамтамасыз етумен қабат шет елдерге де көптеген трактор, автомобиль, жер тыңайтқыш, тағы басқа заттарды шығарып отырады. Халық демократиялық елдер шығыстағы елдерге техника және экономикалық көп жәрдем көрсетіп келеді. Оларда жаңадан салынған көптеген завод, фабрикаларға машина құрал-жабдықтарын Совет Одағы беріп отырады.

Социалистік өнеркәсіп күн санап ілгері басып, шапшаң өркендеп отыр. Социалистік өндірістің капиталистік өндірістен артықшылықтарының бірі осы. Ұлы Октябрь революциясынан кейінгі 40 жыл ішін-

де (1918—1957 жылдар) Совет Одағының ірі өнеркәсібі орта есеппен алғанда жылына 11,4 процент өсіп отырды. Ал капиталистік елдерді алсақ, ірі өнеркәсіптің өсу қарқыны соңғы 39 жыл ішінде (1918—1956 жылдар) әлде қайда төмен болды. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде—3,2 процент, Англияда—1,9 процент, Францияда—3 процент қана өсті.

1957 жылы 1917 жылмен салыстырғанда Совет Одағы өнеркәсібінің жалпы өнімі 46 есе өсті. Ал АҚШ-та осы мерзім ішінде 4,1 есе, Англия мен Францияда 1,8 есе өсті. Ал өткен 40 жыл ішінде Совет Одағы империалистер тұтатқан бірнеше соғысқа кездесіп, бүліншілікке ұшырағаны, сондықтан халық шаруашылығын қайтадан қалпына келтіруге көп уақыт жұмсағаны мәлім.

Өнеркәсіптің тез дамуы арқасында Совет Одағының негізгі экономикалық міндетін шешуде көптеген жетістігі бар. 1913 жылы Россия өнеркәсіп өнімінің жан басына келетін мөлшері жағынан АҚШ-тан 13—14 есе кем болған болса, 1957 жылы Совет Одағында 2,6 есе кем болып отыр. Отанымыздың социалистік өнеркәсібінің тез қарқынмен дамуы таяудағы жылдардың ішінде Совет Одағы жан басына келетін өнеркәсіптің өнімі жағынан неғұрлым өркендеген капиталистік елдерді, оның ішінде Америка Құрама Штаттарын да қуып жететіндігіне толық кепіл бола алады.

Соғыстан кейінгі жылдары Коммунист партиясы мен Совет үкіметі ауыр индустрияны оздыра дамыту бағытындағы табысқа сүйене отырып, ауыл шаруашылығын және жеңіл өнеркәсіпті де өркендету жұмысын қолға алды, халықтың әл-ауқатын жақсарту беру ісіне көп көңіл бөлді. Партияның Орталық Комитеті бесінші бесжылдықтың аяқ кезінде ауыл шаруашылығы халқымыздың күнбе күн өсіп отырған тұтыну мұқтажын өтеу және жеңіл өнеркәсіпке шикі зат өндіріп беру жағынан артта қалып қойғанын атап көрсетті. Ауыл шаруашылығының өсу қарқынының жалпы халық шаруашылығының өсу қарқынынан белгілі дәрежеде кейін болуы бүкіл халық шаруашылығының ілгері дамуына бөгет жасауы мүмкін еді. Сондықтан партияның Орталық Комитеті мен Совет Үкіметі ауыл шаруашылығын тез алға бастыру, оның ішінде егіннің түсімін көбейту, малдан түсетін өнімді молайту, тың және тыңайған жерлерді игеру тағы сол сияқты күрделі шараларды жүзеге асырды. Партияның бұл өте дұрыс шараларын жете түсінбеген кейбір экономистер кәзіргі жағдайда ауыр индустриядан гөрі жеңіл өнеркәсіпті басым өсірген дұрыс болады дегенді айта бастады. Ауыр индустрияны оздыра өркендету өткен кезде, еліміздің техникаға жарлы кезінде дұрыс болғанымен кәзіргі кезде, техника жетілген жағдайда дұрыс емес деп соқты олар. Халықтың әл-ауқатын жақсарту үшін енді жеңіл өнеркәсіпті оздыра өркендеткен дұрыс болады деп те шатасты олар.

Коммунист партиясы мұндай пікірдің көне және зиянды екенін әшкереледі. Совет өкіметі орнағаннан бергі жерде Коммунист партиясы ауыр өнеркәсіпке әрдайым ерекше мән беріп, оны жеңіл өнеркәсіптен басым өркендетіп келеді. Кәзіргі уақытта да солай және алдағы кезеңдерде де партия ауыр индустрияны үнемі озық дамыта бермекші. Бұл көсеміміз Ленин салған партияның сара жолы, социализм мен коммунизмнің экономикалық даму заңы. Ауыр индустрияның басым өркендеуі социалистік ұлғаймалы ұдайы өндірістің негізгі шарты, демек онсыз ұлғаймалы ұдайы өндіріс болуы мүмкін емес.

Ауыр индустрия — коммунизмнің материалдық-техникалық негізі. Халық шаруашылығын жаңа озат техникамен қаруландыра беру үшін, еңбек өнімділігін кәзіргі дәрежесінен анағұрлым арттыру үшін, халықтың әл-ауқаты мен мәдениетін үздіксіз өсіре беру үшін ауыр өнеркәсіп әрдайым басым өсуі керек.

Социалистік ұлғаймалы ұдайы өндірістің бұл заңын берік сақтау керек екенін Совет Одағы Коммунистік партиясының XXI съезі ерекше атап көрсетті. Съезд қарап бекіткен жеті жылдық жоспар бойынша өнеркәсіптің барлық саласы күшті қарқынмен өседі, оның ішінде ауыр индустрия жеңіл өнеркәсіпке қарағанда оза өсіп отырады. Жетіжылдықта, мысалы, Совет Одағындағы өнеркәсіптің жалпы өнімі 80 процент өсетін болса, оның ішінде ауыр өнеркәсіптің өнімі 85—88 процент, ал жеңіл өнеркәсіптің өнімі 62—65 процент өсуі тиіс.

Жетіжылдықта Қазақстанда да ауыр өнеркәсіп оза өседі. 1965 жылы 1958 жылмен салыстырғанда өнеркәсіптің жалпы өнімі 2,7 есе, оның ішінде ауыр индустрияның өнімі 3 есеге жуық өспек. Қазақстанда қара және түсті металлургия, химия, энергетика, машина жасау өнеркәсібі, мұнай, газ, көмір шығару сияқты ауыр өнеркәсіптің шешуші тараулары онан әрі ұлғая түседі.

Жетіжылдықта Қазақстанда жаңадан 240 ірі кәсіпорны салынады. Оның ішінде Соколов-Сарыбай байыту комбинаты, Қазақстан Магниткасы деп аталып жүрген Қарағанды қара металлургия заводы, Николайск және Бозшакөл тау-кен байыту комбинаттары, Павлодар комбайн заводы, Бұқтарма су электр станциясы сияқты ірі өнеркәсіп орындары бар. Сонымен қатар жеті жыл ішінде кәзір жұмыс істеп жүрген көптеген өнеркәсіпорындары кеңейтіліп, жаңа техникамен қаруланады.

Совет елі кәзір коммунизм құрылысын кең көлемде жүргізу кезегіне аяқ басып отыр. Бұл жолда коммунизмге сай өндірістік материалдық-техникалық база жасалуы керек. Бұл үшін ең алдымен ауыр индустрияны оздыра, басым өркендету керек болады. Еліміздің халық шаруашылығы болашақта да ғылым мен техниканың жаңа табыстарына сүйеніп алға баса береді.

Совет халқы ең бай деген алдыңғы қатарлы капиталистік елдерді өнімнің жалпы жан басына келетін мөлшері жағынан да таяудары жылдары қуып жетіп басып озуды міндет етіп қойып отыр. Бұл міндетті орындаудың басты кепілі де — ауыр өнеркәсіптің басым, оза өркендеуі.

КПСС Орталық Комитетінің осы жылы июнь айында болып өткен Пленумы «КПСС XXI съезінің өнеркәсіп пен құрлыста техниканы ілгері дамытуды тездету туралы шешімдерін орындау жөніндегі партия және совет ұйымдарының, халық шаруашылығы советтерінің жұмысы туралы» мәселені қарап үлкен қаулы алды.

Пленум өзінің қаулысында XXI съезден кейін өнеркәсіп пен құрылыс жұмыстарын жанжақты түгел механикаландыру, өндірісті автоматтандыру, үдемелі линияларды енгізу, ескірген жабдықтарды, штамптар мен аспап-құралдарды ауыстыру жолында елімізде бірсыпыра жұмыстар істелгенін атап көрсетті. Сонымен қатар Пленум алдағы кезде халық шаруашылығының барлық саласын онан әрі өрге бастыруды қамтамасыз ету үшін техниканы мейлінше мықтап дамыта беру керектігін айтты. Пленум қаулысын және пленумның үндеуін бүкіл совет халқы бірауыздан қабылдап, елімізде коммунизм орнату жұмысына, жеті жылдық жоспарды мезгілінен бұрын орындауға жұмылып отыр.

Партияның XXI съезінің қаулысымен қаруланған совет халқы Коммунист партиясының төңірегіне бұрынғыдан да берік топтала отырып, жетіжылдық жоспардың бірінші жылының тапсырмаларын ойдағыдай орындап келеді. Жетіжылдық жоспардың мерзімінен бұрын орындалатыны даусыз. Бұған жетіжылдық жоспарды алты жылда орындауға бағытталған бүкілхалықтық қозғалыс кепіл. Жетіжылдықтың табыспен орындалуы нәтижесінде социалистік Отанымыз коммунизмнің күн сәулелі шыңына қарай шешуші қадам жасайды.

Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихы

XV ТАРАУ

Партия Ұлы Отан соғысы дәуірінде

(1941 жылғы июнь—1945 жыл)

1. Фашистік Германияның Совет Одағына опасыздықпен шабуыл жасауы. Совет халқын және еліміздің барлық ресурстарын жауға тойтарыс беруге жұмылдыру. Гитлерге қарсы одақтың құрылуы

1941 жылғы 22-июньде фашистік Германия совет құрылысын құлату, совет халқын құлдыққа салу мақсатын көздеп, соғыс жарияламастан, тіпті белгілі бір талаптар қоймастан Совет Одағына шабуыл жасады. Бұл опасыздық акт шабуыл жасаспау туралы совет-герман договорының болуына қарамастан жасалған еді.

Неміс-фашист басқыншылар қысқа мерзім ішінде Қызыл Армияның негізгі күштерін талқандау, СССР-дің аса маңызды өнеркәсіп орталықтарын қирату, совет халқының қарсылық көрсетерлік қайрат-жігерін жасыту, бір жарым — екі ай ішінде Совет Одағының Оралға дейінгі территориясын басып алу, сөйтіп қыс түскенше соғысты жеңіспен аяқтау ниетін көздеді. Авантюристік «қауырт соғыс» жоспары Қызыл Армия әлсіз, советтің қоғамдық және мемлекеттік құрылысы осал, жұмысшылар мен шаруалардың одағы және СССР халықтарының достығы осал деген жорамалға негізделген еді. Сонымен қатар гитлершілдер СССР-ді сыртқы әлемде оқшау қалдыру, Англия мен АҚШ-ты Совет Одағына қарсы соғысқа тарту ниетін де көздеді.

Гитлер соғыс жоспарының мәні авантюристік бола тұрса да, бұл жоспарда Совет Одағы үшін қатерлі қауіп бар еді. Жауға тойтарыс беру үшін совет халқы бейбіт еңбектен қол үзіп, бар күшін социалистік Отанды қорғау ісіне жұмылдыруға тиісті болды. Совет мемлекетінің өмірінде жаңа дәуір — Ұлы Отан соғысының дәуірі басталды. Бұл соғыс өзінің көп ғасырлық тарихының өн бойында Отанымыздың халықтары басынан кешірген соғыстардың ішіндегі ең ауыр соғыс еді.

Әсіресе соғыстың алғашқы айлары, Қызыл Армия елеулі шығынға ұшырап, Гитлер армиясының басым күштерінің соққысы мен елдің ішкі жағына қарай лажсыз шегінген кез өте-мөте ауыр болды.

Неміс-фашист әскерлері тікелей СССР батыс шекараларының түбіне күн ілгері жинақталып, Баренц теңізінен Қара теңізге дейінгі ұлан байтақ жерде шабуыл жасау үшін тірек позицияларға орналасты. Құрамында толып жатқан танк дивизиялары мен моторлы дивизиялары бар жаудың тегеуірінді топтары негізгі үш бағытта: 1) Шығыс Пруссиядан Прибалтика арқылы Ленинградқа, 2) Варшаваның солтүстік-шығыс маңынан Минскіге, Смоленскіге, Москваға, 3) Люблин маңынан Житомирге, Киевке, онан әрі Донбасқа шабуылын өршітті. Гитлершілдердің алғашқы тұтқиыл соққыларын советтің шекаралық әскерлері қарсы алды. Шекараның тек кейбір учаскелерінде ғана Қызыл Армия тұрақты әскерлерінің алдыңғы бөлімдері де ұрысқа кірісті. Күші басым неміс-фашист әскерлері барлық негізгі бағыттарда Совет елінің өмірлік маңызы бар орталықтарына шабуылын үдете берді. 1941 жылғы июльдің басталар кезінде жау Литваны, Латвияның едәуір бөлегін, Батыс Белоруссияны және Батыс Украинаның бір бөлегін басып алып қойды.

Соғыстың алғашқы апталарында Совет елінің едәуір территориясын жаудың басып алып қойған себебі не?

Совет Одағы соғыс жүргізуге әзірленбеген еді деуге болмайды. Мұның керісінше, Коммунистік партия империалистердің арам ниетін, Совет Одағын олардың жек көретіндігін білетін, сондықтан да бейбіт құрылыс жылдарында еліміздің қорғаныс қабілетін арттыру қамын істеп, қорғанысқа әзірлену қажеттігін халыққа ескертіп отырған болатын. Соғыстың алдындағы бесжылдықтар ішінде елімізді индустрияландыру және ауыл шаруашылығын коллективтендіру жөніндегі лениндік саясатты жүзеге асыру арқасында Отанымызды қорғау үшін қуатты материалдық-техникалық база жасалды. Коммунистік партия Қызыл Армияны, авиацияны және Соғыс-Теңіз Флотын күшейту жөнінде де қамқорлық көрсетіп отырды. Соғыстың алдындағы жылдарда Қызыл Армия бүтіндей қайта құрылды, оның саны арттырылды, оның әскери-техникалық қуаты едәуір күшейтілді, оның ұрыс өнеріне машықтану дәрежесі артты.

Солай бола тұрса да, соғыстың бас кезінде фашистік Германияда Совет Одағымен салыстырғанда бірқатар артықша жағдайлар бар еді, бұл жағдайлар соғыс қимылдарының Қызыл Армия үшін қолайсыз өріс алуына себеп болды. Бұл артықша жағдайлар қайсы?

1. Германия Батыс Европаны экономикалық ресурстарымен қоса түгел дерлік басып алғаннан кейін барып СССР-ге шабуыл жасады. Осының нәтижесінде Германия соғыс өнеркәсібінің материалдық-техникалық базасы соғыстың бас кезінде СССР соғыс өнеркәсібіне қарағанда неғұрлым қуатты болды. Мәселен, өзі билеп-төстеген елдермен қоса алғанда Германияда болат, шойын, тас көмір өнімінің жылдық мөлшері 1940 — 1941 жылдары СССР-дегіден гөрі екі еседен де астам еді. Оның үстіне, Германия өз экономикасын соғыстан көп бұрын соғыс талабына сай қайта құрған болатын. Ал Совет мемлекетінің экономикасы бейбіт құрылыс міндеттеріне бағындырылған еді. Онан соң СССР-де қуатты соғыс өнеркәсібі бола тұрса да, қару-жарақ жаппай шығарылмайтынды. Оның үстіне өнеркәсіптің кейбір тараулары (мәселен, танк, авиация өнеркәсіп тараулары) ұрыс техникасының жаңа үлгілерін шығаруды жаңадан ғана игере бастаған болатын. Осының бәрі алғашқы кезде ұрыс техникасы саласында Германияның сан жағынан, ал қару-жарақтың кейбір түрлері бойынша сапа жағынан да басым болуын қамтамасыз етті.

2. Фашистік Германия Совет Одағына шабуыл жасаған кез, оның Европада құрыдағы әскерлерінің ұрыс қимылдары әбден тоқталып, тек теңіз бен әуеде ғана Англияға қарсы ұрыстар жүргізіліп жатқан кез еді. Мұның өзі Германияның құрыдағы әскерлері мен соғыс-әуе күштерінің денін СССР-ге қарсы жұмсауына мүмкіндік берді. Реакцияшыл-фашистік үкіметтер билеген Италия, Финляндия, Румыния және Венгрия Германия жағында соғысқа шықты. Ал Совет Одағына бастапқы кезде соғысты жалғыз жүргізуге тура келді. Оның үстіне, Жапония Совет Одағына қауіп төндірумен болды, өйткені ол, битараптық туралы 1941 жылғы апрельде жасалған совет-жапон договорына қарамастан, Маньчжурия мен Кореяда қыруар армиясын жинақтаған еді. Сондықтан совет әскерлерінің едәуір бөлегі Қиыр Шығыстағы шекараларымызды күзетуге тиіс болды.

3. Совет Одағына шабуыл жасаудан бұрын Германия жалпы саны 190 дивизиялық, оның ішінде 153 неміс дивизиясы бар, орасан зор шапқыншы армиясын СССР-дің батыс шекараларының өң бойына жинақтап, орналастырды, ал бұл дивизиялар көптеген самолеттерді, танктерді және басқа ұрыс техникасын қолдана отырып, осы заманғы соғысты жүргізуде екі жылға жуық тәжірибе алған болатын. Қызыл Армия шекараларға жинақталмаған еді. Осы заманғы соғысты жүргізуде оның жеткілікті тәжірибесі жоқ еді. Оны техникамен қайта қаруландыру ісі

де аяқталған жоқ-ты. Оның тәжірибелі және жақсы даярланған командалық кадрлары жетімсіз еді; кадрлардың едәуір бөлегі 1937—1938 жылдары әскер басшылығынан дәлелсіз тайдырылған-ды.

4. Ақырында, Германияның Совет Одағына тұтқиылдан шабуыл жасауы да ерекше маңыз алады.

Әрине, фашистік Германияның шабуылы СССР үшін мүлде күтпеген нәрсе емес-ті. Шабуыл жасаспау туралы совет-герман договорының болуына қарамастан, фашистік Германияның ерте ме, кеш пе, СССР-ге қарсы соғыс бастайтынын партия, үкімет және совет халқы білетін. Фашистік Германияның тарапынан агрессия қаупі бар екенін сезе отырып, ел мен армияны қорғанысқа әзірлей отырып, Совет үкіметі шабуыл жасаспау жөніндегі договордың барлық шарттарын қатаң сақтап отырды, сөйтіп Германияның билеуші топтарына договорды бұзуға және өз агрессиясын ақтауға титтей де сылтау бермеу жағын көздеді. Тек неміс-фашист әскерлерінің қыруар күштері СССР-дің батыс шекараларының түбіне жинақтала түскен кезде ғана Совет үкіметі жаудың ықтимал шапқыншылығына тойтарыс беру үшін бірқатар сақтық шараларын қолданды. 1941 жылғы апрельде Жапониямен екі арада бейтараптық туралы договордың жасалуы Совет үкіметіне СССР-дің батыс шекараларын қорғауды күшейту мақсатымен еліміздің ішкері аудандарынан кейбір әскер бөлімдерін келтіре бастауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар Совет үкіметі 1941 жылдың екінші жартысында және 1942 жылы өнеркәсіпті соғыс талабына сай қайта құруды көздеп мобилизация жоспарын жасады.

Бірақ бұл шаралардың кеш қалғандығы және жаудың қыруар армиясының тегеурінін тойтару үшін жеткіліксіз екендігі соғыстың алғашқы күндерінде-ақ айқын болды. Мұндай халге ұшыратқан себептердің бірі — тіке соғыс басталар алдында қалыптасқан әскери-стратегиялық жағдайды бағалауда И. В. Сталиннің жаңылыс есеп жасағандығы болды. Ел мен партияға жоғары басшылық тізгінін ұстаған И. В. Сталиннің қолында неміс-фашист әскерлерінің СССР-дің батыс шекараларының түбінде күш жинап, жауынгерлік тәртіппен қанат жайып жатқанын, Совет елінің жеріне басып кіруге олардың әзір тұрғанын көрсететін анық мәліметтер болатын-ды. Алайда Сталин бұл сияқты анық хабарларды арандатушылық лақаптар деп есептеді. Мұндай лақаптар Совет үкіметін оқыс әрекетке итермелеу мақсатын көздейді, ал мұны Гитлер шабуыл жасаспау жөніндегі шартты бұзу үшін, сөйтіп жау елімізге тиімсіз жағдайда СССР-ге қарсы соғыс бастау үшін пайдаланып кетеді және мұның өзі соғыстың тууына жауапкершілікті Совет Одағына жүктеу үшін жауға сылтау болады деп ойлады ол. Гитлердің СССР-ге шабуыл жасауға пәлендей бір сылтауды пайдалануына мүмкіндік қалдырмау үшін совет әскерлеріне өз күштерін СССР-дің батыс шекараларын жағалай күнілгері орналастыру және қорғаныс шептеріне бекіну жөнінде нұсқау берілмеді.

СССР-ге опасыздықпен жасалған шабуыл фашистік Германияны соғыста уақытша басым еткенімен, ол үшін мұның содырлы зардаптары да болды, өйткені бұл жағдай бүкіл дүние жүзі алдында оның қанқұмар агрессор екенін әшкереледі. Бостандық сүйгіш халықтар герман фашизмінің опасыздық әрекеттерін масқаралады. Совет Одағын барлық прогресшіл адамзат қолдап, оған тілектестік білдірді, ол Гитлерге қарсы қуатты одақтың күштерін топтастыратын негізгі ұйтқыға айналды. Мұның өзі СССР үшін өте зор саяси ұтыс, ал фашистік Германия үшін ұтылыс болып шықты. Бірақ СССР үшін мұның игі нәтижелері көп кейін, соғыстың бет алысында барып білінді.

Тұтқиылдан шабуыл жасауы және соғыс жүргізуге көбірек дайындалуы себепті туған артықша жағдайларын пайдалана отырып, неміс-фашист әскерлері шығысқа тез ілгерілей берді. СССР-дің ірі өнеркәсіп-

ті орталықтары бар едәуір территориясын фашистердің оккупациялап алуы, аэродромдарда көптеген совет самолеттерін, танктерін, артиллериясын, қару-жарақ пен ұрыс жабдықтары қоймаларын олардың жойып жіберуі және қолға түсіруі соғыстың алғашқы айларында күштердің ара салмағын Совет Одағы үшін бұрынғыдан бетер қолайсыз ете түсті.

Осындай жағдайларда жаудың тегеуірінімен Қызыл Армия селолар мен қалаларды қалдырып, елдің ішкі жағына лажсыз шегіне берді. Бірақ совет әскерлері шегінгенде жауға ерлікпен, қажырлы қарсылық көрсетіп, оны елеулі шығынға ұшыратумен болды. Совет соғыс командованиясы қалай да жауды тоқтатуға, еліміздің аса маңызды өмірлік орталықтарына қорған болуға, жауды титықтатып әлсіретуге, қарулы күштерімізді сайлап алып, еліміздің экономикасын соғыс талабына сай қайта құру үшін уақыт ұтуға, жаудың қолынан стратегиялық инициативаны тартып алуға тырысты.

Фашистік Германияға қарсы күресте совет халқының, оның армиясының дем берушісі және айбынды ұйымдастырушысы Коммунистік партия болды. Партия өзінің бар күшін социалистік Отанымызды қарумен қорғау ісін ұйымдастыруға, фашистік агрессорларға үзілді-кесілді тойтарыс беруге, оларды талқандауға жұмсады.

Советтік Отанымыздың тағдыры мен социализм ісі үшін өзінің тарихи жауапкершілігін жете ұғынған Орталық Комитет орасан қиыншылықтарды жеңуде, партия мен халықтың бар күшін, еліміздің барлық ресурстарын жауды жеңіп шығу үшін жұмылдыруда асқан ерлік, большевикше шеберлік көрсетті. Ұласқан соғыста партия халықтың басшысы болды.

Соғыстың бірінші күнінде-ақ партияның Орталық Комитеті мен Совет үкіметі совет халқын Коммунистік партия мен Совет үкіметінің төңірегіне бұрынғыдан да берік топтасуға, фашистік агрессорларға қарсы, Отанымыздың намысы мен бостандығы үшін жеңімпаз Отан соғысына аттануға шақырды.

1941 жылғы 30 июньде партияның Орталық Комитетінің, СССР Жоғарғы Советі Президиумы мен Халық Комиссарлары Советінің біріккен шешімі бойынша И. В. Сталин бастаған Мемлекеттік қорғаныс комитеті құрылды. Совет мемлекетіндегі бүкіл өкімет билігі Мемлекеттік қорғаныс комитетінің қолына берілді. Ол барлық мемлекеттік мекемелердің, партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының қызметін біріктіріп, жұмысшылардың, колхозшылардың, совет интеллигенциясының творчестволық ынта-жігерін фашистік Германияны талқандауға бағыттап отырды.

Партия мен Совет үкіметі фашистік Германияның СССР-ге қарсы соғыстағы қылмысты жоспарларын әшкереледі, халық пен армияның социалистік Отанды қорғаудағы міндеттерін белгіледі, фашистік Германияға тойтарыс беру, оны талқандау ісін ұйымдастыру программасын жасады. Бұл программа ВКП(б) Орталық Комитеті мен СССР Халық Комиссарлары Советінің майдан маңындағы облыстардың партия және совет ұйымдарына 1941 жылғы 29 июньде берген директивасында тұжырымдалды. Мемлекеттік қорғаныс комитетінің председателі И. В. Сталиннің 1941 жылғы 3 июльде радио арқылы сөйлеген сөзінде айтылып, дамытылды.

Партия мен үкімет фашистік Германия басқыншылық, тонаушылық, әділетсіз соғыс бастады деп көрсетті. Герман империалистері Совет мемлекетін жою, СССР-де помещиктер мен капиталистердің өкіметін қайта орнату, СССР-дің еркін халықтарының ұлттық мемлекеттігі мен мәдениетін жою, совет адамдарын неміс империалистерінің құлына айналдыру мақсатын алға қойды. Гитлершілдер Совет Одағын бөлшектеу, одан Эстонияны, Латвияны, Литваны, Белоруссияны, Украинаны, Қырымды, Кавказды, Поволжьені бөліп алып, Германияның құрамына қо-

су немесе өз отарларына айналдыру ниетін көздеді. «Фашистік Германиямен екі арадағы бізге таңылған соғыста, — делінген бұл директивада, — Совет мемлекетінің не тіршілік ету, не құрып біту мәселесі, Совет Одағы халықтарының не ерікті болу, не құлдыққа түсу мәселесі шешілгені отыр».

Фашистік Германиядан өзгеше Совет Одағы азаттық соғысын, әділетті соғыс жүргізді. Отан соғысында совет халқы социалистік Отанымыздың намысын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғау, дүние жүзіндегі ең алдыңғы қатарлы советтік қоғамдық және мемлекеттік құрылысты сақтап қалу, СССР-дің еркін халықтарының ұлттық мәдениеті мен мемлекеттігін сақтап қалу мақсатын алға қойды. Сонымен қатар совет халқы Европа халықтарының герман империализмінің езгісінен азат болуына жәрдемдесу, олардың өз мемлекеттерінің ұлттық тәуелсіздігін қалпына келтіруіне көмек көрсету міндетін алға қойды.

Фашистік Германияның шабуылынан туған аса зор қауіпті баса көрсете келіп, партия мен үкімет: басталып отырған соғыс жағдайында «бар істің тетігі жауға қарсы күресте бір минут уақытты да босқа кетірместен, бірде-бір мүмкіндікті құр жіберместен, біздің дереу ұйымдасып, қимылдай білуімізге байланысты» деді.

Отанымызға төнген қатерлі қауіпті серпіп тастап, онан соң жауды талқандау үшін партия барлық совет жауынгерлері мен барлық совет адамдарын мыналарды істеуге шақырды:

1. Қауіптің мейлінше қатерлі екенін ұғыну, бейбіт кездегі көңіл күйінен құтылу, жайбарақаттық пен бейқамдықтан арылу.

2. Фашистік құл етушілерге қарсы жан аямай, ерлікпен күресу, совет жерінің әрбір сүйемін қорғау, күресте батырлық, қаһармандық көрсету, қорқыныш дегенді білмеу.

3. Қызыл Армияның тылын нығайту, барлық мекемелердің, ұйымдардың, кәсіпорындардың жұмысын қысқа мерзім ішінде соғыс талабына сай қайта құру, қару-жарақ пен ұрыс техникасын жаппай өндіру ісін жолға қою, тылдағы іріткішілдерге — шпиондарға, диверсанттарға, үрейшілдерге, қорқақтар мен дезертирлерге қарсы аяусыз күрес жүргізу.

4. Қызыл Армияға жанжақты көмек ұйымдастыру, оның қатарын еселеп толықтырып отыру ісін, әскерлер мен соғыс жабдықтарын тасытын транспорттардың тез жүруін, майданның барлық қажетті заттармен үздіксіз жабдықталып отыруын қамтамасыз ету, жаралыларға кеңінен жәрдем ұйымдастыру.

5. Қызыл Армия бөлімдері лажсыз шегінген күнде барлық бағалы мүлікті тасып әкету, ал тасып әкету мүмкін болмаған жағдайда оны жойып жіберу.

6. Жау басып алған аудандарда партизан отрядтары мен диверсиялық топтар ұйымдастыру. Жау тылындағы совет патриоттарының бүкіл іс-әрекетіне басшылық ететін құпия партия ұйымдарын күнілгері құру.

7. Жаудың шапқыншылық қаупі бар әрбір қалада Москва мен Ленинград еңбекшілерінің үлгісі бойынша халық жасағы отрядтарын құру.

1918 жылдың қаһарлы күндеріндегідей, Коммунистік партия қысылшаң сын сағатында социалистік Отанға қауіп төнді деп жариялап, халықты Отанымызды қорғауға аттануға, бар күшін жауға қарсы жанқиярлық күреске, фашизмді талқандау ісіне жұмсауға шақырды.

Халық бұл шақыруға бірауыздан үн қосты. Совет адамдары осындай қиын-қыстау кезеңде партия мен Совет үкіметіне ұлы сенім білдіріп, мықтап көмектесіп отырды, майданда да, тылда да ерен ерлік, асқан жанқиярлық үлгі көрсетті.

Совет үкіметі жариялаған әскери міндеттілерді мобилизациялау ісі ұйымшылдықпен, ынтымақтылықпен жүргізілді. Мобилизацияланғандармен қатар майданға еркімен барғысы келген әртүрлі жастағы, мамандығы түрліше мыңдаған адамдар соғыс комиссариаттарына келіп жатты. Үлгі көрсетуші коммунистер болды. Партия ұйымдарының басшылары, совет мекемелерінің жауапты қызметкерлері, ғылым мен искусство адамдары, әскери есептен шығарылған партия мүшелері, тіпті пенсионерлер де майданға жіберуді өтініп арыз берумен болды. Тылдағы совет адамдары фабрикалар мен заводтарда, МТС-терде, совхоздар мен колхоздарда екі есе жігермен жұмыс істей бастады. Олардың ұраны: «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұран болды. Талай-талай жүз мыңдаған еңбекшілер әуе шабуылынан қорғану бөлімдерінің жауынгерлері болды, он мыңдаған әйелдер медицина сестралары, санитаркалар ретінде еркімен майданға кетті.

Еліміздің экономикалық қуатына сүйене отырып, партия мен Совет үкіметі соғыс қажеттерін өтеу үшін халық шаруашылығын жедел қарқынмен қайта құра бастады. Партия Орталық Комитеті мен Мемлекеттік қорғаныс комитетінің директивалары бойынша еліміздің ресурстары мен резервтері майданды барлық қажетті заттармен қамтамасыз ету мақсатымен қайта бөлініп отырды. Азаматтық өнімдер шығарып келген көптеген кәсіпорындар ұрыс техникасын шығаруға көшіп жатты. Транспорттың жұмысы майданның мұқтаждарын дер кезінде қанағаттандырып отыру, жаудың басқыншылық қаупі төнген аудандардан өнеркәсіп орындарын еліміздің ішкі жағына — Орал мен Сибирьге тезірек көшіріп әкету бағытында жүргізілді. Өнеркәсіп орындарының партия ұйымдары жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерді соғыс өнімін шығаруға жедел көшу жолындағы күреске жұмылдырды. Аса маңызды цехтар коммунистермен, маман жұмысшылармен нығайтылды. Коммунистер қосалқы цехтар мен қоймаларда жатқан барлық жабдық резервтерін әйгілеп, тез іске қосып отырды. Заводтарда шикізатты, аса зәру материалдарды, электр қуатын үнемдеу жолында, тозған аспап-сайманды қалпына келтіру жолында күрес күшейтілді. Тапсырманды орындамай, үйіңе қайтпа деген ереже совет тылындағы еңбеккерлердің патриоттық дәстүріне айналды.

Қызыл Армияның лажсыз шегінуі жүз-жүздеген өнеркәсіп орындарын, МТС-тердің, совхоздар мен колхоздардың бағалы мүліктерін батыс аудандардан шығысқа апарып орналастыру жөнінде күрделі де қиын міндетті алға қойды. Соғыстың алғашқы жарты жылында ел қорғау үшін ерекше маңызы бар 1360-тан астам ірі өнеркәсіп жабдықтары батыс аудандардан шығысқа әкетілді. Сан адам мен қыруар техниканы бұлайша көшіріп орналастыру бұрын тарихта болып көрмеген-ді. Жаудың шапқыншылық қаупіне ұшыраған батыс аудандар мен облыстардың партия ұйымдары қысқа мерзім ішінде жабдықтарды жіктеп ажырату, тиіп, жөнелту жұмыстарын ұйымдастырды, бұл жұмыстар екінің бірінде дұшпанның жауып тұрған оғы астында жүргізілді. Көшірілген кәсіпорындар барып жатқан шығыс облыстар мен аудандардың партия ұйымдары мен еңбекшілер депутаттары Советтері оларды орналастыру, олардың өндірісін жолға қою, он мыңдаған жұмысшыларды, қызметшілерді семьяларымен қосып тұрғын үймен қамтамасыз ету жөнінде зор ұйымдастыру жұмысын жүргізді.

Көшірілген заводтармен бірге келгендерді қоса есептегенде жаңа корпусстардың құрылысына мыңдаған коммунистер жіберілді. Партия ұйымдарының шақыруы бойынша құрылысқа сан алуан мамандықтағы он мыңдаған адам ат салысты. Партияның ұйымдастыру және көпшілік-саяси жұмысы құрылыстарда жаппай жарысты кең өрістетуге, еңбектегі жігердің ерекше тасуына дем беріп отырды. Жұмысшылар жауын-шашынды күндерде, қақаған аязда, түтеген боранда неше тәулік

бойы құрылыс алаңдарында қалып жұмыс істеді. Осының арқасында көшіріліп әкелінген көптеген заводтар мейлінше қысқа мерзімде қалпына келтіріліп, өнім бере бастады.

Кәсіпорындардың көшірілуі себепті олардың зат жеткізуші заводтармен, жапсарлас кәсіпорындармен байланысы үзіліп қалды. Партия ұйымдары совет және шаруашылық органдарымен бірге шикізатты, шала фабрикатты және басқа материалдарды дереу сол жердің өзінен іздеп тауып, қару-жарақ пен ұрыс жабдықтарын үздіксіз, барған сайын көп мөлшерде шығартып отырды. Олар майданның заказдарын өте тез орындау үшін кәсіпорындардың өзара жәрдемін ұйымдастырды.

Еліміздің шығысында соғыс өнімдерін шығару ісін жолға қоюда партияның Орталық Комитеті мен СССР Халық Комиссарлары Советінің 1941 жылдың төртінші тоқсанына және 1942 жылға арнап Еділ бойы, Орал, Батыс Сибирь, Қазақстан және Орта Азия үшін 1941 жылғы 16 августа қабылдаған соғыс-шаруашылық жоспарының зор ұйымдастырушылық маңызы болды. Жоспарда шығыс аудандарда қару-жарақ, ұрыс жабдықтарын, танктер, самолеттер, авиамоторлар, шойын, болат, түсті металдар, көмір, мұнай, электр қуатын өндіруді едәуір көбейту, негізгі темір жол тораптарын, станциялар мен жолдарды қайта құрып, кеңейту шаралары белгіленді.

Жеңіл өнеркәсіптің көптеген орындарын майданға арнап өнім өндіруге көшіру нәтижесінде, сонымен қатар еліміздің территориясының едәуір бөлегін жаудың оккупациялап алуы салдарынан көпшілік тұтынатын заттар мен азық-түлік өндірісі мықтап кеміген-ді. Сонымен бірге соғыс жағдайында мемлекеттің жабдықтауындағы халықтың саны көбейген еді. Сондықтан Совет үкіметі азық-түлік және өнеркәсіп товарларымен сауда жасауды тежеуге, өнім бөлуде карточка системасын енгізуге мәжбүр болды.

Партияның бүкіл ұйымдастырушылық, идеялық-саяси жұмысы жауды талқандауға халықты жұмылдыра ұйымдастыру міндетіне бағындырылды. Партия мен мемлекеттің аса көрнекті қайраткерлері, партия совет орындарының басшы қызметкерлері, ғылым мен мәдениет қызметкерлері, насихатшылар халық арасындағы көпшілік-саяси жұмысқа тікелей қатысып отырды. Күн сайын жүз мыңдаған үгітшілер кәсіпорындардың цехтарында, колхоздар мен совхоздарда, мекемелер мен әскер бөлімдерінде ағымдағы оқиғаларды айтып түсіндірумен болды. Кәсіпорындарда күнделікті саяси үгіт майдан заказдарын орындаумен тығыз байланыстырыла жүргізілді. Үгітшілердің әңгімелері көрнекті плакаттармен, тұжырымды да тартымды ұрандармен толықтырылып отырды.

Партия совет адамдарына соғыстардың сипаты мен жаратылысы туралы, олардың қоғамдық және мемлекеттік құрылыспен байланыстылығы туралы, Совет елінің жауларына қарсы күресте майдан мен тылдың міндеттері туралы, социалистік Отанымызды қорғауда халық пен армияның міндеттері туралы лениндік ілімді түсіндіріп отырды. Партия халықтың Ұлы Отан соғысының әділеттілік, азаттық сипатын түсінуіне көмектесті, советтің қоғамдық және мемлекеттік құрылыстарының артықшылықтарын, Отанымызды қорғауда, жауды жеңіп шығуда жұмысшылар мен шаруалар одағының, СССР халықтары достығының, советтік патриотизмнің шешуші роль атқаратынын халыққа айдан анық ашып көрсетті. Партия совет адамдарын марксизм-ленинизмнің ұлы идеялары рухында, еліміздегі халықтардың революциялық дәстүрлері рухында, Қызыл Армияның жауынгерлік дәстүрлері рухында тәрбиелеп отырды, жеңіп шығатындығымызға олардың сенімін күшейтті.

Соғыстың ең бойында партия ешқандай ауытқушылық, алауыздық дегенді білген емес, ол тас түйін берік ұйым ретінде, ленинизм туы астында топтасқан пікірлес коммунистердің біртұтас жауынгерлік одағы ретінде қимылдап отырды. Идеялық, ұйымдық бірлігі арқасында пар-

тия өз жұмысын соғыстың талабына сай тез қайта құра білді, бүкіл совет халқын өз туының астына топтастыра білді.

Соғыс басталар алдында партияда 3,8 миллион коммунист бар еді. Өнеркәсіп орындарында, ауыл шаруашылығында, Қызыл Армияда, мекемелерде халық бұқарасымен байланысы берік 170 мыңнан астам бастауыш партия ұйымдары болатын. Партия ұйымдары еңбекшілер арасында ұйымдастырушылық, көпшілік-саяси жұмысты тынбастан жүргізді, халықтың күшін соғыс міндеттерін шешуге жұмылдыру жөніндегі партия мен үкімет тапсырмаларының мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етті. Партия ұйымдары совет адамдарын еңбектегі ерлік істерге жігерлендірді, мобилизация жүргізу, майданға резервтер әзірлеу, Мемлекеттік қорғаныс комитетінің 1941 жылғы 18 сентябрьдегі қаулысы бойынша енгізілген еңбекшілердің жаппай міндетті әскери оқуын жолға қою ісінде әскери органдарға көмектесіп отырды. Партия ұйымдарының көмегімен әскери органдар әскер бөлімдерін құрды, оларды көбінесе сол жердің өзінде өндірілген қажетті қару-жарақпен жабдықтап, майданға жөнелтіп отырды.

Украина, Белоруссия, Молдавия, Литва, Латвия, Эстония, Карелия ССР коммунистік партияларының орталық, облыстық және аудандық комитеттері, гитлершілдердің шапқыншылығына ұшыраған РСФСР облыстарының партия комитеттері ірі-ірі қалалар мен маңызды шептердің қорғанысын ұйымдастыруда совет командованиясіне көмектесіп отырды. Мәселен, Смоленск облысының партия ұйымдары Смоленскідегі ұрыс кезінде қорғаныс құрылыстарын салуға 500 мыңнан аса адам шығарды. Бұл партия комитеттері өнеркәсіп орындарын, колхоздардың, совхоздар мен МТС-тердің малы мен бағалы мүліктерін көшіріп әкету ісін ұйымдастырды. Орталық Комитеттің нұсқауларын орындай отырып, олар фашистер басып алған территорияда астыртын партия ұйымдарын, партизан отрядтарын құрды. Жаудың басып алу қаупіне ұшыраған аудандар мен облыстардың партия ұйымдары коммунистер мен комсомолецтердің бір бөлегін күнілгері астыртын жағдайға көшірді, диверсиялық топтар мен партизан отрядтарын құрды, ормандар ішінде қару-жарақ, ұрыс жабдықтары, азық-түлік базалары мен қоймаларын жасады. Астыртын партия ұйымдары мен партизан отрядтарының басшылары болып ең табанды партия, совет, комсомол қызметкерлері ұсынылды.

Партия Қызыл Армия мен Флот қатарында зор жұмыс жүргізді. Партия оларға өзінің тандаулы күштерін берді. СССР Қарулы Күштерін басқаруға И. В. Сталин қойылды. Партия Орталық Комитетінің мүшелері мен мүшелікке кандидаттарының үштен бірге жуығы Отан соғысы майдандарында жүрді. Партияның көрнекті қайраткерлері К. Е. Ворошилов, А. А. Жданов, Д. З. Мануильский, Н. С. Хрушев, А. С. Щербаков армиядағы басшы қызметке жіберілді. Фашист басқыншыларды талқандауға совет халқының күшін жұмылдыру жөнінде СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. И. Калинин тынбай жұмыс істеді. Мемлекеттік қорғаныс комитетінің мүшелері Н. А. Вознесенский, А. И. Микоян, партияның Орталық Комитетінің секретары А. А. Андреев, ВЦСПС председателі Н. М. Шверник халық шаруашылығының аса маңызды салаларын басқарып, Қызыл Армияны барлық қажетті затпен жабдықтау ісін қамтамасыз етіп отырды.

Соғыстың алғашқы айларында партияның Орталық Комитетінің шешімі бойынша 48 мыңдай басшы партия, совет, кәсіподақ, комсомол қызметкерлері армия мен флотты нығайтуға жіберілді. Жүз мыңдаған коммунистер мобилизация бойынша және өз еріктерімен майданға кетіп жатты. Майдан маңындағы аудандардың партия ұйымдары түгелімен дерлік совет әскерлерінің қатарына қосылды. 1941 жылдың аяқ

шенінде армия мен флот қатарында 1300 мыңдай коммунист болды. Партия мобилизациясы бойынша армияға шақырылғандар майданның ең қиын учаскелеріне, сұрапыл қызу ұрыс жүргізіліп жатқан жерлерге, көпшілікке батыл да ержүрек жетекші боларлық, өз үлгісімен жауынгерлерді қаһармандық істерге жігерлендіре аларлық адамдар керек болып отырған жерлерге жіберілді. Партияның айбынды көмекшісі комсомол болды. Соғыстың алғашқы күндерінде-ақ Қызыл Армияға 900 мың комсомолец келіп қосылды.

Майдандар мен армиялардың соғыс советтері құрылды. Соғыс советтерінің құрамына тәжірибелі партия қызметкерлері — партия Орталық Комитетінің мүшелері мен мүшелікке кандидаттары, одақтас республикалар компартиялары орталық комитеттерінің, өлкелік және облыстық партия комитеттерінің секретарьлары: Л. И. Брежнев, Н. А. Булганин, Н. Г. Игнатов, Я. Э. Калнберзин, А. И. Кириченко, А. А. Кузнецов, В. П. Мжаванадзе, М. А. Суслов және басқалар кірді. Бұлар партияның Орталық Комитетімен, Мемлекеттік қорғаныс комитетімен үнемі байланыс жасап отырды, армияның партия ұйымдарына сүйене отырып, солардың директиваларын жүзеге асырды. Соғыс советтерінің жанынан армия әскер бөлімдерінде партиялық-саяси жұмысқа басшылық ететін саяси бөлімдер құрылды.

1941 жылғы июльдің орта шенінде Қызыл Армия мен флотта соғыс комиссарлары институты енгізілді. Бұл шара әскери тәртіпті нығайтуда, жауынгерлік міндеттерді шешуде командалық құрамына тікелей көмек ұйымдастыру үшін армияда бүкіл партиялық-саяси жұмысты қайта құру қажеттігінен туған еді. Соғыс комиссарлары институтын енгізудің өте-мөте қажет болған себебі — совет командирлерінің кадры запастағы офицерлердің есебінен едәуір толықтырылған еді, армияда партиялық-саяси жұмыс жүргізуде бұлардың тәжірибесі жоқ еді, сондықтан да бұлар командирлерге-дара бастықтарға қойылатын талаптар дәрежесіне онша сай емес-ті. Партия соғыс комиссарлары қызметіне көбінесе әскери дайындығы да бар тәжірибелі партия қызметкерлерін жоғарылатты. Соғыс комиссарлары, партиялық-саяси аппаратқа және армиялық партия ұйымдарына сүйене отырып, командирлердің беделін арттырды, жауынгерлік міндеттердің орындалуын ұйымдастыруда оларға көмектесіп отырды. Соғыс комиссарлары совет жауынгерлерін Отанымызға шын берілген, оны жан-тәнімен сүйетін адамдар рухында, Отанымыздың жауларын жан-тәнімен жек көретін адамдар рухында тәрбиелеп, революциялық тәртіп пен әскери ережені нығайтуға көмектесіп отырды, совет әскерлерінің жауынгерлік табандылығын арттырып отырды. Өздерінің батырлық, ерлік өнегесімен, батыл ұрандарымен комиссарлар жауынгерлерді өз күшіне кәміл сенетін, қаймықпас қаһармандар етіп баулыды. Ұлы Отан соғысының алғашқы, ең қиын дәуірінде Қызыл Армияны нығайтуда, оның жауынгерлік қабілетін арттыруда соғыс комиссарларының сіңірген еңбегі зор.

Коммунистік партия бүкіл совет халқын өзі бастап, қасиетті Отан соғысына аттандырды. Совет Қарулы Күштерінің қуатын өршітіп, молайту ісін қамтамасыз етті, майданды барлық қажетті заттармен жабдықтау үшін еліміздің тылындағы жұмысты ұйымдастырды. Осының нәтижесінде фашистік Германияны және оның сыбайластарын толық жеңіп шығу үшін аса маңызды ішкі алғышарттар жасалды.

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің лениндік данышпандық сыртқы саясаты жеңімпаз соғыс жүргізу үшін неғұрлым қолайлы халықаралық жағдай жасауға едәуір себепкер болды. Бұл жөнінде Гитлерге қарсы одақтың құрылуы және осыған байланысты фашистік мемлекеттер блогының оқшау қалдырылуы ерекше маңызды болды.

Фашистік Германия СССР-ге алғаш шабуыл жасаған күндерде-ақ гитлершілдердің біздің елді халықаралық көлемде оқшау қалдыру, Ан-

Англия мен АҚШ-ты совет еліне қарсы соғысқа тарту жөнінде жасаған есептері іске аспай қалды. 1941 жылғы 22 июньде Англия үкіметі, ал 24 июньде АҚШ үкіметі де Германияға қарсы соғыста Совет Одағына жәрдем көрсетуге дайын екендігін мәлімдеді. Сонымен, герман фашизміне қарсы күресте дүние жүзіндегі ең ірі екі капиталистік ел СССР-мен бір лагерьде болып шықты.

Германияға қарсы соғыста социалистік ел мен капиталистік елдердің біріккен себебі не? Әңгіме мынада: фашистік мемлекеттер блогы мен Англия, Франция және АҚШ сияқты империалистік державалар тобының арасында екінші дүниежүзілік соғыстан бұрын-ақ болып келген шиеленіскен қайшылықтар соғыс кезінде бұрынғыдан бетер қатты күшейді. СССР-ге шабуыл жасар кезде бүкіл Батыс Европаны түгел дерлік оккупациялап алған Германия Британ аралдарына басып кіру қаупін төндірді. Капиталистік дүниеде фашистердің қалың қолын талқандау былай тұрсын, тым болмаса тоқтата алатын күш табылмады. Гитлер армиясының бел омыртқасын үзе алатын және дүние жүзінде үстемдік орнатуға ұмтылған фашистік Германияның жолын бөгей алатын нақты күш тек Совет Одағы екендігі барша жұртқа, оның ішінде Англия мен АҚШ-тың билеуші топтарына да айқын болған еді. Осындай жағдайларда фашистік Германия сияқты аса қауіпті ортақ жауға қарсы Совет Одағымен бірігу Англия мен АҚШ үшін тиімді болып шықты.

Сонымен, империалистік екі топтың арасындағы терең қайшылықтар фашистік Германияны және оның сыбайластарын талқандау үшін барлық прогресшіл күштерді топтастыру жолында жүргізген күресінде Совет мемлекетінің өзгеше бір резерві болды.

Гитлерге қарсы СССР мен одақ жасасқанда, американ және ағылшын империалистері социализмнің жаулары болудан қалған жоқ-ты. Олардың көбі СССР-ге өздерінің душпандық көзбен қарайтынын жасырмайтын да. Олар Германия мен Совет Одағының соғыста бірін бірі титықтатуын көздеді. Американ сенатының мүшесі, кейін АҚШ президенті болған Трумэн фашистік Германия СССР-ге шабуыл жасаған күннің ертеңінде-ақ былай деді: «Егер біз Германияның ұтатынын көретін болсақ, онда Россияға көмектесуіміз керек, ал егер Россия ұтатын болса, онда Германияға көмектесуіміз керек, сөйтіп, олар бірін бірі көбірек қыра беретін болсын». Соғыстың бас кезінде ағылшын авиация өнеркәсібі министрі Мур Брабазон да нақ осындай пікір айтты.

Дүние жүзінің барлық елдеріндегі қалың халық топтарының СССР-ді қолдаған қуатты қозғалысы да Англия, АҚШ және басқа капиталистік елдер үкіметтерінің позициясына аса зор әсер етті. Көптеген елдерде, оның ішінде Англия мен АҚШ-та, Совет Одағына тілектестік білдірген думанды митингтер мен демонстрациялар болып жатты. Халық бұқарасы герман фашизміне қарсы соғыста Совет Одағын барынша қолдауды өз үкіметтерінен талап етіп отырды.

Сонымен, 1941 жылдың аяқ шенінде СССР, Англия және АҚШ үшеуінің Гитлерге қарсы одағы құрылды. Бұл одаққа гитлершілдер оккупациялап алған елдердің — Польшаның, Чехословакияның, Югославияның, Францияның, Бельгияның, Голландияның, Норвегияның және басқа елдердің халықтары қосылды. Халықтары 1937 жылдан бастап империалистік Жапонияға қарсы ерлік күрес жүргізген Қытай, ағылшын доминиондары да және басқа бірқатар мемлекеттер де Гитлерге қарсы одаққа кірді. Мұның өзі фашист басқыншыларға қарсы күресу үшін біріккен халықтардың күдіретті одағы еді. Адамзаттың барлық демократияшыл, фашизмге қарсы күштері бұл одаққа тілектестік білдіріп, оны қолдап отырды.

Гитлерге қарсы одаққа қатысушылардың соғыста көздеген мақсаты түрлі-түрлі болды. СССР-ден өзгеше және өз елдеріндегі қалың ха-

лық бұқарасының мүдделеріне қарама-қарсы Англия мен АҚШ билеуші топтары герман фашизмін толық талқандау мақсатын көздеген жоқ. Германияны және басқа елдерді реакцияшыл күштердің үстемдігінен азат ету олардың ниетіне жат еді. Олар көбінесе дүниежүзілік рыноктағы қауіпті бәсекелестері болған Германия мен Жапонияны жолдан тайдыруды ғана көздеді. Бірақ, бұған қарамастан, ортақ жауға — фашистік мемлекеттердің одағына қарсы соғысты Совет Одағымен бірлесе жүргізіп, Англия мен АҚШ фашистік Германияны және оның сыбайластарын жеңіп шығу ісіне объективтік көмек көрсетті.

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің соғыс кезіндегі сыртқы саясаты фашистік мемлекеттер блогын талқандау мақсатын көздеген бостандық сүйгіш халықтардың жауынгерлік одағын нығайтуға, герман фашизмінің тепкісіне түскен Еуропа халықтарын құтқаруға қызмет етті.

2. Гитлердің «қауырт соғыс» жоспарының сәтсіздікке ұшырауы. Москва түбінде неміс-фашист әскерлерінің талқандалуы

Совет-герман майданында күшейе түскен ұрыстардан неміс-фашист басқыншылары СССР-ге қарсы жүргізілген соғыстың Батыс Еуропадағы соғыстан мүлде өзгеше екендігін алғашқы апталардың ішінде-ақ көріп білді, өйткені олар Батыс Еуропада айтарлықтай қарсылыққа кездеспеген болатын. Неміс-фашист басқыншыларының Батыста табысқа жеткен себебі Батыс Еуропа елдері армияларының осалдығынан, олардан Гитлер армиясының басым болғандығынан ғана емес еді. Сонымен қатар мұның тағы бір себебі—ішкі реакцияшыл күштер бүлдіру әрекетін жүргізді, олар өз халқынан қорқып, өз ұлтына опасыадық жасау жолына түсті, жау жағына шықты, Гитлердің Еуропада фашистік тәртіп орнатуына көмектесті. Совет Одағында ешбір мұндай жағдай болған жоқ және болуы мүмкін емес те еді.

Фашистік Германияға қарсы совет халқының Ұлы Отан соғысы екі армияның арасындағы, екі мемлекеттің арасындағы дағдылы соғыс емес еді. Бұл соғыста Совет Одағы сияқты жаңа қоғамдық құрылыстың — социализмнің және Гитлер Германиясы сияқты фашистік тәртібі бар ең реакцияшыл, империалистік мемлекеттің арасында өліспей бітіспейтін күрес жүргізілді. Бүкіл совет халқы, барша прогресшіл адамзат бұл соғыстың жеңіспен аяқталуын тіледі.

Жауды талқандау жолындағы күресте халық пен мемлекет мүдделерінің Ұлы Отан соғысы кезіндегідей сайма-сай келіп, толық үйлескенін бейнелейтін мұндай азаттық соғыстар тарихта бұрын-соңды болып көрген жоқ-ты. Россия жұмысшылары мен шаруаларының интервенттер мен ақгвардияшыларға қарсы 1918—1920 жылдардағы жүргізген азамат соғысының өзі-ақ Совет мемлекетінің халық бұқарасымен тығыз байланысты екенін, пролетариат диктатурасының мемлекетін халықтың жан аямай қорғайтындығын көрсетіп берген-ді. Бірақ ол кезде Совет елінде әлі де қанаушы таптар болатын, соның салдарынан интервенттер мен ақгвардияшылар Қызыл Армияның тылында контрреволюциялық заговорлар мен кулактардың бүліктерін ұйымдастыруға мүмкіндік алып отырды.

Ұлы Отан соғысының азамат соғысынан бір өзгешелігі, ол социализм жеңген жағдайда, елімізде қанаушы таптар жойылған кезде, Қызыл Армияның тылында жаудың қандай да болсын бүлік ұйымдастыруына керекті әлеуметтік негіз құрыған кезде жүргізілді. Елімізде орынққан социалистік құрылыс совет қоғамының моральдық-саяси бірлігін қамтамасыз етті. Отанымызға төнген қатерлі қауіп совет халқын бұрынғыдан да нық біріктірді, жұмысшылар мен шаруалардың одағын бұрынғыдан да мықтап нығайтты, СССР халықтарының достығын күшейте

түсті. Фашистік Германияға қарсы соғыс әуел бастан-ақ неміс-фашист басқыншыларына қарсы бүкіл совет халқының отан соғысына айналды.

Қызыл Армия соғыстың алғашқы апталарында-ақ гитлершілдердің ойлағанынан гөрі едәуір күшті болып шықты. Оның өзі халыққа шын берілген еді, сондықтан да оны совет тылы барынша қолдап, армияны адаммен, қару-жарақпен, ұрыс жабдықтарымен, азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырды, оның жауынгерлік рухын көтерумен болды. Соғыстағы сәтсіздіктеріне қарамастан, совет әскерлері өзінің күштілігін табандылығымен, ерлігімен, қаһармандығымен көрсетіп берді. Азаттық соғыстың әділетті сыйпатын ұсынуы, өзінің социалистік Отанын қорғаудың өмірлік қажеттігін түсінуі Қызыл Армияны тастай берік етіп нығайтты, жаппай ерлік туғызды.

«Қандай соғыста болсын, — деді В. И. Ленин, — жеңістің өзі сайып келгенде ұрыс даласында қан төгуші бұқараның рухани күйіне байланысты. Соғыстың әділеттілігіне көзі жету, өз бауырларының игілігі үшін жанын құрбан етудің қажеттігін түсіну солдаттардың рухын көтереді және оларды құлақ есітіп көрмеген ауыртпалықтарға төзуге көндіреді» (В. И. Ленин. Шығармалар, 31-том, 130-бет).

Неміс-фашист басқыншыларымен болған ұрыстарда Қызыл Армияның тұтас бөлімшелері мен әскер бөлімдері асқан ерлік, тапқырлық, батырлық көрсетіп отырды. Жау совет әскерлерінің қайтпас табандылығына, ерлігіне кезікті. Соғыстың алғашқы күндеріндегі совет жауынгерлерінің патриоттық ерлік істерін көрсететін айқын бір мысал — Брест қамалын қорғау. Капитан И. Н. Зубачев, полк комиссары Е. М. Фомин, майор П. М. Гаврилов бастаған кіші-гірім совет гарнизоны қамалдың ескі бекінісінде (орта шенінде) қоршауда қалып, саны жағынан да, ұрыс техникасы жағынан да күші әлденеше есе басым жаудың жанталасқан атақаларын 20 күннен астам уақыт ерлікпен тойтарып отырды. Қамал казармаларының біріндегі қираған дуалда: «Өлсем де берілмеймін. Қош бол, Отаным!» — деген кісі тебіренерлік қысқаша жазу бар. Сөйтіп, гитлершілдер Смоленскіге таянып келгенде олардың тұсыртындағы тылында, Батыс Буг өзенінің бойында қызу ұрыс әлі тоқтаған жоқ-ты.

Ұлы Отан соғысының тарихында Қызыл Армияның жеке бөлімдері мен гарнизондарының жауға ерлікпен қарсыласқанын көрсететін мұндай мысалдар толып жатыр. Тіпті неміс-фашист әскерлерінің тез ілгерілеуі салдарынан қоршауда қалған бөлімдер де ерлікпен күрес жүргізе берді, қоршаудан жарып шықты немесе партизандық қимыл әдістеріне көшіп, неміс-фашист басқыншыларына тылдан соққы беріп отырды.

Соғыстың бастапқы ауыр кезеңінде жеке совет жауынгерлерінің ерен ерлік істері де көп болды. Эскадрилья командирі коммунист Николай Гастеллоның ерлік ісі қаһармандық пен батырлықтың бейнесі болып табылады. Ол от-жалын шарпыған бомбылағыш самолетін жаудың топты танктері мен цистерналарының төбесінен шүйілдірді. Самолеттің қатты жарылуы мен лаулаған өрт жаудың бірнеше машинасын экипаждарымен қоса құртып жіберді.

Ерлік іс совет жауынгерлерінің көпшілігі үшін мінез ережесіне айналды.

Совет әскерлерінің қарсылығы күн санап күшейе түсіп, жаудың шабуыл қарқыны үздіксіз бәсеңдей берді. Екінші бірінде Қызыл Армия бөлімдері қарсы атака жасап, жауға күйрете соққы беріп отырды.

Солтүстік-батыс бағытта гитлершілдер августа Ленинградқа таянып, оны штурммен басып алуға әрекеттенді. Бірақ Қызыл Армия мен Балтық флотының әскерлері, сонымен қатар қала халқы Ленинградты төсін төсеп қорғады. Ленинград партия ұйымы қала қорғанысын басқарды. 160 мыңдай ленинградтықтар партияның шақыруы бойынша халық жасағы дивизияларына кірді. Ленинград партия ұйымының 70 мың-

дай коммунисті майданға кетті. Олар қаланы қорғаушылар қатарына жаңа күш бітіріп, олардың табандылығы мен батырлығын нығайтты. Жүз мыңдаған ленинградтықтар, көбінесе әйелдер, қорғаныс құрылыстарын салуға шықты. Жаудың артиллериядан атқылап, әуеден бомбы тастауына қарамастан, фабрикалар мен заводтар еселеген жігермен майдан үшін жұмыс істеді. 1941 жылғы сентябрьдің ортасында Қызыл Армия әскерлері мен Балтық флоты Ленинград еңбекшілерінің мықтап қолдауымен қаланың таяу іргесінде жауды тоқтатып тастады. Ленинградты басып алу және Ленинград бағытындағы әскерлерін Москваға соққы беру үшін пайдалану мақсатын көздеген Гитлер жоспары күйреп қалды.

Оңтүстік-батыс бағытта да табан тірескен ұрыстар болып жатты. Мұнда совет әскерлері Украин ССР-нің астанасы Киевтің іргесінде жаудың басым күштерін екі айдан астам уақыт бөгеді. Тек 1941 жылғы 20 сентябрьде, Оң жағадағы Украинаны түгел басып алған гитлершілдер Қызыл Армияның Киевтегі тобын қоршау қаупіне ұшыратқан кезде ғана совет әскерлері Киевті тастап кетті.

1941 жылғы августың бас кезінде неміс-румын әскерлері Қара теңіз жағасына жарып өтіп, Одессаны алқа-қотан орап алды. Қызыл Армия мен Қара теңіз флотының әскер бөлімдері сан жағынан әлде неше есе басым жаудың атакаларын асқан ерлікпен, қажырлылықпен тойтарып отырды. Еңбекшілерді бастаған Одесса партия ұйымы қолына қару алып қаланы қорғады. Бекіністер жасауға 100 мыңға тарта адам қатысты. Көшеде баррикадалық ұрыстар жүргізу үшін құрылған кәсіпорындардың отрядтары мен жауынгерлік жасақтарына 10 мыңнан астам адам кірді. Одесса түбіндегі ұрыстар 68 тәулік бойы күндіз-түні тынымсыз жүргізілумен болды. Совет әскерлері жаудың атакаларын тойтарумен бірге өздері де қарсы атакалар жасап, дұшпанды орасан шығынға ұшыратып отырды. Тек Жоғарғы бас командованиенің бұйрығы бойынша Қызыл Армия мен Флот бөлімдері қаланы тастап шығып, оның гарнизоны мен қала халқының бір бөлегі теңіз арқылы Севастопольге және Солтүстік Кавказға әкетілген кезде ғана Гитлер әскерлері Одессаға кірді.

Қырым бағытында сентябрьдің аяғында жау Перекоп қылтасы арқылы ілгері жарып өтті. Жау әскерлері бар күшін жұмсап Севастопольге түйлікті. Олар совет әскерлерінің позицияларын үздіксіз түйгіштеумен болды, қаланы әуеден бомбылады, оны қамал бұзатын артиллериядан атқылады, бірақ олар жау атакаларын бірінен соң бірін тойтарған Севастопольдің ержүрек қорғаушыларының жауынгерлік рухын жасыта алған жоқ. Солдаттар мен матростар, Севастополь еңбекшілері коммунистердің жетекшілігімен иін тіресе ұрыс жүргізіп, қорғаныс құрылыстарында еңбек етті. 15 мың севастопольдік халық жасағына кірді. Қаладан майданға қосымша күш үздіксіз барып жатты. Коммунистердің басым көпшілігі алдыңғы позицияларға кетті.

Батыс бағытында неміс-фашист әскерлері жолшыбай Днепрден соғыса өтіп, Смоленскіні алуға, сөйтіп Москваға соққы беруге әрекеттенді. 10 июльде Смоленск шайқасы басталып, екі айдан аса уақытқа созылды. Совет әскерлерінің қажырлы қорғанысы және әсіресе Духовщина мен Ельня маңында берген қарсы соққылары неміс-фашист армиясын зор шығынға ұшыратты, Москваға қарай қауырт ілгерілемек болған гитлершілдердің ниетін іске асырмай тастады. Жау лажсыздан совет астанасынан 300 километр жерде тоқтап, уақытша қорғанысқа көшуге және өз күштерін қайтадан топтауға тиіс болды.

Сонымен, Қызыл Армияның қаһармандығы мен табандылығы гитлершілдердің «қауырт соғысқа» артқан үмітін жоққа шығарды. Неміс-фашист әскерлерінің шабуылы аса маңызды бағыттардың бәрінде тоқтатылды.

Бірақ Гитлер командованиесі, әскерлерінің орасан шығынға ұшырағанына қарамастан, өзінің авантюристік стратегиясынан бас тарта қойған жоқ. Ол қандай шығыннан болса да тайынбастан қыс түскенше Москва мен Ленинградты басып алуға, Қырымды толық менгеруге, соңын Кавказға шығуға ұмтылды. Осы мақсатпен гитлершілдер 1941 жылдың күзінде барлық негізгі бағыттарда шабуылын қайтадан бастап, басты соққысын Москва жағына жұмсады. Сентябрьдің аяғында Москва бағытында 80-ге жуық неміс дивизиясы, оның ішінде 23 танк дивизиясы мен моторлы дивизиясы әрекет етті.

30 сентябрьде — 2 октябрьде неміс-фашист әскерлерінің Москваға шабуылы басталды, жау совет әскерлерінің негізгі тобының флангтері мен орталығына соққы берді. Алғашында жаудың шабуылы жедел қарқынмен өршіді де, совет әскерлері тағы да едәуір кейін шегінді. Жау Москва облысының жеріне жарып өтіп, Москваның киыр іргесіне жетті.

Соғыс басталғаннан бергі уақыттың ішінде Совет еліне ең қауіпті жағдай туды. Жау астанаға жақындады, құрылықтан Ленинградты қоршап алды. Белоруссия, Молдавия, Литва, Латвия, Эстония, Украинаның, Қырымның, Карел-Фин республикасының көп жері оккупацияланып алынды. Еліміз Оңтүстіктің металлургиясынан, Донец пен Подмосковье көмір бассейндерінен айрылды. Көшіріп әкетілген кәсіпорындардың көпшілігі әлі іске қосыла қойған жоқ еді. 1941 жылдың екінші жартысында өнеркәсіптің жалпы өнім мөлшері екі еседен де астам кеміп кетті. Транспортқа да өте үлкен ауыртпалық түсті. Осының бәрі майданды қару-жаракпен, ұрыс жабдықтарымен жабдықтау ісінде үлкен қиыншылықтар туғызды.

Жау уақытша басып алған аудандарда совет адамдары сұрапыл қасірет-қайғыға ұшырады. Гитлершілдер өздері басып кірген жерлердің бәрінде де қанды террор тәртібін орнатты. Олар қалалар мен селоларды, өнеркәсіп орындары мен колхоздарды қиратып, тонаумен болды, фабрикалардың, заводтардың, МТС-тердің бағалы жабдықтарын, астық пен малды Германияға әкетумен болды. Мектеп, жоғары оқу орындары, клуб, кітапхана үйлерін олар казарма етіп жіберді. Қалалар мен селолардың бейбіт халқы зорлық-зомбылыққа, азапқа, өлім жазасына душар болды. Оккупанттар халыққа каторгалық еңбек тәртібін орнатты. Жүз мыңдаған бейбіт тұрғындар түкпірдегі неміс тылына айдалып кетіп жатты.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі жеріміздің әр сүйемін ақтық тамшы қанымыз қалғанша қорғау, жауды қайткен күнде де тоқтату, Москваның іргесінде оған күйрете соққы беру, сөйтіп фашист армиясының тегеурінді күштерін қырып-жою міндетін алға қойды. Партия совет халқын астанамызды қорғаушы Қызыл Армия бөлімдеріне барынша көмектесуге шақырды.

Совет адамдары партия мен үкіметтің шақыруына қызу үн қосты. Москваны қорғаушылар шексіз ерлік көрсетіп, жаудың көптеген атақаларын жанқиярлықпен тойтарып отырды. Еділ бойының, Оралдың, Сибирьдің және еліміздегі басқа да аудандардың партия ұйымдары армияны қару-жаракпен, ұрыс жабдықтарымен жабдықтаушы заводтар мен транспорттың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етті. Жұмысшылар, инженерлер мен техниктер майданға соғыс өнімін еселел бере бастады. Колхозшылар азық-түлікті мол өткізумен болды. Теміржолшылар әскерлер мен соғыс жүктері тиелген эшелондарды майданға тезірек жөнелтіп отырды. Орал мен Сибирьде партия ұйымдарының бастамасы бойынша жаңа полктер мен дивизиялар жасақталып жатты, оларға ерікті жұмысшылар, ең алдымен коммунистер кірумен болды. Олар астананы қорғау үшін дереу майданға аттанып жатты.

Жау Москваға жақындаған сайын совет әскерлерінің қарсылығы үздіксіз өсе түсті. Октябрьдің аяғында неміс-фашист әскерлері Кали-

нинді, Можайскіні алып, Наро-Фоминск мен Тулаға жақындап, өздері орналасқан шептерде тоқтатылды.

Москва фашистерді қажырлы қорғаныспен қарсы алды. Астана жауға тойтарыс беруге күн ілгері, жаздан бастап-ақ әзірленген болатын. Астананың қорғанысын нығайту жөнінде Москва партия ұйымы үлкен жұмыс жүргізді. Москва мен Москва облысынан 100 мыңнан астам коммунист және 260 мың комсомолец майданға кетті. Москва партия ұйымы активінің 13 октябрьде болған жиналысы коммунистердің алдына астанамызға төсінді төсеп берік қорған болу, еңбекшілерді ұйымдастырып, алға бастау, Москваны мызғымае қамалға айналдыру міндетін қойды. 120 мың москвалық — тең жартысы коммунистер мен комсомолецтер болған халық жасақшылары алдыңғы позицияларға жөнелді. Москвада коммунистік жұмысшы жасақтары құрылып жатты. Әуе шабуылынан қорғайтын жергілікті отрядтарда 24 мыңнан астам ерікті москвалықтар болды, бұлар өз орындарында күндіз-түні күзетте болып, кәсіпорындарды, мекемелерді, тұрғын үйлерді қорғауға әзір тұрды. 500 мыңнан астам әйелдер, жас жігіттер мен қыздар астана іргелерінде қорғаныс құрылыстарын салумен болды. Москва кәсіпорындарының жұмысшылары соғыс заказдарын орындау үшін бар күшін қарыштап, аянбай жұмыс істеді, тәуліктер бойы өз станоктарының қасында болды, олар тіпті фашист авиациясы шабуыл жасаған кезде де жұмысын тоқтатпады. Сталин атындағы (кәзір Лихачев атында) заводтың, Орджоникидзе атындағы заводтың, «Трехгорная мануфактура» фабрикасының комсомолецтерінің инициативасы бойынша комсомол-жастардың майдандық бригадалары құрылып, жоспарларын 200 проценттен асыра орындап отырды.

Сан алуан ұрыс жағдайларында совет жауынгерлері қару күшін шебер қолдану өнерін үйренді, жауынгерлік тәжірибе, білім алып, жетіле берді. Москваның қиыр шетіндегі ұрыстарда үздік әскери тәжірибені меңгерген совет гвардиясы туып өсті, ол Қызыл Армияның онды дәстүрлерін ілгері бастырумен болды. Астананы қорғаушы совет әскерлері түкпірдегі тылдан жақсы жабдықталып, әбден әзірленіп келген атқыштар дивизияларының, танк бригадаларының, артиллерия полктерінің есебінен едәуір күшейтілді. Көптеген совет әскер бөлімдері жергілікті партия ұйымдарының бастамасы бойынша еріктілерден құрылған-ды. Совет авиациясы да күшейіп, Москва маңында совет ұшқыштары бірте-бірте әуеде үстем бола бастады.

Майданның жақындығына қарамастан, 1941 жылғы 6 ноябрьде Москвада еңбекшілер депутаттары Москва Советінің астанадағы партия және қоғам ұйымдарымен бас қосқан дәстүрлі мәжілісі болды. Ұлы Октябрь социалистік революциясының 24 жылдығы туралы И. В. Сталин баяндама жасады. Ол еліміздің басына төнген қауіптің күшейе түскенін айтып, партия мен үкімет атынан совет адамдарын майданға көмектесу үшін жан аямай еңбек етуге шақырды да, неміс-фашист армияларының соғыс қуатын күйрету, совет халқын құлдыққа салу мақсатымен совет территориясына басып кірген фашист басқыншыларын бірін қалдырмай қырып-жою міндетін алға қойды.

7 ноябрьде Москвадағы Қызыл алаңда Қызыл Армияның дәстүрлі парады болды. Қызыл Армияның жауынгерлеріне, партизандарға, барлық совет адамдарына арнап И. В. Сталин былай деді:

«Неміс басқыншыларының талаушы шапқыншыларын құрта алатын күш деп, сіздерге бүкіл дүние жүзі қарап отыр. Неміс басқыншыларының тепкісіне түскен Европаның құлдықтағы халықтары сіздерді өздерінің азат етушілері деп танып, сіздерге қарап отыр. Ұлы азаттық міндеті сіздерге жүктелді. Осы міндетті орындауға сай болындар?...

Лениннің туы астында жеңіске қарай алға басайық!»

Ұрысқа сайланған совет әскерлері парадтан шығып тіке майданға кетіп жатты.

Ноябрьдің екінші жартысында неміс-фашист әскерлерінің командованиясы Москваны алуға қайтадан әрекет жасады. Бұл жолы шабуылға 51 дивизия аттанды, оның ішінде 20 танк дивизиясы мен моторлы дивизия бар еді. Волоколамск мен Тула маңында кескілескен ұрыстар басталып, жаудың күшті әскери топтары Қызыл Армияның майдан шебін бұзып өтуге, сонсын совет астанасын қоршап, басып алуға ұмтылды. Тула партия ұйымы еңбекшілерді қаланы қорғауға, қорғаныс құрылыстарын салуға аттандырды, қарулы жұмысшылар отрядтарын құруда командованиеге көмектесті. Жау күш жағынан тым басым бола тұрса да, Туланы қорғаған Қызыл Армия бөлімдері мен жұмысшы жасақтарының қаһармандық қарсылығын жеңе алмады.

Москваның таяу іргесінде Қызыл Армия бөлімдері советтік Отанымыз үшін ақтық тамшы қаны қалғанша күресті. Генерал И. В. Панфилов басқарған даңқты 316-шы атқыштар дивизиясына қарасты бөлімшелердің бірінің қаһармандық ісі халықтың жадында мәңгі сақталады. Волоколамск тас жолында, Дубосеково разъезінің қасында политрук В. Г. Клочков-Диев бастаған отыз шақты совет жауынгері фашистердің 50 танкімен айқасты. Жауынгерлер түгел дерлік қаза тапқанымен, жауды ілгері бастырған жоқ.

Совет адамдарының жанқиярлық еңбегі, партия ұйымдарының орасан ұйымдастырушылық қызметі арқасында әскерлер мен ұрыс техникасының мол резервтері жасалды. Бұл резервтер майданға жедел жеткізіліп, Москва маңындағы жаудың тегеурінді топтарының флангтерінде жинақтала берді.

Коммунистік партия жаудың тылында ұйымдастырған партизан қозғалысы Москва түбіндегі ұрыс операцияларында Қызыл Армияға үлкен көмек көрсетті. Жау оккупациялап алған аудандарда жүздеген партизан отрядтары әрекет етті. Партизандар неміс-фашист әскер бөлімдерінің тылдары мен обоздарын талқандап, темір жолдар мен тас жолдарды бүлдіріп, жаудың байланысын бұзып, складтары мен базаларын жойып, адам күшін қыра берді. Олар Қызыл Армия бөлімдеріне керекті ақпарлар жинап, неміс-фашист әскерлерінің бөлімшелеріне шабуыл жасап, жауды қырумен болды.

Бүкіл халықтың қолдауымен Қызыл Армияның жан аямай жүргізген күресі майданның шешуші бағытында күштердің ара салмағын СССР-дің пайдасына өзгертіп, совет әскерлерінің қарсы шабуылға көшуіне жағдай жасады.

Ең алғашқы ірі шабуылын Қызыл Армия 1941 жылғы ноябрьдің аяғында — декабрьдің басында, жаудың күштерін титықтатып, әлсіретіп барып, совет-герман майданының өн бойында жауды тоқтатқан кезде жасады. Ең алдымен совет әскерлері Дондағы Ростов пен Ленинградқа қауіп төндірген жау топтарына соққы берді. Осының нәтижесінде ноябрьдің аяғында жаудың Ростов тобы талқандалып, Дондағы Ростов азат етілді. Сондай-ақ Ленинградты толық қоршап алу үшін фин әскерлерімен қосылу қауіпін төндірген жаудың Тихвин тобы да жеңіліске ұшырады. Декабрьдің басында Тихвин қаласы азат етілді. Ростов пен Тихвин түбіндегі жеңістеріміз совет әскерлерінің флангтерін нығайтты, сөйтіп неміс-фашист командованиясының майданның бұл учаскелерінен Москва түбіне өз күштерінің бір бөлегін жіберуіне бөгет жасады.

1941 жылғы 6 декабрьде Батыс, Калинин және Оңтүстік-Батыс майдандарының әскерлері Москва түбінде қарсы шабуылға көшті. Калининнен Елецке дейінгі кең майданда, жалпы ұзындығы 800 километр өңірде, кескілескен ұрыстар тағы да қыза түсті. Батыс, Калинин және Оңтүстік-Батыс майдандары әскерлерінің бірлесе соққы беруі нәтиже-

сінде неміс-фашист әскерлерінің көптеген құрамалары қатты жеңіліске ұшырады. Декабрьдің ортасында Батыс майданының әскерлері солтүстік пен оңтүстіктен Москваға қауіп төндірген неміс-фашист әскерлерінің тобын талқандап, 30 декабрьде Калуганы азат етті. Оңтүстік-Батыс майданындағы совет әскерлері гитлершілдердің Елец тобын талқандап, Елецті азат етіп, Орел бағытында шабуылын үдете бастады. Калинин майданының әскерлері Калининді азат етіп, Ржев бағытында алға баса берді.

1942 жылғы январьда Қызыл Армия кең майданда жалпы шабуылын өрістетіп, кейбір жерде батысқа қарай 400 километрден астам ілгеріледі. Москва мен Тула облыстары, басқа облыстардың ондаған қалалары мен жүздеген селолары неміс-фашист басқыншыларынан толық азат етілді. Сонымен қатар совет-герман майданының кейбір басқа учаскелерінде де: Волхов өзені маңында, Лозовая — Барвенково бағытында, Керчь түбегінде шабуыл ұрыстары өріс алды. Бұл ұрыстардың нәтижесінде жау тағы да жеңіліске ұшырады.

Қызыл Армияның Москва түбіндегі жеңісінің аса зор әскери және саяси маңызы болды. Екінші дүниежүзілік соғыс басталғаннан бергі жерде неміс-фашист армиясы бірінші рет қатты жеңілді. Кескілескен ұрыстарда Қызыл Армия жаудан стратегиялық инициативаны тартып алды, дұшпанның таңдаулы жаяу әскер және танк дивизияларын талқандады. Неміс-фашист авиациясы ауыр шығынға ұшырады. Қарулы күрес барысында совет-герман майданындағы жағдай өзгере бастады. Қызыл Армия Гитлердің «қауырт соғыс» жоспарын біржола мүрдем кетіріп, фашист армиясы жеңілмейді деген ертегінің күлін көкке ұшырды. Германия лажсыздан созалаң соғысқа келіп килікті, ал Гитлердің жасаған есебі бұлай емес-ті.

Қызыл Армияның Москва түбіндегі жеңісі гитлершілдер құлдыққа салған Европа халықтарын күреске жігерлендірді, олардың фашизм күштеріне қарсыласарлық қабілетін арттырды. Қызыл Армия табыстарының әсерімен Гитлерге қарсы одақ нығая берді.

Москва түбіндегі жеңіс халық пен оның армиясының рухын көтерді, фашистік Германияның сөзсіз талқандалатындығына олардың сенімін күшейтті. Совет халқы ақтық жеңіске жеткенше жаумен аянбай күресу үшін Коммунистік партияның төңірегіне бұрынғыдан да берік топтаса түсті.

3. Майданда 1942 жылғы жазда жүргізілген ауыр күрес. Сталинградты ерлікпен қорғау

Москва түбінде неміс-фашист әскерлерін жеңуіміз, 1941-42 жылғы қыста Қызыл Армияның ойдағыдай шабуыл жасауы Совет Одағы мен оның армиясы Ұлы Отан соғысының бас кезіндегі күшті екенін дәлелдеді. Алайда неміс-фашист армиясының бел омыртқасын күйретіп, оны Совет елінің шегінен қуып шығу үшін бұл жеткіліксіз еді. Бүкіл халық шаруашылығын соғыс талабына сай қайта құру ісі практика жүзінде әсерін тигізіп үлгірген жоқ-ты. Батыс аудандарынан көшіріп апарылған көптеген кәсіпорындар жаңа жерлерде өндірісті енді-енді ғана жолға қоя бастаған болатын. Неміс-фашист басқыншыларынан азат етілген аудандарда өнеркәсіп орындары мен колхоздар қиратылып, жүз мыңдаған совет адамдары бас панасыз қалған-ды. Осы заманғы соғысты жүргізу тәжірибесі әлі бүкіл Қызыл Армияның игілігіне айнала қойған жоқ еді. Жау Москвадан небәрі 120 километр жерде болатын. Стратегиялық және экономикалық жағынан маңызды аудандар жаудың қолында болды. Миллиондаған совет адамдары неміс-фашист бұғауында жапа шегумен болды. Қыспақтағы Ленинград тұрғындарының халі ауыр еді. Қала жаудың тағылықпен бомбылауына, артиллериядан ат-

қылауына ұшырады, азық-түлік пен отынның тапшылығынан қатты зардап шекті. Жапония мен Түркия билеуші топтарының СССР-ге қарсы дұшпандық саясат жүргізуі салдарынан Совет Қарулы Күштерінің едәуір бөлегі бұрынғыша Қиыр Шығыстағы және оңтүстіктегі шекараларымызды күзетуге тиіс болды.

1941/42 жылғы қыста жеңіліске ұшыраған фашистік Германия мен оның армиясы 1941 жылдың жазындағыдан едәуір әлсіреген еді. Алайда, бүкіл Еуропаның ресурстарын билеп-төстеген фашистік Германия есін жинап алды. Гитлершілдер қару-жарақ өндіруді едәуір арттырды. Фашистік армия әлі де Қызыл Армияға қарсы қайтадан шабуыл жасай аларлық күшті де қауіпті жау еді.

1942 жылы екінші дүниежүзілік соғыстың көлемі едәуір ұлғайды. 1941 жылғы 7 декабрьде Жапония Америка Құрама Штаттарына соғыс жарияламастан АҚШ-тың Тынық мұхиттағы соғыс-теңіз базасы Пирл-Харборға шабуыл жасап, америкалық флотын ауыр шығынға ұшыратты. АҚШ Жапонияға қарсы, онан соң фашистік Германияға қарсы соғысқа кірісті. Соғыс шын мәнісінде бүкіл дүниежүзілік соғысқа айналды. 1942 жылдың бас кезіне таман антифашистік одақ 26 мемлекетті біріктірген еді, бұлардың халқы адамзаттың басым көпшілігі болатын. Бұл қуатты одақтың адам күші мен материалдық ресурстары фашистік блок елдерінің адам күштері мен материалдық ресурстарынан едәуір басым еді.

Бірақ осындай жағдайларда да соғыстың басты ауыртпалығын бұрынғыша Совет Одағы көтерумен болды. Сондықтан ол өз одақтастарынан әскери көмек көрсетуді талап етуге праволы еді. Мұндай көмектің ең оңды формасы Еуропада екінші майданның ашылуы болатын, ал мұның өзі күштердің ара салмағын бостандық сүйгіш халықтардың пайдасына біржолата өзгертуге, жауды талқандау ісін тездетуге, сөйтіп миллиондаған солдаттар мен бейбіт азаматтардың өмірін аман сақтап қалуға мүмкіндік берген болар еді. Бірақ бұлай істелген жоқ.

Еуропада 1942 жылы екінші майдан ашу жөнінде СССР, Англия мен АҚШ арасында келісім жасалған болатын. Бірақ Англия мен АҚШ-тың билеуші топтары тек Германия іштей күйрейтін болса ғана немесе СССР-дің соғыста күйреуі жақындаған күнде ғана Еуропада 1942 жылы екінші майданды ашуға болады деп білді. Сөйтіп Англия мен АҚШ Қызыл Армияның халін жеңілдету үшін 1942 жылдың өн бойында ешқандай елеулі әрекет істеген жоқ, тек Солтүстік Африка мен Тынық мұхитта жергілікті мәні бар ұрыстар жүргізумен ғана тынды.

Екінші майданның жоқтығын пайдаланып, СССР-ге жаңадан шабуыл жасауға әзірлене отырып, неміс-фашист әскерлерінің командованиясы 1942 жылы көктемге салым Батыс Еуропадан совет-герман майданына ондаған жаңа дивизиялар келтірді. Сонымен бірге гитлершілдер өз одақтарына майданға жаңа әскери құрамалар жіберткізді. Осының нәтижесінде 1942 жылғы июньде совет-герман майданында жаудың 237 дивизиясы әрекет етті, ал 1942 жылғы күзге қарай 266 дивизия болды, оның ішінде 193 дивизия немістердікі еді.

1942 жылғы майда неміс-фашист әскерлері қантөгіс ұрыстардан кейін Керчь түбегін алып, Оңтүстік майданда үзілді-кесілді шабуыл жасауға әзірленіп жатты. Харьковтың оңтүстік-батысына таман жерде соққы беру арқылы дұшпанның бұл шабуылын болғызбау жөніндегі Қызыл Армияның әрекеті үлкен сәтсіздікпен аяқталды. Июньнің бас кезінде гитлершілдер ұзақ торуылдан кейін Севастопольді қайтадан түйгіштей бастады. Күн сайын 15 — 20 атакадан тойтара отырып, Қызыл Армия жауынгерлері қаланы табандылықпен қорғады. 1942 жылғы 3 июльде, 250 күнге созылған ерлік қорғаныстан кейін, Жоғарғы баскомандованиенің бұйрығы бойынша Севастопольдегі жұрт көшіріліп әкетілді. Севастополь қорғанысы Отан соғысы тарихының ең бір жарқын беті ретінде одан көрнекті орын алады.

Харьков түбінде және Қырымда совет әскерлерінің сәтсіздікке ұшырауы неміс командованиясіне майданның оңтүстік қанатында едәуір басым күш жинауға мүмкіндік берді. Бірақ жаудың басты тобы бұрынғыша майданның орта шенінде жинақталып, Москваға оқталуда еді.

Инициативаны қолға алған неміс-фашист әскерлері июньнің аяғында шабуылға көшті. Олар Курск-Воронеж бағытында совет әскерлерінің қорғанысын бұзып өтіп, Воронежге шықты. Мұнда Қызыл Армияның қажырлы қарсылығына кездесіп, жаудың негізгі күштері оңтүстікке бұрылды да, басты соққыны Сталинград бағытына жұмсады. Кескілескен ұрыстардан кейін гитлершілдер Доннан жалдап өтіп, Еділге жарып шықты. Сентябрьдің ортасында неміс-фашист әскерлері Сталинградтың іргесіне барып жетті. Сонан атақты Сталинград айқасы басталды. Мұнымен қатар дұшпан Ростов бағытында, онан соң Кавказ бағытында да шабуыл жасады.

Сонымен, 1942 жылдың жазында Совет Одағының басына тағы да аса ауыр жағдай туды. Жау басып алған территорияның көлемі соншалық, онда соғысқа дейін Совет Одағы халқының 45 проценті тұратын, жалпы өнеркәсіп өнімінің 33 проценті өндірілетін және барлық егіс көлемінің 47 проценті болатын.

Партия мен үкімет Қызыл Армияның алдына Совет еліне төнген қауіпті жою, жауды қайткен күнде де тоқтату міндетін қойды. «Бір адым да кейін шегінбе!» — Жоғарғы бас командование бұйрығында Отанымыздың берген әмірі осылай еді. Командирлер, саяси қызметкерлер, армия коммунистері мұнан әрі шегінер жер жоқ екенін, алдағы уақытта жаудың соққысына төтеп беру дегеніміз жеңісті қамтамасыз еткендік болатынын жауынгерлерге ұғындырып, оларды осы рухта тәрбиелеп отырды. Москва үшін болған ерлік ұрысты еске салған сайын неміс-фашист басқыншыларының тегеурініне төтеп беріп қана қоймай, оларды талқандауға да Қызыл Армияның күші жетеді деген сенім жауынгерлердің санасына берік ұялай берді. Бұл үшін тек асқан ұстамдылық, мызғымас табандылық керек, әскери шеберлік пен ұрыс техникасын жетік меңгеру керек, темірдей қатаң әскери тәртіп керек.

Сталинград үшін жүргізілген күрестің қиын-қыстау кездерінде алдыңғы шептегі дзоттарда, блиндаждарда, қираған үйлердің подвалдарында саяси әңгімелер өткізіліп, партия жиналыстары шақырылып отырды. Азамат соғысы жылдарындағы даңқты Царицын қорғанысының қаһармандық дәстүрлері совет жауынгерлерінің санасында қайта жанданды. Партия жиналыстарында майданшы коммунистер өткен ұрыстардың қорытындысын талқылап, тәжірибе ауысты, соңғы кездегі саяси оқиғалармен танысты. Екінші бірінде жаудың атака жасауы салдарынан партия жиналыстары үзіліп қалатынды. Сонда коммунистер партия жиналыстарынан шыға жауынгерлерді бастап, тіке атакаға жөнелетін.

Сталинград еңбекшілері Қызыл Армияға үлкен көмек көрсетіп отырды. Қаланың қиыр атырабында ұрыс жүргізіліп жатқан күндердің өзінде-ақ 150 мыңнан астам жұмысшы мен колхозшы, оның ішінде Сталинград партия ұйымының екі мыңнан аса коммунисті, күн сайын қорғаныс құрылыстарын салып жұмыс істеді. Сталинград партия ұйымының шақыруы бойынша мыңдаған коммунистер мен комсомолецтер — Сталинград заводтарының жұмысшылары, темір жолшылар, кемешілер, оқушылар армия қатарына қосылып отырды. 75 мыңнан астам сталинградтықтар совет әскерлерінің қатарына кірді, жеті жарым мыңнан аса адам халық жасағы мен қырып-жойғыш батальондар қатарында ұрысқа қатысты. Сталинград заводтарының қалада қалған жұмысшылары, сұрапыл бомбылау кезіндегі қатерлі қауіпті елемей, күндіз-түні еңбек етті. Осынау қаһарлы күндерде Сталинград трактор заводы күн сайын ондаған танктер жасап шығарып отырды. Танктер тіке завод қақпала-

рынан шығып, алдыңғы позицияларға кетіп жатты. Екінші бірінде танктердің экипаждары сол жерде ұрыс машиналарын жасаған жұмысшылардың өздерінен құралатын-ды.

Қаһарман қаланы қорғаушы батырлар үшін қару-жарақ, ұрыс жабдықтары, азық-түлік тиелген эшелондар еліміздің тұс-тұсынан келіп жатты. Барша халықтың көмегі олардың жауынгерлік рухын нығайта түсті. Қаланың қорғанысы күшейген үстіне күшейе берді. Жаудың шабуылы тоқтатылды, Сталинградты толық басып алмақ болып нәтижесіз әрекеттер жасаған жау енді қансырай бастаған еді.

Сталинградта қорғаныс ұрыстарын генерал В. И. Чуйков басқарған 62-ші армия жүргізді. Бұл армияның әскерлері Сталинград майданының 64-ші армиясы мен басқа да армияларының және Еділ соғыс флотилиясының қолдауымен Сталинградты, оның әрбір көшесін, әрбір үйін жан аямай, ерлікпен қорғады.

Генерал А. И. Родимцев басқарған 13-ші гвардия дивизиясы күн сайын Еділге ентелеген жаудың 12 — 15 атакасын тойтарып отырды. Л. Н. Гуртьев басқарған Сибирь дивизиясы бір айдың ішінде 117 атаканы тойтарды. С. Ф. Горохов басқарған әскерлер тобы 62-ші армияның негізгі күштерінен қол үзіп, Еділдің жағасында қыспақта қалса да, ерлікпен ұрыс жүргізе берді. И. И. Людников басқарған дивизия бөлімдері жаудың тегеурінімен Еділге ығыстырылып, жарты километрден аспайтын аланда жартылай қоршауға түссе де, табан аудармай, күші едәуір басым жаудың барлық атакаларын тойтарды. Еділ соғыс флотилиясының канонер қайықтары мен жүзгіш батареялары өздерінің оғымен жаудың жанталасқан тегеуірінін тежеуге көмектесіп отырды. Флотилия кемелері тоқтаусыз бораған октың астында Еділдің сол жағасынан он жағасына он мыңдаған жауынгерлерді, мыңдаған тонна жүктерді тасумен болды, қаладан жаралыларды әкетті. Қай жерде болса да коммунистер табандылықтың, жүректіліктің, ұстамдылықтың, батырлықтың үлгісін көрсетіп, Сталинградты қорғаушыларды ерлік істерге жігерлендіріп отырды.

62-ші армияның әскерлері Сталинградта жаудың атакаларын тойтарып жатқан кезде Сталинград бағытындағы, басқа совет армиялары Сталинградқа қарай ентелеген дұшпанға үздіксіз қарсы соққы берумен болды. Қызыл Армияның басқа майдандарда, әсіресе Дон, Оңтүстік-Батыс, Батыс, Калинин және Волхов майдандарында жасаған белсенді қимылдары Сталинград түбіндегі совет әскерлерінің қорғанысын жеңілдетіп отырды.

Ноябрьдің орта шенінде неміс-фашист әскерлері Сталинград түбінде өлгені мен жараланғаны бар жүздеген мың адамынан және көптеген техникасынан айрылып, біржолата қорғанысқа көшуге мәжбүр болды. Сол мезгілде неміс-фашист әскерлерінің Кавказдағы шабуылы Кавказ жонының етегінде және Орджоникидзе қаласының атырабында тоқтатылған еді.

Соғыстың барысында келелі өзгеріс кезеңі жақындап келе жатты; мұның өзі Коммунистік партияның дұрыс саясаты мен стратегиясының, оның тыл мен майданда жүргізген ұйымдастырушылық жұмысының, совет адамдарының еңбек пен ұрыс майданындағы ерлік істерінің нәтижесі еді.

4. Партия — Ұлы Отан соғысының барысында келелі өзгерісті ұйымдастырушы

Партияның тылда жүргізген аса зор, күрделі ұйымдастыру жұмысының нәтижесінде 1942 жылдың аяқ шенінде — 1943 жылдың бас кезінде жөнге салынған, шапшаң өсе бастаған соғыс шаруашылығы құрылды.

1942 жылдың аяғына таман өнеркәсіпті соғыс талабына сай қайта құрудың нәтижесі біліне бастады. Партия ұйымдарының жанқиярлық жұмысы, совет инженерлері мен жұмысшыларының творчестволық инициативасы мен техникалық тапқырлығы арқасында бұрын бейбіт өнім шығарып келген кәсіпорындарды соғыс заттарын өндіруге көшіруде зор табыстарға қол жетті. Шығыс аудандарындағы металлургия кәсіпорындары ең қысқа мерзім ішінде ұрыс техникасын, қару мен ұрыс жабдықтарын жасау үшін қажетті қара металдар мен түсті металдардың барлық түрлерін өндіруді игерді. Көшіріліп әкетілген кәсіпорындардың басым көпшілігі соғыс заттарын бұрынғы орындарындағы мөлшерден екі-үш есе көп шығарып отырды.

Соғыс, металлургия, отын және химия өнеркәсібінің жаңа заводтары бірінен соң бірі қатарға қосылып жатты, соғыс заттарын шығаруда бұлардың шешуші маңызы болды. Магнитогорлықтар партия ұйымының басшылығымен Европадағы ең ірі домна пешін төрт айдың ішінде салып бітірді. 1943 — 1944 жылдарда Челябинскідегі, Өзбекстандағы жаңа металлургия заводтары, Магнитогорскідегі, Нижний Тагильдегі жаңа домналар, Сталинскідегі алюминий заводы, Алтайдағы трактор заводы және басқалар өнім шығара бастады. Сонымен қатар ірі өнеркәсіп орталықтарында, алдымен Москва мен Ленинградта, жабдықтарының едәуір бөлегі шығысқа әкетілген заводтар да партияның ұйымдастырушылық қызметінің нәтижесінде қайтадан қалпына келтіріле бастады.

Адам айтқысыз қысқа мерзімде — бір ғана жылдың ішінде—Совет Одағы өнеркәсібінің соғыс қажеттеріне сай қайта құрылуы өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншіктің үстем болуы, жоспарлы экономика, социалистік өнеркәсіптің техникамен жоғары дәрежеде жабдықтауы, маман жұмысшылар, инженер-техник қызметкерлер кадрларының, шебер өндіріс ұйымдастырушыларының болуы арқасында, партияның дана басшылығы арқасында қамтамасыз етілді.

Донец пен Подмосковье көмір бассейндерінен уақытша айрылып қалуымыз себепті өнеркәсіпті отынмен жабдықтауда орасан зор қиыншылықтар туды. Партияның шақыруы бойынша жүз мыңдаған адам ағаш отын дайындауға ормандарға жөнелді. Жергілікті отын көздері қарастырылды. Орал мен Сибирьдің көмір шахталары жедел іске қосылып жатты.

1942 жылы партияның Орталық Комитеті Кузбастың көмірлі аудандарында, Қарағанды көмір бассейнінде партия жұмысын жақсарту шаралары туралы, бұл жұмысты көмір өндіруді едәуір арттыру міндетіне бағындыра жүргізу туралы шешім қабылдады. Сонымен бірге Мемлекеттік қорғаныс комитеті Челябинск және Кизель көмір бассейндерінде көмір өндіруді арттыру жөнінде шұғыл шаралар белгіледі. Қазақстанның, Новосибирск, Челябинск және Пермь облыстарының партия ұйымдары зор ұйымдастыру жұмысын өрістете отырып, шахтерлерді тас көмір өндіруді арттыруға жұмылдырды. Мыңдаған коммунистер жер астындағы шахталарда жұмыс істеуге жіберілді. Он мыңдаған колхозшы, үй тіршілігіндегі әйелдер, пенсионерлер, жоғарғы кластардың оқушылары шахталарға келді. Москва мен Тула партия ұйымдарының коммунистері еңбекшілерді неміс-фашист басқыншыларынан азат етілген Подмосковье көмір бассейні шахталарын қалпына келтіруге аттандырды. Осының нәтижесінде елімізде өндірілген көмір мөлшері 1942 жылғы декабрьде 1942 жылғы майдағымен салыстырғанда төрттен бір еседей артты.

Партия мен үкімет еліміздің шығыс аудандарында өнеркәсіпті электр қуатымен қамтамасыз ету жөнінде зор жұмыс жүргізді. Мемлекеттік қорғаныс комитетінің нұсқауы бойынша Орал мен Сибирьде жаңа электр станциялары салынды, фабрикалар мен заводтардың әлдеқашан

істен шыққан кіші-гірім электр станциялары қайтадан пайдалануға берілді. 1943 жылы қатарға қосылған электр станцияларының жалпы қуаты бір миллион киловаттан асты.

1942 жылдың көктемінде партияның бірінші майдағы шақыруына жауап ретінде авиация, танк және металлургия өнеркәсібіне қарасты озат кәсіпорындар жұмысшыларының бастамасы бойынша майданның заказдарын жақсылап орындау жолында, ішкі ресурстарды қарыштап пайдалану, шикізат пен материалдарды үнемдеу, өнімнің өзіндік құнын кеміту жолында Бүкілодақтық социалистік жарыс басталды. ВКП(б) Орталық Комитеті бұл бастаманы ұнатып, Мемлекеттік қорғаныс комитетімен және ВЦСПС-пен бірге жарыста жеңіп шыққандар үшін ауыспалы тулар белгіледі. Партия ұйымдары заводтарда, фабрикаларда, колхоздарда, МТС-тер мен совхоздарда қуатты патриоттық қозғалысқа басшылық етті. Жарысқа миллиондаған жұмысшылар, колхозшылар, қызметшілер қосылды. Соғыстың алғашқы күндерінде-ақ басталған екіжүзшілердің — күн сайын екі норма, яғни өзінің нормасы мен майданға кеткен жолдасының нормасын орындаушы жұмысшылардың қозғалысы кең өріс алды. Сталинград шайқасының қызған кезінде ең озат жұмысшылар еңбектің жаңашыл әдістерін қолдана отырып, 3—5 нормадан орындай бастады. Нормасын 10 есе, тіпті одан да асыра орындағандар да болды.

Москва үшін жүргізілген айқас күндерінде-ақ пайда болған комсомол-жастардың майдандық бригадалары кең өріс алды. Москва подшипник заводы комсомолецтерінің бастамасы бойынша көптеген кәсіпорындардың комсомол-жастар бригадалары жұмысшылардың санын екі есе азайта отырып норманы орындау жолындағы жарысқа қосылды.

Жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің жанқиярлық еңбегі, өндірісте ұйымдастыру ісі мен технологияның жақсаруы нәтижесінде еңбек өнімділігі үздіксіз өсіп, өнімнің өзіндік құны төмендеп, майдан үшін шығарылған өнім мөлшері арта түсті. 1942 жылғы декабрьдің ішінде-ақ 1941 жылғы декабрьдегімен салыстырғанда жалпы жасалған самолеттер саны 3,3 есе, авиамоторлар — 5,4 есе, танктер — 2 еседей артты. 1940 жылдағыға қарағанда 1943 жылы соғыс техникасы Оралда 6 есе, Батыс Сибирь аудандарында 34 есе, Поволжьеде 11 есе артық шығарылды. Өзінің ұрыстық сапасы жағынан совет техникасы жаудың ұрыс техникасынан басым еді.

Социалистік өнеркәсіп жұмысының табысты болуының елеулі бір себебі — партия майданға кеткендердің орнына маман жұмысшылар даярлау жөніндегі аса қиын міндетті шеше білді. Фабрика-завод оқу мектептері мен колонер училищелері жыл сайын жарты миллионға жуық жас жұмысшылар беріп отырды. Өндіріске жаңадан келген 6,5 миллионнан астам адам соғыстың алғашқы екі жылы ішінде жеке-дара және бригадалық оқу арқылы, сондай-ақ курстар мен қысқа мерзімді мектептер жүйесі арқылы мамандық алды.

Соғыс ауыл шаруашылығы үшін зор қиыншылықтар туғызды. Еліміздің батысы мен оңтүстігінде ұлан-байтақ территорияны жаудың оккупациялап алуы салдарынан армия мен халықты азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті шикізатпен жабдықтау жөніндегі бар ауыртпалық еліміздің орталық және шығыс аудандарындағы колхоздар мен совхоздарға жүктелді. Еркектердің — колхозшылардың, тракторшылардың, комбайншылардың, МТС-тер мен совхоздарда істейтін басқа да маман жұмысшылардың дені майданға кеткен-ді. Трактордың, жылқының және басқа күш-көліктің едәуір бөлегі майданның керегіне берілген болатын. Партияның деревнядағы ұйымдастырушылық жұмысын қиындатқан бір жағдай — колхоздарда, совхоздар мен МТС-терде істеген коммунистердің көпшілігі майданға кеткендіктен село партия ұйымдарының саны

екі еседей; ал еліміздің кейбір аудандарында онан да көп кеміп қалды.

Колхоздарда, МТС-тер мен совхоздарда көпшілік-саяси жұмысты жолға қою мақсатымен партияның Орталық Комитетінің шешімі бойынша 1941 жылғы күзде МТС-тер мен совхоздардың саяси бөлімдері құрылды. 1943 жылдың жазына дейін болып келген саяси бөлімдер колхозшылардың, МТС, совхоз жұмысшыларының саяси саналылығын, еңбектегі белсенділігін арттыруда зор роль атқарды. Ауылшаруашылық өндірісін ұйымдастыруда колхозшылардың міндетті еңбеккүн минимумын арттыру туралы, ауыл шаруашылығы озаттарын материалдық жағынан көтермелеу туралы, МТС қызметкерлерінің штаты, жалақы мөлшері және оларға арнап сыйлық белгілеу туралы, қалалар мен селолық жерлерде тұратын еңбекке жарамды халықты колхоздарда, совхоздар мен МТС-терде ауылшаруашылық жұмысына тарту тәртібі туралы, колхоздар мен совхоздарда төлді аман сақтап, мал басын көбейту шаралары туралы СССР Халық Комиссарлары Советі мен ВКП(б) Орталық Комитетінің 1942 жылдың басында қабылдаған шешімдерінің маңызы аса зор болды. Бұл шаралар колхоздарда еңбек тәртібін нығайтуға, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбек өнімділігін өсіруге көмектесті. Еңбекке жарамды әр колхозшының жыл бойында тапқан еңбек күндерінің орташа мөлшері бір жарым есе артты. Жүздеген мың әйелдер — колхозшылар, МТС пен совхоз жұмысшылары өз ерлерінің, әкелері мен туыстарының орнын басып, тракторлар мен комбайндардың рулін қолға алды.

Партия және совет ұйымдары трактор саны мықтап азайған жағдайда кең алқаптың егістік жерлерін өңдеп, егінін жинап алу үшін жергілікті орындардың ресурстарын қарастырды. Колхозшылардың өз меншігіндегі малы ауылшаруашылық жұмыстарына кеңінен пайдаланылды. Өнеркәсіп орындарының партия ұйымдары тракторлар мен басқа да ауылшаруашылық машиналарын жұмысқа жарамды күйде сақтау үшін МТС-терге көмектесіп отырды.

Колхозшылардың, МТС пен совхоз жұмысшыларының жанқиярлық еңбегі нәтижесінде егіс көлемі оккупацияға ұшырамаған аудандарда 1942 жылы 1940 жылғымен салыстырғанда 5 миллион гектардай артты. СССР шығыс аудандарында дәнді дақылдар егісі 1942 жылы 2,3 миллион гектар өсті. Соғыстан бұрын астықты басқа жақтан әкеліп отыратын Орта Азия мен Закавказье республикалары өздерін астықпен қамтамасыз етіп қана қоймай, мемлекетке де астық беріп отырды.

Алайда мұның бәрі еліміздің маңызды ауылшаруашылық аудандарын жаудың басып алуы салдарынан Совет мемлекетінің азық-түлік ресурстары жағынан тартқан орасан шығынының орнын толтыра алмайтын еді. Сондықтан халық азық-түлік жағынан едәуір қиыншылық көріп отырды.

Транспорт жұмысшылары мен қызметшілері ерекше қиын-қыстау жағдайларда, темір жолдардың ұзындығы 40 процент қысқарып, паровоздар мен товар вагондарының, өзен, теңіз кемелерінің саны едәуір азайған кезде, бұрын болып көрмеген мөлшерде қыруар әскер, қару-жарак, ұрыс жабдықтарын және товар жүктерін тасу ісін қамтамасыз етіп отырды. Партия мен үкіметтің бірқатар маңызды ұйымдастыру және техникалық шаралары темір жол транспортының ойдағыдай жұмыс істеуіне себепкер болды. Аса маңызды темір жол тораптары мен перегондардың өткізгіш қабілеті арттырылды, Орал, Еділ бойы және Батыс Сибирь аудандарында жаңадан орналасқан өнеркәсіп орындарының ірге жолдары күшейтілді. Соғыс кезінде жалпы ұзындығы 9 мың километр темір жол салынып, пайдалануға берілді. Темір жол транспортында соғыс жағдайы енгізілді. Мұның өзі теміржолшылардың тәрті-

бін нығайтып, темір жолдардың жұмысын асқан ұйымшылдықпен жүргізуге көмектесті.

Еліміздің қорғаныс қабілетін арттыру ісіне советтік ғылым мен техника қайраткерлері зор үлес қосты. Ғылым мен техниканың 800-ден астам қызметкерінен құралған СССР Ғылым академиясының арнаулы комиссиясы Оралдың, Батыс Сибирьдің және Қазақстанның ресурстарын соғыс мүддесіне қарыштап пайдалануда аса зор көмек көрсетті. Инженер-техник қызметкерлер өндіріске жаңа технологиялық процестер енгізіп, осы заманғы соғыс техникасының жаңа үлгілерін жасап отырды. Совет медицинасының қызметкерлері аурулар мен жаралыларды емдеуде елеулі табыстарға жетті: Қызыл Армияның жараланған солдаттары мен офицерлерінің төрттен үш бөлегіне жуығы госпитальдардан қайтып, қатарға қосылып отырды.

Совет мәдениеті қызметкерлері де майданға барынша көмектесумен болды. Жүздеген совет жазушылары әскери тілшілер болып істеді. Майдандағылар мен тылдағылар аса көрнекті совет жазушылары мен ақындарының ызалы да өткір саяси памфлеттерін, патриоттық әнгімелерін, повестерін, пьесаларын, өлеңдерін оқыды. Таяндаулы совет композиторларының майдандық әндері жеркепелерде, окоптарда, станоктарда, егіс даласында айтылды. Артистер бригадасы мен бірқыдыру майдандық театрлар тікелей алдыңғы шептерде, екінің бірінде жаудың артиллерия оғы астында спектакльдер қойып, концерт берумен болды. Сөйтіп, советтік социалистік мәдениет ұлы жеңіс ісіне өз құралдарымен қызмет етті.

Майдан мен тылдың байланысы нығая берді, еңбекшілердің Қызыл Армияға деген қамқорлығы күшейе түсті. Елімізде Қызыл Армияның қару-жарағына қаржы жинау жөніндегі кең халықтық қозғалыс өріс алды. Жұмысшылар, қызметшілер, колхозшылар өз қаржыларына танк колонналарын, авиаэскадрильялар, артиллериялық батареялар, бронепоездар жасатқызды. Свердлов, Пермь, Челябинск облыстарының еңбекшілері Оралдың ерікті танк корпусын құрып, оны өз қаржыларына алынған ұрыс машиналарымен, қару-жарақпен, киім-кешекпен жабдықтады. 1942 жылғы декабрьден 1943 жылғы апрельге дейін Қызыл Армияның қару-жарағына еңбекшілерден 7 миллиард сомнан астам қаржы түсті, ал төрт жыл ішінде соғыс қажетіне халықтың өз ықтиярымен берген қаржысы 94,5 миллиард сом болды. Жұмысшылар, колхозшылар, интеллигенция Отан қорғаушылары үшін сыйлық-сауқат артқан эшелондарымен қоса майданға өз өкілдерін жіберіп тұрды. Майданшылар туыстары мен достарынан күн сайын мындаған хат алумен болды, бұл хаттардың жан тебіренгендік, жылы лебізді сөздері солдаттар мен офицерлердің майдандық тұрмыс ауыртпалығын жеңілдетіп, олардың жауынгерлік рухын нығайта берді.

Қызыл Армия мен Флоттың жаралы жауынгерлері барша халықтың қамқорлығына бөленді. Отан соғысы жылдарында донорлық іс кең өріс алды. Донорлар жаралыларға 800 мың литрден астам қанын беріп, жүз мыңдаған совет жауынгерлерінің қайтадан қатарға қосылуына көмектесті.

Отанымыздың басына ауыр күн туғанда совет халқы партияның төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтала түсті. Таңдаулы совет адамдары партияның қатарына кіріп жатты. Майданда аса қысыл-таян жағдай туған кезде партияға кірушілер көп болды. Отан соғысының басынан 1941 жылдың аяғына дейін 198 мыңнан астам адам партияның кандидаттығына, 145 мыңнан астам адам мүшелігіне алынды. 1942 жылы 1368 мыңнан астам адам партия кандидаттығына, 573 мыңнан астам адам

партия мүшелігіне алынды. Партияға кірушілер өздеріне өскелең талаптар қоятындығы, коммунист деген жоғары атақ социалистік Отанымызды қорғаушылардың алдыңғы сапында болуды міндеттейтіндігін түсінетіні олардың арыздарынан айқын көрінеді.

Совет тылының қажырлы жұмыс істеуі арқасында Қызыл Армияның әскери қуаты үздіксіз арта берді, ол күш жағынан да, соғыс жүргізу амалдары жағынан да жаудан басым бола түсті. 1942 жылдың екінші жартысында Қызыл Армияны үздік ұрыс техникасымен қайта қаруландыру ісі аяқталды. Артиллерияның, авиацияның, сауытты-танк әскерлерінің ірі құрамалары құрылды. Партия мен үкіметтің әскери ұйымдастырушылық жұмысының нәтижесінде міндетті әскери оқу жүйесі арқылы, ерікті спорт қоғамдарында және совет әскерлерінің запастағы бөлімдерінде алдын ала әскери дайындықтан өткен жаңа жауынгерлер майдандағы армияның қатарына келіп қосылып жатты. Тын күштер мен ұрыс техникасының үздіксіз ағылып келуі арқасында Жоғарғы бас командование әскерлердің, офицер кадрларының, қару-жарақ пен ұрыс жабдықтарының аса қуатты стратегиялық резервтерін жасауға мүмкіндік алды.

Сұрапыл ұрыстарда Қызыл Армия командирлері осы заманғы соғысты жүргізу тәжірибесін меңгерді, әскери және саяси жағынан өсіп, шынықты. Соғыс комиссарлары зор партиялық-саяси жұмыс жүргізді, әскерлерде тәртіп пен ұйымшылдықты нығайтуда, жауынгерлік міндеттерді орындауда командирлерге күнбе-күн көмек көрсетіп отырды; олардың жауынгерлік тәжірибесі де көбейді. Олардың көбі қай кезде болса да командирдің орнын баса алатын еді. Командирлер кадрларының нығаюына байланысты соғыс комиссарлары қажет болмай қалды. Сондықтан 1942 жылғы октябрьде соғыс комиссарлары институты таратылып, армияда толық дара басшылық орнатылды. Дара бастық командирлер әскердегі жұмыстың барлық жақтарына, оның ішінде жауынгерлерді саяси тәрбиелеуге де жауапты болды. Толық дара басшылықтың орнатылуы командирлердің беделін арттырды, әскерлердегі тәртіп пен ұйымшылдықты күшейтті.

Армиядағы партия ұйымдарының саны және олардың Қызыл Армияны нығайтудағы ролі үздіксіз өсе берді. Соғыстың бірінші жылында армиядағы коммунистер саны үш есе көбейді. 1942 жылы Қызыл Армия мен Флоттың қатарында екі миллионнан астам коммунист болды, бұлар бүкіл партия құрамының 54,3 проценті еді.

Партия армиядағы өз ұйымдарына және соғыс үстінде өсіп жетілген жауынгер командирлер кадрларына сүйене отырып, алдыңғы қатарлы, жаңалық, өскелең біткеннің бәрін қолдады да, осы заманғы соғыстың ерекшеліктерін ескермей ескі салтпен қимылдауды мақұл көретін командирлердің бойындағы надандық, кертартпалық, тоқмейілдік көріністерімен батыл күрес жүргізді. Ескіліктің бәрі ұрыс практикасынан аластатып тасталды. Әскер басқарудағы штабтардың жұмысындағы, ұрыс майданында әскер түрлері мен ұрыс техникасының үйлесімді қимылын ұйымдастырудағы кемістіктер жедел жойылып отырды. Ұрыстар арасындағы толас, әдетте, әскерлердің жауынгерлік шеберлігін жетілдіру үшін, жаңа ұрыс техникасын үйреніп, меңгеру үшін пайдаланылды.

Сөйтіп, партияның тыл мен майдандағы зор ұйымдастырушылық қызметі арқасында, совет адамдарының жанқиярлық еңбегі мен Қызыл Армия жауынгерлерінің ерлігі арқасында жауды талқандау үшін берік негіз жасалды.

Совет әскерлері қарсы шабуылға Сталинград қорғанысының қызу кезінде-ақ әзірлене бастаған болатын. Жоғарғы бас командование Сталинградтың солтүстік-батыс және оңтүстік жағында қыруар әскер топтарын жинақтады. Сталинград түбіндегі совет әскерлері сан жағынан жаудан басым болмаса да, соғыс басталғаннан бергі жерде бірінші рет

олар ұрыс техникасы жағынан, атап айтқанда артиллерия, танк, авиация жағынан жаудан біраз басым болған еді. Совет әскерлерінің күштері аса қуатты тегеурінді топтарға күнілгері жинақталып, жаудың ең осал топтарына оқталуда еді.

1942 жылғы 19 ноябрьде Сталинград түбінде Қызыл Армияның қарсы шабуылы басталды. Кескілескен ұрыстарда совет әскерлері Сталинградтың солтүстік-батыс және оңтүстік жағында жаудың қорғанысын бұзып өтіп, дұшпанның флангтегі топтарын талқандап, ноябрьдің аяқ шенінде жаудың 22 дивизиясын қоршап алды, бұлардың жалпы саны 330 мың адамнан астам еді. Осыдан соң іле-шала совет әскерлері Доның үлкен тармағында әрекет еткен неміс-фашист армиясының тылына шықты. Шебер қимылдаған совет әскерлері жаудың Сталинград түбінде қоршауға алынған өз бөлімдеріне Тормосин мен Орта Дон тарапынан көмек көрсетуіне мүмкіндік бермеді. Декабрьде неміс-фашист командованияесі қоршауды бұзып, Сталинград тобының одан құтылып шығуына мүмкіндік жасау үшін Котельниковоның солтүстік жағында ірі күштерімен шабуыл жасады. Кескілескен ұрыстар басталып, соның барысында неміс-фашист әскерлерінің жаңа тегеурінді тобы талқандалды. Жау Сталинград түбінде қоршауға алынған әскерлеріне жарып өте алмай, ақтық мүмкіндігінен айрылды. 1943 жылғы январьда және февральдың алғашқы күндерінде совет әскерлері Сталинград түбінде қоршауға алынған неміс-фашист әскерлерінің таңдаулы армиясын жою жөнінде Жоғарғы бас командование қойған міндетті ойдағыдай жүзеге асырды.

Мұндай зор армияны толық қоршауға алып, жойып жіберу мысалы соғыстар тарихында бұдан бұрын болып көрген емес-ті. Мұның өзі соғыстар тарихындағы ең көрнекті жеңістердің бірі еді. Совет әскерлерінің табыстары және гитлершілдердің жеңіліске ұшырауы Қызыл Армияның әскери шеберлігі мен оның командирлерінің ұйымдастырушылық қабілеттерінің өскендігін, совет соғыс өнерінің неміс-фашист әскерлерінің соғыс өнерінен басым екенін көрсетіп берді.

Сталинград түбіндегі жеңіс Ұлы Отан соғысы мен бүкіл екінші дүниежүзілік соғыстың барысындағы келелі өзгерістің бастамасы болды.

Гитлер әскерлерінің Сталинград түбінде жеңілуі Германияның әскери қуатын әлсіретті, оның европалық тылын шайқалтты, оның армиясының күші мен моральдық рухын әлсіретті. Фашистік Германия терең дағдарысқа ұшырай бастады.

Сталинград түбіндегі жеңістің әсерімен Совет Одағының халықаралық беделі артты, Гитлерге қарсы одақ нығайды. Сонымен қатар фашистік Германияның әскери беделі түсті. Совет-герман майданында румын, итальян, венгер армияларының жеңілуі салдарынан Румынияда, Венгрияда, Италияда ішкі саяси жағдай шиеленісіп кетті. Ақырында Жапония мен Түркия Германияны жақтап, СССР-ге қарсы соғысқа шығу ниетінен біржола бастартуға мәжбүр болды.

Сталинград түбіндегі қарсы шабуылдың ізінше 1942/43 жылдың қысында Қызыл Армия совет-герман майданының көп жерінде — Великие Лукиден Кавказ жонына дейін үзілді-кесілді шабуылға көшті. Солтүстік Кавказ бен Кубаньдағы неміс-фашист әскерлері талқандалды, Дон мен Солтүстік Донец аралығында жау бірнеше рет қатты жеңіліске ұшырады. Гитлершілдер Еділ мен Теректен батысқа қарай 600 — 700 километр жерге қуылып тасталды. Совет әскерлері дұшпанды соғыс жағынан аса маңызды аудандардан — Курскіден, Ржевтен, Вязьмадан, Гжатскіден, Великие Лукиден, Демянскіден айдап шықты. Ленинград төңірегіндегі қоршау бұзылып, елімізбен екі арада төте темір жол қатынасы орнады. Совет мемлекеті Кавказ, Ростов, Сталинград, Харьков, Курск облыстарының экономикалық және соғыс-стратегиялық маңызы бар аудандарын қайтарып алды. Оккупанттар Совет

Одағының жерінен жаппай қуыла бастады. Миллиондаған совет адамдары фашистік құлдықтан құтқарылды.

Бұрынғы қорғаныс ұрыстары кезіндегідей совет жауынгерлері шабуыл үстінде де тамаша батырлық, ерен ерлік көрсетіп отырды. Шабуыл кезінде совет жауынгерлерін билеген тасқын жігердің бір белгісі комсомолец солдат А. Матросовтың ерлік ісінен көрінді. Ол жауынгер жолдастарына сұрапыл оқ жаудырып жатқан жау дзотының аузын өз тәнімен жауып, өмірін құрбан етуден тайынған жоқ.

Неміс-фашист әскерлері 1942/43 жылғы қыста қатты жеңілістерге ұшырады. Бірақ Қызыл Армияның жеңістері де оған оңайға түскен жоқ. Совет әскерлері үздіксіз ұрыстарда қажыған еді, гитлершілдер жайпап кеткен жерлермен қыста жүргізілген шабуыл жағдайында оларды дұрыстап жабдықтау қиынға соғып отырды. Жаңа аэродромдар дайындап үлгіргенше авиация жер бетіндегі әскерлерден қалып қойып отырды. Осыны пайдаланған гитлершілдер февральда Солжак Украина мен Донбаста ішінара қарсы шабуылға көшті. Олар Совет әскерлері соның алдында ғана азат еткен Харьковты қайтадан басып алды. Осындай жағдайларда Қызыл Армия марттың аяғында барлық майданда шабуылды тоқтатып, қорғанысқа көшті. Екі жақ та жазғы ұрыстарға әзірлене бастады.

Маңдайы тасқа соғылғанына қарамастан, Гитлер командованиясі 1943 жылғы жазда совет-герман майданында Орел-Курск және Белгород-Курск бағыттарында жаңадан шабуыл жасауға ұйғарды; бірақ бұл жолғы шабуылға қатысатын күштер шенеулі, ал жер аумағы біршама кішілеу еді. Бұл шабуылда Гитлер өз армиясының түсіп қалған беделін қайта көтеруге және Қызыл Армияға шабуыл ұрыстарын жасатқызабауға тырысты. Советтің Жоғарғы бас командованиясі де әскерлерді шабуылға әзірлеп жатты, бірақ, жаудың да шабуыл жасайтынын күн ілгері білгендіктен, сонымен қатар қорғанысымызды мықтап күшейте түсті.

«Жалпылама» мобилизация жүргізіп, жау өзінің селдір тартқан бөлімдерін толықтыруға, тіпті жаңадан бірнеше жаяу әскер және танк дивизияларын құруға мүмкіндік алды. Европада екінші майданның жоқтығы совет-герман майданында неміс-фашист әскерлерінің көсіле қимылдауына бұрынғыша сеп болып отырды. АҚШ пен Англия өздеріне ресми және сөзсіз міндеттемелер ала тұрса да, екінші майдан 1943 жылы да ашылған жоқ. Бұл жағдай фашистік Германияның Батыс Европа елдерінде толықтырылған және жаңада құрылған өз дивизияларын совет-герман майданына келтіре беруіне мүмкіндік жасады. 1943 жылдың жазында Қызыл Армияға қарсы жау 257 дивизиясын жинақтады. Негізгі сокқылар берілетін бағытта — Орел мен Белгород аудандарында Гитлер командованиясі аса мықты тегеурінді топ құрды, мұнда 38 дивизия бар-ды, оның ішінде 20 дивизия танк және моторлы дивизия болатын. Танктерінің саны жағынан бұл топ 1941 жылы Москваға және 1942 жылы Сталинградқа шабуыл жасаған фашист әскерлерінің күштерінен едәуір басым еді. Оның бержағында дұшпанның қолында «тигр», «пантера» атты көптеген жаңа ауыр танктер, «фердинанд» атты жүрдек орудилер болды; бұларға фашист генералдары үлкен үміт артқан еді.

Жау өз жоспарын қаншама жасырып бақса да, советтің Жоғарғы командованиясі оны дер кезінде ашты. Шабуыл жасау үшін күші жеткілікті бола тұрса да, совет Жоғарғы командованиясі бұл жолы белсенді қорғаныс тактикасын қолдануды мақұл көрді, ондағы ойы қорғаныс ұрысында жаудың тегеурінді топтарын ойсырата шығынға ұшырату, оған соң дұшпанды үзілді-кесілді талқандау үшін қарсы шабуылға көшу еді. 1941 жылғы және 1942 жылдың жазындағы қорғаныс ұрыстарынан Курск түбіндегі белсенді қорғаныстың бір өзгешелігі, мұның өз

лажсыздың күнінен туған қорғаныс емес, Қызыл Армия үшін қолайлы жағдайда әдейі жасалған қорғаныс болды.

Совет әскерлері қат-қабат қорғаныс шептерін жасады. Курск мен Белгородтың шығыс жағында әскерлер мен ұрыс техникасының қыруар стратегиялық резервтері жинақталды.

Курск түбіндегі шайқас басталар кезде ВКП(б) Орталық Комитетінің 1943 жылғы 24 майдағы шешіміне сәйкес армия партия ұйымдарын қайта құру ісі аяқталған еді. Бұрын полктік бастауыш партия ұйымдары ғана болатын; енді батальондарда және соларға тең бөлімшелерде бастауыш партия ұйымдары құрылды. Мұның өзі партия басшылығын рота партия ұйымдарына жақындатты, әрбір солдат пен сержантқа партия ықпалын жүргізуге көмектесті. Соғыс кезінде өсіп жетілген жарты миллионнан астам партия активі штаттағы саяси қызметкерлердің тең жартысын қысқартуға мүмкіндік берді. Он мыңдаған саяси қызметкерлер командирлік қызметке тағайындалды. Мұның өзі армияның командирлік кадрларын нығайтты, олардың совет әскерлерін тәрбиелеудегі ролін күшейтті.

Совет әскерлері бөлімдерінде бұқаралық-саяси жұмыс кең өріс алды. Болашақ ұрыс жайында, ұрыстың сан алуан қиыншылығы жайында, алдымызда әлі де азат етілмеген совет жері, фашистердің құлдығында жапа шегіп күтқарушыларын күтіп жатқан совет адамдары жайында әңгімелер өткізілді. Командирлер мен саяси қызметкерлер партия ұйымдарының көмегімен солдаттарға окоптарды ондап бекіту, немістің жаңа танктерімен күресу, траншеяларда ұрыс жүргізу, дұшпанмен айқасқанда қажырлы да салмақты, ұстамды да батыл болу тәсілін үйретті.

Неміс-фашист әскерлерінің 1943 жылғы 5 июльде басталған шабуылына күйрете тойтарыс берілді. Совет әскерлері ерекше қажырлылық пен табандылық көрсетумен болды. Мақтаулы жаңа танктері де гитлершілдерді оналта алған жоқ. Қорғаныс ұрыстарында совет әскерлері тандаулы фашист дивизияларын титықтатып, әлсіретіп тастады. Сөйтіп жаудың шабуылы сәтсіздікке ұшырады.

1943 жылғы 12 июльде Қызыл Армия әскерлері Орелдың солтүстік пен шығыс жағында қарсы шабуылға көшті. Осының алдында ғана дұшпан шабуыл жасаған майдан учаскелерінде де көп ұзамай қарсы шабуыл басталды. Неміс-фашист әскер бөлімдері, күні бұрын әзірленген және қат-қабат жасалған қорғаныс шептеріне табан тіреп, жанталаса қарсылық көрсетті, бірақ совет жауынгерлерінің тегеурініне төтеп бере алған жоқ. Совет авиациясы қыян-кескі әуе ұрыстарында дұшпанның авиациясын ойсырата шығынға ұшыратып, әуеде біржолата үстем болып алды.

5 августа, неміс-фашист әскерлерінің шабуылы басталғаннан кейін дәл бір ай өткенде, Қызыл Армия Орел мен Белгородты азат етті. Сөйтіп гитлершілдердің совет әскерлері жаздың күні ойдағыдай шабуыл жүргізе алмайды деген ертегісінің күлі көкке ұшты.

Қызыл Армияның Курск түбіндегі жеңісінің маңызы аса зор еді. Бұл жеңіс Ұлы Отан соғысы мен бүкіл екінші дүниежүзілік соғыстың барысындағы келелі өзгерісті аяқтады. Ұрыс қимылдарының инициативасын Қызыл Армия өз қолында берік сақтаумен болды. Неміс-фашист армиясы апатқа ұшырауға таянды.

Курск түбіндегі шайқас Қызыл Армияның қуатты жазғы шабуылының, Невельден Азов теңізіне дейінгі кең майданда өріс алған шабуылдың басы болды. Совет әскерлері жаудың қатты қарсылығын жеңе отырып, тоқтаусыз алға басумен болды. Шабуыл жасап бара жатқан бетінде совет жауынгерлері селолар мен қалалардың орнынан күл-күбірді, фашистер азаптап, атып өлтірген бейбіт тұрғындар мен тұтқындағы қызыл-әскерлердің тау-тау боп үйілген өліктерін көрді. Фашистер

азаптап өлтірген совет адамдарын көргенде екiнiң бiрiнде бөлiмшелерде қысқаша митингтер өзiнен өзi пайда болып жүрдi. Жауынгерлердiң кеудесiн жауға деген қасиеттi өшпендiлiк кернеп, оларды жаңа ерлiк iстерге талпындырып отырды. Совет жауынгерлерi бұрынғыдан да күштi жiгермен шабуылға ұмтылды. Шабуыл жасаушылардың қатарында туыстары майданның аржағында қалып кеткен немесе Германияға қаторғаға айдалып кеткен солдаттар мен офицерлер аз емес едi. Мiне солардың өздерi жолдастарын соңынан ерте ұрысқа құлшынумен болды. Фашистердiң құлдығында азап шегiп жатқан совет адамдарының хаттары кейде шабуыл жасаушы әскерлердiң қолына келiп тиетiн-дi. Бұл хаттар адамның бойындағы ең ардақты сезiмдi қозғап, тоқтаусыз алға баса беруге, зар шеккен совет жерi мен совет адамдарын гитлершiл зұлымдардан тезiрек азат етуге ылғи талпындырып отырды.

1943 жылдың жазғы үш айы iшiндегi шабуылы кезiнде Қызыл Армия жауды кей жерлерде 400 — 450 километр кейiн қуып тастады, Донбасты, Тамань түбегiн азат еттi, Қырымның қақпасы болған Сиваш пен Перекопқа шықты, Солжак Украинаны, Смоленск мен Брянскiнi азат еттi, Днепрден жалдап өттi. Гитлершiлдер шығыс қорғаны деп атаған осынау су бөгеттен совет әскерлерi асқан батылдықымен, шеберлiкпен, шапшаңдықымен аттап өттi. Днепрдегi жеңiс үшiн екi мыңнан астам солдат, офицер және генерал Совет Одағының Батыры деген атақ алды. Ендi Қызыл Армия жауды Днепрдiң оң жағалауында талқандай бастап, Оңжак Украина мен Белоруссияны азат етуге кiрiстi. 6 ноябрьде совет әскерлерi ұрыс жүргiзе отырып Киевке кiрдi. Сол қарсанда бұрын жау басып алған совет жерiнiң үштен екi бөлегiне жуығы азат етiлдi.

Майдандағы ұрыс әрекеттерiн жаудың тылы мен коммуникациясына үнемі соққы берушi партизандар қолдап отырды. Қызыл Армия батысқа iлгерiлеген сайын партизан қозғалысы бiрден бiрге жаңа аудандарды қамтып, күшейе түстi. Партизан отрядтары күн санап өсе бердi. Көп реттерде совет адамдары партизан отрядтарына тұтас семьяларымен, тiптi деревняларымен барып жатты. Партизан қозғалысына бiр миллионнан астам адам қатысты. Партизан қозғалысы Ленинград, Калинин, Смоленск және Орел облыстарының оккупацияланған аудандарында, Белоруссия мен Украинада өте-мөте кең өрiс алды. Жүз мыңдаған партизандар РСФСР-дiң жау оккупациялаған территориясында, неше жүз мыңы Белоруссияда, неше жүз мыңы Украинада, ондаған мыңы Прибалтикада ұрыс жүргiздi. Партизандарға барша халық жан аямай үнемі көмектесiп отырды. Халық оларға жылы лебiз бiлдiрiп, шын ықласпен қамқорлық көрсеттi, баспанасы мен тамағын бердi, төнген қауiптi дер кезiнде хабарлап отырды. Партизан қозғалысы шын мәнiсiнде бүкiлхалықтық қозғалысқа айналды. Партизан отрядтарында елiмiздегi барлық ұлттардың жұмысшылары, шаруалары мен қызметшiлерi болды. Партизан қозғалысының мұндай құлаш жаюы және бүкiлхалықтық сипат алуы шетел басқыншыларымен партизандық күрес жүргiзуде толып жатқан дәстүрлерi бар совет халқының тарихында да бұрын болып көрген емес.

Партизан күресiн ұйымдастырушылар астыртын партия ұйымдары болды; бұл ұйымдар жау басып алған қалаларда, аудан орталықтарында, темiр жол станцияларында және басқа маңызды пункттерде партия Орталық Комитетiнiң нұсқауы бойынша құрылған болатын. Астыртын партия ұйымдарының жұмысын 26 обком секретары және 539 қалалық, аудандық комитет секретары басқарды. Партизан отрядтары мен бригадаларына партия, совет кадрларының таңдаулы бөлегi басшылық еттi. Жалпы партизандар санының 16 процентiнен көбiрегi коммунистер болды. Патша өкiметi мен капитализмге қарсы күрес дәуiрiнде бұқара арасында астыртын жұмыс жүргiзiп төселген партияның көп жылдық тәжiрибесi, партияның халық арасындағы өшпес беделi, қауiп-қатерден тай-

салмайтындығы, Отанына жан-тәнімен берілгендігі, соғыстың мақсаттарын айқын түсінетіндігі, шетел басқыншыларымен партизандық күрес жүргізудегі халқымыздың бай дәстүрлері игілікті әсерін тигізді. Осының бәрі жаудың тылындағы бұқараны фашистік Германияға қарсы бүкілхалықтық соғысқа аттандыруға көмектесті.

Жаудың тылында әрекет еткен партия ұйымдары өз жұмысында партизан отрядтарын құрумен ғана, оларға басшылық етумен ғана тынған жоқ. Олар халық арасында зор саяси-бұқаралық жұмыс жүргізді, газеттер, листовкалар шығарды, қандыбалақ фашист басқыншыларының зұлымдықтарын тынымсыз әшкерелеп отырды, майдандардағы және еліміздің ішіндегі шын жағдайды түсіндіріп, жеңіп шығатындығымызға совет адамдарының сенімін күшейте берді. Жау оккупациялаған территориядағы коммунистерге минут сайын қатерлі қауіптің төніп тұрғанына қарамастан, астыртын жұмыстың мейлінше қиын болуына қарамастан, партия ұйымдары үздіксіз өсе берді, бұл ұйымдарға ең сенімді, ең ержүрек патриоттар кіріп жатты. Мысалы, жау тылында әрекет еткен Белоруссия партия ұйымдарындағы партия мүшелері мен кандидаттарының саны соғыс кезінде 8,5 мыңнан 25 152 адамға жетті.

Астыртын партия ұйымдарының басшылығымен жаудың тылында астыртын комсомол ұйымдары әрекет етті. Краснодардағы «Жас гвардия», Николаев облысындағы «Партизан ұшқыны» атты астыртын комсомол ұйымдарының, Калуга облысында Людинов комсомол ұйымының, Каунастағы, Битевск облысының Оболь станциясындағы және жау оккупациялаған басқа да аудандардағы комсомол ұйымдарының іс-әрекеті Отанымызға жан аямай қызмет етудің үлгісі болып табылады. Астыртын партия ұйымдарының басшылығымен жұмыс істеген комсомолецтер жауға қарсы батырларша күрес жүргізді. Олар батыл диверсиялық әрекеттер жасады, темір жол составтарын қиратты, телеграф сымдарын бұзды, совет жауынгерлерін тұтқыннан босатты, гитлершілдерді және Отанын сатқан опасыздарды жоюмен болды.

Партия Орталық Комитетінің нұсқауы бойынша 1942 жылғы 30 майда Жоварғы бас командование Ставкасының жанынан құрылған Партизан қозғалысының орталық штабы партизан қозғалысына тікелей басшылық етіп, партизан отрядтарының ұрыс әрекеттерін Қызыл Армияның әрекеттерімен ұштастырып отырды. Гитлершілдер оккупациялаған одақтас республикалар мен РСФСР облыстарында да партизан қозғалысының штабтары құрылды. Бұл штабтар одақтас республикалардың коммунистік партиялары Орталық Комитеттерінің және партия обкомдарының басшылығымен жұмыс істеді.

1943 жылғы жазда Қызыл Армияның шабуылы қызған кезде партизан отрядтары жаудың коммуникацияларында күшті әрекет жасаумен болды. Олар дұшпанның тылдарын, штабтарын, әскери складтары мен шегініп бара жатқан бөлімдерін талқандады. 1943 жылғы август пен сентябрьде партизандар Орталық штабтың күнілгері жасаған жоспары бойынша екі түннің ішінде аса маңызды темір жол магистральдарына мықтап соққы беріп, 263 мыңнан астам рельсті бұзды, мұның жалпы ұзындығы бір қатар темір жол есебімен алғанда 2270 километрдей болады. Совет-герман майданындағы күрестің ең қысталаң кезінде дұшпанның темір жол қатынасы кері кетірілді, оның жүк тасуы 35—40 процент кеміді. Партизандар Днепр үстінен салынған көпірлер мен өткелдерді және басқа су бөгеттерін екінің бірінде басып алып, Қызыл Армия бөлімдері келіп жеткенше олардан айрылмады. С. А. Ковпактың, М. И. Наумовтың және басқалардың партизан құрамаларының партия Орталық Комитетінің шешімі бойынша Батыс Украина территориясында жасаған жорықтары жауға күйрете соққы берді.

Партизан отрядтары дұшпанның ірі күштерін аландатумен болды. Белоруссияда, Украинада, Брянск ормандарында, Ленинград облысын-

да және басқа жерлерде тұтас партизан өлкелері мен совет аудандары пайда болып отырды.

Гитлердің абақты лагерлерінде болған тұтқындағы совет жауынгерлері де, еріксіз еңбек істету үшін немістің түкпірдегі тылына фашистер айдап кеткен бейбіт совет адамдары да фашизмге қарсы күресті тоқтатқан жоқ. Үнемі ажал аузында жүрсе де олар фашизмге қарсы астыртын ұйымдар құрды, тұтқындардың лагерлерден жаппай қашып шығуын қарастырды, соғыс кәсіпорындарында диверсиялар жасады, фашизмге қарсы аттаныстар ұйымдастырды, түрлі ұлт жұмысшыларының, оның ішінде фашизм мен соғысқа қарсы күрескен неміс жұмысшыларының да достық ынтымағын нығайта берді. Жаудың өз елінде совет адамдарының гитлершілдерге қарсы жүргізген күресі герман фашизмінің күшін әлсіретіп, Қызыл Армияның жауынгерлік табыстарына көмек болып отырды.

Гитлер Германиясы оккупациялап алған елдерде Қызыл Армия жеңістерінің әсерімен ұлт-азаттық қозғалысы күшейе берді: Чехословакияда, Польшада, Албанияда, Югославияда, Францияда халық бұқаралары бас көтере бастады. Югославияда Югославия Коммунистік партиясының басшылығымен қуатты партизан қозғалысы өріс алды. Югослав партизандары фашистік Германия мен фашистік Италия күштерінің бір бөлегін аландата отырып, гитлеризмге қарсы ортақ күрес ісіне үлес қосты. Өзінің Коммунистік партиясының басшылығымен болгар халқы да фашистік тәртіпке қарсы аттанды. Польшада қарсылық көрсетушілер қозғалысы кең өріс алып, онда партизандық «Гвардия людова» гитлершілдерге қарсы жігерлі әрекет істеумен болды. Поляк пен чех патриоттары совет халқының көмегімен СССР территориясында өз әскер бөлімдерін құрды.

Ұлт-азаттық қозғалысын коммунистік партиялар басқарып отырды. Фашистік Германияның шапқыншылығына ұшыраған елдерде коммунистер фашист басқыншыларға қарсы жанқиярлықпен күрес жүргізген ең басты, шынайы патриоттық күш болды, олар халық бұқарасын фашистік езгіге қарсы, өз елдерінің ұлттық дербестігі үшін, халықтардың бостандығы үшін күреске аттандырды. Францияның, Чехословакияның және басқа елдердің коммунистері фашистік езгіден азаттық алу жолындағы ұлы күресте аса көп құрбандыққа ұшырады. Мындаған коммунисті фашистер атып тастады, сан мың коммунист абақты лагерлерде қаза тапты. Бірақ фашистердің адам айтқысыз терроры коммунистердің сағын сындыра алған жоқ. Гитлерге қарсы одаққа кірген капиталистік елдердің коммунистік партиялары өз елдерінің соғыс жөніндегі іс-әрекеттерін барынша қолдап, олардың фашистік Германияны сыбайластарымен қоса тез, толық талқандау мақсатын көздеген жауынгерлік одағын нығайтуға көмектесіп отырды. Фашистік блок елдерінің коммунистік партиялары соғыста бұл блоктың жеңілуіне көмектесу саясатын, фашистік үкіметтерді құлату саясатын жүргізді. Фашист басқыншыларға қарсы азаттық күресінде коммунистердің жетекші роль атқаруы, олардың ерен ерлік көрсетуі, халық ісіне жан-тәнімен берілгендігі барлық жерде де коммунистік партиялардың ықпалы мен беделінің қаулап өсуіне, олардың өз елдеріндегі халықтармен байланысының мықтап нығая түсуіне себепкер болды.

Әрбір жеке елдің коммунистік партиялары прогресшіл күштерді біріктіру және бұқараны фашизмге қарсы күреске жұмылдыру ісін Коминтерн шеңберінен тыс неғұрлым дұрыс жүзеге асыра алатынын тәжірибе көрсетіп берді. Оның үстіне, коммунистік партиялар өз халқының мүддесі үшін әрекет етпейді, сырттан келетін бұйрық бойынша қимылдайды деген гитлершілдер мен олардың итаршыларының жаласын біржола әшкерелеу қажет еді. Осының бәрін еске ала отырып, Коминтерн өзінің тарихи міндетін орындап шыққанын ескере отырып, Коммунистік

Интернационал Атқару комитетінің Президиумы 1943 жылғы майда Коминтериді тарату туралы шешім қабылдады. Бұл шешімді барлық коммунистік партиялар мақұлдады.

Коммунистік Интернационал маңызды тарихи роль атқарды. Оның сіңірген еңбегі мынау: түрлі елдер еңбекшілерінің арасындағы байланысты, бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде социалист-шовинистер бұзған байланысты қайта орнатып, нығайтты, марксизмді оппортунистердің қорлауынан, бұрмалауынан қорғап қалды, бірқатар елдерде алдыңғы қатарлы жұмысшылар авангардын нағыз жұмысшы партиялары етіп топтастыруға себепкер болды, жетекші революцияшыл кадрларды жасақтауға көмектесті. Сөйтіп жас коммунистік партияларды марксизм-ленинизм платформасында тұрған бұқаралық жұмысшы партияларына айналдыруға жағдай жасалды.

1943 жылғы июльде, неміс-фашист әскерлері орасан шығынға ұшырап, совет-герман майданында жеңілістен көз ашпай жатқан кезде, Гитлер командованиесі өзінің барлық резервтерін Қызыл Армияға қарсы жұмсаған кезде, Англия мен АҚШ Сицилияға, онан соң Италияға да өз әскерлерін түсірді. Муссолинидің фашистік езгісіне қарсы, герман фашизмінің зорлық-зомбылығына қарсы күресте, Италияны азат ету жолындағы күресте итальян патриоттарының партизан қозғалысы үлкен роль атқарды, бұл қозғалыстың алдыңғы қатарында ерлікпен қайрат көрсеткендер коммунистер болды. Одақтастарымыз үшін осындай қолайлы жағдайларда олардың Италияда итальян-герман әскерлеріне қарсы жасаған шабуылы ойдағыдай өріс алды. Курск шайқасы қызыл жатқан кезде-ақ Қызыл Армия мен одақтас әскерлердің жеңістерінің әсерімен Италияда халық көтеріліске шыққан болатын. Осы көтерілістің нәтижесінде Муссолинидің фашистік тәртібі құлатылып, фашистік партия таратылған-ды. Соғыс жағынан да, саясат жағынан да күйреген Италия фашистік блоктан бірінші болып шықты да, 1943 жылғы сентябрьде сөзсіз тізе бүкті. Фашистік мемлекеттердің блогы ыдырай бастады.

Совет үкіметінің даналық сыртқы саясаты, совет әскерлерінің жеңістері, Европа елдерінде ұлт-азаттық қозғалысының өрлеуі және американо-ағылшын әскерлерінің Италиядағы табыстары Гитлерге қарсы одақтың бұрынғыдан да мықтап нығайуына себеп болды. 1943 жылдың аяғында Тегерандағы конференцияда үш ұлы держава — СССР, Англия және АҚШ—Германияға қарсы соғыста бірлесіп қимылдау туралы және соғыстан кейінгі ынтымақ туралы декларация қабылдады. Осы конференцияда СССР-дің одақтастары — Англия мен АҚШ—Европадағы екінші майдан жөнінде өздеріне жаңа міндеттеме алды: оны 1944 жылғы 1 майдан кешіктірмей ашпак болды.

5. Коммунистік партия—совет жерін фашист оккупанттарынан толық азат ету ісін ұйымдастырушы

1944 жылдың басталар кезінде совет халқы фашистік Германияға қарсы күресте зор табыстарға жетті. Ұлы Отан соғысы жаңа кезеңге аяқ басты. Ол ақтық аяқталар шағына жақындаған еді. Енді күн тәртібіне неміс-фашист басқыншыларын Совет елінің шегінен толық қуып шығу, онан соң Европада фашистік «жаңа тәртіпті» жою міндеті қойылды. Бірақ Совет мемлекетінің алдында тұрған қиыншылықтар ұшан-теңіз еді. Эстония, Латвия, Литва және Карел-Фин совет республикаларының халықтары мейрімсіз жаудың тепкісінде азап шегіп жатты. Белоруссияның, Украинаның, Молдавияның едәуір бөлегі мен Қырым жаудың қолында болды. Неміс-фашист әскерлері әлі де Ленинградтың батыс және оңтүстік іргелігінде бекініп, қаһарман қаланы тағылықпен атқылауда еді. Әзірше Европада екінші майдан да ашылған жоқ-ты, сон-

дықтан Гитлер әскерлерінің негізгі күштері бұрынғыша совет-герман майданында жинақтаулы еді. Неміс-фашист басқыншылары өздерінің құрып бітетін кезі жақындағанын сезіп, жан тәсілімі алдында өршелене қарсылық көрсетумен болды.

Коммунистік партия совет халқы мен Қызыл Армияны қол жеткен табыстармен тынбауға, қиыншылықтарды ұмытпауға, жаудың күшін дұрыс бағалай білуге, неміс-фашист басқыншыларына қарсы күрес армия мен халықтан көп күш жұмсауды, тағы да ерен ерлік көрсетуді керек ететінін есте сақтауға шақырып отырды. Қызыл Армияның алдына майданда шебер де батыл қимылдап, жауға күйрете соққы беру, сөйтіп таяудағы уақыт ішінде совет жерін фашист оккупанттарынан толық тазарту міндеті қойылды. Тылдағы совет адамдарының алдында тұрған міндеттер: қару-жаракты үздіксіз еселеп шығару, оның сапасын жетілдіре беру, өндіріс қуаттарын арттыра түсу, азат етілген аудандарда халық шаруашылығын қалпына келтіру еді.

Бұл міндеттер абыроймен орындалып отырды. Кәсіпорындардың партия ұйымдары партия және шаруашылық активінің, комсомолецтердің, өндіріс озаттарының көмегімен өндіріс технологиясын, өндірісті ұйымдастыру ісін жақсартып, жаңашылдардың үздік тәжірибесін таратумен болды. Москва партия ұйымының бастамасы бойынша еліміздің көптеген заводтарында үздіксіз система қолданыла бастады, мұның өзі бұрынғы жабдықпен және саны аз жұмысшылар күшімен қару-жаракты едәуір көбейте шығаруға мүмкіндік берді. Социалистік жарыс негізінде, өндіріс технологиясы мен өндірісті ұйымдастыру ісін жақсарту негізінде еңбек өнімділігі 1944 жылы 1943 жылғы еңбек өнімділігімен салыстырғанда танк өнеркәсібінде 23,7 процент, авиация өнеркәсібінде 11,8 процент өсті. Өнеркәсіп өнімінің өзіндік құны да төмендей берді. Осының бәрінен мемлекет соғыстың үш жарым жылы ішінде 50 миллиард сомдай қаржы үнемдеді.

Металл қорыту, көмір өндіру едәуір артты, машиналар мен соғыс заттары көп шығарылды. Өндірілген қара металл 1944 жылы 1943 жылғымен салыстырғанда үштен бір есе өсті. Ауыр машина жасау өнеркәсібінің өнімі 30 проценттен астам өсті, өндірілген көмір де сонша артты. Ауыр өнеркәсіптің табыстары қару-жарак пен ұрыс техникасын шығаруды шұғыл арттырудың негізі болды. Соғыстың соңғы үш жылында СССР өнеркәсібі Қызыл Армияға жыл сайын орта есеппен 30 мыңнан астам танк, өздігінен жүретін артиллериялық қондырғы мен бронемашина, 40 мыңға тарта самолет, 120 мыңға тарта артиллериялық орудие, 450 мыңға тарта қол пулеметтері мен станокты пулеметтер, 3 миллионнан астам винтовка және 2 миллионға жуық автомат беріп отырды. Бұл фашистік Германияда, сондай-ақ Англиямен АҚШ-та өндірілетін ұрыс техникасынан едәуір артық еді.

Неміс-фашист басқыншылары қиратқан халық шаруашылығын қалпына келтіру жөніндегі жұмыс кең өріс алды. Ленинградта, Сталинградта, Ростовта, Майкопта, Донбаста, Харьковта — қай жерде болса да күл-күбірдің орнынан заводтар мен фабрикалар қайта тұрғызыла бастады. Ленинградта 1944 жылдың ішінде көлемі бір миллион шаршы метрге жуық өндіріс орындары пайдалануға берілді. Сталинградта трактор заводы, «Красный Октябрь» заводы және басқа кәсіпорындар қайтадан іске қосылды. Харьковта турбогенератор, электромеханика және трактор заводтары жұмыс істей бастады. Донбасс шахталарының қалпына келтірілуі 1944 жылы көмір өнімін 1943 жылғымен салыстырғанда 18,6 процент арттыруға мүмкіндік берді. 1944 жылы Оңтүстіктің аса ірі өнеркәсіп орындары: Енакиевка, Макеевка, Сталино, Ворошиловград металлургия заводтары және Ново-Краматорск машина жасау заводы және басқалар өнім шығара бастады. Азат етілген аудандар өнеркәсібінің жалпы өнімі 1944 жылы 1943 жылғымен салыстырғанда үш

еседен астам өсті. Азат етілген аудандарда соғыс аяқталар кезде 6 мыңнан астам фабрикалар мен заводтар қайтадан іске қосылды. Энергетика базасы қайта туа бастады. Сталинград электр станциясы тағы да ток берді, Зуев электр станциясының бірінші турбинасы іске қосылды, Днепрогэсті қалпына келтіру жұмысы басталды. 1944 жылы Волхов су электр станциясы толық қуатына жетті. Совет жері оккупанттардан азат етілген сайын аса маңызды коммуникациялардағы темір жолдар мен көпірлер тез қалпына келтіріле берді. 1943 жылы 19 мың километр темір жол желісі қалпына келтірілді.

«Неміс оккупациясынан азат етілген аудандарда шаруашылықты қалпына келтіру жөніндегі шұғыл шаралар туралы» ВКП(б) Орталық Комитеті мен СССР Халық Комиссарлары Советінің 1943 жылғы 21 августағы қаулысын жүзеге асыру жолындағы күресте ауыл шаруашылығын қалпына келтіру ісінде зор табыстарға қол жетті. Азат етілген аудандардың колхоздарына қайтарылғаны және сатып алынғаны бар 900 мыңға жуық мал берілді. 1944 жылы 1400-дей МТС және 1300 машина-трактор мастерскойы қайтадан жұмыс істей бастады. 1944 жылы егіс көлемі 1943 жылғымен салыстырғанда көбінесе Донның, Кубанның, Украинаның жаудан азат етілген құнарлы аудандарының есебінен 17 миллион гектар артты. Ал жалпы алғанда егіс көлемі соғыстан бұрынғы кездегіден 40 миллион гектардан да көбірек кеміген еді. Машина-трактор станцияларының жұмысы едәуір жақсарды: олар 1944 жылы трактор жұмыстарын 1943 жылғыдан 25 миллион гектар артық орындады. 1944 жылы астық 1943 жылғыдан артық жиналды. Совет шаруалары ауылшаруашылық өнімдерін дайындау жоспарын уақтылы орындап, соғыстың шешуші кезеңінде Қызыл Армия мен халықты азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті шикізатпен онша тарықтырмай жабдықтап отырды.

Фашист басқыншыларына қарсы күресте Совет Одағы халықтарының ұлы достығы барлық сынақтан өтіп, бұрынғыдан да шыныға түсті. Әрбір халық социалистік Отанының бостандығы жолындағы ұлы күрес ісіне өз үлесін қосты. Орта Азия мен Закавказье совет республикалары Россия федерациясымен бірге Қызыл Армияның қатарын үздіксіз толықтырып, майданды қару-жаракпен, ұрыс жабдықтарымен, азық-түлікпен, әбзел-сайманмен үзбей қамтамасыз етіп отырды. Қызыл Армия қатарында орыстар, украиндар, белорустар, молдавандар, латыштар, литвандар, эстондар, карелдер, грузиндер, армяндар, азербайжандар, казактар, өзбектер, тәжіктер, түркпендер, қырғыздар және еліміздегі басқа да ұлттардың өкілдері иін тіресін ұрыс жүргізді. Соғыстың бас кезінде және барысында құрылған ұлттық әскер бөлімдері өздерінің жауынгерлік туларын неміс-фашист басқыншыларына қарсы ұрыс майдандарында абыроймен ілгері алып жүрді. Оккупацияланған республикалардың, облыстар мен аудандардың еңбекшілері, гитлершілдердің жан түршігерлік терроры мен арандатуына қарамастан, астыртын партия ұйымдарының басшылығымен жаудың тылында қырғын соғысты күшейте берді.

Жаумен екі арада сұрапыл ұрыстар қызып жатқан кезде партия Орталық Комитетінің 1944 жылғы январьда болған пленумы Қорғаныс халық комиссариаты мен Сыртқы істер халық комиссариатын жалпыодақтық халық комиссариаттарынан одақтық-республикалық халық комиссариаттары етіп қайта түзу және одақтас республикаларда қорғаныс және сыртқы істер халық комиссариаттарын құру туралы маңызды шешім қабылдады. Жоғарғы Советтің X сессиясы ВКП(б) пленумының шешімін мақұлдап, тиісті заңдар қабылдады. Партия Орталық Комитеті мен СССР Жоғарғы Советінің шешімі көп ұлтты Совет мемлекетінің қуаттылығын, СССР халықтары достығының мызғымас беріктігін, совет республикаларының есейгендігін дәлелдейтін жаңа айғақ еді. СССР халықтарының Отан соғысындағы жауынгерлік ынтымағының және

Совет мемлекетінің бүкіл тарихының жемісі ретінде одақтас республикалар праволарының кеңейтілуі Совет Одағының соғыс қуатын, оның жауынгерлік күштерін бұрынғыдан да нығайта түсті.

1944 жылы Қызыл Армия күшейген үстіне күшейе берді. Оның қатарына фашистік бұғаудан азат етілген он мыңдаған совет адамдары үсті-үстіне қосылып жатты. Оның қару-жарағы мен ұрыс техникасы үздіксіз жетіліп отырды. Қызыл Армияның техникалық жабдығы саны жағынан да, ұрыстық сапасы жағынан да Отан соғысының жаңа кезеңіндегі талаптарға әбден сай еді. Соғыстың барысында артиллерияның жауынгерлік қуаты бес еседен де көбірек, танктің осы заманғы түрлерінің он бес есе, ұрыс самолеттерінің саны бес есе артты. Атқыш бөлімдер мен құрамалардың ұрыс техникасымен жабдықталуы күшейді. Қызыл Армия дивизияларының саны төрт есе көбейді. Жауынгер кадрлар өсіп жетілді. Олар қару-жарақ пен ұрыс техникасының ұшан-теңіз ресурстарын мейлінше толық және білгірлікпен пайдалануға, ұрыс майданында әскерлерді шебер басқаруға қабілетті еді.

Қызыл Армияның өскелең қуаты, оның кадрларының шеберлігі мен есейгендігі Ұлы Отан соғысының шешуші кезеңінде, совет әскерлері жауға қатарынан әлденеше рет үдемелі күшпен күйрете соққы берген кезде барынша айқын көрінді.

Қызыл Армияның шабуылы 1944 жылғы январьда Ленинград пен Новгород түбінде неміс-фашист әскерлерін талқандаудан басталды. Жаудың көп уақытқа арналған, көп салалы қуатты бекініс жүйесін қиратып, Қызыл Армия неміс-фашист әскерлерін Прибалтикаға лақтырып тастады. Ленинград жаудың блокадасынан құтылды, артиллериядан тағылықпен атқылау тоқтатылды. Жау Ленинград пен Калинин облыстарынан қуылды. Қызыл Армия Советтік Эстонияның территориясына кірді. Февраль—апрельде Қызыл Армия Корсунь—Шевченковск, Кривой Рог және Никополь ауданында жаудың күшті тобын талқандап, неміс-фашист әскерлерін Днестрдің аржағына лақтырып тастады да, Оң жағадағы Украинаны жаудан тазартты, сөйтіп Советтік Молдавияның территориясына кірді. Апрель—майда Қызыл Армия шебер де шапшаң қимылдай отырып, дұшпанның қуатты қорғаныс бекіністерін қиратты. Қырымда жау ойсырап шығынға ұшырады. 12 майда Қырым фашист басқыншыларынан тазартылды. Гитлершілдерді, олармен одақтас румын әскерлерін екшелей қуа отырып, Қызыл Армия апрельде Карпат тауының алқабына жетті де, ұзына бойы 400 километр жерде СССР-дің Чехословакиямен және Румыниямен екі арадағы мемлекеттік шекарасына шығып, ұрыс қимылдарын Румынияның территориясына көшірді.

Қызыл Армия 1944 жылы осы жолғы және одан кейінгі шабуыл ұрыстарында дұшпанның бекініс алаптарын шебер талқандап, жауды шапшаң қуып, қоршауға алып, жойып жіберіп отырды. Ұрыс қимылдарында әскерлердің барлық түрлері өзара мінсіз әрекет жасап, асқан маневр өнерін көрсетті. Совет командованиясі жауды Қызыл Армияға тиімді жерлерде ұрысқа қиліктіріп отырды. Совет әскерлері бір өңірде шабуыл жасап бара жатқан кезде екінші бір өңірде кезекті соққы әзірленумен болды, сөйтіп жау әдетте күтпеген жерде, екінші бірінде алғашқы өңірден мыңдаған километр жерде жаңа соққыға ұшырап отырды. Жаудың көптеген дивизиялары үсті-үстіне қатардан шығарыла берді. Қызыл Армияның түрлі бағыттарда жасаған тұтқиыл соққылары нәтижесінде фашист әскерлерінің командованиясі лажсыздан өз жоспарларын өзгертіп, ұзыннан ұзақ майданның өң бойында резервтерін бір өңірден екінші өңірге әлденеше рет ауыстыруға мәжбүр болып отырды. Шапшаң да батыл қимылдай отырып, Қызыл Армия жаудың күшті топтарын қоршал, жоюмен аяқталған ірі шабуыл ұрыстарын жүргізудің асқан үлгілерін көрсетті. Корсунь—Шевченковск ауданында, Белоруссияда, Кишинев пен Яссы түбінде осылай болды.

Қызыл Армияның партиялық-саяси органдары жауынгерлік өмірдің барлық жағдайында: әскерлердің дем алысы мен машықтануы кезінде де, ұрыстың аса қысыл-таяң кезеңінде де бұқаралық-саяси жұмыс жүргізуде зор тәжірибе алды. Шабуыл жасауға әзірлік жасалып жатқан күндерде бұқаралық-саяси жұмыстың барлық түрлері әскерлердің жауынгерлік жігерін өршіту, жауды бетпе-бет кездесіп талқандау үшін жауынгерлерді алға басуға талпындыру мүддесіне бағындырылып отырды. Бөлімдер мен бөлімшелер ұрысқа сақадай сайланып әзірленді, олардың партия, комсомол ұйымдары тылдағы бөлімшелердің коммунист, комсомолецтерімен нығайтылып отырды. Жауынгерлік бұйрықты алған замат шабуыл басталар алдында қысқа мерзімді партия, комсомол жиналыстары, солдаттар мен офицерлердің митингтері өткізілді. Екінші бірінде мұндай митингтер әскер бөлімдерінің жауынгерлік тулары қасында, артиллерия мен авиация жер күңіреніп шабуыл әзірлігін бастаған мезетте өткізіліп отырды.

Шабуыл кезінде тізбек бойынша (ауызша немесе жазба түрде) ұрандар тасталып, алғашқы табыс жөнінде, ерлік істер жөнінде, ұрыста үздік шыққандардың наградталғаны жөнінде қысқаша хабарлар беріліп отырды. Көрнекі үгіт құралдары кеңінен пайдаланылды. Совет жауынгерлері автомашиналардан, жолдың жиектерінен, азат етілген қалалар мен селолардың үйлерінен, дуалдарынан жауды өкшелей қуып, жоя беруге шақырған ұрандарды оқыды. Осының бәрі коммунистердің ерен ерлік, батырлық үлгісімен қосыла армияның жауынгерлік рухын жоғары қалыпта сақтады, барша жұрттың ынтымағын күшейтіп, жауды талқандауға талпындырды.

Майданшы коммунистердің моральдық-саяси бейнесінің ерекше жоғары болғанын дәлелдейтін бір мысал — жауынгерлік тапсырманы атқарып жүріп ерлікпен қаза тапқан коммунист Г. П. Масловскийдің хаты. Ол өзінің баласына былай деп жазды: «Революция бесігі — даңқты Ленин қаласына қауіп төніп отыр. — Оның бұдан былай сау-саламат болуы менің өз тапсырмамды орындауыма байланысты. Осы ұлы саламаттық үшін өз тапсырмамды ақтық демім біткенше, ақтық тамшы қаным қалғанша орындай беремін... Ерлік әрекет жасауыма көмектесетін күш қайсы? Әскери тәртіп пен партиялық ықлас. Тәртіп пен батырлықтың арасы бір-ақ адым деп дұрыс айтады. Мұны мәңгі-бақи есінде сақта, ұлым... Өсіп ер жеткенде — зердене тоқисын, Отаныңды ардақтайтын боласын. Отаныңды ардақтаудан артық не бар!»

Совет Одағы фашистік Германияны бір өзі талқандап, Батыс Еуропаның құлдыққа түскен елдерін бір өзі азат ете алатынын Қызыл Армияның соғыстары табыстары айқын көрсетіп берді. Соғыстың осылай бітуінен және Батыс Еуропа елдеріндегі халық бұқарасының реакцияшыл күштерді батыл жазалауынан қауіптеніп, АҚШ пен Англия үкіметтері Батыс Еуропаға басып кіруге қызу әзірлене бастады. 1944 жылғы 6 июньде американо-ағылшын командованиясы Солтүстік Францияға ірі десант түсіруге кірісті. Сонымен, ақырында, Еуропада екінші майдан да ашылды. Бірақ Францияның солтүстігіне десант түсірілгеннен кейін де ағылшын үкіметінің басшысы Черчилль ағылшын-американ әскерлерінің негізгі күші Балқанға жұмсалуға тиіс деген пікірді құптаумен болды. Францияның солтүстігіне түсірілген одақтастар әскерлерін күшейтудің орнына Черчилль Истрия түбегіне десант түсіру жоспарын ұсынып, оны Любляна өткелі арқылы Австрия мен Венгрияға жылжыту мақсатын көздеді.

1944 жылдың жазы мен күзінде совет әскерлері фашистік Германияға тағы да аса күшті соққылар берді. Июньде олар Карелияда шабуыл бастап, фин әскерлерінің ірі тобын талқандады. Выборг пен Петрозаводскіні азат етті, сөйтіп СССР-дің Финляндиямен екі арадағы мемлекеттік шекарасына шықты. 1944 жылдың күзінде Финляндия үкіметі

қарсыласудан түк шықпайтынын көріп, СССР-мен уақытша бітім жасасты да, Германияға соғыс жариялады. Июнь—июльде Қызыл Армия Белоруссиядағы неміс-фашист әскерлерінің орталық тобын жамсата қиратып, республиканы толық азат етті де, Литван совет республикасының көп жерін неміс-фашист басқыншыларынан тазартты. Совет әскерлері Германияның шекараларына таянды. Июль—августа Қызыл Армия Львов түбінде неміс-фашист әскерлерін қиратып, оларды Сан және Висла өзендерінің аржағына серпіп тастап, бүкіл Батыс Украинаны азат етті, сөйтіп Польшаның оңтүстік аудандарына жол ашты. Совет әскерлерінің жазғы ұрыстары 1944 жылғы августа Кишинев — Яссы ауданында неміс-румын әскерлерін талқандаумен бітті. Молдаван совет республикасы фашистік оккупациядан толық азат етілді. Шапшаң шабуылын үдете отырып, совет әскерлері Румынияның орталық аудандарына баратын жолдарға тосқауыл болған бірқатар маңызды стратегиялық пункттерді алды. Сентябрь-октябрьде Таллин мен Рига түбінде болған ұрыстарда Гитлер әскерлерінің Прибалтика тобы талқандалды, Эстон совет республикасы және Латыш совет республикасының көп жері азат етілді. Күзде Қызыл Армия Польшаның, Румынияның, Болгарияның, Венгрияның, Югославияның және Солтүстік Норвегияның территориясында неміс-фашист әскерлерінің ірі күштерін талқандады. 1944 жылғы сентябрьде совет әскерлері Шығыс Пруссияның шекарасынан өтіп, соғыс кезінде тұңғыш рет Германияның территориясына кірді.

1944 жыл неміс-фашист әскерлері мен олардың одақтастарын талқандаған Қызыл Армияның шешуші жеңістерінің жылы болды. Жаудан азат етілген аудандардағы совет адамдары Қызыл Армияның шабуылын қолдап отырды. Совет жерін оккупанттардан азат ету міндеті негізінде орындалды; тек Латыш ССР территориясының кіші-гірім өңірінде ғана теңіз жағасына тықсырылған неміс-фашист әскерлерінің бір тобы әлі де толық талқандалған жоқ еді. Сөйтіп Баренц теңізінен Қара теңізге дейінгі бар өңірде совет шекарасы қалпына келтірілді.

Жаудан азат етілген совет республикалары партия ұйымдарының алдына гитлершілдер қиратып кеткен қалалар мен селоларды, өнеркәсіп орындарын, колхоздарды, совхоздарды, МТС-терді қалпына келтіру жөнінде күрделі міндеттер қойылды. Халық арасында бұқаралық-саяси жұмысты күшейту қажет еді.

Соғыс басталардан аз уақыт бұрын СССР құрамына кірген Батыс Украинада, Батыс Белоруссияда, Бессарабияда, Эстон, Литван, Латыш Совет республикаларында неміс-фашист басқыншылары ұлтшылдардың көмегімен орыс халқына өшпенділік туғызуға, Совет Одағы халықтарының туыскандық бірлігін бұзуға, олардың арасында ұлт араздығын қоздыруға, туыстар арасында қырғын соғыс ұйымдастыруға әрекет жасап келген болатын.

Жау оккупациялаған совет республикалары мен облыстарының халықтары социалистік Отанына адал қалпында қалды. Жаулар талқандалған қанаушы таптар қалдығы мен азғындаған элементтер ортасынан шыққан сатқындар мен Совет өкіметі дұшпандарының мардымсыз топтарын ғана пайдаланды. Совет жерінен кетерінде жау Прибалтика республикаларының, Батыс Белоруссия мен Батыс Украинаның кейбір аудандарында бейбіт тұрмысты қалпына келтіру жөніндегі жұмысқа іріткі салу, совет құрылысына қарсы насихат жүргізу және халықты қорқыту мақсатымен ұлтшыл сілімтірлер мен қылмысты бұзақылардан құралған қарулы бандалар қалдырғанды. Сондықтан жаудан азат етілген аудандарда бандитизммен күресу, ұйымдастыру, бұқаралық-саяси және идеологиялық жұмысты күшейту Совет өкіметі органдары мен партия ұйымдарының аса маңызды міндеті болды.

Батыс Белоруссияда, Батыс Украинада, Бессарабияда фашист басқыншылары тартып алып, помещиктер мен кулактарға берген жерлерді

Совет өкіметі бұл аудандар азат етілісімен-ақ батрактарға, кедей шаруаларға және жері аз орташаларға қайтарып берді, шаруаларды ауыл-шаруашылық саймандарымен, малмен қамтамасыз етті.

Совет өкіметінің бұл шаралары, сонымен қатар бұқараның гитлершілдер мен жергілікті ұлтшылдардың зұлымдығын бастан кешіргендігі партия ұйымдарының буржуазиялық ұлтшылдарды әшкерелеп, олардың іріткішілдік әрекеттерін құртуына себепкер болды. Белоруссия, Украина, Эстония, Латвия, Литва, Молдавия және Карелия коммунистік партиялары партияның Орталық Комитетінің нұсқауларын орындай отырып, буржуазиялық-ұлтшылдық идеологияға төзімсіз болу рухында, пролетарлық интернационализм рухында, СССР халықтарының достығын нығайту рухында кадрлар мен қалың халық бұқарасына идеялық-саяси тәрбие беру жөніндегі жұмысты күшейтті. Батыс аудандардың еңбекшілер бұқарасы ұлтшыл-бандиттерге қарсы күреске белсене қатысты; бандитизм тез жойылды. Халықтың қалың топтары өз республикаларында мемлекеттік, шаруашылық, мәдени құрылыс ісіне белсеніп ат салыса бастады.

6. Ұлы Отан соғысының жеңіспен бітуі. Европа халықтарының Гитлер озбырлығынан азат етілуі. Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы

Қызыл Армияның міндеті жау әскерлерін Совет Одарының шегінен қуып тастаумен тынған жоқ-ты. Қызыл Армия өзінің азат етушілік миссиясын аяқтауға — герман армиясын толық талқандауға, Европа халықтарына, оның ішінде неміс халқына да, фашистік құлдықтың бұғауларын бұзуына, өздерінің бостандығы мен тәуелсіздігін қайта орнатуына, ал неміс халқының Германияда фашистік тәртіпті жоюына көмектесуге тиіс болды.

1944 жылдың екінші жартысында-ақ Қызыл Армия жауды қуа отырып, Гитлер озбырлығынан азат болу жолындағы күресінде Европа халықтарына мықты көмек көрсетті. 1944 жылдың жазында Қызыл Армия Польшаның территориясына кіріп, фашист басқыншыларынан бірқатар поляк қалаларын, оның ішінде Люблинді азат етті. СССР территориясында құрылған поляк армия бөлімдері де өз елін азат ету жолында Қызыл Армиямен бірлесіп ұрыс жүргізді. Поляк жұмысшы (коммунистер) партиясының басшылығымен поляк халқы Польшаның азат етілген территориясында Поляк ұлт азаттығы комитеті түрінде өзінің халықтық үкіметін құрды.

1944 жылғы августта совет әскерлері Румыния территориясында жедел шабуылын үдете отырып, оның астанасы Бухаресті азат етті. Қызыл Армияның көмегіне сүйене отырып, румын жұмысшылары мен шаруалары өзінің Коммунистік партиясының басшылығымен Антонескудің фашистік үкіметін құлатып, жаңа, демократиялық негізде тұрмыс құра бастады. Азат етілген Румыния өз қаруын Гитлер Германиясына қарсы жұмсады. Қызыл Армия неміс-фашист әскерлерін Румыния территориясынан қуып шықты.

Қызыл Армияның жеңімпаз шабуылы Болгарияда азаттық қозғалысының күшеюіне себепкер болды. Болгарияның фашистік үкіметі Совет Одағымен ресми соғыс халінде болмағанымен, фашистік Германияның әскерлеріне болгар территориясынан базалар беріп, оған тікелей жәрдем көрсетіп келген-ді. Сондықтан 1944 жылғы 5 сентябрьде Совет Одағы Болгарияның фашистік үкіметімен екі арадағы дипломатиялық қатынасты үзіп, оған соғыс жариялады. Совет әскерлері болгар территориясына кірді. Болгар халқының өз езушілеріне қарсы азаттық күресін ойдағыдай жүргізуі үшін мұның шешуші маңызы болды. Совет әскерлері кіргенге дейін-ақ қарулы көтеріліске шыққан болгар халқы өзінің жұмысшы партиясының басшылығымен 9 сентябрьде монархистік-

фашистік диктатураны құлатты. Софияда Отандық майдан үкіметі құрылды. Болгар халқы өзін азат еткен совет жауынгерлерін шаттықпен қарсы алды. Қызыл Армияның соққысына ұшыраған Гитлер әскерлері жедел шегінумен болды. Болгария Германияға соғыс жариялады. 16 сентябрьде совет әскерлері салтанатпен Софияға кірді.

1944 жылғы октябрьде совет әскерлері Югославия территориясында гитлершілдерді қуа отырып, Югославия Коммунистік партиясының басшылығымен үш жыл ұдайы неміс-фашист басқыншыларына қарсы жанқиярлықпен күрес жүргізіп келген югослав халық-азаттық армиясымен кездесті. Совет әскерлері мен югослав әскерлері бірлесе соққы беріп, оккупанттарды Югославияның селолары мен қалаларынан қуып шықты да, 1944 жылғы 20 октябрьде оның астанасы Белградты азат етті. Югославия селолары мен қалаларының тұрғындары Қызыл Армияны қызу жігермен қарсы алып отырды.

Октябрьдің аяғында Қызыл Армия Солтүстік Финляндияда неміс-фашист әскерлерін талқандап, Норвегияға кірді де, оның солтүстік жағын азат етті.

1944 жылғы октябрьде совет әскерлері Тисса мен Дунай арасындағы неміс-фашист әскерлеріне күйрете соққы беріп, Венгрия территориясына ендіркелеп, бойлап енді де, декабрьде оның астанасын — неміс-фашист әскерлерінің мықты тобы бекінген Будапешті — қоршап алды; елдің территориясының бестен төрт бөлегін жаудан тазартты. Совет әскерлері неміс оккупанттарынан азат еткен территорияда Венгрияның Уақытша ұлттық үкіметі құрылып, ол Германияға соғыс жариялады.

1944 жылғы октябрьде Қызыл Армия әскерлері СССР территориясында құрылған чехословак әскерлерімен бірлесе қимылдап Карпат жонынан асып өтті де, Чехословакия халықтарын герман фашизмінің езгісінен азат ете бастады.

Европа халықтарын Гитлер озбырлығынан азат ету мақсатын көздеген Қызыл Армия алға басқан сайын Европа халықтарының мемлекеттік, экономикалық және мәдени тұрмысын қайта құру мәселелері алға қойылып отырды. Коммунистік партия мен Совет үкіметінің бұл мәселелер жөніндегі саясаты соғыстың өн бойында өзгерген жоқ. Совет халқының алға қойған мақсаты мынадай еді:

1. Европа халықтарын фашист басқыншыларынан азат ету және олардың өздерінің тәуелсіз ұлттық мемлекеттерін қайта құруына көмектесу.

2. Өздерінің мемлекеттік құрылысы жөніндегі мәселені шешуде Европаның азат етілген халықтарына толық ерік беру.

3. Соғыстың тууына және халықтардың қайғы-қасірет шегуіне айыпты ең басты соғыс қылмыстарын өздерінің жасаған зұлымдықтары үшін қатаң жазалау жөнінде шаралар қолдану.

4. Европада Германияның жаңа агрессия жасау мүмкіндігін толық жоятын тәртіп орнату.

5. Оккупацияға ұшыраған, гитлершілдер тонаған елдерде шаруашылық пен мәдениетті қалпына келтіру мақсатымен өзара сенім мен өзара жәрдем негізінде барлық Европа халықтарының ұзақ экономикалық, саяси және мәдени ынтымағын орнату.

Совет әскерлерінің басқа мемлекеттер территориясына кіруіне байланысты Совет үкіметі өзінің бейбітшілдік саясаты принциптерінің өзгермейтіндігін, ұлттық суверенитетті қадірлейтіндігін мәлімдеді. Совет үкіметі өзгенің жерін басып алу немесе басқа елдердегі қоғамдық құрылысты өзгерту мақсатын көздемейтіндігін, совет әскерлерінің басқа мемлекеттердің жеріне кіруі тек қана соғыс қажеттігінен және жаудың әлі де қарсыласуын қоймауынан туып отырғандығын атап көрсетті. Азат етілген облыстар тікелей соғыс қимылдары аймағы болудан қалысымен-ақ совет командованнесі азаматтық басқару істерінің бар тізгінін

жергілікті ұлттық үкіметтердің қолына беріп отырды. Совет Одағы азат етілген елдерге азық-түлік жағынан және басқа жәрдем көрсетіп отырды.

Қызыл Армияның жеңімпаз шабуылы территориясына Қызыл Армия кірмеген елдерде де халықтардың азаттық күресіне қолайлы жағдайлар туғызды. 1944 жылғы ноябрьде албан Халық-азаттық армиясы Албан коммунистік партиясының басшылығымен неміс-фашист оккупанттарын өз елінен қуып тастады.

Неміс-фашист басқыншыларына қарсы грек патриоттарының күресі күшейе түсті. Халық-азаттық майданы құрған халық армиясы Грек коммунистік партиясының бастауымен Грецияда неміс-фашист әскерлерін талқандап, 1944 жылдың күзінде елді жаудан азат етті. Бұл жағдай ағылшын империалистерін шошытты. Ағылшын үкіметі АҚШ билеуші топтарының қостауымен Грецияға өз әскерлерін енгізді де, жергілікті реакциямен бірлесіп грек патриоттарын атып-асып қанға бояды. Ағылшын оккупанттары Грецияда ескі, реакциялық тәртіптерді қайта орнатып, онда өз отарындағыдай-ақ ойран салумен болды.

1944 жылдың екінші жартысында американ-ағылшын әскерлері Батыс Европада едәуір табыстарға жетті. Нормандияға және Оңтүстік Францияға түсірілгеннен кейін олар июльдің аяғында шабуылға көшті. Француз коммунистік партиясының басшылығымен оккупанттарға қарсы ерлікпен ұрыс жүргізген француз патриоттары оларға көмектесіп отырды. Француз патриоттары Францияның астанасы Парижді 25 августа, оған американ-ағылшын әскерлері кірер алдында азат еткенді. Шабуылын жүргізе отырып, американ-ағылшын әскерлері 1944 жылдың аяқ шенінде Францияның, Бельгияның территориясын түгелдей және Голландия территориясының бір бөлегін азат етті. Бірақ содан былайғы жерде Зигфрид шебі дейтін бекіністе қорғаныс ұйымдастырған неміс әскерлері олардың шабуылын тоқтатып тастады. Батыста жаудың күші мардымсыз бола тұрса да, американ-ағылшын әскерлері неміс қорғанысын бұзып өте алмай, жауды талқандау ісін жеріне жеткізе алмай, бөгеліп қалды.

Фашизмге қарсы азаттық күресінде бостандық ансаған халықтардың достығы нығая түсіп, бейбітшілік, демократия және социализм тірегі болған Совет Одағының халықаралық беделі өсе берді. Қызыл Армияның соққысынан, герман фашизміне қарсы көтеріліс жасаған халықтардың соққысынан фашистік мемлекеттер блогы біржолата қауіптен түсті. Фашистік Германия өзінің европалық одақтастарынан айрылып, оқшау қалды да, тікелей біржолата талқандалу қаупіне ұшырады.

Германия мен Венгрияның жеріне кірген совет әскерлері Германияның өмірлік орталықтарына шешуші шабуыл жасау үшін 1945 жылдың бас кезінде тірек позицияларға орналасты. Қызыл Армияның міндеті—одақтастар әскерлерімен бірге шапшаң тегеуірін жасап, фашистік Германияны күйрету, фашист айуанды оның өз ордасында өлтіре соғу, сөйтіп Европада соғысты бостандық ансаған халықтардың толық жеңісімен аяқтау еді. Совет Қарулы Күштері Висла мен Одер арасында ені жүздеген километр болатын қуатты қорғаныс бекіністерін бұзып өтуге тиісті еді. Фашистік Германия өз әскерлерінің басты күштерін бұрынғыша совет-герман майданында ұстады. Қызыл Армияға қарсы жаудың 204 дивизиясы, оның ішінде 180 неміс дивизиясы жинақталғанды. Ал Батыс майданында ағылшын-американ әскерлеріне қарсы тұрған күш 70 дивизияға да жетпейтін.

Батыс майданындағы күшінің біршама аздығына қарамастан, неміс-фашист әскерлері американдар мен ағылшындардың шабуылындағы тынысты пайдаланып, 1944 жылғы декабрьде Арденн ауданында (Бель-

гияда) ойдағыдай ұрыс әрекеттерін өрістетіп, бұл өңірде майдан шебін бұзып өтті. Ағылшын-американ әскерлері ауыр халде қалып, кейін шегінді. Осыған байланысты ағылшын премьер-министрі Черчилль 1945 жылғы 6 январьда Совет Қарулы Күштерінің Жоғарғы бас командашысы И. В. Сталинге өтініш жасап, дереу көмек көрсетуді сұрады. Бұл көмек көрсетілді де: совет әскерлерінің 1945 жылғы 20 январьға белгіленген шабуылы 12 январьда басталды.

Совет әскерлері Балтықтан Карпатқа дейінгі майданның өн бойында жауға бұрын-соңды болып көрмеген ерекше күшті соққы жасап, ұзындығы 1200 километр жерде жаудың қорғаныс бекіністерін қиратты. Гитлер командованиясы Батыс майданында бірталай өңірлерін ашық қалдырып, жаңадан ондаған дивизиясын совет-герман майданына келтіруге мәжбүр болды. Бұл жағдай американ-ағылшын әскерлерінің Батыста шабуылға көшуін жеңілдетті. 1945 жылғы көктемге салым Қызыл Армия неміс милитаризмінің ордасы Шығыс Пруссияны, Силезияны, Померанияны, Бранденбургтің көп жерін алып, Австрияға кіріп, өзіне Берлинге баратын жол аршыды. Оның бержағында совет әскерлерінің шебер қимылдауы, адамгершілік іс-әрекеті арқасында немістің көптеген қалалары мен селолары қираудан аман қалды.

Польша, Венгрия, Чехословакияның шығыс жағы, Австрияның едәуір бөлегі және оның астанасы Вена неміс-фашист езгісінен толық азат етілді. Данияға қарасты Борнхольм аралына барып түскен совет әскерлері неміс-фашист гарнизонын тізе бүгуге мәжбүр етіп, Дания халқының өз елін фашист басқыншыларынан азат етуіне көмектесті.

Қызыл Армияның қысқы шабуылы қыза түскен шақта, 1945 жылғы февральда Қырымда одақтас үш державаның — Англияның, АҚШ-тың және СССР-дің конференциясы болды. Конференцияда Германияны біржола талқандау жоспары белгіленді, оның сөзсіз тізе бұғу шарттары жасалды. Совет Одағының талап етуі бойынша конференция Германияны демилитарландыру және демократияландыру туралы негізгі ережелер қабылдады. Ұлы үш державаның үкіметтері герман милитаризмі мен нацизмін жоюға, Германияның болашақта бейбітшілікті бұзуына жол бермейтін кепілдіктер жасауға өздерінің берік бел байлағанын мәлімдеді. Конференцияның шешімдері герман халқына қарсы емес, фашизмге қарсы бағытталған еді. Ол ол ма, конференцияның шешімдерінде: «нацизм мен милитаризм құртылған кезде ғана неміс халқы лайықты өмір сүреді және ұлттар бірлестігінен әзіне орын алады деп үміттенуге болады» деп атап көрсетілген. Бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздікті сақтау мақсатымен Қырым конференциясы Біріккен Ұлттар Ұйымын құру туралы шешім қабылдады.

Қырым конференциясының шешімдері Совет Одағының сыртынан фашистік Германиямен біржақты бітім жасауды көздеген герман империалистері мен ағылшын-американ топтарының жоспарына соққы болып тиді.

Бірақ ағылшын үкіметінің басшысы Черчилль Совет Одағы жөнінде опасыздық саясат жүргізумен болды. Черчилль Англия мен АҚШ-тың стратегиясы мен саясатының шешуші практикалық міндеті — Германияны біржола талқандау емес, Қызыл Армияның шапшаң қимылын бәсеңдету, сөйтіп Германияның, Чехословакияның және Австрияның астаналарына одан бұрын барып кіру деп есептеді. Фашистік Германияның көп ұзамай талқандалатындығы айқын болған кезде, Черчилль жеңіліп берілген неміс-фашист әскерлерінің қару-жарағын жинап алу және Совет Одағына қарсы бірлесіп күрес жүргізу үшін сол қару-жаракты гитлершілдерге қайтадан үлестіріп беруге дайын тұру жөнінде фельдмаршал Монтгомериға бұйрық берді.

16 апрельде совет әскерлері Берлин бағытында үзілді-кесілді шабуыл жасай бастады. Командирлер мен саяси қызметкерлер, коммунист-

тер мен комсомолецтер жауға берілетін ақтық соққының бүкіл дүниежүзілік-тарихи маңызын совет жауынгерлеріне түсіндірумен болды. І-ші Белорус және І-ші Украин майдандарының әскери советтері жауынгерлерге ұран тастап, дұшпанды Берлиннің іргесінде талқандауға, фашистік Германияның астанасын басып алуға, оның төбесіне советтік жеңіс туын тігуге шақырды. Табиғи бөгеттер де, гитлершілдердің қуатты бекіністері де, жанталасып қарсыласуы да — ешнәрсе де совет әскерлерінің шабуылын тоқтата алған жоқ. Көп ұзамай совет әскерлері үш жақтан — Берлиннің шетіне барып кірді. Қаланың көшелерінде 10 күн ұдайы кескілескен ұрыстар жүргізілді. 30 апрельде совет әскерлері рейхстаг үйіне басып кірді. Ержүрек екі разведчик — сержанттар Егоров пен Кантария рейхстаг күмбезіне советтік жеңіс туын ілді. 1945 жылғы 2 майда Берлин гарнизоны қаруын тастады.

Берлин тобының талқандалуы басқа майдандардағы Гитлер әскерлерінің де тағдырын шешті. Қызыл Армияның, Франция, Англия, АҚШ, Чехословакия, Польша, Югославия, Албания әскерлерінің және оларға кейінірек қосылған румын, болгар, венгер армия бөлімдерінің қуатты соққысымен герман фашистік мемлекеті қаусап түсті. Германия өзінің жеңілгендігін мойындады. 1945 жылғы 8 майда ол сөзсіз тізе бүгу актісіне қол қойды. 9 майда совет әскерлері Чехословакияның астанасы Праганы қоршаған неміс-фашист әскерлерінің ірі тобын талқандап, бұдан бұрын көтеріліс жасаған халық өзі оккупанттардан азат еткен қалаға барып кірді.

Европадағы соғыс аяқталып бітті. Қызыл Армияның майдандағы ерлік істері мен совет адамдарының тылдағы жанқиярлық еңбегі нәтижесінде фашистік Германияны толық жеңіп шықтық.

Германияның тағдыры және Европаның соғыстан кейінгі құрылысы туралы мәселе СССР, АҚШ және Англия үкіметтері басшыларының 1945 жылғы 17 июльден 2 августқа дейін болған Берлин (Потсдам) конференциясында шешілді. Одақтас державалардың Германия жөніндегі саяси және экономикалық принциптері туралы келісім жасалды, бұл келісім Қырым конференциясының шешімдеріне негізделген еді. Одақтастар оккупация кезінде фашизмді жоюға, Германияны демократияландыруға бағытталған саяси принциптерді қолдануға міндеттенді. Үш державаның басшылары Германияны ешқашан да бейбітшілікке қауіп төндірмейтіндей ету жөнінде келісті. Бұл үшін Германияны қарусыздандыру ісін жүзеге асыру, герман соғыс өнеркәсібін жою, фашистік партияны және онымен байланысты ұйымдарды құрту, фашистік милитаристік әрекет атаулыны болғызбау керек деп ұйғарылды. Берлин конференциясы Кенигсбергті және оған жапсарлас аудандарды Совет Одағына беру туралы шешім қабылдады. Поляк халқының мүдделері үшін поляк халқының дәйекті күрес жүргізуі нәтижесінде конференция ежелден Польшаға тән жерлерді оның өзіне қайтарып беру туралы және Польшаның Одер мен Нейссе бойымен жүретін жаңа шекаралары туралы шешім қабылдады. Совет делегациясының ұсынысы бойынша конференция ең басты фашистік соғыс қылмыстыларына сот жасауды тездетуге ұйғарды.

Гитлер Германиясы талқандалып, тізе бүккенімен, екінші дүниежүзілік соғыс біте қойған жоқ-ты. Европада соғыс тоқтағанымен, Қиыр Шығыста агрессияшыл Жапония Қытайға, АҚШ пен Англияға қарсы ұрыс әрекеттерін жүргізе берді. Совет Одағы Жапонияға қарсы соғыстан тыс қалуға тиісті емес еді. Қиыр Шығыста совет шекараларын қауіпсіз ету мүдделері де, одақтастар алдындағы міндеттемелеріміз де Совет Одағының соғысқа кірісуін керек етті. Ұлы Отан соғысы кезінде Жапония бейтараптық туралы СССР-мен жасасқан договор бойынша алған міндеттемелеріне карамастан Совет Одағы жөнінде дұшпандық позиция ұстады. Маньчжурия мен Кореяда совет шекарасының маңын-

да жапонның ірі әскери күштері жинақталып, СССР-ге шабуыл жасау қаупін төндірумен болды. Бұлар бірталай совет әскерлерін жіпсіз күрмей келді. Жапония договор бойынша алған міндеттемелерін дөрекі түрде бұзып, фашистік Германияға көп көмек көрсетіп отырды. Сондықтан Совет үкіметі Қырым конференциясында өз одақтастарына Германиямен соғыс аяқталғаннан кейін екі-үш айдың ішінде Жапонияға қарсы соғысқа шығатынын мәлімдеді. Совет үкіметі 1945 жылғы 5 апрельде, екі жақтың әрқайсысының договорлық міндеттемелерден бастартуына болатын договорда көрсетілген мерзім ішінде, бейтараптық туралы совет-жапон договорын бұзды.

Өзінің одақтастық міндеттемелерін орындай отырып, жапон агрессиясының салдарынан қытай халқының және Қиыр Шығыстағы басқа да халықтардың шеккен қасіретін тезірек тоқтату, жапон халқын соғыстың сойқанды зардаптарынан аман алып қалу мақсатын көздей отырып, Совет Одағы 1945 жылғы 8 августа империалистік Жапонияға соғыс жариялады. Мұнда Қиыр Шығыста Совет мемлекетінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жапон оккупанттарына қарсы күресуші қытай халқына көмек көрсету, екінші дүниежүзілік соғысты тезірек аяқтау міндеті алға қойылды.

1945 жылғы 9 августа совет әскерлері Забайкалье, Благовещенск және Приморье аудандарынан Маньчжурияға шабуыл жасай бастады. Совет Одағымен бірге Монгол Халық Республикасы да империалистік Жапонияға қарсы соғысқа шықты. Коммунистер бастаған Қытай Халық-азаттық армиясы да жапон басқыншыларына қарсы шабуылға көшті. 11 күннің ішінде, 9 августан 19 августқа дейін, Қызыл Армия Жапонияның басты тегеурінді күшін — Квантун армиясын талқандады.

Совет әскерлері Қытайдың солтүстік-шығыс провинцияларын (Маньчжурияны), Дальний (Дайрен) мен Порт-Артур қалаларын, ежелден Россияға қарасты Оңтүстік Сахалинді, сонымен қатар Куриль аралдарын жапондардан тазартты, Солтүстік Кореяны азат етті. Жапонияға қарсы соғыс бітуге жақындағанда, 6 және 9 августа, американ авиациясы жапонның Хиросима және Нагасаки қалаларына екі атом бомбасын тастады. Бейбіт халыққа қарсы атом қаруын қолданудың ешқандай әскери қажеттігі жоқ еді. Соғыстың бітуіне мұның шешуші әсер етуі мүмкін емес-ті және әсер еткен де жоқ. Қиыр Шығыстағы соғыс бейбіт халыққа қарсы Америка Құрама Штаттарының атом қаруын қолдануы нәтижесінде емес, Маньчжурияда Жапонияның құрылық қарулы күштерінің басты тобын Қызыл Армияның талқандауы нәтижесінде тез аяқталды.

1945 жылғы 2 сентябрьде жапонның мемлекеттік және әскери өкілдері сөзсіз тізе бүгу актісіне қол қойды. Жапония өзінің жеңілгенін мойындап, қаруын тастады. Азияда үстемдікті жаулап алмақ болған жапон империализмінің жоспарлары іске аспай қалды; Қиыр Шығыстағы агрессия ошағы жойылды. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталып бітті.

7. Совет Одағының Ұлы Отан соғысындағы жеңісінің дүниежүзілік-тарихи маңызы мен негіздері

Екінші дүниежүзілік соғысты жеңіспен аяқтауда, әсіресе фашизм мен агрессияның ең қауіпті ошағы Гитлер Германиясын жоюда Совет Одағы шешуші роль атқарды. Фашистік Германия мен оның сыбайластарына қарсы аса қатаң соғыстың негізгі ауыртпалығын совет халқы көтерді.

Жауларға қарсы қажырлы күресте совет халқы социалистік жеңістерді, ең алдыңғы қатарлы қоғамдық және мемлекеттік құрылысты, СССР-дің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалды, өзінің мемлекеттік шекараларының қауіпсіздігін нығайтты.

Өзінің жанқиярлық күресі арқылы совет халқы Европа халықтарын герман империализмінің езгісінен аман алып қалды. Қызыл Армия Европа халықтарының көмегіне сүйене отырып, неміс-фашист фасқыншыларын Польшадан, Чехословакиядан, Югославиадан, Болгариядан, Румыниядан, Венгриядан, Австриядан, Даниядан, Солтүстік Норвегиядан қуып шықты, сөйтіп өзінің азат етушілік міндетін абыроймен орындады.

Екінші дүниежүзілік соғыс капитализмнің жалпы дағдарысын тереңдетті. Мұның өзі дүниежүзілік капиталистік системаның әлсіреуінен өте-мөте айқын көрінді. Бұл система қатты ойсырап қалды: одан Чехословакия, Польша, Болгария, Румыния, Албания, Венгрия, Югославия бөлініп шықты.

Ең реакцияшыл да агрессияшыл неміс империализмінің мүдделерін қорғаушы герман фашизмін талқандап, Қызыл Армия Германия халқына да көмектесті. Бейбітшіл Герман Демократиялық Республикасын құру үшін негіз салынды. Жапон империализмінің жеңілуі және Қытайдың жапон басқыншыларынан азат етілуі, Қытайда, Солтүстік Кореяда, Вьетнамда халық революциясы мен халықтық-демократиялық құрылыстың жеңуі үшін жағдай жасады.

Екінші дүниежүзілік соғыстың аса маңызды нәтижесі империализмнің бүкіл отарлық системасы дағдарысының шиеленісуі болды; мұның өзі отар елдер мен тәуелді елдерде жаппай ұлттық-азат қозғалысының мықтап өрлеуінен көрінді.

Екінші дүниежүзілік соғыс капитализмнің негізгі қайшылығын — жұмысшы табы мен буржуазия табының арасындағы қайшылықты қатты шиеленістіріп жіберді. Герман фашизміне қарсы күрес пролетариаттың сана-сезімінің өсуіне, коммунистік партиялар ықпалының нығаюына себепкер болды.

Ең реакцияшыл империалистік мемлекетке — фашистік Германияға қарсы соғыста Совет мемлекетінің жеңіп шығуы — жаңа, социалистік қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың беріктігі мен өмірлік күшінен, заманы өтіп бара жатқан капиталистік құрылысқа қарағанда оның асқан артықшылығынан туған заңды нәтиже.

Жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың мызғымас одағына, СССР халықтарының достығына негізделген Совет мемлекеті бүкіл дүние жүзіндегі ең берік, іргесі бұзылмас мемлекет болып шықты. Советтік құрылыс бейбіт құрылыс жылдарында еліміздің экономикалық және мәдени өрлеуін ұйымдастырудың үздік формасы болып қана қоймай, соғыс кезінде халықтың барлық күшін жауға тойтарыс берудің үздік формасы да болды. Совет елі жауға кезіккенде, басына соғыстың сойқанды қаупі төнгенде қарусыз болып шыққан жоқ, оның себебі партия марксизм жаулары мен дүмшелердің пролетариат диктатурасының мемлекеті жоғалады деген шірік, зиянды теориясын соғыстан көп бұрын аластап тастаған болатын. Партия ежелгісінше соғыс алдындағы жылдарда да социалистік мемлекетті, оның армиясын, жазалаушы және барлаушы орындарын, сондай-ақ қала мен деревня еңбекшілерінің бұқаралық ұйымдарын, ең алдымен жергілікті өкімет органдарын — еңбекшілер депутаттарының Советтерін барынша нығайтумен болды.

Шаруашылығының дамуы мен ұйымдасуы жағынан, әскерлерінің тәжірибесі, шеберлігі мен жауынгерлік рухы жағынан, халқының ұстамдылығы мен бірлігі жағынан Совет Одағы соғыстың барысында өз дұшпанынан күштірек болып шықты, оның себебі дәл мынау: СССР-де өкімет билігі жұмысшылар мен шаруалардың қолында, Совет мемлекетінің экономикалық негізі — өндіріс құрал-жабдықтарына социалистік меншіктің болуы. Совет Одағының экономикасы фашистік Германияның және басқа буржуазиялық мемлекеттердің экономикасынан мықтырақ екендігін соғыс көрсетіп берді. Совет мемлекеті соғыс экономикасын

адам айтқысыз қиын кезеңде—еліміздің маңызды өнеркәсіп және ауыл-шаруашылық аудандарын жаудың басып алуы себепті көптеген кәсіпорындарды батыстан шығысқа лажсыз көшіруге тура келген жағдайда дамыта тұрса да, бізде шығарылған қару-жарақ саны мен сапасы жағынан Германия, АҚШ және Англия сияқты капиталистік елдердің әрқайсысында шығарылған қару-жарақтан ақырында асып түсті.

Совет Одағы күш-қуатының аса маңызды негіздерінің бірі — СССР халықтарының достығы мен туысқандық ынтымағы. Бұл достық барлық қиыншылық пен сынақтан сүрінбей өтіп, фашист басқыншыларына қарсы соғыста бұрынғыдан да мықтап шыныға түсті. Ұлы Отан соғысында орыс халқы көрнекті роль атқарды, оның сіңірген еңбегі СССР-дің барлық халықтарына танылды. Совет Одағы халықтарының Коммунистік партия мен Совет үкіметіне деген шексіз сенімі жауды қиратып, тарихи жеңіске жетуімізді қамтамасыз етті. Нәсілдер мен ұлттарды тең праволы деп білетін советтік идеология, халықтар достығының идеологиясы айуандық ұлтшылдық пен нәсіл өшпенділігін уағыздайтын фашистік идеологияны толық жеңіп шықты.

Советтің қоғамдық және мемлекеттік құрылысы Отан соғысында жұмысшы табы мен шаруалардың мызғымас одағын, совет қоғамының моральдік-саяси бірлігін, халықтар достығын, советтік патриотизмді өсіріп, нығайтып, шындап шығарған негіз болды. Отан соғысы совет халқының асқан патриоттығын, өз Отанына шын берілгендігін, оны жан-тәнімен сүйетіндігін көрсетіп берді. Совет адамдарының — жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның, тылдағы жанқиярлық жұмысы Қызыл Армияның қаһармандық күресімен қатар теңдесі жоқ ерлік іс ретінде тарихтан орын алды.

Социалистік Отанымызды қорғауда Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағының сіңірген еңбегі аса зор. Комсомол — партияның сенімді де айбынды көмекшісі — майданда да, тылда да, жау басып алған аудандарда да өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін жан аямай күрес жүргізді, совет жастарын советтік патриотизм рухында, Лениннің өсиеттерін бұлжытпай орындау рухында, Коммунистік партия мен Совет мемлекетіне шын берілген адамдар рухында тәрбиелей отырып, оларды жауға қарсы күреске аттандырды. Жүз мыңдаған комсомолецтер жаумен айкасқанда асқан батырлық, ерен ерлік көрсетіп отырды. Фабрикаларда, заводтарда, МТС-терде, совхоздар мен колхоздарда майданға көмек ретінде басталған көптеген патриоттық істердің ұйтқысы болды. Жау басып алған аудандарда олар партизан отрядтарына жаппай кетіп жатты. Зоя Космодемьянскаяның, Александр Чекалиннің, Лиза Чайкинаның, Олег Кошевойдың, Парфентий Гречанийдың, Даша Дьяченконың, Владимир Моргуновичның, Фрося Зенькованың, Зинаида Портнованың, Юозас Алексонистің, Губертас Бористің, Альфонсас Чепонистің, Алексей Шумавцовтың және олардың жауынгер жолдастарының есімдері халықтың жадында мәңгі сақталады.

Совет халқы соғыс жылдарында өзінің рухани қуатын, сарқылмас күш-жігерін көрсетті, ең ауыр сынақтан жеңіспен өтіп отырды, оның себебі ол Отан соғысының әділетті мақсаттарын түсіне білді, өзінің социалистік Отаны үшін, өзінің кәзіргі сәулетті шағы мен одан да нұрлы болашағы үшін күресті.

Соғыстың барысында Қызыл Армияның — жаңа тұрпатты армияның, жұмысшылар мен шаруалар армиясының, СССР халықтарын азат етуші армияның, пролетарлық интернационализм рухында тәрбиеленген армияның негізгі өзгешеліктері барынша айқын көрінді. Қызыл Армия халықтан айырғысыз. Қызыл Армияның жауынгерлік қаһармандығы совет халықтарының рухани қуатын, моральдік-саяси бірлігін бейнелейді. Өзінің социалистік Отанының тәуелсіздігін, Европа мен Азия халықтарының бостандығын қорғап отырғанын совет жауынгерлері бі-

летін. Мұның өзі совет әскерлерін ерлік істерге жігерлендіріп, басқа халықтарға нәсіл өшпенділігі рухында тәрбиеленген, мәртебелі мақсаты жоқ жау армиясын жеңіп шығуға бастады. Совет Одағының Батырлары — В. Клочков-Диев бастаған панфиловшылардың, Н. Гастеллоның, В. Талалихиннің, А. Матросовтың, Ю. Смирновтың және басқа көптеген совет жауынгерлерінің жүректілігі, ерлігі мен қаһармандығы миллиондардың батырлығын бейнелеген-ді.

Соғыс жылдарында партия көптеген талантты офицерлер мен генералдарды жоғарылатып, тәрбиелеп шығарды. Ұрыс майдандарында И. Х. Баграмян, С. С. Бирюзов, С. М. Буденный, А. М. Василевский, Н. Ф. Ватутин, Н. Н. Воронов, К. Е. Ворошилов, Л. А. Говоров, А. А. Гречко, А. И. Еременко, Г. К. Жуков, И. С. Конев, Р. Я. Малиновский, К. А. Мерецков, К. С. Москаленко, Ф. С. Октябрьский, И. Е. Петров, К. К. Рокоссовский, П. С. Рыбалко, В. Д. Соколовский, С. К. Тимошенко, Ф. И. Толбухин, И. Д. Черняховский, В. И. Чуйков, Б. М. Шапошников және басқалар өздерінің ірі әскер бастықтары екенін көрсетті. Марксизм-ленинизм идеяларында тәрбиеленген, алдыңғы қатарлы советтік әскери ғылымды кәміл меңгерген командирлеріміз совет жауынгерлерін моральдік-қаһармандық қасиеттері күшті адамдар етіп баулыды, өз басының батырлығы мен ерлігін ұрыс майданында әскерлерді басқару өнерімен шебер ұштастырып отырды. Қызыл Армия мен Флоттың бастықтар құрамының әскери әзірлігі, жауынгерлік тәжірибесі, саяси есейгендігі фашистік Германия мен империалистік Жапонияны жеңіп шығуда мықты күш болды.

Жауды талқандауда халық қырандары — совет партизандары аса зор еңбек сіңірді. Бүкілхалықтық партизан күресінің барысында А. В. Герман, М. А. Гурьянов, К. С. Заслонов, С. А. Ковпак, В. И. Козлов, И. А. Козлов, М. И. Наумов, П. К. Пономаренко, С. В. Руднев, А. Ф. Федоров және басқа көптеген адамдар партизан қозғалысының көрнекті командирлері мен ұйымдастырушылары ретінде көзге түсті.

Совет Одағы Ұлы Отан соғысында Коммунистік партияның және И. В. Сталин бастаған Орталық Комитетінің басшылығы арқасында жеңіске жетті. Соғыс жылдарында Орталық Комитет партия мен халықтың айбынды жетекшісі болды. Орталық Комитет мүшелері тыл мен майданда аса маңызды жұмыс салаларын басқарды. Партия Орталық Комитеті фашистік Германияны талқандау программасын жасап берді. Партия совет халқын және оның жауынгерлерін әділетті Отан соғысына жігерлендірді, совет адамдарының күш-қайратын жинап, ортақ мақсатқа — жауды талқандауға жұмсады. Соғыстың аяқ шенінде Қызыл Армия мен Флотта 3 325 мың коммунист, яғни бүкіл партия құрамының 60 процентке жуығы болды. Коммунистер майданда да, тылда да алда болып, бұқараны бастап жүрді. Дұшпанның оғы астында атака жасау керек болғанда бірінші болып коммунистер көтерілді. Сәтсіздік пен жеңіліс сағатында жауынгерлердің еңсесін көтеріп, жігерін ширатып, бойына қайрат бітіру керек болғанда, мұны коммунистер істеді. Партия ұйымдары фабрикалар мен заводтарда, МТС-терде, совхоздар мен колхоздарда совет адамдарын еңбектегі ерлік істерге аттандырып отырды. Партия қуатты партизан қозғалысының ұйымдастырушысы мен дем берушісі болды.

Соғыс кезінде партияның еңбекші бұқарамен байланысы күн асқан сайын нығая берді, совет халқының барлық топтары арасында оның беделі өсе берді. Әсіресе соғыстың ауыр сынақтарын бастан кешірген кезендерде партия қатарының қаулап өсуі — бұған айқын дәлел. Соғыс кезінде 5 319 мыңнан астам адам партияға кандидат болып, 3 615 мыңнан астам адам мүше болып кірді. Партияға тандаулы адамдар — майдандарда қаһармандықпен ұрыс жүргізген Қызыл Армия мен Флот жа-

уынгерлері, тылда жанқиярлық пен жұмыс істеген озат жұмысшылар, колхозшылар, интеллигенция келіп жатты.

Партияның тас-түйін бірлігі, барша Совет халқының партияның лениндік туының астына топтасуы — Ұлы Отан соғысындағы жеңістің шешуші шарты болды.

Қысқаша қорытындылар

Фашистік Германия мен империалистік Жапонияға қарсы совет халқының Ұлы Отан соғысы екінші дүниежүзілік соғыстың құрамды бөлегі және шешуші оқиғасы болды. Екінші дүниежүзілік соғысты ашқандар агрессияшыл мемлекеттердің блогы — Гитлер Германиясы, Италия мен Жапония еді. Бірақ бұл мемлекеттер дүниежүзілік империализмнің ең жауыз, қарақшы отряды ғана болатын, сондықтан қоғамдық система ретіндегі империализмнің өзі соғыста ондаған миллион адамның мерт болғаны үшін, жүз миллиондаған еңбекшілердің шексіз қасірет шеккені үшін, олардың егілген көз жасы мен төгілген қаны үшін, талай ұрпақтың еңбегімен жасалған ұшан-теңіз материалдық және мәдени байлықтың құрып кеткені үшін түгел жауапты.

Ұлы Отан соғысы Совет Одағына Гитлер Германиясының кенет шабуыл жасауынан басталды, соның нәтижесінде соғыстың алғашқы дәуірінде неміс-фашист әскерлері табысқа жетті. Гитлершілердің уақытша табысқа жетуі фашист армиясы мен авиациясының күші совет әскерлерінен басым болуына да байланысты еді. Жау СССР-дің ұлан-байтақ территориясын, ондағы маңызды өнеркәсіп орталықтарын басып алды. Қызыл Армия мен совет халқы зор шығынға ұшырады.

Коммунистік партия совет халқына Отанымыздың басына төнген қатерлі қауіпті көрсетіп, оны Ұлы Отан соғысына аттандырды. Партия социалистік Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресте халық пен армияның алдына қойылатын міндеттерді белгілеп берді, совет адамдарын майданда ерлік істерге, тылда жанқиярлық еңбекке жігерлендірді, жау басып алған аудандарда қуатты партизан қозғалысын ұйымдастырды. Партияның дұрыс саясаты мен стратегиясы, оның тыл мен майдандағы идеялық-тәрбиелік және ұйымдастырушылық жұмысы, совет адамдарының жаппай батырлығы совет халқы мен армиясының Отанымыздың қас дұшпандарын жеңіп шығуын қамтамасыз етті.

Совет халықтарының моральдік-саяси бірлігіне сүйене отырып, партия бүкіл елімізді біртұтас жауынгерлік лагерьге айналдырды. Партия советтік қоғамдық және мемлекеттік құрылысының артықшылықтарын ойдағыдай пайдаланды, жинақы соғыс шаруашылығын ұйымдастырды, соғыс өндірісін өршітті, қару-жарак, ұрыс техникасы және соғыс жүргізу өнері жағынан Қызыл Армияның жаудан басым болуын қамтамасыз етті.

Осылардың нәтижесінде соғыста Совет Одағының пайдасына өзгеріс туды, онан соң неміс-фашист армиясы талқандалды, бұдан кейін Жапонияның әскери күштері де қиратылды.

Совет Одағына қарсы халықаралық империализм әзірлеп, фашистік Германия ашқан соғыс империалистер күтпеген нәтижелермен аяқталды. Империалистер социализм елі жойылады деп есеп жасаған еді, ал шындығында капиталистік системаның өзі оңалмастай ойсырап қалды. Одан Европа мен Азияның бірсыпыра елдері бөлініп шығып, өздерінде халықтық-демократиялық тәртіп орнатты да, Совет Одағымен бірге біртұтас, қуатты социализм лагерін құрды.

Жұмысшылар мен шаруалардың мемлекетін, социализм елін күрт-пақ болған империалистердің тағы бір әрекеті маскара болып тынды.

Коммунистік партия тәрбиелеген Қызыл Армия Европа халықтарын фашистердің құлдығына түсуден аман алып қалды. Сөйтіп совет халқы халықаралық ынтымақ пен пролетарлық интернационализмге адал екенін іс жүзінде көрсетті. Халықтардың ұлттық еркін дамуын жақтауда Коммунистік партиядан асатын табанды күрескер жоқ екенін; демократия мен бейбітшілік жолындағы күресте жеңген социализм елінен — Совет Одағынан асатын мықты тірегі жоқ екенін прогресшіл адамзат айдан анық көріп-білді.

Өз партиясының басшылығымен ел ішінде өкімет билігін өз қолына алып, социалистік қоғам орнатқан халықтың рухани және материалдық күштері ұшан-теңіз болатынын Ұлы Отан соғысы көрсетіп берді. Халықтың Коммунистік партияның төңірегіне топтасқандығы, өзінің социалистік табыстарын, өзінің социалистік Отанын қорғап қалу үшін оның қандай жоқшылық пен құрбандықтан болса да тайынбайтындығы Ұлы Отан соғысындағы жеңістің шешуші шарты болды.

Коммунистік партияның басшылығы арқасында, оның лениндік туы астында совет халқы Ұлы Отан соғысында жеңіп шықты. Партияның басшылығы арқасында совет адамдары соғыс жылдарының ішінде-ақ жаудан азат етілген аудандарда халық шаруашылығын қалпына келтіруге кірісті. Мұның өзі фашист басқыншылары жасаған бүліншілікті жою, халық шаруашылығын өркендету, Совет елінде социализм құрылысын аяқтау және коммунизмге бірте-бірте өту жөніндегі ұлы жұмыстың бастамасы болды.

Партия тұрмысы

Саяси жұмыстың әдістері мен түрлерін жетілдіре берейік

Ж. ӘЛСЕЙІТОВ,

Қазақстан КП Гурьев облыстық комитетінің секретары

Коммунистік жетіжылдықтың алғашқы көктемі өтті. Партия белгілеген ұлы жоспарды жүзеге асыру жолындағы бүкілхалықтық социалистік жарыс тамаша игілікті нәтижелерін беруде. Мұның өзі жасампаз совет халқының бойына қуат, ойына қанат бітіріп, жаңа табыстарға жігерлендіріп отыр.

Биылғы жылдың тапсырмаларын орындауға біздің облыстың еңбекшілері де өз үлесін қосуда. Ембінің еңбек сүйгіш мұнайшылары, Нарын мен Тайсойғанның, Үстір пен Самның қажырлы малшылары, кәрі Каспийдің батыл балықшылары жетіжылдықтағы өз нысанасын белгілеп, коммунизм орнатушылардың алдыңғы сапында болу үшін қажырлы еңбек етіп жатыр.

Гурьев экономикалық-әкімшілік ауданының кәсіпорындары жалпы өнім шығарудың жартыжылдық жоспарын мерзімінен 17 күн бұрын орындады. Каспийдің балықшылары көктемнің кеш шығуына қарамастан Отанымызға жартыжылдық жоспардан тыс 50 мың центнер балық берді.

Облыс ауыл шаруашылығының еңбеккерлері міндеттемелерін абыроймен орындап келеді. Мал өнімдерін дайындаудың жартыжылдық жоспары: еттен 135,9 процент, жүннен 124,9 процент орындалды. Үстіміздегі жылғы 1 июньге дейін облыстың шопандары әрбір 100 саулықтан орта есеппен 112,4 қозы алып, аман өсіріп келеді. Колхозшылар, совхоз жұмысшылары кәзір мал азығын әзірлеуге жұмылып отыр.

Кәсіпорындарда да, колхоздар мен совхоздарда да болашақтың барлаушылары — коммунистік еңбек коллективтері атағын алу жолындағы жарыс барған сайын құлашын кең жайып келеді. Жарыстың бұл түріне 150 бригада қатысады. Олардың қатарында бір мыңға жуық мұнайшы, балықшы, колхозшы бар. Біздің облыста да В. Гаганова сияқты көптеген патриоттар шаруашылықтың осал учаскесіне барып жұмыс істеп, оны озаттар қатарына көтеру ісіне үлес қосуға тілек білдіруде. Мысалы, Қаратон кәсіпшілігінің операторы М. Сейтқалиев, Теніз аудандық комсомол комитетінің секретары Сүйінов жолдастар дәл осылай істеді.

Облыстың партия ұйымдары бұл патриот ерлердің өз міндеттемелерін ойдағыдай орындауына көмектесуді, сөйтіп олардың еңбегі мен өмірін барлық адамдарға үлгі етуді көздейді.

Облыс еңбекшілерінің алғашқы жарты жылдықта қол жеткен табыстары әрине, биік белеске шығар алдындағы алғашқы сәтті адым ғана. Алда зор міндеттер тұр. Жеті жылдың ішінде облыстың шаруашылығы мен мәдениетін өркендетуге 5,5 миллиард сом күрделі қаржы жұмсалады. Осының нәтижесінде облыста мұнай шығару жылына екі миллион тоннаға жеткізіледі, электр қуатын өндіруді үш есе, химия өнеркәсібінің жалпы өнімі алты есе арттырылады. Ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдында тұрған міндет те аса зор. Олар тек биылдың өзінде ет өндіруді екі есе арттыруы керек.

Осы міндеттерді ойдағыдай орындау бұқара арасындағы саяси жұмыстың дәрежесіне де байланысты. Партияның ХХІ съезінде «коммунизмге өту үшін дамыған материалдық-техникалық базамен қатар қоғамның барлық азаматының санасы да жоғары болуы керек» екені

ерекше атап көрсетілді. Сондықтан идеологиялық жұмыс, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру кәзір партия, совет, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының күрделі міндетіне айналып отыр.

Облыс партия ұйымдары еңбекшілер арасында едәуір саяси және идеологиялық жұмыс жүргізіп келеді. Партияның XXI съезінің тарихи шешімдері мен материалдарын — бұл жұмыстың негізгі арқауы. 9 мың үгітші, екі мыңнан астам лекторлар мен саяси баяндамашылар, облыстық, аудандық газеттер, жергілікті радио, мәдени-ағарту мекемелері осы мақсатқа қызмет етуде. Он мыңнан астам коммунист, 15 мың комсомолец съездің материалдарын партия оқуы жүйесінде оқып, үйренді.

Тарихи съездің материалдарын насихаттау партия ұйымдарының ұзақ мерзім бойы шұғылданатын игі жұмыстарының бірі. Бұл жұмыс оның барлық құралдарын толық пайдаланып, сыннан өткен барлық түрлері мен әдістерін үнемі жетілдіріп отырғанда ғана айтарлықтай нәтиже беретіні сөзсіз.

Жер-жердегі нақтылы жағдайды, еңбекшілердің тілек-талабын ескере отырып, саяси жұмыс жүргізуде партия ұйымдары едәуір тәжірибеге ие болды. Саяси жұмыстың ерте қалыптасып, өмірден берік орнын алған, барлық жерлерде кең тараған түрі — үгітші әңгімесі екені даусыз. Сондықтан мұнан былай да бұл жұмыстың идеялық мазмұнын арттырып, әдістерін жетілдіріп отыру талап етіледі. Үгітші қай тақырыпқа әңгіме өткізсе де оны жергілікті өмірмен, кәсіпорынның, колхоздың, совхоздың, бригада мен учаскенің, тіпті жеке жұмысшы мен колхозшының қызметіне, күнделікті өміріне байланыстыру талабы алға қойылады. Маңғыстау мал шаруашылықты аудан. Олай болса, аудан партия ұйымының негізгі міндеті қоғамдық мал санын көбейту, оның өнімділігін арттыру екені де рас. Осыған орай аудандық партия комитеті қой өсірушілер арасындағы үгітшілерге әрбір 100 грамм жүн, 1 килограмм ет үшін күресу міндетін жүктеді, өйткені әр қойдан 100 грамм жүн ысырабы болса, ол аудан бойынша 352 центнер жүнді кем өндіру деген сөз. Ал колхоз қойының салмағын 1 килограмм арттыру аудан бойынша 3000 қой артық өсіргенмен бірдей. Осындай есептер әрбір колхоз, отар бойынша шығарылып, үгітшілерге берілді. Экономикалық есептің мұндай нақты үлгілеріне сүйенген үгітшінің әңгімесі де әсерлі болмақ.

Саяси үгіттің мазмұнды және әсерлі болуы оны жүргізетін кадрлардың біліміне, қабілетіне байланысты. В. И. Ленин: үгітші бұқарамен сөйлесе білетін, өзінің жалынды сөзімен бұқараны толғанта білетін, көзге көрініп тұрған айқын фактілерді ала білетін халық трибуны деген болатын. Үгітшілер осы лениндік сыпаттамаға сай болуы үшін жергілікті партия ұйымдары олармен жанжақты жұмыс жүргізеді. Үгітшілердің семинар-кеңестерімен қатар үгітшілер мектебінің іспетті екені тәжірибеден айқын көрінді.

Бұдан екі жыл бұрын Жылой ауданындағы Құлсары, Қаратон, Қосшағыл мұнай-кәсіпшіліктерінің партия ұйымдарында үгітшілер мектептері ашылды. Олардың сабағы айына бір рет, 4—6 сағаттан өткізілді. Оқу жоспары әуелі бастауыш партия ұйымында жасалып, аудандық партия комитетімен келісілді. Онда еліміздің ішкі және сыртқы саясатының аса маңызды мәселелерімен қатар, өнеркәсіптің нақты экономикасы, озат тәжірибе тарату мәселелері қамтылды. Сонымен қатар әрбір кәсіпшіліктің шаруашылық жағдайы, оның алдында тұрған нақты міндеттер ескерілді. Мектеп үгітшінің тәжірибесін қорытуға көңіл бөліп отырады. Мысалы, Қаратон кәсіпшілігі партия ұйымының үгітшілері «СССР халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспары», «Социалистік жарыс—экономиканы дамытудың құралы», «Халықаралық жағдай туралы», «Николай Мамайдың әдісі бойынша бұрғылаудың практикасы» деген және басқа тақырыптарға лекциялар мен баяндамалар тыңдады. Үгітшілер мектебінде лекция, баяндама оқуға кәсіпшілік

басқармасының бастығы Огай, поселкелік Советтің председатели Бөрібаев, бұрғылау конторының бас инженері Дунев және басқа басшы қызметкерлер белсене қатысып отырады. Мектеп үгітшілердің білімін толықтырып, олардың белсенділігін арттыруға жақсы әсер етті.

Бір поселкеде бірнеше бастауыш партия ұйымы болса солардың үгіт коллективтерін қамтитын территориялық үгітшілер мектебі құрылды. Мұндай жағдайда мектепке аудандық партия комитетінің тарапынан көбірек көмек көрсетуге тура келді.

Жылой ауданы партия ұйымдарының үгітшілермен жұмыс істеудегі бұл практикасын облыстың басқа партия ұйымдары қолдады. Облыста үгітшілердің 16 мектебі жұмыс істейді, оларда 600-ге жуық үгітші оқып жүр. Мұндай мектептерді ірі әнеркәсіп орындарының, колхоздар мен совхоздардың көбінде құру көзделіп отыр. Сталин облысы партия ұйымдарындағы сияқты, үгітшілер мектебіне қатысушыларды партия оқуы жүйесіндегі сабақтан босатқан дұрыс деп есептейміз. Өйткені, үгітшілер мектебінің оқуы тек үгіт жұмысының практикасының шеңберінде ғана болмай, қоғамдық-саяси мәселелерді де қамтиды.

Үгітшілер арасындағы жұмыстың бір кемшілігі — семинар мен кенестерде методикалық мәселелерге жеткілікті көңіл бөлінбеді. Мұны ескеріп, облыстық партия комитетінің шешімі бойынша радио хабарын тарату комитеті үгітшілердің сырттай семинарын өткізді. Аптасына бір рет, жұма күні, белгілі бір уақытта радио арқылы үгітшілерге арналып, лекция, әңгіме берілді. Мысалы, «Саяси үгіт жұмысының әсері», «Газет материалдары бойынша әңгімені қалай өткізу керек», «Үгітші және қабырға газеті» деген, тағы сондай тақырыптарға әңгімелер берілді. Сонымен қатар микрофон алдында таңдаулы үгітшілер, үгіт коллективтерінің жетекшілері өз жұмысын, тәжірибесін баяндады. Сырттан оқытатын семинардың сабағы өткізілетін күні, уақыты партия комитеттері арқылы бастауыш партия ұйымдарына алдын ала белгілі болды. Олар сырттан оқытатын семинардың хабарын бас қосып тындауды ұйымдастырып отырды.

Жақсы ұйымдастырылған көрнекі үгіттің: ұрандар мен плакаттың, транспарант пен стендтің әсері күшті болатынын партия жұмысының бұрынғы дәстүрі мен кәзіргі практикасы дәлелдеп келеді. Облыстың партия ұйымдары көрнекі үгітті ұйымдастырғанда оның неғұрлым нақтылы, мақсатқа бейімді болуын көздеп отыр. Жетіжылдық жоспарды орындауға кірісу көрнекі үгіттің мазмұнын байытты. Облыстың, ауданның, кәсіпорындар мен колхоздардың, совхоздардың алдында тұрған міндеттер көрнекі үгіттің дені болды.

Биыл облыстың колхоздары мен совхоздары мемлекетке 30 000 центнерге жуық ет тапсыруға тиісті. Бұл өрелі мақсат үгіт жұмысының негізгі желісінің бірі.

Жасыратыны жоқ, бұдан бірер жыл бұрын көрнекі үгіттің дені колхоз орталығында топталатын. Енді көрнекі үгітті іс басына жақындатуға қол жетті. Мысалы, Бақсай ауданының көптеген мал фермаларында жақсы-жақсы ұрандар мен плакаттар бар. «Колхозшы жолдастар! 1959 жылы әрбір 100 аналықтан 125 қозы, 97 бұзау, 87 құлын, 45 бота алып, аман сақтау үшін күресіңдер!», «1959 жылы облысымыз мемлекетке тапсыратын 30 000 центнер етке лайықты үлес қосыңдар,» — Мал фермаларындағы плакаттардың кейбіреулері міне осындай. Сонымен қатар аудандық партия комитеті «Ауданның еңбеккерлері 1959 жылы не үшін күреседі» деген тақырыптан плакат-листок шығарды. Мұнда аудан бойынша шаруашылықтың барлық салаларының үстіміздегі жылға арналған нысана цифрлары бар.

Көрнекі үгіт саяси-бұқаралық жұмыстың күшті құралы екеніне партия ұйымдарының көзі жетті. Олар көрнекі үгітті жақсылап жолға қоюға шұғыл бетбұрыс жасап отыр.

Партия комитеттерінің саяси баяндамашыларының қызметі едәуір жақсарды. Кәзір олардың қатарындағы 600 адам жергілікті орындарға үнемі шығып тұрады. КПСС ХХІ съезінің материалдары бойынша лекция, баяндама оқу үшін облыстық партия комитетінің саяси баяндамашылары аудандарға жақында төртінші рет жіберілді. Біз облыстық партия комитетінің саяси баяндамашыларын белгілі бір аудандарға, ал аудандық және қалалық комитеттердің баяндамашыларын белгілі бір кәсіпорындарға, колхоздар мен совхоздарға тұрақты бекітіп қойған жөн деп есептейміз. Бұлай еткенде баяндамашылар үнемі барып жүретін жерінің экономикасын, адамдарын жақсы білетін болады, сөйтіп, баяндаманы, әңгімені жергілікті өмірмен жақсы байланыстыруға көмектеседі.

Лекциялық насихат жұмысындағы соңғы жылдардың бір жаңалығы — колхоздарда, кәсіпорындар мен мекемелерде саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының бастауыш ұйымдары ретінде топтар құрылды. Кәзіргі уақытта осындай 195 топ жұмыс істейді. Олар өз жұмысын бастауыш партия ұйымдарының басшылығымен жүргізеді. Доссор, Байшонас мұнай кәсіпшіліктеріндегі лекторлар топтары ХХІ съездің материалдары бойынша 200-ге жуық лекция оқыды. Саяси және ғылыми білім тарату қоғамының аудандық бөлімшесі топтардың жетекшілерімен семинар, кеңес өткізіп тұрады.

Бұқараның творчестволық белсенділігі мен инициативасын арттыруда еңбекшілер жиналысының ролі зор. Жұмысшылар, колхозшылар жиналысы тәрбие мектебі, бұқараны өндірісті басқаруға белсене қатыстырудың, ортақ іске олардың жауапкершілігін күшейтудің мықты құралы болып табылады. Бұрын жиналыс көбінесе, жұмыстың белгілі бір мерзімдегі қорытындыларын талқылау үшін шақырылатын. Мұндай жағдайда жиналыс өте сирек өткізілетін және көпшілік талқысына түсетін мәселелердің өрісі тарылатын. Сондықтан еңбекшілер жиналысын үнемі өткізіп отыру қажет болды.

Бұл жөнінде Гурьев ауданы партия, кәсіподақ ұйымдарының үніле қарап, үлгі аларлықтай тәжірибесі бар. Өткен жылы ауданда жұмысшылардың, колхозшылардың 139 жиналысы өткізілді. Бұл жиналысқа қатысушылар шаруашылық, мәдениет құрылысының міндеттерін талқылады, өндірістің жаңа резервтері мен мүмкіндіктерін ашты, жұмыста орын тепкен кемшіліктерді сынап, оларды түзетуге бағытталған ұсыныстарын түсірді. Жалпы жиналыстардың күн тәртібі, өткізілетін орны мен уақыты күн ілгері кең хабарланады. Мұның өзі жұртшылықтың жиналысқа тұжырымды оймен келіп, жан-жақты пікірлесуіне көмектеседі. Бұл ауданда өткізілген жиналыстардың әрқайсысына жұмысшылар мен колхозшылар коллективінің 85—90 проценті қатысып отырды.

Жұмысшылар, колхозшылар жиналысының коллектив өмірінің көкейтесті мәселелерін шешуге өндірістік жоспарды ойдағыдай орындауға көмегін тигізген мысалдары көп-ақ. «Көптің көзі көреген, ойы шынырау», — дейді халық. Партия, кәсіподақ және шаруашылық ұйымдарының басшылары осындай жиналыстардан алдағы ісіне арқау алып шыққандай болады.

Кәсіпорындардың ерекшеліктеріне қарай жұмысшылардың учаскелік, цехтық жиналыстарын өткізу дағдыға айналып отыр. В. И. Ленин атындағы балық-консерві комбинатында ірі-ірі бірнеше цех бар, әрі жұмысты сменамен істеуде. Сондықтан мұнда әрдайым жалпы заводтық жиналыс өткізіп отыру қиынға соғады. Сондықтан мұнда көбінесе цех бойынша жиналыс өткізіледі. Ал тұтас коллектив өміріне қатысы бар аса маңызды мәселе талқылау үшін комбинат жұмысшыларының жалпы жиналысы шақырылғанда оған әрбір цех өзінің өкілдерін жібереді.

Гурьев аудандық партия комитеті үй шаруасындағы әйелдер, пенсионерлер арасында жиналыс өткізу тәжірибесін іске асырып келеді. Бұл жиналыстардың мақсаты партия мен үкіметтің саясатын бұқараның санасына жеткізіп отыру.

Алғаш рет 1955 — 1956 жылдары Қызылқоға, Бақсай аудандарының колхоздарында «Бригада күні» өткізілді. «Бригада күні» кәзір шопандар, егіншілер, пішеншілер бригадасында да өткізіліп жүр. Бұл күнді өткізудің жоспары алдын ала жасалады. Бұл күнге қабырға газетінің номері арналады, көркемөнерпаздар үйірмесінің күшімен ойын-сауықтар қойылады, не кино көрсетіледі. «Бригада күніне» жиналғандар алдында колхоз председателі немесе басқарманың басқа бір мүшесі, не бригадир, ферма меңгерушісі баяндама жасап, социалистік жарыста қабылданған міндеттемелердің белгілі мерзім ішіндегі орындалу барысын баяндайды. Одан кейін жиынға қатысушыларға сөз беріледі.

Мамандық бойынша мұндай күндер өткізу кәсіпорынның, колхоздың алдында тұрған міндеттерден, күнделікті өмірден туады. Мәселен, Қошқар кәсіпшілігінде Ембиде алғаш рет скважиналарды диспетчерлік пульт арқылы басқару қолданылды. Бұл прогрестік әдіс барлық мұнайшылардың назарын аударды. Мұны ескере отырып, Мақат аудандық партия комитеті «Мастерлер күнін» өткізіп, озат әдісті олардың өз көздерімен көруін ұйымдастыруды мақұл көрді. «Мастерлер күні» Қошқар кәсіпшілігінде өткізілді. Оған ауданның барлық кәсіпшіліктерінен мұнайшылар келді. Инженер А. Сабуров жолдас скважина басқарудың жаңа әдісі туралы баяндап берді. Мастерлер мұнай шығару учаскесіне экскурсия жасап, диспетчерлік бөлмеде болды, диспетчерлік басқару процестерімен танысты. «Мастерлер күніне» қатысушылар жерасты жабдықтарын жөндеу бригадаларында еңбекті көп керек ететін жұмыстарды толық механикаландыру, жаңа техника мен озат әдістерді өндіріске енгізу жөнінде өзара пікір алысты.

Осындай жұмыстың бір түрі аудан малшыларының күні. Мұны кейбір жерлерде «жайлау тойы» деп те атайды. Аудан малшылары күні өткен жылы бір ауданда, биыл төрт ауданда өткізілді. Июнь айында малшылар күні Еспол ауданында өткізілді. Оған жарысқа түскен Бақсай ауданынан, Батыс Қазақстанның көршілес Тайпак, Жаңақала аудандарынан қонақтар келді. Малшылар күні өтетін жерде көрнекі үгіт кең ұйымдастырылды: құрмет тақтасы мен көрсеткіш тақтасы ауданның бүгінгісін, өрен жүйрік озаттарын көрсетсе, әдемі жасалған үлкен диаграмма келешегіміз мынадай деп тұрды.

Қой шаруашылығында қойды қысты күні және ерте көктемде қоздату ұтымды әдіс. Осы әдісті алғаш қолданып, оны іс жүзінде насихаттаушы болған Еспол ауданындағы «Передовик» колхозы еді. Колхоз әр 100 саулықтан 1958 жылы 140 қозы, үстіміздегі жылы 134 қозы алды. Ал Социалистік Еңбек Ері аға шопан Сәрсенғалиев Мұханбет, Ленин орденді шопан Бергенов Шотан 145—150-ден қозы алып өсірді.

Осы тәжірибені тарату мақсатында бірсыпыра колхоздардың қой фермаларында озат тәжірибені тарату үйлері ашылды. Олар ауыл-шаруашылық әдебиетімен, газет-журналдармен қамтамасыз етілген. Еспол ауданының Ленин атындағы колхозында озат тәжірибе үйін колхоздың аға зоотехнигі Комашев жолдас басқарады. Өткен жылы мұнда қой жүнін таза және көп алу жөнінде екі рет лекция оқылды, бір рет өндірістік кеңес өткізілді. Озат тәжірибе үйінің биылғы үшінші тоқсанға арналған жоспарында «Қой тоғыту — жүн өнімділігін арттырудың маңызды шарты», «Қойды электр агрегатымен қырку — өнімді әрі пайдалы әдіс», деген тақырыпта баяндама оқу көзделіп отыр.

Облыстың кәсіпорындарында, колхоздарда жастар жылдан жылға көбейіп келеді. Кәзір Гурьев қаласында комсомол жастардың күшімен

салынып жатқан ірі-ірі құрылыстар бар. Теңіз ауданының Киров атындағы колхозында соңғы екі жылдың ішінде ғана барған жүзге тарта жас малшы, механизатор жұмыс істейді. Коммунистік еңбек бригадасы атағын алу жолындағы жарысқа қатысушылардың бәрі жастар. Оларды коммунистік рухта, қарт буындардың революциялық және еңбек дәстүрлерінің үлгісімен тәрбиелеудің үлкен маңызы бар. Бұл жөнінде жас өндірісшілердің еңбек ардагерлерімен, қарт жұмысшылармен, өндіріс озаттарымен кездесуі үлкен орын алады.

Кездесуде коммунистік еңбек бригадасы атағын алу үшін жарысушылар өздерінің еңбегі мен тұрмысын, білім алу талабын айтып берді. Еңбек ардагерлерінің әңгімесі жас жұмысшыларға үлкен әсер етеді. Мұндай кездесулерді Гурьев қаласының, Жылой ауданының партия ұйымдары да өткізіп тұрады. Кездесу жиналыстарын, кештерін белгілі бір тақырыпқа, мысалы, техника жаңалығына арнап өткізіп жүрген жерлер де бар.

Бұқарамен байланысты күшейтуде сұраққа жауап кеші маңызды орын алады. Бұл жұмыс облыс партия ұйымдарында әсіресе соңғы кезде өріс алып, өзіне көпшілікті көп тартатынын көрсетті. Мысалы, Құлсары мұнай кәсіпшілігінде сұраққа жауап беру кеші былай өткізілді. Кештің болатыны күнілгері көпшілікке кеңінен хабарланды. Бұл үшін кәсіпорындар мен мекемелерде, ұйымдарда кештің болатын күні, мезгілі, орны көрсетілген хабарлар ілініп, жәшіктер қойылды. Сұрақтар көп түсті. Олар алуан түрлі мәселелерді қамтыған. Көбі күнделікті өмір жайларын мәдениет, тұрмыс мәселелерін жазса, енді біреулер ішкі-сыртқы саясаттың мәселелерін де қозғалты. Сұрақтарға жауап беру үшін партия, совет, шаруашылық ұйымдарының басшы қызметкерлері, насихатшылар мен үгітшілер сөйледі. Олар еңбекшілердің жиналыс үстінде ауызша берген көптеген сұрақтарына да жауап қайтарды. Бұл кеш, әсіресе мәдениет, сауда орындары мен коммуналдық шаруашылықтың басшыларына көп ой салды.

Сұраққа жауап беру кеші басшы қызметкерлерді саяси жұмысқа белсенді қатыстыруға көмектеседі.

Облыстық партия комитеті бюросы мүшелерінің, қалалық, аудандық партия комитеттері секретарьларының, ірі-ірі шаруашылық ұйымдары басшыларының коммунистік еңбек коллективтерімен кездесуі өткізіліп жүр. Мысалы, Гурьев қалалық партия комитетінің секретары Шаронов жолдас Петровский атындағы заводта коммунистік еңбек бригадаларының мүшелерімен кездесті. Кездесу бригадалар жұмысындағы олпы-солпы жақтарды, оларға көмек жолдарын айқындай түсті.

Еңбекшілер арасындағы саяси жұмыстың маңызды құралдарының бірі—қабырға газеттері мен жергілікті радио екені мәлім. Қабырға газеттері өндіріс учаскесінің, бригаданың, мал фермасының санына қарай бірнеше дана шығарылатын болды. Осы практиканы барлық жерлерде қолдануға болады.

Облыстың партия ұйымдары радионы саяси жұмысқа пайдалану, жергілікті радио хабарын ұйымдастыру ісін жедел қолға алып отыр. Барлық жергілікті радио тораптарының жаңынан редакциялар құрылды. Аудандық партия комитеттері радио газеттері редколлегияларының мүшелеріне арнап кеңес өткізуде.

Еңбекшілер арасындағы бұқаралық-саяси жұмыста клубтардың, кітапханалардың және басқа мәдени-ағарту мекемелерінің ролі мен маңызы барған сайын арта түсуде. Соңғы кезде облыстық партия комитетінің бюросы мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысы және халық өнерпаздығын дамыту жөнінде маңызды шаралар белгілеп, қаулылар қабылдады. Студенттер мен жастардың июньде болған облыстық екінші

фестивалі көркемөнерпаздықтың едәуір өсіп, жетілгенін көрсетті. Фестивальге облыстың барлық аудандарынан 6000 адам қатысты. Олар көркем өнердің түрлі жанрынан өз жетістіктерін сыннан өткізді.

Көркемөнерпаздықтың жаңа түрі халық театрлары болып отыр. Әзірше облысымызда осындай екі театр іске кірісті. Теңіз ауданында құрылған халық театры қойған Е. Брусиловскийдің музыкалы драмасы—«Қыз Жібекті» облыс орталығының жұртшылығы төрт күн бойы қызыға қарап, жақсы қарсы алды. Бұл театрдың ойнаушылары ауданның түрлі 8 ұйымынан, мектептен, колхоздардан, аудандық мекемелерден іріктеп алынған. Бұған қарағанда халықтық театрды басқа аудандарда да құруға мүмкіндік бар.

КПСС XXI съезі шешімдерінің игілікті ықпалымен өрістеген шапағатты жаңалықтың бірі мәдениет университеттерін құру болды. Облыста үш мәдениет университеті бар. Олардың бірі Гурьев қаласында, екіншісі өнеркәсіпті Мақат ауданының орталығы Доссор поселкесінде, үшіншісі Қотяевка селосында. Олар еңбекшілерге эстетикалық тәрбие беруде ебдейлі құрал екені анық. Жергілікті орындарда көркем өнердің әртүрлі саласындағы мамандардың жеткіліксіздігі қиындық келтіретіні сөзсіз. Сондықтан мәдениет университетінің сабағы болатын күндері (ол айына бір-екі рет) қаладан адамдар жіберіп, көмек берудеміз. Сонымен қатар осы мәдениет университеттерінің, халық театрларының жұмысының дұрыс арнаға түсіп, бұдан былай да өріс алуы үшін республиканың творчестволық ұйымдары қамқорлық жасауы керек.

Бұқаралық-саяси жұмыстың алуан түрлері мен әдістерін қолдану жөнінде жоғарыда айтылған сияқты сәтті қадамдарымызбен қатар көптеген кемшіліктеріміз де бар. Кейбір партия ұйымдарында нақтылы ортаға байланысты адамдармен жұмыс істеудің жаңа, пайдалы түрлері мен әдістерін қолданып отыру үшін іздену, табандылық жетпейді. Өткен жылы Мақат ауданында комсомол ұйымдарының инициативасымен рейділер ұйымдастырылып, мұнай ысырабына қарсы күреске, кәсіпшіліктерде пайдаланылмай жатқан өндірістік құрал-жабдықтарды тауып, іске қосуға едәуір пайдасын тигізген еді. Бірақ мұндай жұмыс бізде әлі айтарлықтай өрістей қойған жоқ.

Саяси жұмыстың барлық адамдарға ықпалы тиетіндей болу үшін ол тек өндірісте ғана емес, тұрғын үйлерде, жатақханаларда, қызыл бұрыштарда, үгіт пункттерінде жүргізілуі керек. Алайда тұрғын халық арасындағы жұмыста маусымдылық әлі де болса орын алып отыр. Жергілікті Советтер мен Қазақ ССР Жоғарғы Советінің соңғы сайлауынан кейін 133 тұрақты үгіт пункті қалдырылып еді. Бірақ үгіт жұмысының шын мәнісінде орталығы болып отырған үгіт пункттерімен қатар, ешқандай жұмыс істемейтіндер де бар.

Мал өсірушілер облыстың, ауданның, колхоздың орталықтарынан қашықта — фермаларда, жайлауларда, қыстақтарда тұрады. Саяси жұмысты жүргізгенде қоныс шалғайлығы бірталай қиындық кездестіреді. Облыстың партия ұйымдары мұны ескере отырып, әрбір фермада қызыл бұрыш ұйымдастыру, малшыларды радиоқабылдағыштармен қамтамасыз ету жөнінде бірталай жұмыстар істеді. 12 — 13 кітаптан құралған шопан кітапханасы ұйымдастырылып, сауда орындары арқылы малшыларға жеткізіліп сатылды. Алайда бұл салада әлі де көп жұмыс атқаруымыз керек.

«Сталин облысы еңбекшілерінің арасындағы бұқаралық-саяси жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы» КПСС Орталық Комитетінің қаулысында және Қазақстан КП Орталық Комитетінің XV пленумының қаулысында бұқаралық-саяси жұмысты өрістетудің әдісі, жолы, жөн-жобасы атап көрсетілген. Осы документтерді басшылыққа ала отырып, облыстың партия ұйымы өзінің саяси жұмысының дәрежесін арттыра береді.

Сертті орындау жолындағы алғашқы табыс

Партияның XXI съезі бүкіл совет елінде ұлы өрлеу туғызды. Бұл— коммунистік қоғам құруды өрістетіп жүргізіп, жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы күрес. Осы күреске барша жұрт жұмыла аттанды. Әркім өз саласында бұрын-соңды болмаған жігерлі тасқынмен, еселі қарқынмен еңбек етіп жатыр.

Осы ұлы күреске Алматы облысы, Қаскелең ауданының еңбеккерлері де ұштасты. Олар мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын асыра орындап, көзір мал санын көбейтіп, оның өнімін молайту жөнінде қабылдаған көтеріңкі міндеттемені орындау жолында аянбай еңбек етіп келеді.

Биылғы міндеттеме бұрынғы өлшемнің, мөлшердің бәрінен асып түсті. Үстіміздегі жылы елімізге етті, сүтті, жүнді, жұмыртқаны бұрынғыдан бірнеше есе артық берумен қатар мал санын жылдағыдан көбейту қажет. Осыған орай Қаскелең малшылары биыл мемлекетке 74.060 центнер ет сатып, 19 мыңнан астам ірі қара мал, 240 мыңнан астам қой, 13,8 мың шошқа, 7,5 мың жылқы, 120 мың құс өсіруге тиіс. Колхоздар мен совхоздар осы міндеттемені көзірдің өзінде-ақ толық дерлік орындады. Шошқаны көбейту жөніндегі мәреге аудан әзір жеткен жоқ. Міндеттемені орындаулары олқы жері осы.

Аудан малшылары міндеттемелерін алдымен жалпы жиналыстарда талқылап, колхоз, совхоз бойынша, онан кейін фермалар, жеке шопандар, сауыншылар, бақташылар, жылқышылар болып жеке-жеке қабылдады. Сөйтіп әрбір малшы өзінің партия, жұрт алдындағы борышына қанық болды. Бұған іле шаруашылықтардың партия ұйымдары мал фермаларына үстеп коммунистер, комсомол-жастар жіберіп, үгітшілер бөлді. Үгітшілер қайта іріктеліп, олардың ішінен тәжірибесі молы фермаларда жұмыс істейтін болды. Олар партияның XXI съезінің, КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумының шешімдерін, Пленумда Н. С. Хрущев жолдастың жасаған баяндамасын жұртшылыққа ұдайы түсіндіріп отырды. Көптеген үгітшілер тек газет-журнал оқып берумен тынбай, үгітті нақты, пәрменді жүргізуге, өз ауданынан, өз колхозынан мысалдар келтіріп, тыңдаушыларының алдына нақты міндеттер қоя білуге дағдыланды.

Әрбір шаруашылық, әрбір малшы өзара социалистік жарысқа түсті. Партия ұйымдары, үгітшілер, жеке малшылар арасындағы жарыстың қортындысын ай сайын шығарып, жария етіп отырды.

Ауданның колхоздары мен совхоздарында ең алдымен мемлекетке семіз ет өткізу және сату мәселесіне баса назар аударылды. 47 гурт басқарушы, 62 шопан, 28 шошқа бағушы мен құс күтуші малды бордақылау немесе жайып семірту жөнінде социалистік міндеттеме қабылдады. Олардың әрқайсысына міндеттеменің орындалу барысы үнемі жазылып тұратын бүктемелі кішкене қағаз тапсырылды. Қағазда малды бордақылаудың немесе жайып семіртудің мерзімі, орташа салмағы көрсетілді.

Май айында жайып семірту үшін ірі қара мал, қой, жылқы бөлінді. Бұлар оты, суы мол жерге бағылды. Жүздеген шошқа бордақыланды.

Зоотехниктер, мал дәрігерлері үнемі бұл жұмыстың басы-қасында болып, міндеттемені орындау ісіне ат салысып отырды.

Мал басын көбейту жолындағы жарыста жүлде алғандар аз емес. Мысалы, Чапаев атындағы колхоздың қарт шопаны Әбдіреш Нысанбаев, Бекбатыр Елекенов өздерінің қарауындағы 670—750 қойды жақсы семіртіп, әрбір қойдың тірідей салмағын орта есеппен 70 килограмға жеткізді. «Дружба» колхозының бақташылары әрқайсысының тірідей орташа салмағы 373 килограмнан мемлекетке 190 ірі қара мал тапсырды. Чапаев атындағы колхоздың шошқа бағушысы Татьяна Бабичева әрбір шошқаның салмағын 125 килограмға жеткізіп, дайындау пунктіне жөнелтті.

Колхоздар мен совхоздар халықтан мал сатып алуды жақсы ұйымдастырды. Июльдің 1-не дейін 6547 ірі қара, 159 шошқа, 637 қой, 290 жылқы сатып алынды.

Міне осындай шаралардың нәтижесінде үстіміздегі жылдың жеті айы ішінде аудан мемлекетке 43.200 центнер ет тапсырды және сатты. Бұл өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда 2,3 есе артық. Сөйтіп ет дайындаудың мемлекеттік жоспары мерзімінен бұрын асыра орындалды. Етке өткізілген малдың орташа тірідей салмағы едәуір артты.

Биыл сауыншылар да өнімді еңбек үлгісін көрсетіп келеді. Бұған жарты жыл ішінде әрбір сиырдан 1 379 килограмм сүт сауылғанын (ал жылдық міндеттеме 2500 килограмм) айтсақ та жеткілікті. Мұның өзі өткен жылдың осы уақытында сауылған сүттен 263 килограмм көп.

Сиырдан сүт қалайша көп сауылды? Өткен жылы малға пішен, сүрлем, жем жеткілікті әзірленді. Сиырды үстеп азықтандыру нәтижесінде ауданда сүт өнімі бұрынғыдан артты.

Соңғы кезде сауын сиырдың күтімі жақсара түсті. Ең алдымен сауыншылар үлгілі еңбек етті. Мысалы, «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозының атақты сауыншылары Ч. Эфендиев пен Е. Рудненко, «Вторая пятилетка» колхозының сауыншысы Д. Медадова және басқа көптеген сауыншылар кәзірдің өзінде-ақ қарауындағы әр сиырдан 3000 килограмм және одан да көп сүт сауды.

Аудан малшылары әсіресе жүн, жұмыртқа дайындау ісінде де үздік табысқа жетті. Жүн өткізу жөніндегі міндеттеме 107 процент, жұмыртқа тапсыру жөнінде — 214 процент орындалды.

Мемлекетке мал өнімін жылдан жылға көп тапсыру, мал санын үздіксіз арттыру жөнінде әсіресе «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозы үздік шықты. Бұл колхоздың адамдарының сөзіне ісі сай. Колхоз орталығына келсеңіз қызыл-жасыл бояумен үлкен етіп жазылған көркем тақталарды көресіз. Бұл колхоздың түлік-түлік бойынша мал басын өсіру, оның өнімін бұрынғыдан молайту жөнінде жария қабылдаған көтеріңкі міндеттемелері. Колхоз мал өсіру міндеттемесін кәзірдің өзінде-ақ орындады. Мемлекетке етті былтырғыдан екі есе артық сатты.

Бұл колхоздың партия ұйымы бұқара арасында үгіт жұмысын ширак жүргізді, социалистік жарысты кең өрістетті. Колхоз шаруашылықтың ішкі қажетіне жұмсалатын шығынды азайтты, мал басын, төлді аман сақтады, шаруалардың басы артық малы сатып алынды. Жүгері егісін көбейтіп, жақсы баптап күтті, сүрлемді көп салды.

— Міндеттемені жыл сайын мүлтіксіз орындау үшін, — дейді «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозының председателі М. Хвостенко жолдас, — әуелі негіз қалап алу керек. Біздегі сауын сиырдың бәрі — асыл тұқымды Алатау сиырлары. Жемшөп мол. Әр сиырға 10 тоннадан сүрлем салынды. Қора-жайымыз да жеткілікті. Бәрі стандартты, кең, жарық.

Хвостенко жолдас дұрыс айтады, алдын-ала негіз жасап алмай тұрып мал шаруашылығын үздік өркендету мүмкін емес. Бұл істі колхоз басшылары ерте бастан қолға алды. Малды асылдандыру жұмысы төрт-

бес жылдан бері жоспарлы, жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Соның нәтижесінде кәзір сиыр малы етті де, сүтті де. Қой—биязы жүнді. Жылқының дені — Дон, Орлов тұқымы. Колхоз кәзір тұқымдық малды басқаларға сататын шаруашылыққа айналды. Мұнда мал қолдан ұрықтандырылады. Бұл әрі арзан, әрі тиімді.

Бұрын колхозда қылшық жүнді қой өсірілетін. Малды асылдандыру жұмысының нәтижесінде кәзір мұнда биязы жүнді қой өседі. Бірақ отарда жүні сирек қой да бар еді. Қалың жүнді қойды көбейту үшін қолдағы қазақтың биязы жүнді қойы кавказ қошқарларымен будандастырылды. Соның нәтижесінде жүні қалың қой көбейді, енді жүн мол алынатын болды. Әрбір қойдан міндеттеме бойынша 3,3 килограмм орнына 4,6 килограмм таза жүн қыркылды. Колхоз жүн тапсыру жөніндегі міндеттемені 107,3 процент орындады.

Фермада міндеттемесін орындамаған шопан кемде-кем. Ал үздік шопан Ақан Жанжігітов әрбір жүз саулықтан 144 қозы, Қасым Бекешев — 134 қозы алып, шығынсыз өсірді. Сондай-ақ колхоз бойынша қабылданған міндеттеме де артығымен орындалды. Әрбір жүз саулықтан 112 қозы алынды.

Колхоздың асыл тұқымды, қонды сиырлары түгел сүтті. Үстіміздегі жылдың алты айы ішінде мемлекетке 530 тонна сүт, яғни 1956 жылдағыдан 1,5 есе артық өткізілді. Бұған қарағанда міндеттеме мерзімінен бұрын орындалады деуге болады.

Сүтті мол сауып, жүнді көп қырыққаны үшін қой, қозы санын көбейтіп, аман өсіргені үшін колхозға аудандық партия комитеті мен еңбекшілер депутаттары аудандық советі атқару комитетінің ауыспалы Қызыл туы берілді.

Ауданда артта қалған шаруашылықтар да бар. Кейбір колхоздарда мүмкіншілік мол бола тұрса да малды асылдандыру, зоотехниялық ережелерге сай дұрыс күтіп, азықтандыру, қора салу жайы әлі нашар. Соның салдарынан мал шаруашылығын жан-жақты дамыту жөніндегі міндеттеме былай тұрсын, жоспар да орындалмай келеді. Мысалға «Октябрь» колхозын алайық. Бұл — аудандағы ірі шаруашылықтың бірі. Оның егістік, шабындық, жайылым жері басқа колхоздардан артық болмаса, кем емес. Бірақ басшылық, ұйымдастыру жұмысының нашарлығынан жемшөп жылда жеткілікті мөлшерде даярланбайды, тіпті қолдағы мал азығының өзі дұрыс берілмейді. Қора-жай да жетімсіз. Малды тұқымына қарай іріктеу ісі тәртіпке келтірілмеген.

Кәзіргі уақытта аудан колхоздарының көпшілігі малды қолдан ұрықтандыру сияқты тиімді әдісті жаппай қолдана бастады. Мұның мал тұқымын асылдандыру, төлді көп алу үшін маңызы зор екені белгілі. Алайда колхоз басшылары бұл іске әлі маңыз бермей келеді.

Қора жетпейді. Тар, лас, тымырсық қорада тұрған малдың жегені жұқ болмайды. Колхозда құнарлы азық аз дайындалады.

Бір сауыншыға 20 сиыр бекітіліп берілген. Әрине, мұндай жағдайда, сауыншы сиырды қақтап сауа алмайды, оның қолы талады. Колхоздардың көпшілігі фермадағы еңбекті көп керек ететін ауыр жұмыстарды механикаландырып жатқан кезде, мұнда зоотехникалық тәртіптің өзі осыншама бұрмаланып отыр.

Осындай орасан олқылықтарға жол берілгендіктен колхозда жарты жыл ішінде әрбір сиырдан небәрі 599 литр сүт сауылған.

Шошқа фермасында да жағдай мәз емес. Мұнда да қораның жетімсіздігінен, тарлығынан, ластығынан, әрдайым тек біртүрлі азық берілетіндіктен қыстан шошқа арықтап шықты, шығынға ұшырады. Малдың организміне өте керек минеральдық азықтар мүлде жоқ.

Жас төл, әсіресе торайлар мен бұзаулар жазғы жан-жағы ашық қора болмағандықтан қысқы ыстық қорада күтіледі. Оларға жеткілікті мөлшерде сүт те берілмейді.

Зоотехникалық ереженің бұрмалануы салдарынан шошқа фермасын індет жайлаған. Тек июнь айында 20 торай шығын болды. Басқа түліктен де өлім-жітім аз емес. Алты ай ішінде 812 қой, 15 ірі қара, 20 жылқы шығынға ұшыраған.

Қолхозда мал шаруашылығының бетімен жіберілуіне кім кінәлі? Ең алдымен колхоз председателі В. Мякин жолдас пен бұрынғы бас зоотехник А. Федоров жолдас кінәлі. Бұлар колхозда көп жылдан бері істейді. Бірақ олар өз міндетіне жауапсыз, салғырт қарайды. Қазіргі уақытта, егін орағы, пішен жинау, қоражай салу, қызылша, овощ жинау ісі қарбалас келіп отырған жауапты кезеңде Мякин жолдас екі айлық демалысқа кеткен. Ал колхоз председателінің орынбасары В. Некипелов жолдас, бас зоотехник С. Маларенко жолдас жұмыс жайын жақсы білмейді, өйткені олар осы қызметке жуырда ғана жіберілген.

Мал шаруашылығын өркендету жайы Жамбыл атындағы колхозда да нашар. Әсіресе сауын сиыр, шошқа өсіру жөнінде міндеттемені былай қойғанда, жоспардың өзі де орындалмаған. Жалпы ірі қара, оның ішінде сиыр да жергілікті, өнімі төмен тұқым. Бұған қарамастан малды асылдандыру жұмысы бетімен жіберілген. Тіпті сиырды қолдан ұрықтандыру ісі де жеткіліксіз ұйымдастырылған. Жемшөптің жоқтығынан сүт өнімі азайып кеткен. Мәселен апрель айында әр сиырдан 150, майда — 276 литр сүт сауылса, июньде — небәрі 210 литр алынған. Қолхоздың бұрынғы зоотехнигі Поливин жолдас өз міндетімен шұғылданбай колхоздағы басқа шаруашылық жұмыстармен айналысқан. Қолхоз мемлекетке ет, сүт сату жөніндегі міндеттемесін орындауда аудан көлемінде артта қалып отыр. Шөп шабу, пішен жинау қарқыны өте төмен. Июльдің біріне дейін жоспарда белгіленген 3000 тонна пішеннің орнына небәрі 800 тонна шөп әзірленген. Сүрлем үшін егілген 300 гектар жүгерінің онысыз да оирек 100 гектарын арам шөп басып тұр. Жамбыл атындағы колхозда да олқылық басшылықтың нашарлығынан болып отыр. Өйткені, мұнда жылма-жыл бастық ауысады. Партия ұйымының секретары да құтаймайды. Қолхоздың қазіргі председателі А. Иванов жолдастың қызметке келгеніне бір жылдан асқан. Бірақ оның басшылық ісінде де, шаруашылықта да ешбір алға басқандық байқалмайды. Ол жұмысқа жүрдім-бардым қарайтын сияқты, колхозға әлі тұрақтамаған — үй-жайы басқа жерде де, өзі колхозда.

Ауданда артта қалған тек осы екі шаруашылық қана емес, бұлардың саны бірнеше. Егер бұлар сияқты ауданды кері тартып отырған колхоздар бөлмаса, мал шаруашылығын жанжақты өркендетуде аудан қазіргіден де жоғары табысқа жеткен болар еді. Аудан жұртшылығы барлық колхоз, совхоздарды озаттарға теңелтіп, социалистік жарыста алынған міндеттеменің абыройлы орындалуы үшін жұмылуға тиіс.

Қ. ӘЛИАСҚАРОВ

Өнерлі еңбек өнегесі

Қарағанды көмір бассейнінде коммунистік еңбек бригадасы деген атақты алу жолындағы жарысты № 1 шахтадағы тәжірибелі комбайншы коммунист Михайл Бондалетовтың бригадасы бастады. Бригаданың құрамында 12 адам бар. Олар К. Ерәлімов, М. Оберемженко, комсомолецтер В. Читов, О. Кадомцев, В. Шадрин сияқты істе шыныққан тәжірибелі кеншілер.

Бұл бригаданың мүшелері бүкіл бассейін кеншілерін жетіжылдық жоспарды мезгілінен бұрын орындау үшін социалистік жарысты кенінен өрістетуге шақырды. Соған байланысты өздері де көтеріңкі міндеттеме

кабылдады. Жана міндеттеме бойынша әрбір кенші нормадан тыс екі жарым, үш тоннадай көмір шығарады, әрбір тонна көмірдің түсер құнын екі сом арзандатады, алдыңғы қатарлы еңбек әдісін пайдалана отырып, «Донбасс-1» комбайнының айлық өнімділігін «новый» көмір қабатында 20—25 мың тоннаға жеткізеді, үш-төрт жыл ішінде бригаданың әрбір мүшесі жалпы орта, не орта техникалық білім алады.

М. Бондалетовтың бригадасы Донбастың атақты шахтерлері Н. Мамай мен А. Кольчик басқарған бригадаларды жарысқа шақырды. Бригада мүшелері кәзір өз міндеттемесін абыроймен орындап келеді, олар көмір шығару жоспарын ай сайын 120—135 процент орындап, еңбек өнімділігін 110—120 процентке жеткізді. Осындай қажырлы еңбектің нәтижесінде бригада КПСС Орталық Комитеті июнь Пленумының ашылуына жоспардан тыс бес мың тоннадан артық көмір шығарды. Бригаданың әрбір мүшесі смена сайын тапсырмадан тыс 3,2 тонна көмір шығарады, көмірдің түсер құнын кеміту есебінен бригада жыл басынан бері 100 мың сомдай мемлекет қаржысын үнемдеді.

М. Бондалетовтың бригадасы тек еңбекте ғана емес, сонымен бірге оқып білімін көтеру, коммунистше өмір салтанатын құру жөнінде алған міндеттемелерін орындауда да елеулі жетістіктерге ие болып отыр.

Бұл бригаданың жұмыс әдісін үйренуге Қарағанды кеншілері зор ынта қойып отыр. Озат тәжірибені таратуға № 1 тік шахтасының партия және кәсіподақ ұйымдары да (партбюро секретары М. Бекбосынов, шахта комитетінің председателі П. Михайлов жолдастар) ерекше көңіл бөліп келеді.

Озат жұмыс әдісін кеңінен насихаттау үшін партия ұйымы бұқаралық-саяси жұмыстың барлық түрлерін пайдаланады. Еңбектің үлгілі әдістерін таратуда үгітшілер коллективі де елеулі роль атқарады. Олар әңгіме өткізу арқылы, қабырға газеттері мен «Шахтер» атты көп тиражды газет арқылы озат тәжірибені кең таратуда. Үгітшілердің 70 проценті еңбек озаттары, олар үгіт жұмысын өздерінің жұмыс әдістерімен тығыз байланыстырып отырады. Осы жұмыстардың нәтижесінде шахтада озаттар қатары ұдайы өсіп келеді.

Партиялық-ұйымдастыру және саяси-көпшілік жұмыстарының дұрыс жолға қойылуы шахтаның экономикалық көрсеткіштерінің күннен-күнге жақсаруына игілікті әсер етті. Шахта коллективі жыл басынан бері жоспардан тыс 50 мың тонна көмір шығарып, көмірдің түсер құнын кеміту есебінен 1,3 миллион сомнан аса қаржы үнемдеді.

Озат еңбек әдісін кеншілер арасында кең таратуға М. Бондалетов жолдастың өзі де тікелей ат салысып отырады. Ол өз учаскесіндегі жұмысшылар арасында жиі-жиі әңгіме өткізіп, тәжірибесін ортаға салып, көтеріңкі міндеттемелерді қалай орындаудың жолдарын көрсетіп отырады. Ол артта қалушыларды озаттар қатарына тенеу үшін өзінің жанашыр көмегін аямайды. Сондықтан да оны № 4 учаскедегі жұмысшылар осындай ізгі қасиеттері үшін жақсы көреді. Бондалетов өз бригадасының еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тәжірибесін көп тиражды «Шахтер», облыстық «Социалистическая Караганда» және «Советтік Қарағанды» газеттері бетінде көпшілікке жария етіп отырады. Таяуда болып өткен механизаторлар конференциясында, сондай-ақ Сталин аудандық партия комитеті ұйымдастырған алдыңғы қатарлы кеншілердің мәжілісінде Бондалетов көмір шығаруды арттыру жөнінде көптеген құнды пікірлер айтты.

Коммунистік еңбек бригадасы деген абыройлы да абзал атаққа бивылғы май мерекесіне қарсы Калинин атындағы № 17 шахтадағы Өміртай Сыздықов басқарған бригада да ие болды. Бұл Қарағанды бассейнінде коммунистік еңбек бригадасы деген атақты М. Бондалетовтен кейін екінші болып алған бригада болды.

Бригадада 8 адам жұмыс істейді. Үстіміздегі жылдың январь айының көмір шығару жоспарын бригада 108,4 процент орындаса, ал март айының жоспарын 117 процент етіп орындады. Март айында циклдiк графикпен жұмыс істеп, 29,4 циклдiн орнына 33,8 цикл орындады. Осының арқасында бiр айда 1,3 мың тонна көмiрдi жоспардан тыс шығарды. Сөйтiп Сыздықовтың бригадасы Қарағанды бассейнінде ең жоғарғы еңбек өнiмдiлiгiн көрсеттi. Шығарылған көмiр әрбiр жұмысшыға шаққанда 253 тоннадан айналды. Комбайн өнiмдiлiгi жоспардағы 12 090 тоннаның орнына 15 207 тоннаға дейiн жеткiзiлдi. Жыл басынан берi Сыздықовтың бригадасы жоспардан тыс екi мың тоннадан артық көмiр өндiрдi. Бригаданың әрбiр мүшесi сменалық нормасын үнемі артығымен орындап келедi.

Бригаданың мұндай жетiстiктерге ие болуына Ө. Сыздықовтың өз үлгiсi, оның ұйымдастырушылық қабiлетiнiң молдығы әсер етуде. Ол тек комбайнды ғана емес, лавадағы iшкi жұмыстардың барлығын да жақсы бiледi. Жаңашыл бригадир еш уақытта қол жеткен табысқа мастанбайды, қайта оны өрлете бередi. Еңбек өнiмдiлiгiн үнемі арттыра беру, көмiрдi неғұрлым көп шығару мiне Сыздықов бригадасының алдына қойған нысанасы осы.

Коммунистiк еңбек бригадасының атағын алу үшін бассейнінiң проходчиктер коллективi де елеулі еңбек етiп келедi. Сталин көмiр тресiнiң 18-бис шахтасында көмiрдi қуалай қазуда бүкiлодақтық рекорд жасаған М. Вальбаумның бригадасы социалистiк жарыстың қорытындысында бiрiншi орын алды. Жыныс тиейтiн «ГИЛ-30» машинасының көмегiмен бұл бригада апрель айында 555 метр желдеткiш штрегiн қазды.

М. Вальбаумның жаңа рекорды — елiмiздiң көмiр шахталарында тиегiш машиналардың көмегiмен жер асты жолдарын қазудағы ең жақсы нәтиже. Бұл бригада жетiжылдық жоспарды бес жылда орындауға мiндеттеме алды. Бригада 4 сменамен жұмыс iстейдi. Әр сменада 6—7 адам бар. Звено жұмысқа кiрiсерде алдымен шпур бұрғылайды. Шпурлардың терең бұрғылауына көп көңiл бөлінедi.

Кәзiрдiң өзiнде бұл бригаданың әрбiр мүшесi бiрнеше мамандықты меңгерген. Қажет болған кезде бригада мүшесiнiң қайсысы болса да, шпур да бұрғылайды, тiреу де қояды, тиеу машинасын да жүргiзедi. Бригада мүшелерi дәрi атушылар курсында оқып, оны меңгердi.

М. Вальбаумның бригадасы № 33-34 шахтадағы Социалистiк Еңбек Ерi Акулов жолдас басқаратын проходчиктер бригадасымен жарыста озып шыққан едi. Сөйтiп, бригада Қарағанды көмiр комбинаты бойынша ең таңдаулы бригада қатарына қосылды. Социалистiк жарыста М. Вальбаумның бригадасы қолда бар барлық мүмкiндiктерiн пайдаланып, механизмдердiң мiнсiз жұмыс iстеуiн қамтамасыз еттi. Техникалық ереженi қатаң сақтады. Осы бригаданың мүшесi, машинист И. Майер жолдастың ұсынысы бойынша проходқа машинасының жыныс алатын қалақша алақаны 10 сантиметр төмендетiлдi. Осының нәтижесiнде тиеу жұмысының жылдамдығы 1,5 есе артты.

Қарағанды шахталарында коммунистiк еңбек бригадасы деген құрметтi атақты аламыз деп күресiп жатқан кеншiлер тобы аз емес. Егер, XXI съезд ашылар алдында бассейнде мұндай бригадалар не бәрi үшеу ғана болса, кәзiр оның саны 100-ге таяу.

Коммунистiк жарыстың туын жоғары көтерген көмiрлi Қарағандының кеншiлерi өздерi алған көтерiңкi мiндеттемелерiн асыра орындау үшін еңбектiң озат үлгiлерiн көрсетуде. Кәзiр бассейнінiң барлық шахталары мен өндiрiс орындарында, құрылыстарында коммунистiк еңбек бригадасы атағын алу үшін күресiп жатқан бригадаларға мындаған кеншiлер қатынасуда.

Коммунистік еңбек бригадалары деген атақ аса құрметті де қасиетті атақ. Бұл зор атаққа ие болу оңай емес. Бұл үшін қажырлы еңбек етумен бірге, коммунистерге тән адамгершілік пен мәдениеттіліктің жоғары үлгілерін көрсете білу керек.

С. ДОСМАҒАМБЕТОВ,
Д. ШАЙМУХАНОВ.

Пластикалық заттар және оны пайдалану

Пластикалық заттардың халық шаруашылығы үшін қаншалықты маңызы бар екенін түсіну үшін ең алдымен бұл заттардың тегін біліп алған жөн. Пластикалық зат иленген балшықтай жұмсақ болып келеді, оны қандай түрге болса да келтіруге болады.

Қазіргі заманда пластикалық заттар ғылым мен техниканың жетістіктері негізінде түгелімен қолдан жасалады. Дәлірек айтқанда, олар әртүрлі химиялық заттардан полимеризация және конденсация тәсілдерін қолдану арқылы алынады. Түрі көбінесе қоңыр, сұр, ақ болып келеді. Олардың мынадай қасиеттері мен артықшылықтары бар: салмағы ағаштан да жеңіл, болаттай берік, шыныдай мөлдір, қайыстай иілмелі, жібектей жұмсақ, өн бойына электр тоғын өткізбейді, денсаулыққа зиянсыз. Тоқ етерін айтқанда, табиғатта мұндай «сегіз қырлы, бір сырлы» зат өте сирек.

Пластикалық заттардың ең бір жақсы қасиеті — өте жеңіл болады. Пластикалық материалды барынша аз жұмсап, әдеттегіден салмағы ондаған, жүздеген есе жеңіл, көп арзан өте қажет нәрселер: жеңіл машина жасауға, үй салуға, түрлі жебір қышқыл сілті, басқа да сұйық химиялық заттар құятын ыдыстар, түтіктер, сауыттар (бұларға темірден, ағаштан жасалған ыдыстар шыдамайды), балалардың түрлі ойыншықтарын, тағы басқа көптеген бұйымдар жасауға болады. Ал жеңіл бұйымның үнемді, тасымалдауға ыңғайлы болатыны даусыз. Мынадай бір мысал келтірейік. Бүгінде пластикалық заттар ракета, самолет өндірісінде неғұрлым көбірек кәдеге жарайды. «ТУ-104» самолетінің ондаған мың бөлшек жабдығы пластикалық заттан жасалған. Тіпті шаруашылықтың қай саласында болса да осы зат араласпаған нәрсе кемде-кем.

Пластикалық зат көбінесе синтетикалық қарамайдан жасалады. Одан жасанды былғары, жібек жүн алынады. Мысалы, самолет, кеме, автомашинаның отырғыштарын қаптау үшін тек жасанды былғары қолданылады. Мұндай былғары су өткізбейді, түрлі жебір қышқылдарға төзімді келеді. Бұл жағынан кәдімгі былғарыдан әлдеқайда артық.

Жасанды жібектер — капрон, нейлон, тефлон және жасанды жүннен істелетін штапель торқалары, жасанды терлин торқасынан істелетін маталар да мықты болады, оларды күйе жемейді, дымқыл жерде жатса көгеріп, шірімейді. Сондықтан да дымқыл жердегі жұмысқа киетін киімдерді, әсіресе химия өнеркәсібінде істейтін адамдардың киімдерін жасанды торқадан тіккен өте тиімді.

Пластикалық заттардың болашағы зор. Мысалы, оның құрылыс жұмысындағы келешегі өз алдына бір төбе. Қазір Москвада пластикалық заттардан тәжірибе ретінде тұңғыш үй салынып жатыр. Техникада түрлі машиналардың көп қажалатын бөлшектері пластикалық заттардан жасалмақ. Резинаға жасанды терлинді араластырса, оның сапасы анағұрлым жақсарады.

Пластикалық заттардың шикізат қоры синтетикалық қарамайдың таусылмайтын үш көзі бар. Олар — мұнай, көмір, ағаш. Бұлардан сан алуан жүздеген, мыңдаған химиялық заттар алынады. Сондықтан олар пластикалық заттар өндірісімен бірге жалпы химия өндірісінің маңызды шикізаты болып табылады. Пластикалық заттар жасап шығару үшін бұларды тиісті химиялық өндеуден өткізу керек. Мәселен, ағаштың негізгі тегі — целлюлоза. Целлюлоза химиялық әдістермен айырып алынады. Осы целлюлозадан синтетикалық қарамай алынады да, одан целлюлойд, осы күнгі өте бағалы түрлі-түсті нитролактар жасалады, жасанды жібектер, штапель, вискоза, ацетат жібек жібі иіріледі. Целлюлоза сонымен қатар сабан мен қамыстан да алынады.

Мұнай мен көмірден жасалатын химиялық заттардың саны санап жеткісіз. Соның бірі мұнай газдарынан алынатын этилен мен пропилен. Бұл екеуінен соңғы уақытта аса құнды синтетикалық қарамай алынатын болды. Сондай-ақ көмірден жасалатын фенол да әртүрлі синтетикалық қарамайдың құрамына кіреді. Мінеки осындай қысқаша мағлұматтың өзінен-ақ ағаш пен көмірдің, мұнайдың кәзіргі уақытта өте құнды зат болып отырғанын айқын көруге болады. Ал Совет Одағында, оның ішінде Қазақстанда ағаштың, көмірдің, мұнайдың сарқылмас қоры бар. Республикамызда қамыс пен сабан да жеткілікті.

Қазақстанда химия өнеркәсібі тек совет өкіметі тұсында құрылды. Түрлі тыңайтқыштар, спирт, сабын, басқа да химиялық және химияның көмегімен істелетін заттар жыл сайын мол өндіріліп келеді.

Республикада синтетикалық қарамайдан түрлі пластикалық бұйым, құрал-сайман, аспап жасап шығаратын кәсіпорындар аз емес. Бірақ оларға керекті синтетикалық қарамай, пластикалық ұнтақтар Украинадан, Россия Федерациялық республикасынан әкелінеді. Әрине, мұның өзі заттың түсер құнын қымбаттатып жібереді және кәсіпорындарды шикізатпен біркелкі толық қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан да жетіжылдық жоспарда Қазақстанда химия өнеркәсібін, оның ішінде біз сөз етіп отырған синтетикалық қарамай мен пластикалық заттар өндірісін жан-жақты өркендетуге көп көңіл бөлінеді. Бұл заттардың кейбір өндірісте көбірек менгерілген түрлері жергілікті жерде өндіріледі.

Республикамызда бұған дейін кокс-химия өнеркәсібі өрістемей келді. Жетіжылдықта республиканың тас көмір байлығы негізінде синтетикалық қарамай өндірісі құрылады.

Орталық, Батыс және Оңтүстік Қазақстанда химия өнеркәсібінің тың саласы пайда болады. Химияның араласуымен жасалатын өнім түрі молаяды. Ал Қарағанды синтетикалық каучук заводы синтетикалық каучук, басқа да ондаған өте қажет химиялық заттар жасайды.

Жетіжылдық жоспар бойынша республикамызда химия өнеркәсібі қарыштап өркендейді. Қазақстанда да синтетикалық қарамайдың басқа бірнеше түрі өндірілмек. Жасанды былғары шығаруға керекті синтетикалық қарамай мен өзге де химиялық шикізаттар өндіретін және штапель жібегінен мата тоқып шығаратын комбинат іске қосылады.

Алдағы уақытта Қазақстанда осы күнгі белгілі синтетикалық қарамайдың ең таңдаулысы, ғылым мен техниканың мақтанышы — полиэтилен қарамайы өндірілетін болады. Қостанайда штапель жібегін өндіріп, одан жібек жіп иіретін завод салынады, ал Ақтөбе қаласында сол жібек жіптен мата тоқитын комбинат ашылады.

Пластикалық заттар өнеркәсібі ділгер болып отырған химиялық заттың бірі — фурфуролды — Шымкент гидролиз заводы үстіміздегі жылы-ақ өндіре бастады. Фурфурол — кәзіргі дәуірдегі халық шаруашылығына ең керекті заттардың бірі.

Қазақстан химия өнеркәсібінің жаңа саласының бірі — гидролиз заводтары. Олар Қазақстанның егін даласындағы миллиондаған тонна сабанды, бізде қоры мол қамысты пайдаланады. Жетіжылдық жоспар бойынша Қызылордада, Гурьевте қағаз, картон және малға құнды қорек болатын құрғақ ашытқы өндіріледі. Қостанайда құрғақ ашытқы, жасанды торқа өндіруге целлюлоза өндірілмек. Бұлар келесі жетіжылдықта көптеп салынатын гидролиз заводтарының тұңғышы болып табылады.

Гидролиз заводтарының пластикалық заттар өндірісіне де тікелей қатынасы бар. Целлюлоза жасанды жібек, жасанды жүн өндіруге пайдаланылады. Келешекте халық шаруашылығының даму бағытына қарай гидролиз заводтарында қамыстан, сабаннан басқа да заттар — шарап спиртін, глюкоза, түрлі ас қышқылдарының орнына пайдалануға болатын басқа органикалық қышқылдар, лигнин өндіруге болады. Ал лигнин синтетикалық қарамайдың болашақ шикізат қоры болып табылады.

Жетіжылдық жоспарға сәйкес Қазақстанда пластикалық заттар мен синтетикалық қарамайды мол өндіру халық тұтынатын товарларды шығаруға керекті шикізаттың орасан зор қосымша қорын жасауға, бұл шикізатты ауыл шаруашылығы шикізатымен қоса халықтың мата, киім, аяқ киім жөніндегі қажеттерін таяудағы жылдары толық өтеу үшін жете пайдалануға мүмкіндік береді.

КПСС Орталық Комитетінің химия өнеркәсібін жедел өркендету жөніндегі қаулысы республикамыздың алдына үлкен міндеттер қойды. Пластикалық заттарды мол да сапалы өндіру, оны шаруашылыққа жарату осы міндеттерді орындауға сөзсіз көмектеседі:

Қ. МИРФАИЗОВ,
инженер-химик.

Журнал және ауыл мәдениетінің мәселелері

Бір жылдан бері шығып келе жатқан «Мәдениет және тұрмыс» журналының негізгі міндеті ауыл-селода мәдениет пен тұрмыс мәселелерін үнемі көтеріп отыру, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің қамқорлығы арқасында қол жеткен ауыл тұрмысының жаңалықтарын насихаттау, қазақ аулындағы артта қалған кейбір ескілікті әдет-ғұрып көріністерін сынап, жаңа озық құбылыстарды енгізуге атсалысу, ауыл интеллигенциясын мәдениет пен тұрмысты онан сайын көркейтуге бағытталған жаңа жорыққа жаппай қатыстыру болатын.

Журналдың алғашқы бет алысының өзі-ақ оның осы міндеттерді дұрыс түсініп, сол бағытта қызмет істей бастағанын байқатады. Бір жылдың ішінде шыққан номерлерінде ол өз оқушыларына партияның ауыл мәдениетін көтеру саласындағы саясатын дұрыс насихаттап, бірталай көкейкесті мәселелердің төңірегінде пікір қозғады. Бұлардың ішінде СССР Жоғарғы Советінің депутаты, Социалистік Еңбек Ері атағын екі рет алған, Сталин атындағы колхоздың председателі Нұрмолда Алдабергеновтың (Алматы облысы, Талдықорған ауданы) ауыл-село мәдениетін көтеру туралы мақаласы, Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданынан жазған тілші М. Көпжановтың, Алматы облысы, Жамбыл ауданынан жазған Н. Оразбековтың ауылда ойын-тойды жаңа мазмұнда, демалудың бір түрі етіп өткізу туралы ойлары, Н. Сәрсенбаев, Б. Мырзақанова жолдастардың семья, неке мәселелері жайындағы ұсыныстары сияқты оқушыларды ойлантып, түйінді пікір айтуға шақыратын мақала-хаттар бар. Н. Алдабергенов жолдас «Ауыл мәдениеті жайлы кейбір ойлар» (№ 1, 1958 жыл) атты мақаласында ауыл-село мәдениетінің күн сайын жаңарып, жақсарып келе жатқанын көрсетумен бірге бұл саладағы елеулі кемшіліктерге көңіл бөледі. Ол малшылар тұрмысының келісті болуын, колхозшылардың мәдениетті тұруын, ауыл мәдениетін көтерудегі село басшыларының ұйымдастырушылық қызметін, селоньң керікті болуы мен оны күту, ағаш егу, үйлерді жаңаша салудың қажеттігін сөз қылады. Журнал бетінде көтерілген бұл мәселе төңірегінде пікір айтуға Б. Атшабаров, Т. Омаров, Б. Рамазанова, С. Тұралин, Ә. Ержанов, С. Қарынбаев тағы басқа көптеген жолдастар қатысты. Бұлардың барлығы да негізгі мәселе жөнінде Н. Алдабергенов жолдасты мақұлдай отырып, әр қайсысы әр жүйеде жаңа пікірлер айтты. Солардың ішінде мал бағуға байланысты кей жерде сақталып отырған көшпелі тұрмыстың өзін жаңа жағдайға бейімдеу, қазақ аулында үйді дұрыстап салу, әйелдердің жұмысын жеңілдету, үй ішінде, тұрмыста жаңаша өмір сүру тәрізді аса құнды ойлар бар.

Журнал бетінде көтеріліп, оқушылар тарапынан қолдау тапқан бұл мәселе ауыл-село мәдениеті гүлденуінің бүгінгі кезеңіндегі аса елеулі мәселенің бірі екені айқын. Ғасырлар бойы көшпелілікке үйренген, мал шаруашылығының жайына бағындырылған тұрмыстың көптеген қалдықтары бүгінге дейін біздің ауылдарымызда кездеседі. Жасыратыны жоқ, бірқатар қазақ ауылдары және ондағы адамдар әл-ауқаты артқанмен, ең дәулетке кенелгенмен, жаңаша тұрмыс құра алмай келеді. Оларда жерге жату, тамақты жерде отырып ішу әдеті әлі де бар. Үйдің тере-

зелерін желдеткішсіз тұтас орнату, тұрғын үйді мал қорамен жалғас салу сияқты өрескел фактілер де ұшырайды. Селоны көркейту, оны көгалдандыру жөнінде де көп міндет алда тұр. Міне осы сияқты ұнамсыз көріністер кәзіргі таңда ауыл мәдениетін көтеруге кедергі болып отырғаны мәлім.

Ауыл мәдениетін көтерудің осы тәрізді көкейтесті мәселелерін қозғай отырып, журнал редакциясы бұл жөніндегі пікір алысуды жақсылап ұйымдастыра алмағанын да айтуымыз керек. Бұл мәселені талқылау журнал бетінде бір жыл бойына созылғандықтан соңғы кездегі мақалалар қайталауға ұрынды. Тың пікір жоқтың қасы. Оның үстіне ауыл-село мәдениетін көркейту ісіне басшылардың ұйымдастырушылық қызметі керек пе, керек емес пе деген сияқты жоқ жерден «проблема» іздеп журнал редакциясы уақытты ұтқызып алды.

Ауыл-село мәдениетін көтеру, оған тұрмыстың жаңа белгілерін кіргізу өзбетімен іске аса қоятын нәрсе емес. Бұл — көп жағдайда іскер басшылық, ұйымдастырушылықты, жаңаны дәйектілікпен насихаттай білуді керек етеді. Ауыл-село мәдениетін көтерудің белді жаршысы, бұл саладағы жаңалықтарды ұйымдастырушы, негізінен, ауыл интеллигенциясы болуы керек. Кәзір колхоздар мен совхоздар мәдениеті жоғары, маман интеллигенттерге бай. Бұрынғы мұғалімдердің үстіне енді агрономдар мен зоотехниктер, дәрігерлер мен инженер-техник қызметкерлері қосылды. Осылардың барлығы да өзі жұмыс істеп жүрген селоның мәдениетін арттыру күресіне қатысуға міндетті. Мұның өзі, түптеп келгенде, ауыл интеллигенциясының коммунистік борышы. «Мәдениет және тұрмыс» журналының редакциясы ауыл мәдениетін көтеру жайын сөз ете отырып, бұл күресте үлкен қызмет атқаруға тиісті осы мәдениет жаршылары тобын ұмыт қалдырды. Сондықтан да журналдың осы мәселеге арналған мақалалары тек кемшіліктерді тізумен, оны жақсарту қажеттігімен шектелді. Ауыл мәдениетін көтерудің нақты жолдарын ашып айта алмады. Журнал редакциясы алдағы жерде ауыл мәдениетін көтерудегі интеллигенцияның қызметіне де мықтап көңіл бөлуі керек. Кей жерде ұшырасатын, қалада мәдениетті болғансып жүріп, ауылға барған соң мәдениеті төмен адамдар дәрежесіне түсіп кететін кейбір интеллигентсымақтарды қатал сынау керек.

Журналдың кейбір авторлары ауыл мәдениетін жолға қоюда ауыл-село басшыларының қызметі зор екенін бағалайды. СССР Жоғарғы Советінің депутаты, Социалистік Еңбек Ері, шопан Айша Менлібаева жолдас кәзіргі ауылда барлық жағдай барлығын айта келіп, тұрмысты жаңаша ұйымдастыруға күнттың жетіспейтінін мойындайды. Осы пікірді қарағандылық С. Тұрабаев та қолдайды. Ауылда электр станциясын салу, құрылысты жаңа стандартты жобамен жүргізу, үй шаруасындағы әйелдердің жұмысын жеңілдетудің кейбір шаралары (қол диірменді жою, т. б.) сөзсіз, ұйымдасқан басшылықты керек етеді.

Қалалық жерлерде салынатын әрбір үйдің үлгі-жобасын қалалық советтің бекітетіні сияқты, селода да әрбір жаңа үй колхоз басқармасының немесе совхоз дирекциясының бекітуімен, рұқсатымен салынып отырса жақсы болар еді. Сонда ғана село құрылысы жаңаша дамиды, желдеткішсіз, шатырсыз, мал қорамен жалғас салынатын, көше тәртібін бұзып тұратын үйлер салынбайтын болады. Журнал бетінде беріліп жүрген жаңа үйлерді қалай салу керектігі мен оның жобалары сонда ғана іске асады.

Журналдың бір жылдағы номерлерін қарап шыққанда, оның бетінде сын мақалалар көп екенін аңғардық. Бұл жайдан жай емес. Ауыл мәдениетінің кейбір ұнамсыз жайлары, ескі тұрмыстың қалдықтары, сөз жоқ, бүгінгі күндері сынауды қажет етеді. Бірақ тек сын материалдармен журнал шығаруға болмайтынын, журналдың міндеті кемшілікті сынай отырып, жаңалықты насихаттауда екенін ұмытпау керек. Жур-

нал бүгінгі ауылдың жаңа адамдарын, олардың жарасты, сәнді тұрмысын кең насихаттауға міндетті. Осыған орай, биылғы соңғы номерлерден көріне бастаған «Бізде көп мұндай жақсы адам», «Біздің ауылдың адамдары» деген рубрикамен берілген алғашқы материалдар көңіл аударуға тұрады. Селодағы жаңа әйел — Әлпеш туралы жазған Ә. Нұршайықовтың (№ 2, 1958), бағбан қарт В. Осипов туралы С. Шаймерденовтың (№ 2, 1958), селолық дәрігер Нина Красильникова жөніндегі Ә. Атығаевтың очерктері, селодағы еңбек адамдары мен олардың бақытты семьясын бейнелейтін аздаған фотоочерктер беру бұл үлкен тақырыпты журналдың толық менгере алғаны боп саналмайды. Әзірше бұлар игі тақырыпты жырлаудың басы ғана.

Еңбек адамын көрсетуге арналып басылып жүрген кейбір материалдар талапқа сай емес. Шиелі ауданындағы (Қызылорда облысы) Ленин атындағы колхоздың мүшесі Ілияс Битабаровтың бақытты тұрмысы мен үй ішінің қуанышын жазған З. Өмірбековтың суреттемесі (№ 5, 1958) нашар шыққан. Онда І. Битабаровтың өткен өмірінен бір көрініс, бүгінгі өмірінен бір көрініс қана алынып, оның рухани өсуі, еңбектегі ерлік жолы көрсетілмеген.

Мәдени-ағарту мекемелерінің ауыл мәдениетін көтерудегі қызметіне де журнал тиісінше көңіл бөліп келе жатқан жоқ. Кәзір барлық баспасөз ту қып көтеріп отырған «Коммунистше еңбек етіп, коммунистше өмір сүрейік» деген тақырып журнал редакциясының назарын кеш аударды. Ендігі жерде журнал бетінде коммунистік еңбек бригадалары, ауыл-селодағы жаңа бастамалар, халық таланттарын мәпелеп өсіру, мәдениет университеттерінің жұмысы үзбей жазылуы керек. Сонда ғана журнал ауыл-селодағы жаңалықтың жаршысы бола алады.

Қоғамдық-саяси және әдеби журнал болғандықтан «Мәдениет және тұрмыс» редакциясы көркем әдебиет шығармаларына да көп орын береді. Бірақ журналдың көркем әдебиет бөлімінің жұмысы да қанағаттанарлық емес. Бұл бөлімнен шыққан материалдар әзірше тақырыптық жағынан ала-құла. Сапасы да мәз емес.

Журналда бір жыл ішінде басылған әңгімелердің көбі-ақ тақырыптық жағынан ауыл мәдениетінде кездесетін кемшіліктерді, жекелеген адамдардың бойындағы ескінің қалдықтарын сынауға арналады. Ә. Нұршайықов пен Н. Байсеркеевтің шағын әңгімелері, Ә. Сатыбалдиевтің «Қақеннің өнері» атты әңгімесі, А. Токмағамбетовтың, М. Рашевтің сатиралық өлеңдері бұл саладағы тәуір шығармалар деуге болады.

Алайда журнал бетінде ауылдағы ұнамды адамдардың бейнесін жасаған жақсы шығармалардың болмауы — журнал редакциясының үлкен кемшілігі.

Журналдың алғашқы номерінде (№ 1, 1958) Ж. Жұмақановтың «Қонақ» деген әңгімесі жарияланды. Әңгіме жастардың оқып, білім алғаннан кейін ауылға баруы, өмірге араласуы туралы. Онда Тимирязев атындағы Академияны бітірген Алмабек деген жігіттің колхозға жұмысқа баруы баяндалады. Бірақ автордың назарын жас жігіттің адамшылық, іскерлік қасиеттері емес, оғаш қылықтары аударады. Автор жас маманның колхоздағы өмірін, оның жаңа еңбегін, достары мен ортасын суреттеуде дәрменсіздік жасап, оның іс-әрекетін, қылығын колхоз өміріне қарсы қояды.

Тек Жұмақановтың басында емес, жалпы біраз әдебиетшілерде соңғы кезде ауылға жұмысқа барған жас маманды әжуалау тұрғысынан суреттеу басым болып бара жатқанын айту қажет. Олардың көбі жастар өмірді білмейді дегенді сылтау қылып, оған кезкелген нәрсені қиындық етіп ұсынады. Сөйтіп өмір дегеннің өзін жастарға «құбыжық» етіп көрсетуге дейін барады. Ж. Жұмақанов та әдебиеттегі осы жалған жолмен кеткен. Ол Алмабектің басына қайдағы жоқты үйіп-төгеді. Оның

суреттеуінде Алмабек атқа мініп жүре алмайды, жүрсе бас киімі ұшып кетіп, атты үркітеді. Қолхозшы шал Сәмек бауы жоқ бас киім кигені үшін Алмабекті күлкі етеді (немене, Жұмақановтың ойынша елдің бәрі тымақ қиюге тиіс пе?). Тастықарада парк жоқ болғандықтан Алмабек сүйген қызына жолыға алмайды. Баяндама жасаса, ел тындамай қояды. Жатарда простынясын қағам деп, қотандағы қойды үркітеді, тағы сол сияқтылар.

Осы да өмір шындығы болып па? Жас маманның колхоздағы өмірінің басқа жақтары жазушының қаламына неге ілікпейді?

Ж. Жұмақанов «Далада» (№ 1, 1959 жыл) деген басқа бір шығармасын кітапханашы қыз Қаншайымның қоғамдық қызметін әңгімелеуге құрады. Бірақ мұнда да автор әдебиет үшін қажет — адам тұлғасын жасай алмайды. Ол Қаншайымның Егіндібұлаққа жете алмай адауын, түнде далаға түнеуін қызықтайды. Сөйтіп кейіпкерлерінің жолына қиындықты қолдан жасайды. Қаншайымның бар кітапханашылық қызметін автор далада егіншілерге үзіліс кезінде роман оқып берумен (?) шектейді. Әңгіменің аяғында ойда жоқта осы қыз Амантай деген жігітті іздеп келген болып шығады.

Міне мұның өзі «Мәдениет және тұрмыс» журналы редакциясының көркем әңгімеге талғаусыз қарайтынына дәлел. Журнал бетіндегі әңгімелердің көпшілігінде адам кейпі, олардың арасындағы қактығыс жанды күйінде берілмейді, сондықтан адам образдары да ашылмайды.

Журнал бетіндегі әңгімелердің көбі, негізінен, ұнамсыз типтерді суреттеуге құрылған дедік. Бірақ осыларда ұнамсыз іс-әрекет бар да, тип жоқ. Типтік кейіпті ашатын типтік орта жеткілікті бейнеленбейді. Ғ. Слановтың «Ескінің көзі» (№ 1, 1958), С. Жүнісовтың «Кім кінәлі?» (№ 2, 1958), Ә. Нәбиеттің «Қырман басында» (№ 5, 1958), З. Иманбаевтың «Ағайынды екеу» (№ 3, 1959), Ш. Төлеутаевтың «Қонақтар» (№ 5, 1959) деген әңгімелері негізінен осындай шығармалар. Ғ. Сланов Шыбынтай образын, ондай образ жасаудың әлеуметтік мәнін ашудың орнына, оның «ет жегіштігін», «күйеулігін» сынаса, С. Жүнісов бала тәрбиесіне байланысты маңызды мәселені көтере отырып, оның тентектігі туралы фактіні тізуден аса алмайды. Ал Ә. Нәбиев Марқабай деген жалқаудың жұмыссыз өмірін жазады. Бірақ осы жалқаудың жұмыссыз жүруінің себептерін ашпайды, оның жұмысшы адамдармен қактығысы көрінбейді. Сонымен қоймай, бұл жалқауда байлық бар, ол елді шақырып, олардың аузын алғысы келеді. Бұл байлық қайдан келген? Осындай адамдарға деген қоғамдық позиция қандай деген сұраққа автор жауап бермейді. Ал әдебиеттің өзі негізінде осындай қоғамдық сұрақтарға жауап беруге тиіс.

Журнал бетінде ескіліктің қалдығын сынауға құрылған бір актылы шағын пьесалар басылып жүр. Бірақ бұлардың да көркемдік мазмұны, әдеби сапасы жоғарғыдай. И. Матақовтың «Иә, той болады» (№ 1, 1958), Б. Соқпақбаевтың «Кездесу» (№ 2, 1958) деген пьесалары да әдеби қорытуы жетпеген, натуральдық суреттері басым, ылғи бір ұнамсыз адамдардың жиынтығы.

Әдеби материал — журнал көркі. Бірақ журналға көрік болады екен деп, кезкелген нашар әңгімені, пьесаны, өлеңді баса беруге болмайды. Журнал ауыл мәдениетінің ылғи бір ұнамсыз жайларын көруден аулақ болуға, ондағы жаңа адамдарды, олардың образдарын жасауға тиіс. Сондықтан журнал бетінде ең таңдаулы әңгімелер мен очерктердің басылғаны дұрыс.

«Мәдениет және тұрмыс» өлеңді өгейсітеді, кезкелген бұрышқа тыға салады. Жаңа ауылды суреттейтін циклді өлеңдерді журнал бетінен оқушылар көптен күтуде.

Журналда консультациялық материалдар мол беріліп келеді. Оның ішінде колхоз құрылысы туралы мамандардың мақалалары, әр түрлі

тақырыптағы дәрігерлік кеңестер, ата-аналарға кеңес, селоны көгалдандыруға байланысты консультациялар бар. Бұлар оқушылар үшін қажет-ақ.

Бірақ ғылым жаңалықтары мен техникадағы ұлан-асыр өзгерістер журнал бетінде аз насихатталады. Жердің жасанды серіктерін, әр түрлі ракеталар ұшыруға байланысты біздің табыстарымыз туралы ол оқушыларына татымды ешнәрсе айтқан жоқ. Х. Әбішев жолдастың бір мақаласы бұл олқылықтың орнын толтыруға аздық жасайды.

«Мәдениет және тұрмыс» журналының бетінде көтерілуге тиісті ауыл мәдениетінің толғағы піскен мәселелері аз емес. Оның бетінде ауыл мәдениетін көтерудегі жақсы тәжірибені кең насихаттаумен бірге, олқылықта отырған мәдениет салаларын да сөз ету қажет. Бұл жүйедегі кемшіліктер әртүрлі. Олардың бәрі бірдей «проблема» бола алмайды. Сондықтан басы ашық кемшіліктің маңында көп пікір алыса бермей, оны түзетудің жолын кеңірек ақылдасу керек.

Ауыл мәдениетін көтеруге себі мол тиетін саланың бірі — кітап саудасы. Осы мәселені журнал бетінде жақсылап көтерсе болар еді. Бірақ мұнда да кітап саудасының нашарлығын жалаң сөз қыла бермей, оны жақсарту шараларын қарастырып, мәдениет саласындағы жұмысты жүргізудің жаңа, озат әдістерін кең тарату қажет.

«Мәдениет және тұрмыс» бір жағынан суретті журнал. Журналдың көркемделуі, суреттері өткен жылға қарағанда биыл жақсара бастаған. Суреттердің өзі де кездейсоқ алынбай, журналдың негізгі міндетімен ұштастырылуы керек. Онда ауыл-селоның алдыңғы қатарлы адамдары, жаңа мәдениет жаршылары, ауыл мәдениетіндегі жаңалықтар көбірек қамтылғаны мақұл. Тақырыптық жағынан әралуан фотоочерктер, этюдтер көп болғаны дұрыс. Ал әңгімелер мен пьесалардың мазмұны бойынша салынған суреттер әзірше нашар. Олардың көбі шығарманың идеялық мазмұнын ашпайды. Жергілікті жерден берілген кейбір суреттер композициялық жағынан бір-біріне ұқсас.

Журналда орын алып келген сатира бұрышын тақырыптық жағынан түрлентіп, ондағы материалдардың сапасын арттыру керек. Сын нақты болу үшін мұндай материалдарды фактіге құру, оларды оспак, мысқыл, әжуаның күшімен аямай өртеп, күйдіріп отыру қажет. Оқушылар хаттарының мазмұнын пайдаланып сурет салу арқылы сын ұйымдастыру да сатира бұрышына керек әдіс.

Журнал өткен жылғы номерлерінде қазақ әдебиеті мен көркемөнерінің Москвадағы онкүндігіне, Азия мен Африка жазушыларының Ташкенттегі конференциясына арнаған біраз материалдар берді. Бұл материалдардың кезінде оқушыларды осы тарихи оқиғалармен таныстыруға қызмет еткені даусыз. Әсіресе, онкүндікке арналған номер материалдары сапасы жағынан да, тақырыптық қамтылуы жағынан да, өрнектелуі жағынан да тәуір болды.

Әрине, «Мәдениет және тұрмыс» журналында бір жылда шыққан материалдардың бәрін тізіп, талдау мүмкін емес. Олар көп те, сапасы да әр қилы. Бірақ солардың бәрі әзірше журналдың негізгі бетін айқындауға қызмет ете алмай отыр. Журналдың басты кемшілігі, ауыл-село мәдениетіндегі жаңалықтарды насихаттаудан гөрі, көп материалдарын сынға құрып келеді. Советтік баспасөздің негізгі принципі жаңаны насихаттау екенін журналдың редакциялық коллегиясы есте мықтап ұстауы керек.

Қорыта айтқанда, «Мәдениет және тұрмыс» журналы дер кезінде шыққан, ауыл-село мәдениетін көтеруде қыруар жұмыс істеуге бағытталған баспасөз органы. Сондықтан журнал редакциясы ауыл-село мәдениетінің алдында тұрған жаңа міндеттер дәрежесінде болуы керек.

С. ҚИРАБАЕВ.

Партия тұрмысының хабарлары

КОЛХОЗШЫЛАРҒА АҚШАДАЙ АҚЫ ТӨЛЕУ

Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бюросында Больше-Нарым ауданы, Ленин атындағы артельдің председатели Қытапбаев және аудандық партия комитетінің секретары Қарпов жолдастардың колхозшылардың еңбегіне ақшалай ақы төлеу тәжірибесі туралы баяндамалары талқыланды.

Колхозшылардың еңбегіне ақыны ақшалай төлеу артельдің бүкіл шаруашылық қызметін жақсартқан, қоғамдық еңбекке қатысушылардың саны өткен жылға қарағанда 481 адам артқан, әкімшілік басқару аппараты 24 адам қысқарған, артельде есеп жүргізу жақсарған, жұмыстың сапасы артқан, өткен жылға қарағанда төл көп алынған. Шаруашылық жұмыстарының жақсаруы нәтижесінде биылғы бес айдың ішінде 687 мың сомдық өнім өткен жылғыдан артық алынған.

Бірақ артельде еңбекке ақшалай ақы төлеудің бүкіл артықшылығы толық пайдаланылған жоқ. Әкімшілік-басқару аппаратын қысқарта түсуге болады, ауылшаруашылық өнімін өндірудің айлық жоспары бригадаларға мерзімінде беріліп тұрмайды, өндірістік шығындардың жоспары жасалмаған, жұмысты нормалау және бағалау ісіне аз көңіл бөлінеді.

Облыстық партия комитетінің бюросы Ленин атындағы артельдің еңбекке ақшалай ақы төлеу жөніндегі тәжірибесін мақұлдап, оны 1959—1960 жылдары барлық артельдерге таратуды ұйғарды. Облыстық партия комитеті аудандық партия комитеттерін, облыстық газеттің редакцияларын колхозшыларға ақшалай ақы төлеу тәжірибесін кеңінен насихаттауға міндеттеді.

КОЛХОЗШЫНЫҢ СЕМЬЯСЫНА КАМҚОРЛЫҚ

Красноармейск ауданы, Калинин атындағы артельдің мүшесі В. Ф. Вороновичтің семьясы тың өлкесіне Белоруссиядан көшіп келді. Оның семьясында 11 адам бар, олардың 9 жас бала. Вороновичтің семьясы еңбек сүйгіш, олар жыл сайын екі мыңға дейін еңбеккүн табады. Бірақ колхоз председатели М. Пигин, партия ұйымының секретары А. Чернец жолдастардың қатыгездігінен бұл семья өздерінің еңбегіне тиісті астығын, ақшасын уақытында ала алмаған, артель басқармасы оған үйін жөндеуге көмектеспеген. Воронович жолдастың заңды талаптарын орындаудың орнына Пигин, Чернец жолдастар бұл семьяға жала жауып, қудалап, өтірік материалдар құрап, артель мүшелігінен

шығарған, Воронович жолдастың өзін соттатқан.

Көкшетау облыстық партия комитетінің бюросы жақында бұл мәселені қарап, колхозшы Воронович жолдастың семьясына қатыгездік жасап, қудалағаны үшін Чернецті партия ұйымының секретарынан босатып, бастауыш партия ұйымына оның партиялық мәселесін қарауды тапсырды, колхоз председатели Пигин жолдасқа қатаң сөгіс жариялады. Облыстық партия комитетінің бюросы аудандық партия комитетінің секретарлары Х. Жүсіпов және П. Боев жолдастарға көшіп келгендердің тұрмыс-жағдайына камқорлықты күшейтуді тапсырды. Аудандық партия комитетіне Воронович жолдастың ісін әділ қарамағандықтары үшін аудандық прокурор Бейсенбаев, милиция бөлімшесінің бастығы Ахметжанов, халық соты Головченко жолдастардың жауапкершілігі туралы мәселені қарауды тапсырды.

ИЕСІЗДІККЕ ҚАРСЫ

Қарағанды облысының кәсіпорындары мен құрылыстарының қоймаларында бірнеше жылдан бері ондаған миллион сомның жабдықтары сақталып келеді. Мысалы, Қазақстан мыс құрылысының құрылыс тресінің қоймасында 1957 жылдан бері құны екі миллион сомдық ірі блок заводының жабдықтары жатыр. Ал бұл заводтың құрылысын салу таяу уақыттарға жобаланбаған. Балқаш металлургия комбинатында 60 электродвигатель пайдаланылмай жатыр. Жасанды каучук зауытында пайдаланылмай жатқан жабдықтардың жалпы құны үш миллион сомға жетеді. Мемлекеттік мүддеге нұқсан келтіретін мұндай төзгісіз жағдай Пархоменко атындағы заводта, Қарағанды көмір комбинатында да бар. Осылайша жабдықтардың ұзақ уақыт бойы пайдаланылмай жататын себебі кәсіпорындар мен құрылыстардың, басқармалар мен комбинаттың басшылары жабдықтарды құрылыстардың және кәсіпорындардың салыну графигіне сай алып отырмайды, кейде керексіз жабдықтарға заказ беріп алдырады.

Қарағанды облыстық партия комитетінің бюросы жақында осы мәселені қарап, Қарағанды халық шаруашылығының председатели Оника жолдасты, басқармалар мен комбинаттардың, кәсіпорындар мен құрылыстардың басшыларын бұл жабдықтарды монтаждап пайдалануға беруді жылдамдатуға, артық жабдықтарды тиісті жерлерге өткізуді, мұнай былай жабдықтар алуға бөлінген қаржының пайдалануын қатаң бақылап отыруды тапсырды. Қалалық, аудандық партия комитеттерін, бастауыш партия ұйымдарын шаруашылық басшыларының жұмысына бақылауды күшейте түсуді міндеттеді.

Әлеуметтік-экономикалық терминдер

(Жалғасы, басы журналдымыздың 4, 5, 6 және 7-сандарында)

Б.

Базис пен надстройка — базис пен қондырма (базис дегеніміз қоғамның экономикалық құрылысы, адамдардың өндірістік қатынастарының жиынтығы). Әрбір қоғамның өзіне тән базисі болады. Мысалы, капиталистік қоғамда өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік болуына, адамды адамның қанауына негізделген капиталистік базис болса, социалистік қоғамда өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншіктің орнауына, адамды адам қанауы жойылуына негізделген социалистік базис бар. Қондырма дегеніміз — белгілі бір экономикалық базиске сай келетін қоғамдық сана, оған орай құрылған мекемелер түрлері. Базис пен қондырма заңды байланыста болады, өйткені, қоғамның экономикалық базисі өзгерсе, оған сәйкес қондырмасы да өзгеріп отырады, жана экономикалық базиске сәйкес жана қондырма пайда болады.

Қоғамдық өндірістегі адамдардың өндірістік қатынастарын талдай келіп, Маркс былай деп көрсетті: «Осы өндірістік қатынастардың жиынтығы қоғамның экономикалық құрылымы, реалдық базисі болып табылады, юридикалық және саяси қондырма осыған келіп қондырылады және қоғамдық сананың белгілі түрлері осыған сәйкес келеді» (К. Маркс пен Ф. Энгельс, Таңдамалы Шығармаларының екі томдығы, I-том, 340-бет).

Бакунизм — бакунизм (анархизмнің көрнекті өкілі, марксизм мен ғылыми социализмнің барып тұрған жауы Бакуиннің есіміне байланысты) анархистік ағым. Маркс пен Энгельс жұмысшы қозғалысының негізгі программалық, тактикалық, ұйымдастыру мәселелерінде бакунизмге қарсы аяусыз күрес жүргізіп отырды. Бакунизмнің негізгі қағидасы бойынша мемлекет атаулының, соның ішінде пролетариат диктатурасының

да керегі жоқ, пролетариаттың өз алдына саяси партиясының болуы шарт емес. В. И. Лениннің айтуынша, бакунизм «...Өзін сақтап қалудан үмітін үзген ұсақ буржуазияның көзқарасы» (18-том, 12-бет) Бакунизм бағытындағылар бакунистер деп аталады. Бакунистер өздерінің реакцияшыл идеологиясын көпірме сөздермен бүркемеледі. Бакунизм анархистік ағым болған себепті жұмысшы қозғалысындағы буржуазияның тыңшысы болды.

Банкротство — банкроттық (күйреу, сәтсіздікке ұшырау) капиталистік елдерде жеке кәсіп иелерінің, кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың, фирмалардың, т. т. бересі қарыздарын заттай да, ақшалай да өтей алмайтын халге жетіп күйзеліске ұшырауы, құлауы. Бұл әсіресе экономикалық дағдарыстардың кезінде күшейіп, бүкіл ақша-кредит жүйесіне кесел келтіреді.

Баланс — баланс (сөзбе-сөз мағнасы: тепе-теңдік) экономикада — біріне бірі байланысты көрсеткіштердің белгілі бір жүйемен қорытылып көрсетілуі. Мысалы, кәсіпорын балансы, сауда балансы, телеу балансы, халық шаруашылығының балансы болды. Мекеменің, кәсіпорынның белгілі бір кесімді мерзімдегі — тоқсандары, жыл ішіндегі — қаржысының жайын көрсететін есеп; (кіріс, шығыс есебі).

Баррикада — баррикада (қарулы көтеріліс кезінде көше ұрыстарында әр түрлі заттардан: ағаштан, тастан, арбадан, тағы басқа нәрселерден үйіп жасалған тосқауыл, кедергі, бөгеттер).

Барщина — барщина (жұмыспен өтелетін рента; помещиктердің шаруаларды қанауының бір түрі. Жерге помещиктердің жеке меншігі болғандықтан, помещикке тәуелді крепостной шаруалар аптасына бірнеше күн өзінің құрал-сайманы, күш-көлігімен помещик жерінде оның пайдасына тегін жұмыс істеп беретін. Бұл бұрын патшалық Россияда, Батыс Еуропа елдерінде болған).

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Ордабаев Б. (бас редактор), Айтмағамбетов З.,
Әбілдаев Қ., Бәйішев С., Бейсенбаев С., Жанкелдин Т.,
Омаров Б., Хайдаров С. (жауапты секретарь),
Ыдырысов Т.

Редакция адресі:
Алматы қаласы,
Комсомол көшесі, 103.
Тел. 23-03, 24-95.